

«Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

«Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023 жыл

ӘОЖ 80/81(069)
КБЖ 81.2
Ұ 49

Жалпы редакциясын басқарған: Кенжалин Қ.К.
Редакция алқасы: Аймұхамбет Ж.Ә.
Әбдуәлиұлы Б.
Бияров Б.Н.
Жұмағұл С.Б.
Қапантайқызы Ш.
Қартаева А.М.
Данияр Ә.А.

«Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары (8-9 маусым 2023 жыл). – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 340 б.

ISBN 978-601-337-944-9

Ғылыми жинаққа «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізіліп отыр. Жинақ қоғамдық-гуманитарлық сала мамандарына, ғалымдарға, жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналады. Мақалалар авторлық түпнұсқада жарияланды.

Конференция Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» атты мақсатты жоба аясында ұйымдастырылды. Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023
© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

КІРІСПЕ

Ұлы Жібек жолының сауда қатынастары халықтардың рухани және материалдық мәдениетін жақындастырды. Осы жолда қалалар мен тұтас өркениеттер дүниеге келіп, дамыды. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан көне қалалар өркениеттер диалогының үлгісі болды. Біздің дәуірімізге дейінгі 500-жылдар мен кейінгі екі мыңжылдықта Еуразия Қытайды, Үндістанды, Батыс Азияны және Еуропаны өркениет ошақтары ретінде біріктірді. Осы мыңжылдықтарда Жібек жолы ғылыми білімді рухани құндылықтар мен материалдық игіліктер ретінде таратудың, өркениет ошақтарының рухани өмірін анықтаудың, адамзат өркениетінің даму бағдарын айқындаудың негізгі жолы болды. Бұл жол Ежелгі Қытай мен ежелгі грек және парсы мәдениеттерін байланыстырып, халықтар мен өркениеттердің мәдени кодының рухани араласу артериясы болды.

Елеулі өзгерістер болып жатқан қазіргі әлемде жаһандану және мәдениеттерді біріздендіру үдерістерінің маңызы арта түсуде. Осыған байланысты рухани жаңғыру жолдарын іздестіру және болашақ мәдени дамудың басымдықтарын қайта бағалау, дәстүрлі мәдениеттің бірегей және ерекше іргелі рухани құндылықтарын сақтау мәселесі ерекше маңызға ие. Өткеннің мәдени мұрасын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерделеу ұлттық кодты түсінудің өзекті идеясы ретінде жеке ұлттың тұйық мәдени кеңістігінде жүзеге асыруға болмайтын терең құбылыс. Сондықтан бұл мәселені әлем мәдениеті мен өркениетінің дамуына елеулі үлес қосқан Ұлы Жібек жолы тарихымен бірлікте қарастыру аса маңызды. Себебі Ұлы Жібек жолының ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы қаланған мәдени өрісі әлеуетті жасампаз артериялары бар, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті жүйе ретіндегі ашықтық принципі арқылы кең мәдениеттер

диалогы, білім синтезі және адамзатқа пайдалы өркениет жетістіктерімен алмасу кеңістігінде өркендеп, дами береді.

Жібек жолы бойында өріс алған өркениет кеңістігінде этностар мәдениеті өркен жайды. Осы кезеңнен бүгінге жеткен тілдік деректер, оның ішінде топожүйе арқылы жасалған «әлемнің тілдік бейнесі» – этностардың рухани-мәдени қазынасы іспетті. Осы орайда қазақ даласындағы ежелгі қалалар мен елдімекен атауларының тарихи-этнографиялық негіздерін анықтап, келер ұрпақтың санасына жеткізу – ұлт болмысы мен руханиятын танытудың бір жолы. Сондықтан зерттеу жұмысымызда өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін тұтастықта сақтаған көне тілдік деректердің бірі, дүниенің тілдік бейнесінің бір үзігі ретіндегі ұлттық топоним жүйесі халқымыздың ұзақ этномәдени даму жолының түп тамырын неғұрылым тереңірек танудың бір құралы, маңызды таным тетігі ретінде қарастырылады. Бұл – қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің рухани-әлеуметтік жаңғыру, өзгеру деңгейіне сәйкес сұранысы мен талабын қанағаттандыратын өзекті мәселе. Себебі этномәдени ақпарат тіл құдіреті арқылы келесі ұрпаққа жалғасады. Ұлттың рухани тарихы мен таным-тәжірибесін сақтайтын қазынасы тілдің ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы қызметі негізінде бізге жетеді. Осы орайда ұжымдық зерттеу жұмысы тіл, мәдениет, тарих, дін, этнография т.б. салаларда кешенді зерттеу жүргізіп, Ұлы Жібек жолы бойындағы топожүйе арқылы ұлт болмысын, оның тарихи-мәдени кеңістігі мен этнографиялық болмысын танытатын тіл қазынасын жинақтап, жүйелеп ұсынуды көздейді

Айтмұхамбет Жанат Әскербекқызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры

ТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. *Особое внимание при изучении топонимов уделяется определению их происхождения, потому что топонимы тесно связаны с историей присвоения имени. При изучении топонимов важно учитывать географические, историко-культурные, лингвистические, этнографические и литературно-фольклорные факторы.*

В статье рассматриваются антропотопонимические легенды, отражающие историю объектов Великого Шелкового пути, место в художественном познании, литературно-культурную сущность. В том числе анализируются антропотопонимы на территории города Шымкент. Из истории известно, что через Великий Шелковый путь осуществлялись не только торговые взаимоотношения, но и духовно-культурные связи. Основной целью данной статьи является изучение топонимнов объектов вдоль Великого Шелкового пути, в аспекте фольклористики, литературоведения, тем самым определение поэтологической формы топонимии.

В ходе исследования рассматриваются выводы таких ученых, как Т.Жанузаков, А.Абдрахманов, Б.Н.Бияров относительно этимологии топонимов, мнения ученого С. Каскабасова о познавательных особенностях легенд.

Ключевые слова: *топонимы, этимология, антропотопонимы, лексико-семантический анализ, фольклор, легенда*

Annotation. *When studying toponyms, special attention is paid to determining their origin. Because toponyms are closely related to the history of naming. When studying toponyms, it is important to take into*

account geographical, historical, cultural, linguistic, ethnographic, literary and folklore factors.

The article examines anthropotoponymic legends that reflect the history of objects of the Great Silk Road, their place in artistic knowledge, and their literary and cultural essence. In particular, anthropotoponyms on the territory of the city of Shymkent are analyzed. It is known from history that not only trade relations, but also spiritual and cultural ties were carried out through the Great Silk Road. Carrying out the study in the aspect of folkloristics, literary criticism, directing toponymic analysis to objects along the Great Silk Road, thereby determining the poetological form of toponymy - reflects the main direction of the article.

During the study, the conclusions of such scientists as T. Zhanuzakov, A. Abdrakhmanov, B. N. Biyarov regarding the etymology of toponyms, the opinions of the scientist S. Kaskabasov about the cognitive features of legends will be heard.

Key words: *toponyms, etymology, anthropotoponyms, lexical-semantic analysis, folklore, legend.*

Ғылым тарихына назар аударсақ, әуелде этимологиялық мәселелер тілдік зерттеулер ретінде қарастырылды. Оның мақсат-міндеттері қазіргі этимологиялық зерттеулерден мүлде алшақ жатты. Өйткені сол кездегі түсінік бойынша сөздер мен атаулар тылсымнан беріледі және оның басқа қалыпқа түсуі – оның өзгеруі емес, керісінше пайдаланушы адамдардың сол сөздерге қосымша мән қосуы немесе мағынасын күңгірттендіруі. Сол себепті оларды зерттеу сөздердің шығу төркінін ашу емес, алғашқы нұсқасын анықтау мақсатында болды.

Батыс ғылымында халықтық лингвистиканы *(folk linguistics)* зерттеуде жазуы жоқ ауызша қолданылатын тілдер назарға алынып отырды. Ресей тіл білімінде жергілікті сөйлеу ерекшеліктерін анықтау мақсатында деректер жинау үшін далалық әдіске басымдық берілді. Батысеуропалық және американдық лингвистикада «*folk linguistics*» терминімен қатар «*Volklinguistik*», «*Laienlinguistik*», «*linguistique populaire*» сияқты

атаулармен анықтау ұғымдары да пайдаланылды. Бұлар «қарапайым санада болатын сөйлеу қызметі мен тіл жайында кенеттен пайда болатын елестетуден» туындайтын ұғым.

Көптеген ғалымдар топонимиканы тарих, география, лингвистика ғылымдарына ортақ деп біледі. Алайда әр ғалымның өзіндік пікірі де бар. Ғалымдарды көбінесе «басымдылық қай ғылымға тиесілі» немесе «топонимдерді зерттеуде қай ғылым саласының басымдығы бар» деген сауалдар ойландырады. Солардың біреуі А.В.Суперанская: «Топонимика лингвистиканың, географияның және тарихтың синтезі деген пікір бар. Бір жағынан қарағанда бұл пікірмен келісуге де болады. Тарих ғылымының өкілдері бар болғаны географиялық атаулардың кейбір түрлеріне георгафтар үшін онша маңызды емес, өздерінің қызығушылығы тұрғысынан келеді. Георгафтар туралы да осыны айтуға болады: олар да тарихшылар үшін қызықты топонимдерді ескермейді. Тек лингвистер ғана географиялық атаулардың барлық түрлерін бір-бірімен, басқа да тиісті атаулармен және олар құрылатын және қолданылатын тілдің бүкіл жүйесімен байланысты талдай алады және талдауы керек», – деп айрықша атап көрсетеді [1, 6]. Бұл зерттеушінің айтуынша, географиялық атаулардың шығу төркіні туралы болжамдар тек лингвистикалық әдіс арқылы қарастырылады.

«Топоним» терминіне қатысты зерттеуші А. Әбдірахманов былай дейді «...топонимдер, жер-су аттары, географиялық атаулар деген үш түрлі варианттағы сөздер синоним болып табылады. Осылардың ішінен топоним деген терминді жиі қолданудың қолайлы жағы бар: біріншіден, ол халықаралық термин, екіншіден жер-су аттары, географиялық атау деген бірнеше сөздерден гөрі, ол ықшамды, әрі ғылыми дәл термин» [2, 5]. Бұл зерттеуші де топонимиканы «география, тарих және лингвистика ғылымдарының түйісуінен» [2, 38] пайда болды дей отырып, топонимдердің этимологиялық тұрғыда зерттелуіне баса назар аударады. Оның айтуынша: «топонимдер тіл құбылысы болғандықтан, ең

алдымен тіл ғылымының пәндері арқылы зерттелуі керек. Бірақ тіл маманы топонимдерді жеткілікті ғылыми дәрежеде зерттеуге көңіл қойса, онда топонимдердің мағынасын құрылымын, этимологиясын және басқа жақтарын зерттеу үшін география, тарих, археология, этнография кей реттерде биология, геология ғылымдарының да деректерін пайдалануға міндетті» [2, 38].

Топонимдерді зерттеп, оны карта бетіне түсіру мәселесінде Б.Н. Бияров географтар мен тарихшылардың, тілшілердің бірлестігі қажеттілігі – өзекті мәселе екенін ерекше атап өтеді: «атаулар арасында белгілі бір диалектіден, көне, кірме тілдерден жасалғандары кездесіп қалса, оны дұрыс транскрипциялау, мағынасын түсіну географ-мамандардың қолынан келе қоймауы мүмкін. Қазақстан карталарында қаптап жүрген қателіктер дәл осыдан, яғни тілшілермен, тарихшылармен бірлесіп жұмыс істемеуден туындап отыр» дей келе, «республикамыздың топокеңістігін тәртіпке келтіру мемлекетшілік қана емес, халықаралық маңызы бар іс» деп көрсетеді [3, 35].

Топонимдерді зерттеу нысанына алғанда оның шығу төркінін анықтауға міндетті түрде басты назар аударылады. Өйткені топонимдер атаудың қойылу тарихымен тығыз байланысты.

Жер-су атауларын зерттеуші ғалымдарға тоқталар болсақ, Т.Жанұзақов қазақ ономастикасында үлкен мектеп қалыптастырған ғалым. Ол ономастика, топонимика, антропонимика салаларында іргелі зерттеулер жүргізіп, кезеңдерін белгілеп, онимдердің төркінін, пайда болу тарихын, тарихпен, этнологиямен, философиямен, фольклормен, халықтық дәстүрмен байланысы, тілдік қатынасы, өзгеру қабаты, жазылу емлесі тұрғысынан түбегейлі зерттеді. ғылымдағы өз орнын көрсете білді. Қазақ жер су-аттарының этимологиясын зерттеуде ғалым А. Әбдірахмановтың еңбегін де атап айтуға болады. Өзінің «Топонимика және этимология» атты еңбегінде қазақ

топонимдеріне жан-жақты этимологиялық зерттеу жүргізіп, атауларды салыстырмалы лингвистикалық бағытта зерттеген. Сонымен бірге түркі халықтарының топонимдері мен жалпы топонимдердің этимологиялық тұрғыда зерттелуіне талдау жасай отырып, Қазақстан топонимикасына айтарлықтай үлес қосты. Ол топонимдердің этимологиялық тұрғыда шығу тегіне байланысты Алтай дәуіріндегі атаулар, көне түркі дәуіріндегі атаулар, көне қазақ тіліндегі атаулар, жаңа қазақ тіліндегі атаулар, басқа тілден енген атаулар деп бөліп қарастырады. Басқа тілден енген атауларды өз ішінен иран тілдерінен, араб тілінен, монғол тілдерінен, угор тілдерінен, орыс тілінен енген атаулар деп бөледі [2, 21-41].

Топонимиялық талдауды Ұлы Жібек жолы бойындағы нысандарға бағыттай отырып, фольклортану, әдебиеттану аспектісінде зерделеуді жүзеге асыру, сол арқылы топонимияның поэтологиялық пішінін айқындау – бұл мақаланың негізгі бағыты.

Топонимикадағы нысан атауларының адам есімімен қатысты саласы антропотопонимика деп аталса, біз қарастыратын Шымкент қаласы аумағындағы атаулар антропотопонимдер болып табылады.

Шымкенттің айналасы арғы дәуірдің тарихын бүгінге жалғаған сырлы аңызға, ғажайып әпсанаға толы. Адамның арманшыл жаны тудыратын қиял әлемінде де шындықтың тамыры, ақиқаттың айнасы бар екенін әсте естен шығаруға болмайды. Әпсананың қиялға бергісіз оқиғасына назар салғанда осы мәселеге ерекше назар аударамыз.

Антропотопонимикалық әпсана деп айқындауымыздың мәні неде? Қазақ халық прозасын зерттеген академик С.Қасқабасов: «...әпсананың мақсаты – баяғыда болған не болды дегенбір оқиғаны, іс-әрекетті немесе жағдайды көркемдеп баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру. Мұнда бас кейіпкерлер дәріптеле суреттеледі, олар көркем бейне деңгейінде көрінеді», – деп анықтама береді [4, 150]. Біз нысанға алып отырған фольклор үлгілері өзінің мазмұны, табиғаты,

мәні тұрғысынан осы анықтамаға толық сәйкес келеді. Сол себепті де бұл фольклорлық баяндарды әпсана жанрына тән деп білеміз. Ғалым ертеде болған немесе ойдан шығарылған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын шығармаларды әпсана деп анықтай отырып, оларды мазмұнына қарай тарихи-мекендік және утопиялық деп бөледі. Тарихи-мекендік әпсаналардың көпшілігі антропотопонимиялық әпсана деп атауға лайық.

Зерттеуді жүргізуде Шымкент қаласы аумағындағы тарихи орындар туралы фольклорлық үлгілер назарға алынды. Тақырыпты зерделеуде талдау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылып, тиісті ғылыми қорытындыға қол жеткізу мақсат етілді. Топонимдердің, антропотопонимдердің құрылымы мен этимологиясын қарастыруда структуралық әдіс ұстанымдары да негізге алынды.

Енді біз аталған нысандарға қатысты әпсаналаға тоқталып, талдау жасайық.

Бірінші әпсана: Қошқар ата өзені. Қаланы қақ жарып ақан Қошқар ата өзенінің мөлдір суы мен майда толқынына қарап отырсаңыз қиял мен шындық тұтасып, жан тебірентер жанды сурет болып жаңғырады...

Әпсананың әуеніне құлақ түрсек, Шымкент атты шырайлы қаланың іргесін көтерген осы Қошқар ата көрінеді.

Тарих пен аңыздың тұтасқан сілеміне ой жіберсек, Қошқар атаның су бетімен сырғып жүрген кереметін, бұлақтардың көзін ашатын шапағатты ісін көреміз. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген өсиеттің тура да, ауыспалы да мағынасында шарапатты іс екенін қазақы тәрбие мен тағылымды санасына сіңірген әрбір адам жақсы біледі.

Қошқар ата есімімен байланысты елді мекен атаулары елімізде көп ұшырасады. Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласынан он жеті шақырым жерде орналасқан Ақшұқыр елді мекенінде Қошқар ата атымен аталатын кесенелер қалашығы бар. Маңғыстау өлкесінде айтылатын әпсана желісінде Қошқар ата Хорасаннан келген екен. Сондай-

ақ осы Маңғыстауда Қошқар ата көлі бар. Қошқар ата атымен байланысты қиелі орындар Қазақстанда оннан астам. Тіпті Қырғызстан, Өзбекстан территориясында да кездеседі. Қошқар ата атымен байланысты елді мекендердің барлығында да әулие баба осында жерленген деп айтылады. Ақиқаты белгісіз...

Оңтүстік өңірдің өзінде Қошқар ата атымен байланысты бірнеше сағана бар. «Бірі – Шымкент қаласында, Қошқар ата өзенінің бойында; екіншісі – Бәйдібек ауданының Қошқар ата ауылында; үшіншісі – Созақ ауданы, Қаратау қойнауындағы Қошқар ата өзенінің бойында; төртіншісі – Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында; бесінші Төле би ауданы Кемеқалған ауылында орналасқан» [5, 275].

Қошқар атаға қатысты «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» келтірілген мәліметтер төмендегідей:

1. «Қошқарата – Үлкен Борсық құмының батысындағы көл. Ақтөбе облысы Шалқар ауданында, Көкала қыстағының батыс жағында... Көлге көктемде қар суымен толығатын Кендірлі өзені құяды. Жазда кеуіп, сор болып жатады. Төңірегі – жайылым.

2. Қошқар ата кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданына қарасты Тұрбат ауылы маңында орналасқан шағын, бір бөлмелі күмбезді құрылыс» [6, 79]

Қошқар атаның ерекше қасиет иесі болғанына есімінің ел жадында осыншалық құрметтелуі дәлел.

Біздің әуелі тоқталарымыз – Шымкенттегі Қошқар ата атымен байланысты нысан. Бұл мекен туралы әпсананың айтары – Қошқар ата XI ғасыр шамасында өмір сүрген. Шын есімі Қылыш болған деседі. Арғы атасының есім-сойы Арқар екен. Арқар баба айрықша батыр болыпты. Сол атаңдай болмасаң да, ұқсап бақ деп Қошқар атандырған екен баланы. Бала күнінен зеректігімен ерекшеленген оны ата-анасы Бұқараға ілім-білім үйренуге жібереді. Ұстазының ықыласына бөленген балаға басқа шәкірттер қызғанышпен қарайды.

Ерекше шәкіртінің артықшылығын көрсету мақсатында ұстазы барлық шәкірттерін отынға жұмсайды. Қошқар атаға судың арғы бетінен отын әкелуді тапсырады. Сонда ол батып кетпей, су бетімен жүрген екен. Бұл ғажайыпты көзімен көрген өзге шәкірттер замандастарының қасиетін мойындайды...

Дарияның, көлдің тіпті теңіздің суы тобығынан келмей өте шығатын әулие жандар туралы әпсана көп. Қошқар атаның су бетімен жүруі сол әпсаналар қатарынан орын алады. Әулиелік керемет көрсету, сөйтіп өзінің қасиетін мойындату мотивтері хикаяттарда молынан ұшырасады. Б.Сағындықұлы «Ғаламның ғажайып сырлары» кітабында әулиелердің керемет көрсете алатынын, олардың бірі көрсеткен кереметті екіншісі қайталай алатынын айта келе: «Керемет – таза ниет, адал еңбекпен, ыстық ықылас, тағат-ғибадатпен келетін киелі қасиет» деп анықтатама береді [7,23].

Әулиелер есімімен байланыстырыла айтылатын су көздері туралы әпсаналардың барлығы да мифтік танымға барып тіреледі. «Олар негізінен үш түрлі мифтік сарыннан тұрады: 1) антропоцентристік таным бойынша өзен-көлдердің көз жасынан пайда болуы; 2) агионимдермен байланысты, яғни өзен-көлдер әулие-әнбиелердің таяғы түрткен немесе аяғы тиген жерлердегі бұлақ көзінен пайда болуы; 3) анимистік түсінік бойынша жануарларды қасиет тұтумен байланысты өзен-көлдердің пайда болуы» [8,193].

Қошқар ата өзені су көзінің (бұлақ, өзен, көл) пайда болуы туралы мифтік танымммен байланысты әпсаналық баяндардың жоғарыда аталған топтарының екіншісіне жатады.

Пайғамбардың мұғжизасы, әулиенің кереметімен пайда болған су көзі дертке дауа, жанға шипа, ерекше қасиетке ие болады.

Діни әпсаналарда Мұса пайғамбардың аса таяғы тиген жерден бұлақ пайда болады.

Ысмайыл пайғамбардың әйелі Ажар елсіз шөл далада ұлы Ысмағұлды дүниеге әкеледі. Шырқырап жылаған сәбидің

өкшесі тиген жерден бұлақ көзі ашылады. Бұл бұлақ зәмзәм деп аталады.

Қызыр пайғамбар өлместің суын ішіп, қияметке дейін тірілер санатында қалады.

Өлместің суын іздеу ертегілердегі ***өлі су*** мен ***тірі суды*** табу мотивінің тууына негіз болған.

Су бетінде қалқып жүру кереметіне қатысты Шейх Шамс Тебризи (Шамс ад-Дин Мұхаммед ибн Әли ибн Маликдад Тебризи) мен Мәулана Румидің кездесуін баян ететін мына хикаятты айтуға болады:

Жалаладдин Руми кеме ішінде алты жүз шәкіртінің алдында өлең оқып тұрғанда бейтаныс дәруіш келіп: «не оқып тұрсың» деп сұрайды. Руми өлең оқып тұрғанын айтады. Дәруіш кенет Румидің қолындағы өлең жазылған қағаздарын алып су бетіне тастап жібереді. Өлеңдерінің суға шашылып кеткеніне ренжіген Румиге дәруіш су бетінде қалқып жүріп, қағаздарды қайта жинап, құрғақ күйінде әкеп береді. Бұл дәруіштің жай адам емес екенін сезген Руми оның айтқанын орындап, кейіннен оған шәкірт болады. Бұл дәруіш – әйгілі Шейх Шамс Тебризи екен.

Шамси Тебризи Ұлы Абай өз өлеңінде:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд, – деп бата сұраған ғұламалардың бірі.

Мұсылман дүниесінде есімдері ерекше құрметке ие Хасан Басри әйгілі әулие Рабиғамен керемет салыстырғанда жайнамазын су бетіне жайып жіберіп, намаз оқыған екен. Рабиға болса жайнамазын ауаға жайып, керемет көрсетеді.

Маңғыстау өлкесінде айтылатын бір әпсанада Шопан ата мен Темір баба кереметтерін жарыстырып көрмек болады. Шопан ата жүйткіп бара жатқан киікті өзіне шақырып алып, оны сойып, мүшелеп тастап, қайта тірілтіп, жөніне жібереді. Темір баба болса теңізді кешіп кете барады. Ізінен жол пайда

болып, біраз ұзағанда Шопан ата: «Кері қайт, кәпірлерге жол ашасың» деп шақырып алған екен дейді. Йасауи ілімін таратушы шәкірттерінің бірі Шопан ата болса, Қошқар ата осы Шопан атаның шәкірті деседі...

Қошқар ата атымен байланысты бұлақ, өзен, көл, елді мекен, кесенелердің көптігін ұлттық дәстүріміздегі әулие культімен түсіндірген дұрыс сияқты. Әулиенің ордасы тұрған, қонып, ат шалдырған, мешіт салып, медресе ашқан жерлерін ел қастерлеп, әулие атымен атаған. Сөйтіп бір әулиенің аты бірнеше елдің мекенде кездесе береді.

Қошқар ата мешіт, медреселер ашып, мұсылман дінін уағыздаушы рухани қайраткер. Бұхарадан ілім үйреніп, ғұламаларға дәріс берген тұлға ретінде ардақталуы оның руханияттағы орнын айқындай түседі.

Біздің талдауға арқау болып отырған Қошқар ата өзені бастауын Қазығұрттан алып, Шымкенттің ортасымен ағады. Айналасында бұлақтар өте көп болғандықтан бұрын Мыңбұлақ аталған екен. «Қошқар ата бұлағының қасиеті – суының шипалылығында. Оның суына бойыма шипасы дарысын деп ниет еткендер жыл он екі ай бойы шомылып жатады. Суы қыста жылы, жазда өте салқын, тастай суық десе де болады» [5, 280].

Қазығұрттан бастау алған бұлақ жол-жөнекей жергі сіңіп кетеді дейді ел аузындағы әңгімеде. Сонда Қошқар ата: «дерттілерге шипа болар су болсын» деп дұға оқыған екен. Сөйтіп бұлақ көзі қайта ашылып, ары қарай ағады. Міне, осы тұстан бастап Қошқар ата атымен аталған екен...

Қошқар ата өзенінің суы асқазан-ішек ауруларына, денеге шыққан жараларға ем болады. Су құрамында адам ағзасына пайдалы элементтер көп. Алыс-жақыннан арнайы келіп, дерттеріне дауа, жандарына шипа тапқан адамдар жайлы әпсанаға бергісіз әңгімелер тылсым сырлы дүниенің тереңіне еріксіз бойлатады.

Қазақ тарихында елге имандылық шуағын сеуіп, шапағаты тиген әулиелер жайлы ерекше айтылады. Олар

халыққа жасаған жақсылығымен, руханиятқа сіңірген еңбегімен ел жадында қалып, фольклор туындыларына да арқау болды. Қазақ халық прозасының аңыздық тобына кіретін хикаялара мен әпсаналар осындай ерекше жаратылысты адамдарға арналған. Ойсылқара, Шопан ата, Зеңгі баба сияқты төрт түліктің пірі болған әулие жандар қатарында Қошқар атаның да осындай әпсана, хикаяттардан алар ерекше орны бар.

Шымкент қаласының шырайын кіргізіген суы шипалы Қошқар ата өзені әруақты қастерлеп, әулиені құрмет тұтқан ата-бабаларымыздың асыл мұратының айғағындай.

Екінші әпсана: Субұрған ата. Шымкент қаласындағы тағы бір қастерлі орын – Субұрған ата әулиенің кесенесі. Бұл сәулет өнерінің ескерткіші Әмір-Темір заманынан келе жатса керек. Неге Субұрған деген атау иеленген?

Бір әпсана айтады: Жаугершілік заман екен. Жеңіспен аяқталған майданда бір батыр ауыр жараланып, ат үстінде найзасын сүйретіп келе жатады. «Аты-жөнің кім? Ерлігің ерен екен, өзіңді білейік» дегендерге: «Мені қайтесіңдер, артқа көз салыңдаршы» дей беріпті. Сөйтсе сүйретілген найза мен тамшылаған қанның ізімен бір құлақ су ағып келеді екен. Батыр көп ұзамай шейіт болады. Халық белгісіз батырды жетіп жығылған қорған маңына жерлеп, басына кесене тұрғызып, «Субұрған әулие» деген ат береді...

Екінші әпсана айтады: Бұл кісі Қошқар атаның інісі екен. Қошқар ата өзі көзін ашқан қасиетті бұлақтың суын Әзірет Сұлтанның шәкірттері мен туысқандарына жеткізуді осы інісіне тапсырады. Сөйтіп қолына асатаяқ беріп, оны бұлаққа салған қалпы алдыға қарай жүре беру керектігін, Түркістанға жеткенше артына қарамауын ескертеді. Жолда келе жатқанда артынан атын атап шақырған дауыс шығады. Қарайын десе, ағасының ескертуі бар, қарамайын десе, дауыс шақыруын қоймайды. Ақыры артына бұрылып көз салғанда, ізімен ағып келе жатқан бұлақ суы ағысын тоқтатып, екіге айрылып, екі тарапқа ағып кетеді. Ағасының аманатын орындай алмаған

інісі Қошқар атаның көзіне көрінуден ұялып, келген жерінде қалып қойған екен. Содан бері бұлақ суы екіге бөлінген жерді халық «Субұрған» деп атап кетіпті...

Тағы бір әпсана айтады: Бұл кісі әрі батыр, әрі діни сауатты, Құран мен Хадисті жетік меңгерген адам екен. Шаш қаласы мен Исфиджаб қаласы үшін болған ұрыстарға қатысады. Ауыр жараланып, Йасыны бетке алып кетіп бара жатқан жолда қайтыс болады. Соңынан жеткен серіктері ақ жуып, арулап, осы маңға қояды. Сүйреп келе жатқан найзасының ізімен аққан бұлақ суы да осы жерге жеткен екен. Бұл кереметке таңданған ел «Субұрған әулие» деп құрметтеп, басына кесене тұрғызыпты.

Субұрған ата кесенесі Шымкент қаласындағы ежелгі қорымның оңтүстік шығысындағы төбе етегіне орналасқан. Күйдірілген қыштан қаланған кесененің құрылысы өзгеше. Кесене орналасқан төбенің тарихына келсек, заманында Әмір-Темір жасатқан деген болжам айтылады. Топырақтан үйілген төбеге бақылау үйлерін салдырып, дұшпандар кіре алмас үшін жан-жағын сумен қоршаған. Содан бұл жер «Қарауылтөбе» атанған екен.

Кесене төрт тараптағы үлкен жолдың түйіскен тұсында орналасқан. Жолаушыға «төрт құбылаң түгел болсын» деп бата беріп, желеп-жебеп жатқандай.

Субұрған ата ел аузында «Сыпырған ата» немесе «Сыпырғы ата» деп те аталады. «Сыпырғы әулие ниет еткен жандардың жолындағы пәле-қаланы, жаманшылықты сыпырып тазалайды. Басына құрбандық шалып, ниет қылған жандарың тілектерін қабыл етеді» деседі қариялар...

Әулиелі орындарда міндетті түрде қасиетті су көзі (бұлақ, өзен, көл) болатыны – әпсаналардағы тұрақты мотив болса, өмірдегі шынайы оқиға. Су әлемімен байланыстыра көрсетілетін кереметтер қатарында судың бетімен қалқып жүру, ағысы қатты, терең дарияны кешіп өте шығу, бұлақ суын бұрып әкелу, шығырау құдықтың суын шипа етіп ұсыну оқиғалары бар. Қасиетті су көздері Бекет ата, Қошқар ата,

Шопан ата, Баба Түкті шашты Әзіз, Домалақ ана, Көзді ата, Үкаша ата, Қоңыр әулие (Қазақстанның бірнеше жерінде кездеседі) кереметтерімен байланысты хикаяттардың негізгі арқауы болып табылады. Түркі дүниесіне мәшһүр ғажайып тағдыр иесі Қорқыт ата туралы әпсананың басы мен соңы су әлемімен байланысты.

Қорқыт тура кезінде
Қара аспанды бу алған,
Қара жерді су алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған.

Ана құрсағында үш жыл жатқан бала жарық дүниеге келгенде осындай ерекше құбылыс болады. Баланың Қорқыт деген есімді иеленуі сол себептен еді... Дүниенің төрт бұрышын кезіп, мәңгілік мекен іздеген Қорқыттың ақырғы тұрағы – Сырдарияның беті. Кілемін дария бетіне жайып жіберіп, қобызын күңірентіп қаншама жыл отырған екен. Күндердің бір күнінде ажал қайрақ жылан болып келіп шағып алады. Мифтік түсінік бойынша жылан – әруақтар әлемінің әміршісі. Ел аузында Қорқыт – өлмес тұлға. Сондықтан да болар:

Өлі десем өлі емес,
Тірі десем тірі емес
Ата Қорқыт әулие, – деп әспеттеледі.

Су – тіршілік бастауларының бірі, әрі мына дүниені тылсым әлеммен байланыстыратын ерекше қасиетке ие нысан. Әулиелердің керемет әрекеттерінің су көздері арқылы көрсетілетіні олардың «екі дүниеге тең» ерекше жаратылысын білдіру үшін болса керек. Субұрған әулие туралы әпсаналардағы белгісіз, жаралы жауынгердің найзасы тиген жерден судың пайда болуы оның тегін адам еместігін айғақтайтын мотив.

Қорыта айтқанда, топонимика үш ғылым тоғысынан пайда болған, сондықтан кешенді түрде зерттеуді талап етеді. Топонимдерді зерттеуде географиялық, тарихи және

лингвистикалық, мәдени және этнографиялық, әрі әдеби-фольклорлық факторларды ескеру маңызды болмақ. Бұл мақалада қарастырылып, талданған антропотопонимикалық әпсаналар – Ұлы Жібек жолы бойындағы нысандардың тарихын, көркемдік танымдағы орнын, әдеби-мәдени мәнін танытуда маңызды материалдар. Ұлы Жібек жолы арқылы тек сауда қатынасы ғана емес, сонымен бірге мәдени байланыс та жүзеге асырылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Суперанская А.В. Что такое топонимика? Москва: Наука, 1984. – 182 с.

2. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология // Қазақ тіл білімінің антологиясы // ред.: Е.М. Арын, А.Ж. Құдабаев – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2010. – 240 б.

3. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.

4. Қасқабасов С. Таңдамалы. 1-том. Қазақтың халық прозасы. Астана: «Фолиант». – 320 б.

5. Қазыналы Оңтүстік. Құрастырған Қ.Т.Тәжиев. 22-том, 4-кітап. Алматы: «Нұрлы әлем», 2011. – 304 б.

6. Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. 6 том. Қ – Н. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2004. – 696 бет

7. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажап сырлары. Діни-танымдық зерттеу. Алматы, 2016. – 568 б.

8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.5. П – Я. Алматы: ТОО «Алем Даму Интергация», 2017. – 816 б.

Айтуғанова Саулеш Шамшақызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ «АЛТАЙ» ТОПОНИМІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Анотация. *Алтай – тема, которая с большим вдохновением воспевается в казахской духовности, то есть в литературе, искусстве и всей культуре. У нас много песен и стихов об Алтае, и мало найдется поэтов и писателей, которые не прославляли бы его. Алтай является родиной многих талантливых людей, ученых, писателей, художников и тем самым внесла значительный вклад в развитие казахской культуры и духовности.*

В статье рассматривается использование топонима «Алтай» в образцах древней литературы, в творчестве казахских поэтов-писателей начало XX века, таких как С.Торайгыров, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев, С.Сейфуллин, И.Байзаков.

В научной статье использованы методы описания, анализа и сравнения. Топоним «Алтай» издревле фигурирует в произведениях поэтов, писателей и всесторонне описан с историко-художественно-идеологической точки зрения. Топоним «Алтай», отраженный в богатой устной литературе нашего народа, былинах и словесных жемчужинах, народных песнях, впоследствии приобрел особое историческое и литературное значение в письменной литературе.

Ключевые слова: *Алтай, топонимы, произведения искусства, поэты-писатели, стихи, семантика*

Abstract. *Altai is a topic that is glorified with great inspiration in Kazakh spirituality, that is, in literature, art and all culture. We have many songs and poems about Altai, and there are few poets and writers who would not glorify it. Altai is the birthplace of many talented people,*

scientists, writers, artists and thus has made a significant contribution to the development of Kazakh culture and spirituality.

The article examines the use of the toponym "Altai" in examples of ancient literature, in the works of Kazakh poets and writers of the early 20th century, such as S. Toraigyrov, Zh. Aimauytov, M. Zhumabaev, S. Seifullin, I. Bayzakov.

The scientific article uses methods of description, analysis and comparison. The toponym "Altai" has been featured in the works of poets and writers since ancient times and is comprehensively described from a historical, artistic and ideological point of view. The toponym "Altai", reflected in the rich oral literature of our people, epics and verbal pearls, folk songs, subsequently acquired special historical and literary significance in written literature.

Key words: *Altai, toponyms, works of art, poets and writers, poetry, semantics*

Алтай – қазақ халқының қасиетті мекені, ата жұрты. «Алтай» топонимі ежелден бері ақын-жазушылардың шығармаларында басты сипатқа ие болып, тарихи тұрғыдан әрі көркемдік идеялық қырынан жан-жақты суреттеліп келеді. Сонау халқымыздың бай ауыз әдебиетінің жыр-дастандарында, эпостары мен сөз маржандарында, халық әндерінде көрініс тапқан «Алтай» топонимі кейіннен жазба әдебиетте арнайы тарихи-әдеби мәнге ие болды.

Тауы да алтын Алтайдың, тасы да алтын,
Ескен желі соғады қоңыр салқын.
Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай?!
Қиыр жайлап, шет қонып қара Ертісті,
Абақ-Керей баласы ән салатын.

Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай?! – деп ата-бабаларымыз Алтайды қазақ халқының құт-мекені, ата жұрты екенін айтып, оның сұлу керемет табиғатына жер жетпейтіндігін тамсана жыр етеді.

ХХ ғасыр басында өмір сүрген белгілі ақын-жазушылар С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Иса

Байзақов шығармаларында «Алтай» топонимі көркемдік-идеялық сипатта бейнеленеді.

ХХ ғасыр басындағы қазақтың азаттық жолындағы күресіне елеулі үлес қосқан талантты ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин де Алтай жерін жыр еткен.

Сәкен лирикасы тақырыптық және жанрлық сыр-сипаты жағынан әр алуан. Ол өзінің туған даласының табиғатын, өлмес махаббатты, көңіл күйі әсерлерін қалай жырласа, Алтайды да солар жырлаған. Соның бәрінде де ақын адамның ішкі сезім байлығын ашуға, сол арқылы жаңа қоғамдық қасиеттердің қалыптасуын көрсетуге тырысты. Көп жағдайда ол адамның сезім күйін оның өмірімен тығыз байланыста алып көрсетті. Оның «Алтай жүрегі» өлеңінде былай жырланады:

Айбатты Алтай тауы бұлттан асқан,
Басың қар-қысы, жазы қырау басқан.
Айдынды Азияның қарауылы -
Шудалы Ақбас бура көбік шашқан.
Өр Алтай ызғарланған көкке тиіп,
Өр кеуде ақ мамықтай төсік биік.
Үймелеп көктен бұлттар, қоршап төніп
Аймалап ақ төсіңді құшқан сүйіп.
Басыңнан суық мұздай мөлдір бұлақ
Күрілдеп көбік шашып, төмен құлап.
Мың түрлі әнге қосқан сарындарың
Көш жерден құрыш қанып естір құлақ.
Бауырыңда ақ бөкеннің лағы ойнап,
Сағымдай сумаңдаған салып ойнақ.
Уа, шіркін! Шың құзына келіп шығып,
Отырсам қызыл жібек әлем байлап [1, 26].

Бұл – Сәкен Сейфуллиннің Алтайға деген сүйіспеншілік, аңсар сезімінен туындаған жыр жолдары. Адамды сұлулығымен таңдантқан, тамсандырған әсем Алтай жөнінде қаншама әнші ән шырқағанын кім білсін, әйтеуір оның кербез көркі көрген жанды таңғажайып, тәтті әсерге бөлеп, көңіл

сүйіндіретіні сөзсіз ғой, шіркін. Бір кезде сұлу көркімен аты шыққан Алтай - біздің заманымызда байлығымен де бүкіл әлемді өзіне ынтық еткен ғажап өңір. Сондықтан да әсем Алтай, асыл Алтай онда туып өскен адамдардың заңды мақтанышы болмақ.

Ал Сәкеннің «Алтай» өлеңінде Азия халықтарының империалистік отаршылдықтың бұғауын үзіп, бостандық алуына тілектестік білдіреді. «Азияның айбынды қарауылы» - Алтай тауының асқақ табиғатын көркем суреттей келіп:

Уа, шіркін! Шың-құзына келіп шығып,

Отырсам, қызыл жібек әлем байлап,- деп армандады. Сол шыңнан дүниені көзбен шолып, бүкіл Азияға бостандық ұранын таратуды көздеді.

Иә, жер – әлемнің жақұты мен жәуһары - Алтайдың бүкіл бітім тұлғасын қара сөзбен айтып жеткізу де мүмкін емес қой. Алтай туралы ой толғасаң көкірегіңе әуезді ән оралып, көңіліңді жарқын жыр тербегендей әсерге түсесің.

Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай.

Анамдай әлпештеген жастан Алтай.

Суы-бал, көдесі-май, жері майса,

Ағызған сары алтынды тастан Алтай [2, 45].

Осы бір әннің өзі-ақ Алтай байлығын, даңқын әйгілеп тұр емес пе?! Әлі де көп алдына әйгіленіп жеткізілмеген, әлі де жыр жолына ілінбеген қазына-байлығы, сәні мен сәулеті қаншама!

Жүсіпбек Аймауытовтың әйгілі «Ақбілек» романы Алтай аймағына, дәлірек айтқанда Күршім мен Марқакөл аудандарын жалғастырған Қалғұты бойына сапарға шыққанында жазылғанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

Романның басында: «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар...» - деген жолдар сол сапар әсерінен туған [3, 25].

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлықтай айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса-есің кетіп, сұңқыл қақса-шым-шым етіп, бойың босап, қиялың қия кезеді», -деп Алаштың ардақты азаматы Ж.Аймауытов «Ақбілек» романында Алтайдың ғажап сұлу табиғатын ақ өлеңмен суреттеп берген еді [3, 3].

Қазақтың қолма-қол суырып салып өлең айту өнерінің шын шебері, атақты сөз зергері, бойына тәңір дарытқан ұлы талантымен халық әдебиетін жазба әдебиеттің дәрежесіне көтерген Иса Байзақов Алтайды талай жырлағын.

Иса табиғаттың талантты жыршысы, оның поэмаларының оқиғалары, көбінесе, қазақ жерінің табиғаты бай өлкелерінде өтеді. Осыған орай ақын табиғаттың әсем бейнесін жасап, оны өз кейіпкерлерінің ішкі әлемін танытуға пайдаланады. Иса поэмаларынан біз Алтай мен Баян тауларының, Зайсан мен Маңырақтың, Шу бойының, Кавказ бен Саян тауларының тамаша жасалған жанды суреттерін көре аламыз. Исада көзбен тану қабілеті күшті. Ол көргенін кең қамти бейнелейді. Белгілі бір құбылысты жалаң алмай, айналасымен молынан тануға ұмтылады. «Алтай аясында» «Сұлудай торғын киген бұлт жамылып» тұрған Алтайды, оның биігі Ақтау суретімен жалғастыра, «ақ бас атан секілді» Алабасын, «Етегіне құлап түскен Қаратауын» қосып кең сурет жасайды. «Көздің көркі, көңілге ем болған» Алтайдың демі-кең аңқитынын да ұмытпайды.

Бірінен-бірі биік ну қарағай,
Етектен көтерілген өрге қарай.
Таулардың өркештеген өрлерінде,
Қыз емшек, қия тастар тұр жағалай.
Немесе:
Көк күмбез шатыр киген Зайсан көлі,
Арудай көсіледі шалқып селі,
Толқыны кестеленіп толықсиды,

Суына тисе нудың қоңыр желі.
Зайсанның бетін сүйіп бу таласқан,
Күлтелеп қоңыр түспен бетін басқан.
Күндіз де теңбіл сурет әжім салып,
Ай-жұлдыз түнде түсіп ақылдасқан,-
деп келетін Зайсан суретін бейнелейді [4, 268].

Жалпы Иса Байзақовтың Алтайдың табиғатын суреттеуінде ерекше ақындық шабыт бар. Ол адамның көңіл-күйін табиғатпен шебер ұштастырады. Егер табиғат жарқырап, көңілді тұрса, адам көңілі де шат. Ал, табиғаттың түнерген, тұнжыраған суреттерінің ар жағында адам басына түсер ауыртпалық, көңілсіздік сезіледі.

Ал десең, аясына алады Алтай,
Көргенде көңілге күй салады Алтай.
Сұлудай торғын киген бұлт жамылып,
Арқаға әлденеше қарады Алтай.
Алтайдың ең үстінде Ақтау биік,
Бойына бұлт жете алмай тартқан киік.
Аңдары, бұғы, марал ойын салып,
Секірген қиясында өршіл киік.
Көргенде көз, көңілдің Алтай емі,
Алтайдың кең аңқиды алған демі.
Жерінен алтын, күміс жентектеліп,
Алтайдың кен құсады талай жері [4, 268]-деп Иса Байзақов «Алтай аясында» поэмасында шабыттана жырлайды. Ал оның «Алтай» өлеңі де ерекше толғаныспен жазылған. Алтайдың табиғатын, тау-тасын, кен байлықтарын жырлаған.

«Алтай - қазақ руханиятында, яғни әдебиетінде, өнерінде, күллі мәдениетінде зор шабытпен жырланатын тақырып», - деп баға береді ғалым С. Қасқасов. Алтай туралы ән де, өлең де көп, оны асқақтата жырламаған ақын, жазушы кемде кем. Жазушылар Алтайды әр қырынан, әр түрде, әр жанрда сипаттаған. Мәселен, Ж.Аймауытов пен И.Байзақов Алтайды үлкен, қызықты да қиын оқиғалардың өткен ортасы,

мекені етіп суреттесе, С.Торайғыров «Қамар сұлу» романының материалын Алтай жағынан алған тұтқында жүрген Мәжит Айтбаев Алтайға деген, сол арқылы бүкіл қазақ еліне, туған жері Қармақшыға деген сағынышын, іштегі күйзелісі, шерменде болған жан-күйін жырлайды, керемет табиғат суреттерін жасайды [5, 46].

Ұлы ақынымыз М.Жұмабаев Алтайды басқа қырынан көрсетеді. Оның Алтайды көруі, түсінуі, сезінуі - көп қырлы, сан сырлы. Мағжан үшін - Алтай мен Тұран бірдей, егіз ұғым. Сонымен қатар Алтай - қазақтың Аға жайы, халық та солай ойлаған. Мағжанның Алтай туралы айтқандары - күллі түріктердің тарихы.

Ақынның туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді.

Күншығыс өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс,

Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым! - деп, Шығыс елдеріне ұран тастай отырып, өз ойларын әйгілі «Пайғамбар» өлеңінде былайша жалғайды:

Күншығыстан таң келеді – мен келем,

Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры!

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен – пайғамбар, Күн ұлы [6, 225].

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтанышы да соншалықты жарқырап көрінеді.

Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына көз жібереді. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады.

Бүкіл түркі әлемінің төл түріктері қоныстанған қасиетті Алтайдың сұлулығына табынбайтын және өз шығармаларына арқау етпеген қазақ аз шығар. Сұлулықты көрмесе де ғашық болған қазақтың зергері Мағжан Жұмабаев «Қорқыт» поэмасында:

«Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегендей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде,
Ертеде алаш елі мекен еткен» - дейді [6, 23]. Қорқыт жайлы аңыз және әңгімелердің негізі қазақ пен түрікмендерде сақталса да Мағжан Жұмабаев жырға қосқан Қорқыт – Алтай тауын мекен еткен ойшыл. Бұл тұста Қорқыттың Алтайлық болуының төркіні неде? Неге Алтай тауының етегі?. Неге қазақтың сары даласы емес? Неге түрікменнің қызыл құмды шөлі емес?. Бұл сұрақтардың тууы заңды. Алайда, әдеби заңдылық бойынша суреткердің уақыт пен кеңістік аясындағы көзқарасы мен шығарманың көркемдік шешімі оқырман талабына тікелей байлаулы емес екендігі шындық. Керек десеңіз бұл әдеби құбылыстар кейде автор ырқына да бағынбай, өмірлік шындық пен даму эволюциясының шеңберінде қалыптасуы да мүмкін. Біздің пайымдауымызша Мағжанның Қорқыттың отаны ретінде Алтайды алуының басты себебі – Алтай өлкесінің көптеген түркі жұрттарының атамекені болуынан. Мәселен, Алтайдың шығысын наймандар, батысын қарлықтар мен дулаттар, түстігін арғындар, ал терістігін түргештер мекен еткені белгілі. Бұлардан басқа да көптеген тайпаларға ежелгі Алтай құтты мекен болған. Сондықтан да, түркі халықтарының арғы-бергі тарихына аса жетік Мағжан Қорқыттай ұлы данышпанның атамекені ретінде киелі Алтайды саналы түрде таңдап алса керек.

Алтай – қазақ руханиятында, яғни әдебиетінде, өнерінде, күллі мәдениетінде зор шабытпен жырланатын тақырып. Алтай туралы бізде ән де, өлең де көп, оны асқақтата жырламаған ақын, жазушы кемде-кем. Алтай – көптеген

дарын иелерінің, ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің туып-өскен ортасы болды, сөйтіп, қазақ мәдениетінің, бүкіл руханиятының дамуына елеулі үлес қосты. Қазақ әдебиетінде Алтай туралы өлең-жырлар өте көп, оларды жинап, зерттеу жұмысы ретінде қарастырған еңбектер жоқтың қасы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сейфуллин С. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2003. – 192 б.

2. Баймұхамедов Н. Алтай / https://ander.kz

3. Аймауытов Ж. «Ақбілек» романы / Ж.Аймауытов. – Алматы: Рауан, 1928. - 356 б.

4. Байзақов И. «Алтай аясында» поэмасы / И. Байзақов. - Алматы: Атамұра, 1934 – 290 б.

5. Қасқабасов С. Алтай және қазақ руханияты // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Өскемен, 2011. – Б. 45-50.

6. Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / М.Жұмабаев – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Ахмет Ақжібек Нұрланқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Анотация. *Земля Казахстана – это регион, где с древних времен зарождалась и развивалась оседлая культура. Ее доказательством являются многочисленные встречи остатков больших и малых средневековых городов и поселений. К ним можно отнести такие города, как Афрасиаб (Самарканд), Бухара, Озкенд, Суджаб и Баласагун, которые были столицами нескольких тюркских государств на всемирно известном Великом Шелковом пути. Однако историкам и археологам нелегко определить точное местонахождение этих городов. Места старых городов и крепостей сохранились как археологические памятники в долинах рек Шу и Талас. Со временем некоторые из них утратили свои первоначальные названия. Сегодня эти города сохранились в виде больших и малых холмов, покрытых песком, глиной и почвой, и их тайны не раскрыты.*

Ключевые слова: История города, топоним, этимология, Баласагун, Великий Шелковый путь.

Abstract*. The land of Kazakhstan is a region where a sedentary culture arose and developed since ancient times. Its proof is the numerous encounters with the remains of large and small medieval cities and settlements. These include cities such as Afrasiab (Samarkand), Bukhara, Ozkend, Sujab and Balasagun, which were the capitals of several Turkic states on the world famous Great Silk Road. However, it is not easy for historians and archaeologists to determine the exact location of these cities. The sites of old cities and fortresses have been preserved as archaeological sites in the valleys of the Shu and Talas rivers. Over time, some of them have lost their original names. Today, these cities remain as large and small hills covered with sand, clay and soil, and their secrets have not been revealed.*

Keywords: History of the city, toponym, etymology, Balasagun, the Great Silk Road.

Сондай жер астында қалған көне қалалардың бірі – әлемге әйгілі тарихи Баласағұн қаласы. Оның қай жерде орналасқанын анықтаумен шығыстанушы ғалымдар XIV ғасырдың басынан бері айналысып келеді. Баласағұн Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің орталығы болғаны тарихи деректерден белгілі. Сондықтан да Баласағұнның тұрған жерін анықтау тарихи, ғылыми тұрғыда зор мәнге ие. Десе де, қазір уақытқа шейін бұл қаланың орналасуы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Мұндай пікірлердің барлығы да болжам деңгейінде деуімізге болады, ғылыми тұрғыдан әлі күнге дейін дәлелденбеген. Енді Баласағұн қаласы туралы ғалымдардың еңбектерінде қандай деректер берілгеніне тоқталсақ.

Баласағұн қаласы туралы азды-көпті тарихи деректер ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген жерлесіміз, Хорезм жерінде дүниеге келген Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Хорезми (IX) өзінің дүние жүзілік жағырафиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түркі қалалары туралы сөз қозғаған және де оларды картаға түсіріп, координаттарын белгілеген. Солардың ішінде Баласағұнды да *дәл* көрсеткен [1, 55]. X ғасыр аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің жағырафиялық картасында Баласағұнды 91° 30' бойлықта, 44° 40' ендікте орналастырған, Таластың 89° 50' бойлықта, 43° 5' ендікте жатқанын көрсеткен [2, 428].

Ортағасырлық ғалымдардың ішінде Баласағұн туралы жан- жақты мағлұмат берген Махмұд Қашқари болды. Ол – түркі халқынан шыққан тұңғыш *лингвист*, ұлы ғұлама ғалым. X ғ. бірінші жартысында Шу және Талас өңірлерінен шыққан ғалымның еңбектерін зерттеуші, қазіргі қазақ тіліне аударған

ғалым А. Егеубай ол жайлы: «Махмұд Қашқаридың толық атытегі Махмұд Құсайынұлы, бабасы Мұхаммед. Ата-бабасы Барсғанда туған. Яғни ата-тегінің шыққан жері, өзінің өсіп-өнген жері осы көне түрік шаһарларының аумағы, Баласағұн, Барсған жері. Өзі де осы құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсған қаласында дүниеге келген» деп жазады [3, 7]. Барсған (Барсхан) Шу өзенінің жоғарғы ағысында, осы күнгі Қырғызстанның Тоқпақ қаласының жоғарғы жағында, Ыстықкөлге баратын тас жолдың бойындағы ортағасырлық ескерткіш. «Барсған – Афрасиаб ұлының есімі. Барсған қаласын салдырған сол. Бұл Махмұдтың атасының шаһары» [4, 8], – деп жазды.

Аталмыш деректер М. Қашқаридің Талас, Шу өлкелерінің перзенті екенін көрсетеді. Оның Қашқари деген лақап аты Қашғарда дәріс алып, сонда тұрғандығын аңғартады [4, 9].

Ғұлама ғалым өзі туралы қысқаша дерек келтіреді: «Сонымен, мен сол түркілердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым... Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас, түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сиынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ит-түрк – Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім» [4, 4-5].

М. Қашқаридың өзіне берген мінездемесінен оның әйгілі түркі тайпаларынан шыққанын, білімді ғұлама, көп салалы тәлім-тәрбие алған, елінің бір сырлы, сегіз қырлы азаматы екенін байқауға болады. Ол ғылым жолына түсіп, түркі елдерін бастан-аяқ аралап, өзінің халқының тарихын, мәдениетін жетік иеленіп, ел арасынан құнды деректер жинап, соның негізінде мәңгі жасайтын ғылыми еңбек қалдырған. М.

Қашқаридың бұл еңбегінде түркілердің үлкенді-кішілі қалалары мен тұрақты мекендері туралы құнды мағлұматтар көптеп кездеседі. Оларды аталмыш еңбегінде өзі жасаған әлемдік дөңгелек картада көрсеткен. Ертедегі ортағасырда Баласағұн қаласы туралы мол мағлұмат қалдырған [5, 52].

М. Қашқари өзінің дөңгелек картасында Баласағұн қаласы жетінші климатта орналасқанын көрсетіп, Талас (Тараз) қаласының шығыс-солтүстігінде орналасқанын жазған [5,53]. Ертедегі ортағасырда, мұсылман дүниесінде карта сызғанда, Меккені орталығы етіп алып келген болса, ал М. Қашқари өзінің картасында Қашқар қаласын орталық етіп алып, картаның Батыс Түркістан жағының орталығын Баласағұн қаласы етіп белгілеген.

М. Қашқари «Түрік сөздігінде» Ұлы Жібек жолының солтүстік желісінің бойындағы қалалар мен тұрақты мекендер, асулар сияқты орындарға тоқталып, Баласағұн туралы деректер келтіреді: АРҒУ: екі таудың арасы. Тараз (Талас) бен Баласағұн арасындағы шахарларды «Арғу» дейді. Өйткені, ол жерлер екі тау арасында жатыр [4, 160]. Қазірдің өзінде де, Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орны екі таудың арасына орналасқаны байқалады. Оның солтүстік-шығысында Жайсан тауы, оңтүстігінде Қырғыз Алатауы орын алған. Ғалымның зерттеу еңбегіндегі басты ерекшелігінің бірі–табиғи-жағырафиялық жағдайды да ескерген.

Баласағұн қаласының атауларына қатысты М. Қашқари мынадай айғақтар келтіреді: «Ұлұш: қала, қыстақ (Шігілше – ол рудың аты). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шahарларында тұратын халықтар тілінде «uluш» сөзін «шahар» дейді. Содан барып Баласағұн шahарын زوقشولوأ «Quz uluш – Құз ұлұш» деп атаған [4, 97]. Тағы да бұл қаланы زوقودرأ «Құз орда», яғни хан қаласы деп атаған [4,157]. Баласағұн түркілердің ірі қаласы болғандықтан, өздерінің сүйікті қаласына әртүрлі атаулар беріп отқан.

Баласағұн қаласының атауына, этимологиясына қатысты М. Қашқари мынадай деректерді ұсынады: Қаланың аты екі

сөзден құрылған: Бала + сағұн. Бірінші сөз «жас» дегенді білдірсе, екінші сөз жоғарғы дәрежелі адамдарға беретін құрметті атақ, лақап ретінде айтылған. Ғалым "Түркі сөздігінде»: «Сағұн: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптеріне: «сағұн» дейді» [4, 461]. Яғни, Баласағұн қаласының этимологиясы «Жас хақан» деген мағынаны да берген.

Баласағұн қаласы туралы құнды деректер Мосул қаласының тұрғыны Изз-ад-дин Али Ибн-Мұхаммед Ибн ал-Асирдің (1160– 1234) «Ал-Камиль фи-т-тарих» атты еңбегінде кездеседі. Ол еңбекте барлық мұсылман елдерінің тарихы хронологиялық тәртіп бойынша берілген, моңғолдардың Орталық Азияға басып кіргендері жайлы жазылған. Орталық Азиядағы Қарахан мемлекеті туралы тарихи деректер қалдырған. Соның ішінде Баласағұн шаһарына байланысты мағұлматтарға тоқталсақ. 992–993 жылдары Қарахан мемлекетінің ханы Богра-хан Илек Бұхара хандығына шабуыл жасады, нәтижесінде Бұхара әмірі Ибн-Мансур Богораханның әскерін қиратқан соң, ол қалған қолымен өзінің астанасы Баласағұнға қайтқаны жайлы жазылған. Бір жылдан кейін, яғни 994 жылы Богра-хан Бұхараны жаулап алып, өзінің мемлекетіне қосып, Баласағұн және Қашқар жеріне, яғни Батыс және Шығыс Түркістанда өз үстемдігін жүргізген. Қарахан мемлекетінің бас астанасы Баласағұнда Богра-хан Илек, оның ұрпақтарынан шыққан билеушілердің тұрғаны айтылған [6, 87-89].

Сирияның Хама қаласында басқарушы болған Абу-л-Феда Исмаил Ибн ал-Али ал-Айюби (1273–1331) өзінің жағырафиялық «Китаб таквим ал-булдан» кітабында Орталық Азиядағы бірнеше бас қалалардың координаттарын беріп, Баласағұнның 91° 35', 91° 50' ендікте, жетінші климатта орналасқанын көрсеткен. Бұл қаланың Сырдарияның ар жағында, түріктермен шекаралас Қашқарияға жақын мұсылман елі екенін жазып қалдырған. Бірақ қазір моңғолдардың қол астына қарайтындығын жазған [6, 89-90].

Дамаскі шаһарының тұрғыны, Шихаб-ад-дин Ахмед Ибн Фадлаллах әл-Омари (1348–1349 ж. қайтыс болған) өзінің «Масалик ал-абсар фи-мамалик ал-абсар» еңбегінде Түркістан өңіріндегі көптеген ортағасырлық қалалардың арасында Баласағұнды да атайды [6, 90-91]. Араб ғалымы Мұхаммед Ибн-Мансұр Мерверруди «Тарихи Мүбәракшах» кітабында түркі елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Гога даласына дейін, оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатқандығы жазылған [7, 84]. Бұл ғалым түркі елдерінің кең-байтақ жерді алып жатқандығымен бірге, түркілердің рухани мәдениеті жөнінде де баяндайды. «Араб тілінен кейінгі түркі тілі өте жақсы және жағымды тіл. Түркілердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбылыстардың заңдылығын ертеден білген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі соғдыларша, екіншісі оғуз-гузектерше. Түркілер қасида және рубаих жазған. Бізге олардың мағынасы өте зор рубаилары жеткен» [7, 92].

Мұхаммед Ибн-Мансұр Мерверруди түркі халықтары жайлы, олардың қоныстанған аймағы, рухани мәдениеті жайлы жетік білгендігі байқалады. Түркілердің мәдениеті ерте заманнан дамығандығын, өте бай, тарихи мәдениетке ие болғандығын айта отырып, олардың арасынан ғұлама адамдардың шыққанына да айрықша көңіл бөлген. Бұл пікірді арабтың белгілі ғалымы, энциклопедисі, саяхатшысы Иакут Ибн Абуллах Ар-Руми әл- Хамава да айтады (1179–1229 жж.). Баласағұн туралы былай дейді:

«Баласағұн түріктермен шекаралас қала... Бұл қаладан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортасынан Әбу Абдаллах Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Баласағұни шыққан. Ол кісі Ат-Түрік деген ныспымен елге белгілі. Ол Бағдаттағы Әбу Абдаллах ад Дамагани кади Халифта оқыған. Онан кейін ол Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-әл-Мукаддас кади қызметін атқарған. Онан соң, ол Дамаскіде қызмет еткен» [7, 78].

Арабтың ғалымы Махмұд Ибн-Вали өзінің «Бахр әл-Асрар» атты еңбегінде Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (5-6 м.) болғанын айтады [7, 24]. Бұл ғұлама Баласағұн туралы төмендегі мағлұматтарды береді: «Моңғолдар келгенде дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Онан кейін қирап, азып-тозып, қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың қолбасшысы әскерімен Батыс түркі жеріндегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира (бір зира – 40-45 см), сақталған үлкен-үлкен үйлердің қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ – 6 шақырым) қашықтықтан мұнаралар, сарайлар, медреселер сорайып анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп, Қарабалта өзенінен кейін қайырып, жаңағы қираған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Біздер қаланы аралағанда, бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік: қазандар, қыштан жасалған әртүрлі ыдыстар, құмыралар, алашалар, т.б. бұйымдарды кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мүрделері жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан» [7, 241].

Бұл келтірілген деректерден қашқарлықтардың келген қаласы бүлікшілікке ұшыраған, қирап қалған қала күйінде сақталған. Қашқан қалмақтарды Қарабалта өзенінің қасынан қайырып, жаңағы бұзылған қалаға айдап келуі осы күнгі Ақтөбеге (Баласағұнға) дәл келеді. Қарабалта өзені Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құяды. Ендеше, қашқарлықтардың келген қаласы апатқа ұшыраған, бүлінген Баласағұн болып отыр. Сөйтіп, қазіргі

Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп айтуға бұл да бір тілге тиек болатын дәлел [5, 62].

Махмұд Ибн-Вали Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханқа және 10 медресе болғандығын жазған [26, 32]. Махмұд Ибн-Валидің айтқаны шындыққа келіп, Баласағұн қаласының үлкен мәдени орталық екенін айқындай түседі. Махмұд Қашқаридың айтуынша, Шу, Талас өңірінің тұрғындары IX ғасырдың бірінші жартысында ислам дінін қабылдаған, Баласағұнды билеушілердің ішінде бірінші ислам дініне енген, 955– 956 жылдар шамасында қайтыс болған Сатух Богра хан Абдал- Карим [7,356]. Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде: «Баласағұнның тұрғындары соғдыларша және түркілерше сөйлейді... Испиджаб пен Баласағұн арасындағы қала Харгудың тұрғындарының тілдері жұмсақ келеді» деген дерек қалдырған [5, 83].

Жоғарыда келтірілген деректер негізінде, ертедегі ортағасырлық ғалымдар Ұлы Жібек жолындағы, 704–766 жылдарда үстемдік еткен Түркеш қағанатының, 766–940 жылдардағы Қарлұқ қағанатының, 940–1130 жылдардағы Қарахан мемлекетінің, 1130– 1211 жылдардағы Қарақытай (Қарақидан) және 1211–1218 жж. Найманнан шыққан Кушлук (Кучлук) мемлекеттерінің 6 ғасырдан астам астанасы Баласағұн қаласында болғанын айтқан, ал кейбіреулері жазылған әдебиеттерден білген құнды деректерді жазып қалдырған. Аталған ғалымдардың деректері аты да, орналасқан жері де бейтаныс болып қалған Баласағұнды табуға, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге сеп болады. Жоғарыда айтылған 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшах пен Қарақытай (Қарақидан) мемлекетінің билеушісі Гурхан (астанасы Баласағұн) арасындаТалас өзенінің жағасында, Тараз шаһарының қасында болған шайқаста, Хорезм билеушілігі жеңіске жетіп, Баласағұннан келген Гурхан жеңілген. Жеңіске жеткенмен Мұхаммед Хорезмшах Баласағұнға бармай, елдегі жағдайға байланысты Самарқандқа қайтып оралған.

Бұл жағдайдан кейін, Гурхан қалған әскерлерімен өзінің астанасы Баласағұнға қайтып, жолындағы елдерін тонап, ойрандап, Баласағұнға жеткен. Бірақ қала тұрғындары мықты бекініп, Гурханды қалаға жібермеген. Билеуші өзінің тұрғындарымен 16 күн соғысып, ақырында, қаланың батыс дарбазасын сындырып, қаланың тұрғындарын қанға батырып, Баласағұнды үш күн өртеуге жендеттеріне бұйрық берген. Сол қырғынның нәтижесінде, бас көтеретін қаланың азаматтарынан 47 мың адам өлтірілген және қала негізінен қираған. Тұрғындардың тірі қалғандары бас сауғалап жан-жаққа босып кеткен. Баласағұн қаңырап бүлінген күйінде қайта тұрғызылмай қала берген. Арада бір жыл өтпей-ақ, 1211 жылы Найманнан шыққан Кушлук (Кучлук) Гурханды тұтқынға алып, оның мемлекетін 1218 жылға дейін билеген. Осы жылы Баласағұнды Шыңғыс ханның қолбасшысы Жебе-ноян соғыссыз алып, оған «гобалық» (жақсы қала) деген ат берген [9, 357]. Демек, моңғолдар келгенде азып-тозып, тек атын әлі жоймаған қала күйінде сақталса керек. Сөйтіп, Баласағұн қаласы тарихи сахнадан түсіп, уақыттың өтуімен аты да, орналасқан жері де XIV ғасырда белгісіз болып, кейін жергілікті тұрғындар шаһардың ортасында сақталып қалған биік төбенің атымен Ақтөбе деп атап кете берген.

XVI ғасырдың орта шамасында өмір сүрген ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдардың еңбектерінде Баласағұн (Қаралиг) қаласы тек кітаптар арқылы жазылғаны, олардың қай жерде орналасқаны қазіргідей сол кезде де белгісіз болғандығы жазылған. Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің белгілі «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн Қарақытайлардың астанасы болған. Джехунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп тұрған.

Моғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған... Менің әкем Баласағұндағы Хафиздардан шыққан. Ол өзінің «Мулхакат-и сурах» (Дополнения к «Ясности языка») деген еңбегінде әр қалалардан шыққан ғалымдардың аттарын келтірген. Ол Самарқандтан шыққан ғалымдардың аттарын онға жеткере алмады, ал Баласағұннан шыққан көптеген ұлы адамдар мен ғалымдарды атады және олардың кейбіреулері туралы сөйлеп берді. Осынша көп ғалымдардың бір уақытта және бір қалада болғанына адамның ақыл-ойы жетпейді. Қазір Баласағұн туралы ешнәрсе жоқ. Мен Қаралиг деп аталған қоныстар туралы ешнәрсе естімедім» деп жазды [5, 64].

Ғалымның пікірі бойынша, Шу, Талас, Жетісу өңірлерінде көптеген қалалар, оның ішінде Баласағұн қаласы да бұрынғы тарихи маңызынан айырылып, уақыт өте келе қирап, аттары және орналасқан жерлері жергілікті тұрғындардың есінен шығып отқан. Тек, сол қалалардың жер бетінде болғандығы туралы тарихи деректер сақталып қалған.

Қытай дерегі негізінде Баласағұн Суяб қаласынан шығыста 20 *ли*де, Шудың сол жағасында орналасқан қала, ал Шудың арғы (Оң) жағасында Цзедань тауы бар. Араб, парсы деректерінде Түрік керуен жолы бойындағы Навакет, *Л*абан қалалары аралығында, Занби (Шамсы) асуына жақын жерде орналасқан үлкен қала. Оның айналасында Ұлыш, Орду, Құлбақ, Бақырлық тәрізді жер атаулары болған, тарихи қаланың бірнеше аты болған: Баласағұн, Құз ұлыш, Құзорда, кіші орда, Жақсы қала т.б [10, 87].

Баласағұн қаласының баламалануы мәселесі әлі де толық шешімін таппаған, оны бірқатар қалалармен байланыстырған пікірлер кездеседі. Ағылшын зерттеушісі Ховорс тарихи Баласағұнды Итшеку өткелінен солтүстікке едәуір жерде, Шу өзенінің оң жағасында орналасқан аты белгісіз бір қаламен байланыстарған болатын. Шуға Құрағаты өзенінің құйған жерінде Иткешу өткелінен солтүстік - батыста 10 км жерде орналасқан Төрткүл көлемі 200 х 3180 м келетін, VШ-XIV ғ.ғ. кезінде өмір сүрген ескерткіш. Көлемі шағын, әрі түрік керуен

жолынан солтүстікте 150 км жерде орналасқан бұл қала Баласағұн болуы мүмкін емес [11, 184].

Ғалымдар арасында Баласағұн қаласының орнына қатысты түрлі пікірлер кездеседі. Ғалым В.В. Бартольд алғашында Бурананы, ал кейін Ақбешімді Баласағұн болса керек деді. А.Н. Бернштам Ақбешімді Баласағұн деп жазады. А.Н. Бернштам, Л.Р. Кызыласов болса Ақбешім Баласағұн емес, оны басқа жерден іздеу керек деді. Н.Ф. Петровский Баласағұнды Шу өңіріндегі қалалармен баламалауға қарсы болды, ал Л.Б. Ерзакович болса: «Шу өңіріндегі XШ-XV ғ.ғ. кезінде өмір сүрген бірде - бір қала Баласағұн сияқты үлкен қалаға сай келмейді» – деді. М.Т.Тынышбаев Баласағұнды Қызыл өзен қаласымен баламалады [10, 87].

1970 жылдардан бастап ортағасырлық Бурана қаласындағы зерттеу жұмыстарды қайта қолға алынып, қаланың тарихи - топографиялық құрылымы мен өмір сүрген уақыты жөнінде жаңа деректер жарыққа шықты, соның негізінде Бурананы Баласағұнмен баламалаған зерттеушілер қатары өсті дейді. Мәселен, Д.Ф. Винник, Б.Д. Кочнев, В.Д. Горячева, К.М. Байпаков, О. Караев, В.Н. Настич, Бурананы Баласағұн қаласымен байланыстырады [10, 88].

У.Х. Шәлекеновтың Баласағұн қаласы жайлы пікірі: Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі орта ғасырлық әйгілі үш қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суяб), Талас (Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған. Олардың арасында ең үлкен, әйгілі Баласағұн. Бұл қала Ұлы Жібек жолы Жаркентке баратын тармағында орналасқан. Бұл қалаларға соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен жүрген жолаушылар «Әулие тауды, басып өтетін жолмен келіп, Тасөткел арқылы Шудың жағасындағы Тасқалаға шығып, содан Шудың оң жағын жағалай отырып, Қастек асуы арқылы Ұзынағашқа өткен. Одан әрі Жібек жолымен Жаркетке тартқан. Сужаб қаласы Жібек жолының Ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн IX-XII ғ.ғ. бастап

Қарахандардың (Қарақидан) (X-XII) астанасы, экономикалық, саяси және мәдени орталығы болды [12, 79].

Ертедегі тарихи деректер негізінде Баласағұн бірнеше түркі мемлекеттерінің астанасы, саяси, экономикалық және мәдени ірі орталығы болса да, тарих сахнасынан алшақтап, қазір де орналасқан жеріне қатысты деректер талас тудырады. Баласағұн қаласының орнын табу күрделі мәселелердің біріне айналып, кейбір ғалымдар айрықша мән бере бастаған. Солардың бірі – әйгілі шығыстанушы ғалым, академик В.В. Бартольд. Ғалым Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанына айрықша назар аударған. XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің ежелгі атымен аталғаны белгілі. Алайда Ақсақ Темірдің жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Демек, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты, XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесінде қираған болуы мүмкін деген ойды тұжырымдаған [8, 357]. 1893 жылдың мамыр айында жазба деректерден алған мағлұматтарды дәйектеу мақсатында В.В. Бартольд ғылыми командировкаға шығып, Шу және Іле алқаптарындағы археологиялық және сәулеттік ескерткіштермен танысады. Оны Шымкенттен Әулиеатаға (Таразға) дейін жалғастырып, жолдағы ескерткіштерді көріп, олар туралы ел арасынан мәліметтер жинап, қолға түскен экспонаттарды жинақтайды. Талас өңіріндегі ескерткіштермен танысып жүргенде аяғы сынып, Ташкентке қайтуға тура келген. Келесі жылы бұл ғылыми жұмыстарды одан әрі жалғастырып, Талас, Шу, Іле, Нарын өңірлеріндегі және Ыстықкөл төңірегіндегі ескерткіштерді аралайды. «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 г.г.» [8, 21-94] атты көлемді еңбек жазады. Ғалым аталмыш еңбекте Ақтөбе қаласының орнына барғаны жайлы баяндайды: «Ақсу өзенінің жоғарғы ағысындағы Беловодский станциясына келгенде, Ақсу өзенінің төменінде тұсында үлкен қаланың орны бар екенін жергілікті тұрғындардан естіп, солға бұрылып, Ақсу және Сукулук (Соклук) өзендерінің төменгі

ағысындағы үлкен көлемді жерді алып жатқан қаланың орнына келдім. Қаланың орналасқан жері жағырафиялық тұрғыда тыңғылықты зерттелмеген. Ал орыс армиясының генштабының жаңадан жасалған картасында Қарабалта, Ақсу және Сукулук өзендері нүктелермен ғана көрсетілген. Шындығында бұлар әжептәуір сулы өзендер екенін байқадым. Олар Шу өзеніне құяды. Сукулук пен Ақсудың оңтүстігіне жақын жерде Ақтейе (Ақтөбе) атты биік төбе бар. Ол төбеде, оның айналасында күйдірілген кірпіштің сынықтары көп. Соған қарағанда, бұл қала күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болуы тиіс деген ойға қалдым. Бірақ Ақтөбеден бағалы нәрсе таба алмадық, тек бір күміс сақинаны кездестірдік. Көрген қаланың көлемі үлкен». Солай бола тұра, ғалым бірден бұл қала туралы толыққанды мәліметтер ала алмаған. Себебі, Ақтөбе қаласының жалпы көлемі, оны қоршаған қамалдар туралы жазбайды. Тек, қана Ақсудың жағасында Төрткөл төбенің қасында орналасқан «Степнинское» деген орыс селосының бар екендігін айтқан. В.В. Бартольдтан бұрын да, кейін де XIX ғ. бұл жерде археологиялық жұмыстар орын алмаған.

Ғалым бұдан кейін Шу өңіріндегі үлкенді-кішілі ортағасырлық қалалардың, бекіністердің орындарын көріп, олардан жинақталған ғылыми тұжырымдарын осы еңбегінде жариялайды. Оның ішінде Баласағұн қаласы жөнінде пікірлерін жазба және археологиялық деректерге сүйене отырып баяндайды. Осылайша, әртүрлі зерттеу еңбектеріндегі Баласағұн қаласы жайлы айтылған пікірлерді жинақтап, Талас, Шу алқаптарынан ортағасырлық қалалар орнын көргеннен, сондағы пайда болған ой-тұжырымдарын қосып, В.В. Бартольд Ақбешім қаласының орны іздеп жүрген Баласағұн болуы мүмкін деген болжамды пікірге келеді [8, 21-88]. Ақбешімнің құбыла-батыс жағында орналасқан Бұрана деген қаланың орнын көріп, оның жалпы көлемі кішкентай екенін жазады. Бірақ Ақбешім де, Бұрана да Баласағұнға балама бола алмайтынын атап өтеді. Мұның барлығы

Баласағұнның қай жерде орналасқанын дәлелдей алмайтынын айта келе, В.В. Бартольд алдағы уақытта да Баласағұнның орнын анықтаудың тарихи мәні ерекше екенін айтқан, ғалымның өзі де осы проблеманы шешуге ат салысқан.

Ғалым В.В. Бартольд «Энциклопедия ислама» атты еңбегінде Орталық Азия, Солтүстік Кавказ жерлеріндегі ономастикалық және ортағасырлық қалалардың тарихына қысқаша шолу жасап,

«Баласағұн» [8, 355-357] атты мақала жариялаған. Аталған еңбекте әдеби және археологиялық деректерге сүйене отырып, Баласағұн мәселесіне қатысты айтарлықтай қызмет еткені көрінеді. Атап айтсақ, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған ғылыми еңбектер мен қолжазбаларды пайдалана отырып, Баласағұн қаласының орналасқан жерін анықтауға тырысқан. Алайда қолда бар деректердің жетіспеушілігіне байланысты, аталмыш мәселеге тек болжам айтумен шектеледі. Ол пікірін де сол күйінде ұсынуды дұрыс санадық: «Баласагун – город в Средней Азии, местонахождение которого не удается точно установить... Город, по- видимому, следует искать в западной части русской области, называемой ныне Семиречье, вероятно на Чу, где и поныне можно увидеть много городищ. На это же, кажется, указывают приводимые Абу-л-Фида» [7, 355].

Баласағұн қаласының атауына, оның этимологиясына қатысты Ғ. Мұсабаев пен А. Махмутов былай деп жазады: «Баласағұн – Ыстық көлге жақын. Қордайдың Күнгей жақ етегінде болған, осы күнде қирап, құр орны қалған, бала – кіші, сағұн – аймақ деген сөзден құралған. Мұны М. Қашғари: құз орда, құз – ұлыс деп те атайтынын жазған. Баласағұн қаласы XIV ғасырдағы Азия картасында, ағылшын Юлдың картасында да болған» [13, 82]. Авторлардың Н. Я. Бичурин еңбегіне сүйене отырып айтуларына қарағанда, ол маңда ертеде Атасағұн деген де қала болған. Ендеше, үлкен, кіші деген мағынада жұмсалатын ата, бала деген сөздер Баласағұн топонимінің бірінші компонентінің түркі сөзі екендігіне күмән келтірмейді.

Жоғарыда авторлар атаудың екінші бөлімі сағун сөзі аймақ дейді де, қай тілден екеніне де, қай нұсқадан алғандарын да көрсетпеген. Аталмыш ғалымдардың сол маңдағы Барсыған қаласы жөнінде жазғандарына тоқталсақ: «Барсыған Ысытық көлдің батыс жағында, Баласағұннан түстік жерде. Мұны Барыс хан деу ойға сыймайды, өйткені М. Қашғари олай деп атамаған. Бұл барсағұн болуы да ықтимал. Бірақ VII ғасырда сығын болып жазылған. Қазіргі тіліміздегі сауын айту – сағынға айту деген болар». Мұндағы авторлардың топоним этимололгиясын Барыс хан деуі ойға сыймайды дегендері дұрыс. Бірақ, олардың сағун сөзі VII ғасырда сығұн болып жазылды деуі қате болуы мүмкін. Себебі С. Е. Маловтың еңбегінде сығын сөзі XIV ғасырдағы автор Рабғузиден алынғанын авторлар байқамаса керек [14, 424]. Авторлар бір сағұн сөзі туралы бір-біріне қайшы пікірлер келтіреді: біресе бұл сағынға айту (сауын айту) тіркесімен байланысты десе, біресе сағұн (аймақ) сөзімен түбірлес дейді.

Ғалым А. Әбдірахманов Баласағұн сөзіндегі сағұн, сығын компоненті туралы мынадай пікірді жазады: сығын – ертеде «қорғаныс, бекініс, қала» деген мағынаны білдіретін көне түркі сөзі. Оған мынадай дәлелдер келтіруімізге болады.

1. М. Қашғари сөздігінде сығынды сөзіне мынадай түсіндірме берілген: «кәйік турағқа сығынды» (киік мекенге тығылды) (II, 177), М. Қашғаридің түсіндірмесін негізге ала отырып «Көне түркі сөздігінде» «укрываться, прятаться» мағынасы беріліп, сығ түбірі, - ын өздік етіс жұрнағы деп көрсетеді [15, 502]. Бұл жердегі сығ түбірі «жасырыну, тығылу, қорғану» деген мағынаны білдіреді.

2. Осы контекстегі –ын жұрнағы етіс категориясы болғанымен, мұндай жұрнақтар көне түркі тілдерінде етістіктен зат есім тудырушы өнімді жұрнақ болған. Қазақ тілінен мынадай мысалдар келтіруге болады: тық+ан -тығын, шық+ын -шығын, ақ+ын -ағын, ек+ін -егін, түй+ін -түйін, сус(а) + ын -сусын т.б. Түркі тілдеріндегі мұндай етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар Э.В. Севортянның еңбектерінде толық

келтірілген [16, 332-337]. Г.И. Рамстедт етістікке - н, -ын жұрнағы жалғану арқылы негізінен сын есімдер және біраз зат есімдер де жасалатынын көрсетеді: акун (течение), сатун (торговля), келін (сноха) т.б.

3. Осман түріктері, қырым татарлары, алтай, телеуіт тілдерінде сығынмақ, сықнмақ сөздері «отступать, прятаться, искать убежище, защищаться» деген мағынасын берген [36, 617]. Бұл жердегі сөздің де түбірі -сығын. Дәл осы тұста қорған (бекініс), қорғану (етістік) сөздерімен сығын (қорған) және сығынмақ (қорғану) сөздерін сылыстырып қарауға болады. Себебі қорған сөзінің де түбірі қорғ// қорқ (сақтану) + а (етістіктен етістік тудыратын жұрнақ) + н (етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ). Бұны қорқа // қорға+н деп те түсіндіруге болады. Бұл жерде де –н жұрнағы еітстіктен зат есім тудырып тұр.

Ғалым А. Әбдірахманов жоғарыда келтірілген дәлелдеулерге сүйене отырып, аталмыш сөздің түбірі сығ (етістік «тығылу, сақтану» мағынасында) + ын (етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ) қосылу арқылы «бекініс», «қорған», «қала» деген мағынада жасалған сөз деп қарастырады. Бұл сөздің сағұн формасына айналуы атаудың бірінші компоненті бала сөзіндегі ашық «а» дыбыстарының кейінгі буындарға әсерінен болуы ықтимал: Бала – сығын >Баласағұн. Олай болса Ата (ұлы) +сағұн, Бар (үлкен) + сағұн қалаларының да аты осылай түсіндірілуі керек [13, 72-73].

Біздіңше, Атасағұн, Баласағұн, Барсыған деген тарихи қала атаулары құрамындағы сыған // саған // сағун сөздері – араб графикасына байланысты әр түрлі оқылып келген. Қорыта келгенде, сыған // сығын – ертеде «қорғаныс, бекініс, қала» мәніндегі көне түркі сөзі.

Түркілердің Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ірі қалаларының бірі – Баласағұн. Аталған қала туралы ортағасырлық тарихи еңбектерде көп кездеседі. V–XII ғ.ғ. Баласағұн Батыс Түрік қағанатындағы Түркештердің, Қарлұқтардың, Қарахандардың және Қарақидандардың

астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанын анық, тарихи тұрғыда дәлелденген. Осындай үлкен қала түркілердің өзара феодалдық соғыстарының нәтижесінде XIV ғ. тарих сахнасынан түсіп, уақыт өте келе, орны белгісіз болып ұмытылған. Сонан бері алты ғасыр өтсе де шығыстанушы ғалымдар Баласағұн қаласының орнын нақты дәл басып айта алмай келеді. Ғалым В.В. Бартольд аталмыш қала орнын Шу бойынан іздеу керектігін айтқан. Қырғызстандағы Ақбешім мен Бұрана секілді қалалардың Баласағұнға тура келмейтінін де айтып кеткен.

Баласағұн қаласы – көптеген ғұламалар мен ғалымдардың өсіп-өнген жері. Иакут Ибн-Абдуллах ар-Румиал Хамава (XIII ғ.): «Баласағұннан бір топ ғұламалар шықты. Олардың ортасынан Абу Абдаллах Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Баласағұн есімі ерекше аталады. Ол кісі Ат-Турк деген есіммен белгілі. Ол Бағдадтағы Абу-Абдаллах ад-Дамағани ханифатында оқыған. Одан кейін Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-ал-Мукаддас кади қызметін атқарған. Онан соң ол Дамаскіде қызмет еткен», – деп жазып қалдырады [12, 280].

Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Баласағұн қаласы туралы: «Қарақытайлар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасы еткен. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн қарақытайлардың (қарақидандардың) астанасы болған, Джейхунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп отырған. Моғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған. Менің әкем Баласағұндағы Хафиздардан шыққан. Ол өзінің «Мулхакат-и сурах» («Дополнения к «Ясности языка») еңбегінде әр қалалардан шыққан ғалымдардың аттарын атай отырып, Баласағұннан шыққан көптеген ұлы адамдарды, ғалымдарды сөзіне арқау қылып, олардың кейбіреулері туралы тілге тиек етеді [12, 281]. Осынша көп ғалымдардың бір уақытта және бір

қалада болғанына адамның ақыл-ойына сыймас. Ал қазірге кезде Баласағұн жайлы деректер тарих қойнауында қалды.

Жалпы қазірге дейін ғалымдар еңбегінде Баласағұнды осынша әспеттеп жазғандарына мән берсек, қала өз уақытында мемлекет астанасына лайық ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанын байқауымызға болады.

Қорыта келгенде, Ұлы Жібек жолы жайлы, оның тарихы жайлы сөз болғанда Баласағұн қаласымен тікелей байланысты екені ойға оралады. Себебі, ол Ұлы Жібек жолының негізгі ірі орталықтарының бірі болды. Шығыс пен батысты жалғаған мұндай ірі жол торабы Орталық Азияның үстімен өтіп, жолында көптеген үлкенді-кішілі қалалардың дамуына, өсуіне, өркендеуіне өз септігін тигізді. Солардың бірі де бірегейі тарихи Баласағұн сияқты қалалар мен елді-мекендер. Ұлы Жібек жол бойындағы қалалар мен елді- мекендердің пайда болу кезеңі антикалық дәуірге жататындықтан, олардың 2000-2500 жылдық тарихы бар. XXI ғасырдың басында Тараз қаласының 2000 жылдығы тойланса, сол сияқты Баласағұнның, Алматының, Испиджабтың (Сайрамның) және т.б. ортағасырлық қалалардың бәрі бір-бірімен құрдас деуімізге негіз бар. Ғалым У. Шәлекеновтың зерттеуіне сүйене отырып, Ұлы Жібек жолындағы Баласағұн қаласы деп Жамбыл облысының Шу ауданындағы, бұрынғы «Калинин» колхозының жеріндегі «Ақтөбе» деп аталып келген археологиялық ескерткіш орнын айта аламыз. Қазіргі кезде бұл жердің бұрынғы аты өзгеріп, қазір «Баласағұн» ауылы деп аталатын болған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Хасенов Х., Буреев О. Әл-Хорезми географиясы. Ташкент, 1983. 55–62-б.

2. Бируни Абу Райхан Конури Масудий. Танлаган асарлар. 1- китаб. Ташкент, 1975. 428-б.

3. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары – астана: Фолинат, 2017. – 496 б.

4. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.

5. Шәлекенов У.Х. Ғылыми еңбектер. Үш томдық / Уахит Шәлекенов. – Алматы: Жібек жолы, 2014. Т. 1: V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – 584 б.

6. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв., О долине реки Талас и смежных районах / Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т.8. 1960. 92 С.

7. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент: «Фан», 1988. С. 413.

8. Бартольд В.В. Сочинение. Т.III. Работы по исторической географии. М., «Наука», 1965. С. 711.

9. Бартольд В.В. Сочинение. Т.III. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. М., «Наука», 1966. С. 495.

10. Дулатова И.С. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың Қазақстандық тарихнамасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2010. – 152 б.

11. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы, 2002. – 248 б.

12. Шәлекенов У. Құм астындағы қала. – Алматы: «Қазақ университеті», – 1992. – 120 б.

13. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодармемлекеттік университеті,2010. – 240 б.

14. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. АНСССР, М.,-Л., 1951, 451 С.

15. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.

16. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий Т. 1-4. СПб., 1893- 1911. Т.4. – 1911.

Балтабай Досжан
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Анотация. *Данные средневековых авторов и археологические раскопки свидетельствуют о необычайном развитии международной торговли вдоль Шелкового пути в IX – начале XIII вв. Эти городские объекты хорошо сохранились в засушливых пустынных районах вдоль Арала. Межнациональная и межрелигиозная толерантность, уважение к традициям и обычаям других народов стали главной особенностью городов Великого Шелкового пути. В этой статье мы остановимся на истории и этнографии городов Тараз, Баласагун.*

Ключевые слова: *Великий шелковый путь, Тараз, лингвистика, топоним, история, этимология.*

Abstract. *Data from medieval authors and archaeological excavations indicate the extraordinary development of international trade along the Silk Road in the 9th – early 13th centuries. These urban sites are well preserved in the arid desert areas along the Aral Sea. Interethnic and interreligious tolerance, respect for the traditions and customs of other peoples became the main feature of the cities of the Great Silk Road. In this article we will focus on the history and ethnography of the cities of Taraz, Balasagun.*

Keywords: *The Great Silk Road, Taraz, linguistics, toponym, history, etymology.*

Ұлы Жібек жолы жүйесіне керуен жолдарының бірнеше тармақтары енді. Бұл тармақтар тау жоталарындағы түрлі асулар арқылы шөлді айналып өтті. Жібек жолы Арал теңізі жанынан өтті. Сырдария жағалауымен, одан Шудан Жетісу арқылы Жоңғар қақпасына жетті. Осы аймақ Үндістанның

түрлі дәмдеуіштер өндірілетін өлкесі мен тұт ағашы өсетін Сары өзеннің (Қытай) жағалауларына апаратын ең ыңғайлы жол болып есептелінді. Талас алқабындағы Тараз қаласы түргеш, қарлұқ, кейін қарахандықтардың экономикалық және мәдени орталығы болды. Сауда жолы Тараздан солтүстік бағытта – Ертіске, одан әрі Енисейдегі қырғыздарға өтті. VII ғасырдағы Қытай жол көрсеткіш кітапшасында «Ақ өзендегі қала» – Испиджаб көрсетілген. Оны кейін «Сайрам» деп атаған. Испиджаб ірі негізгі сауда орталығы болды. Осы жерден жол одан әрі Сырдария арқылы өрлеп, Арал бойына жетті. Сырдария жағалауымен өткен керуен жолында ірі қалалар Отырар (Фараб) мен Шауғар орналасты. Бұл қалалардан оғыздар орталығы Янгикент қаласына қарай жол өтті. X-XII ғасырларда Ұлы Жібек жолының бұл тармағында Сауран, Жент, Ашнас сияқты қалалар бой көтерді.

Ұлы Жібек жолының тарихында оны түркі мемлекеттері толықтай дерлік бақылауда ұстаған үш кезең болды: VI-XIII ғасырдың басындағы түркі қағанаттарының; XIII ғасырдың екінші ширегі мен XIV ғасырдағы Монғол империясының; XIV ғасырдың үшінші ширегі мен XV ғасырдың басындағы Әмір Темір мемлекетінің бақылауындағы кезеңдер.

Ұлы Жібек жолы мыңдаған шақырым қашықтықты қамтыды. Саудагерлердің көпшілігі жолдың ұзақтығынан тауарларын жарты жолда ауыстырып алуға тырысты. Жібек жолы түркі бөлігінің халықаралық саудада маңызы зор еді. Ұлы Жібек жолы сауданың дамуына, көптеген қалалардың пайда болуына, өркендеуіне жол ашты. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды. Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір саналды.

Жамбыл облысының әкімшілік орталығы Тараз қаласы Республикамыз-дағы ежелгі қалалардың бірі болғандығын б.д.д. I ғ. ортасындағы қытай жазбаларынан көруге болады. Тарихи тұрғыдан рухани мәдениетіміздің алтын діңгегі болған Жамбыл облысында адамдар тас ғасырының ерте палеолит

дәуірінде мекендеген. Бұл адамзат тарихы дамуының басты кезеңі болып саналып, біздің заманымызға дейінгі 1 миллионнан 140 мың жыл арасын қамтиды. Осы өңірді адамдардың тас ғасырынан бастап мекендегеніне сол дәуір ескерткіштері – тұрактар, шеберханалар мен Қаратау жота-аймағынан табылған тас құралдар – шапқылар мен өзектастар Каратау жотасында, мұндағы Тәңірқазған, Бөріқазған, Шабақты, Қызылтау, Қызыләуіт және тағы да басқа тұрақтар материалдары ерте ашель дәуіріне жатады.

Қола дәуірінің орнын ежелгі темір дәуірі ауыстырған кезде Жамбыл облысының территориясын, тіпті бүкіл Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан далаларын тарихи кезендерге сай сақ, үйсін, қаңлы тайпалары бірінің орнын бірі алмастырып отырғандығы белгілі. Сақтар дәуіріндегі өліктерді жерлеу ұрпы ескерткіштері Талас, Шу, Аса, Теріс өзендерінің аңғарларынан және Қырғыз, Талас Алатауының манынан табылған. Тараз қаласына жақын Жетітөбе, Үштебе, Билікөл маңындағы Берікқарадан, Қордай жеріндегі белгілі болып отыр. Қырғыз Алатауындағы Қараша 1-2, Ұзынбұлақ, Шашқа-Бетқайнар обалары мен зираттары археологиялық ізденістер барысында да, Қаратаудағы Тамды ескерткіштері үйсіндердің материалдық мәдениетінен хабар берсе, қаңлылардан қалған Жайлаутөбе, Аққу, Қызылқайнартөбе мен Баркуаб секілді қоныстар мен обалардан сүйектен, қыштан, темірден, алтыннан, қоладан жасалған бұйымдармен толығып отыр. Тарих сахнасына шыққан ғұндармен байланысты Тараз қаласының іргетасы қаланған болатын. Академик Ә.Марғұлан Тараз қаласын тек Жетісу аймағында емес бүкіл Казакстандағы ең ежелгі қалалардың бірі болғандығын атап көрсеткен. Л.Н.Гумилев Тараз қаласының алғашқы атауы Талас болғандығын жазған. Қытайдың жазба деректерінде қала мен өзен бір атаумен То-ло-со аталды. Қаланы солтүстік ғұндардың билеушісі Чжичжидің бұйрығымен салған [1, 47].

Түркілер дәуірінде облыстың тарихы жаңа арнаға бет бұрды. Осы тұста ежелгі түркі тілінде жазылған Талас сына

жазуы өмірге келді. Тарихи деректерде түргеш қағаны Сұлу-Сулық тұсында мемлекеттің астанасы Талас бойында болғандығы айтылады. Түркілер дәуірінде Тараз, Құлан, Мыңбұлақ, Меркі және т.б. қалалар гүлденген болатын. Олар туралы араб және қытай жиһангездері баяндап кеткен.

Мәдениет пен өнердің сан алуан түрі тоғысқан өлкеміз Шығыс пен Батыс елдерінің назарында болып келген мекен. Әлем елдері көз тігіп отырған аймақтың стратегиялық орны бүгінде қаншалықты маңыз-ертеден-ақ ды болса ерте және ортағасырларда да сондай маңызға ие болған. Арабтар Орта Азияға жорықтары барысында Қытайлықтармен шиелініске тап болады. Осындай ірі шайқастардың бірі 751 жылы қазіргі Талас өзенінің аңғарында Атлах шайкасы деген атпен қалады. Жалпы Атлах шайқасы бүкіл Орталық Азияның тарихи, мәдени және саяси картасын өзгеріске ұшыратты деуге болады. Себебі, мұсылмандардың жеңісі түркі халықтарын Қытайдың баскыншылық саясатынан, идеологиялық қысымдарынан арылуға және ислам өркениетінің дамуына жол ашты. Моңғол шапқыншылығына дейінгі жазба деректерде Шу мен Талас өңірінде IX ғ. II жартысы мен XII ғ. аралығында 26 ірі қалалар мен көптеген кішігірім керуен сарайлары болған.

Б.д.д. I ғ. басында ғұндар ордасына айналған Тараз қаласы сол кездегі қытай жазбаларында Далосы, Да-ласы, Талас деген таулармен белгілі болған. Орта ғасырларда Ұлы Жібек жолындағы тарихи-мәдени орталықтардың бірі болған. 568 жылғы Византия деректерінде қаланың мәдени өмірі жайлы мәліметтер берілген.

Бұл қала жайлы жазылған ең алғашқы мәліметтер IV ғасырдың аяғына жататын византиялық жазбаларда кездеседі. Тап осы кезеңде орта ғасырлардағы ірі мемлекеттердің бірі Византия шығысы Тынық мұхиттан батысы Қара теңізге дейін созылып жатқан түркілер қағанатымен келісім жасауды ойға алады.

Император Юстиниан II Византия империясының шығыс бөлігінің әскербасы Земарх бастаған елшілерді түркілер қағаны Дизабулдың ордасына аттандырады. Византиялық тарихшы Менандрдың суреттеуі бойынша Земарх сапар барысында Талас қаласында және сол қалаға жақын бір жерде үлкен мемлекеттің әміршісі, түрік қағанының ордасында қабылдауда болады.

Кейіннен Тараз (Талас) туралы ортағасырлық географ, тарихшы, саяхатшылардың бәрі дерлік жазады. Бұған таң қалуға болмайды, өйткені қаланың орналасқан жері Ұлы Жібек жолындағы маңызды орындардың бірі еді. Сондықтан да авторлар Тараз жайлы жазған кездерінде, ең алдымен, оның сауда саласындағы маңызы туралы айтады. Мысалы, қытайлық саяхатшы Сюань-Цзянь: Таластың аумағы – 8 – 9 *ли*. Бұл арада көптеген елдердің саудагерлері аялдап, түрліше заттар әкеліп сатады», – деп жазады.

Араға үш ғасырдан аса уақыт салып ибн Хаукаль да қаланы *дәл* осылайша, яғни: «Тараз – мұсылмандардың түркілермен сауда жасайтын қаласы», – деп суреттейді, әл-Мақдиси: «Тараз бақтары мол, тұрғындары тығыз орналасқан үлкен қала. Ол қамалмен қоршалған әрі оның сыртын айналдыра ор қазылған. Қаланың төрт қақпасы бар. Халкы рабатта көбірек шоғырланған. Қала қақпасынын алдында үлкен өзен ағып жатыр, қаланың бір бөлігі сол өзеннін келесі бетінде орналасқан. Өзен арқылы жол өтеді. Базардың ортасында үлкен мешіт бар», – деп жазады. Алайда ертедегі авторлардың бірде-біреуі Тараздың орнын *дәл* көрсете алмаған. Сондыктан да археологтар бұл қаланы ұзақ уақыт бойы әр жерлерден іздестірді. Өйткені оны біреулер Талас өзенінің оң жак жағалауында орналасқан Түймекент қаласынын орны десе, екіншілері Қарабура өзеніндегі Талас мекені дейді, кейбіреулері оны атақты ортағасырлық Садыр-қорған қаласы деп түсіндіреді. Академик В.В. Бартольд ортағасырлық Тараз Әулие-Ата қаласының орнында болған деген пікірге ден койды. Себебі қазан төңкерісіне дейін Тараз

осылай аталған. Бұл пікірді ұстануда Мақдисиге сілтеме жасайды. Ал Мақдисидің жазбаларында қаланы жарып өтетін үлкен өзеннің бар екені аталып өтеді. Мұндай өзен тек арнасы толып ағатын Талас болуы мүмкін [2, 142].

Тараз ерте замандардан-ақ көптеген елдердің назарын өзіне аударып, озық мәдениетімен, үлкен сауда орталығы екендігімен қызықтырған. Тараз өлкесіне қатысты тарихи мәліметтер мен көне аңыздар өте көп. «Тараздың солтүстік батысындағы Бөріқазған және Тәңіріқазған үңгірлерін қазіргі ғылым адамдар қауымдастығының алғашқы тас дәуіріндегі мекені деп таныды», деп жазады профессор Жанғара Дәдебаев. Орта ғасырдағы Әл-Идрисидің картасында неғұрлым ертедегі деректемелер бойынша кеңінен белгілі Тараз қаласы көрсетілген. «Нұзхат әл-мұштақ» текстінде Тараздың солтүстік жағында лұқ-түріктер мекендейтіні атап өтіледі; Тараздың оңтүстігіне таман 5 фарсах болатын Касри-бас деген жердегі жайылымдарда қарлұқтардың қыстаулары бар екені де айтылады. Фирдауси: «Тараздың садағындай қиылған қас» («Шахнаме») десе, баккулық Абд ар-Рашиддың жағрафиялық шығармасында: «Тараздың ауасы таза, суы мөлдір, жері құнарлы, нағыз бейішті еске түсіреді. Ал, тұрғындары жарқын жүзді, кеңпейіл, әйелдері мен еркектерінің жүздері қандай сұлу», деп тебірене жазады. Сонымен, Тараз сырттан келген адамдардың назарын бай тарихымен, көркем табиғатымен, қонақжай халқымен, әдеби-мәдени мұраларымен баурап, ұлт руханиятының ғажайып ғаламаттарымен де назар аудартқан айшықты да әсем қала болған. Тараз өңірі мен оның тамаша адамдарын бұдан мың жыл бұрын, онан кейінірек өмір сүрген небір шайыр ақындар өздерінің жырларына арқау еткен. Тараз сұлулары жайында парсы ақындары тамсанып қызықтаған, мадақтаған жыр жолдары бізге жеткен.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде қаланың осы кезеңге жататын қабаттары Тараздың мәдени-экономикалық дамуының жарқын дәлелі болар көптеген олжалар берді. Мысалға сыртына шыңылтыр жүргізілген керамиканы

алайық. Бәрінен бұрын керамика шыңылтырының түрлі-түсті бояуға бай екені көзге түседі. Бұл кезеңде өрнектердің жаңа түрлері пайда болған. Олар – төрт күлтелі шүйірмектер (бірнеше жапырақтан, күлтеден құралған гүл бейнелі әшекей), әр түрлі оюлы суреттер, өсімдік шырмауықтары. Көбінесе, қыш тостағандар, табақтар темір ыдыстарға ұқсас етіп жасалған. Ол үшін алдымен ыдыстардың сыртына сұр бояумен өрнектер салынып, оның үстінен шыңылтыр жүргізілген. Өрнектердің арасындағы бос орындар нүктелермен толтырылған. Бұлайша әшекейлеу беті оюлармен бедерленген мыс бұйымдарға тән еді. Бір қызығы, өрнектеудің мұндай тәсілі, шыңылтыр жүргізу енді тек кымбат ас үй сервиздеріне ғана емес, жай ыдыстарға да колданылады.

XIX ғасырда Тараздың орнында Әулие-Ата бой көтереді. Кейіннен бұл кала Жамбыл атанып, республикамыздың әдемі де гүлденген калаларының біріне айналады. Ал 1998 жылы еліміздің Президентінің Жарлығымен қалаға өзінің бұрынғы Тараз аты кайтарылады. 2002 жылы Қазақстан Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойын атап өтті. Осыдан дәл 2000 жыл бұрын, б.з.д. I ғасырдың аяғы мен б.з. I ғасырының басында Тараз қаласы осынау өлкенің саяси және экономикалық орталығы болып, сол кезден бастап өте қарқынды дами бастаған. Тараздың мерейтойы – мақтан тұтар ерлік істерге, ірі оқиғаларға, қолбасшылары мен жауынгерлерінің ерлігіне, ғалымдарының дарынды еңбегіне, ақындары мен срутешілерінің тамаша шығармаларына толы бай әрі тамыры тереңге кетіп жатқан тарихы бар егеменді Қазақстанның даму жолындағы маңызы зор кезең. Тараз Қазақстанның ғана қаласы емес, сонымен бірге Еуразияға да тән. Өйткені ол –аса ірі құрылықтағы ғылым мен мәдениеттің, қолөнер мен сауданың орталығы, керуен жолдарының байланыстырушысы. Қаланың атын Шығыстың атақты ақындары Рудаки мен Хафиздің өлең жолдарынан да талай рет кездестіруге болады. Әбдірахманов А. Қала атауын Талас атауымен байланыстырып, былайша талдайды. «Талас – басы

Талас жотасынан (биіктігі 4488 м.) бастальш Жамбыл облысында аяқталатын өзен аты. Ұзындыгы 420 км. Талас жотасын, тарихи Талас (Тараз) қаласының аттары осы өзен атынан алынған, өйткені өзен атының қойылуы бұлардан әлде қайда ерте, түркі-монғол тіл бірлігі заманынан бері. Талас аңғары – тарихи жағынан қызығы мол өлке [3, 89]. Ондағы қалалардың салыну тарихы туралы А.Н. Берштам былай деп жазды: «В VI-VIII вв. Таласская долина была уже в основном вся заселена и, вероятно, все известные ныне развалины мест поселений возникли в эту эпоху». Таластың көне тарихын тереңірек зерттеген автор академик А.Х. Марғұлан. Оның зерттеулеріне қарағанда Талас аты бірінші рет Византия тарихшысы Протектор Менандрдың еңбегінде кездеседі және онда Талас қаласы VI ғасырда, дәлірек айтқанда 568 жылы батыс түркі қағанаты орталықтарының бірі болғандығы айтылады. Мұнда Талас көптеген елдерден саудагерлер келетін сауда қаласы екендігі айтылған. X-XII ғасырларда қарлұқтар мен қарахандықтар заманында Талас мүлде өседі, өркендейді. X ғасырдың авторы араб географы Мукаддаси былай деп жазыпты: «Тараз – славный укрепленный город со множеством садов, густо застроенный, имеет ров и четверо ворот: около него есть многолюдное предместье (рабад), у ворот города течет большая река; часть города находится по ту сторону реки; через реку проходит дорога; в центре города на базаре имеется мечеть». 1894 жылы акад. В.В. Бартольд коне Таластың орны Әулие Ата (қазіргі Жамбыл) қаласы тұрған жер болуы керек деген болжам айтып еді, соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеді. XII-XIII ғасырларда Талас (бұл кездегі нұсқаларда Тараз) әуелі Хорезмшахтың, кейін қарақытайлардың, одан соң монғолдар шабуылына ұшырады да, талқандалып қалды. XVXVII ғасырларда қаланың жекелеген учаскелерінде ғана үйлер мен тіршілік белгісі болды, ал XIX ғасырда ескі қала орнына Әулие-Ата қаласы салынды. Енді Талас атауының этимологиясына келейік. Біздіңше, сөз түбірі түркі-монғол

тілдеріндегі далай//талай (теңіз, мұхит, көл, өзен) деген түбірге –з/с көптік жалғауы (кейде жаңа сөз тудыратын зат есім жұрнағы да болуы ықтимал) қосылып жасалған. Талуй//талай «теңіз» және «өзен» мағынасында көне түркі тілінде болған. Талуй сөзі «теңіз» мағынасында Күлтегін және Тунқақ (Тоньюкук) ескерткіштерінде бар Ал, Талай сөзі XIII ғасырда жазылған Огузнамеде «өзен» мағынасында анық жазылған: «Мұнда Утіл мүрен деген бір талай бар ерді – «Здесь простирались воды реки, называемой Итилем. А.М. Щербактың тексті аударуы дәл емес, егер бұл сөйлемді қазақша аударсақ былай болады: «Мұнда Еділ мурен деген бір өзен (талай!) бар еді» (Здесь была одна река, называемая Итиль Муреном). Бұл контекстегі талай сөзі «өзен» мағынасында қолданылып тұрғанына ешбір шек келтіруге болмайды. Талай сөзі алтай, телеуіт, лебендин, шор, сойот, сағай, қатчы, күйерик сияқты түркі тілдерінде «теңіз», «көл», «өзен сағасы» мағынасында қолданылатынын акад. В.В. Радлов кезінде көрсеткен. Монғол тілінде дал ай сөзі 1) мұхит, 2) үлкен, ірі деген екі мағынаға ие. Бурят-монғол тілінде далай – «теңіз, мұхит, үлкен көл». Қалмақ тілінде дала – «океан». Сонымен сөз түбірі түркі-монғол тілдеріндегі талай// тала//далай//дала екеніне шүбә жоқ. Ал сөз аяғындағы с бұл арада көне түркі-монғол тілдеріндегі көптік жалғауы болуға тиіс. Сонда тала/й/+с гидронимінің көне мағынасы «өзендер», «көлдер», «сулар» болып шығады. Ал көне орхон-енисей жазуларындағы Талуй (талай) сөзінің ерте орта ғасырдағы араб, парсы нұсқаларында Тараз болып айтылуы л/р дыбыстарының ауыз суынан. Бұл құбылыс тюркологияда кеңінен белгілі. Мәселен, М. Рясененнің еңбегінде мынадай фактілер келтіріледі: «інжіл/інжір/инжир/, залал//зарар (вред, ущерб), ханшал//ханджар (кинжал), герел// қарар (решение). Проф. Ф. Абдуллаев тар//л алмасуын корсете келіп, бұл құбылыс р дыбысы дірілді болғандықтан, әлсіз дыбыс, сондықтан басқа дыбыстармен, соның ішінде л дыбысымен ауысады деп көрсетеді. Проф. С.Аманжолов қазақ тілі диалектілерінде р//л

(немесе керісінше *л*/р) дыбыстарының алмасуы жөнінде былай деп жазды: «О чередовании р//*л*. Оно связано словами жал вм. Жар (помощь) и ш елке вм. Шорке (от русск. Чурка). Такое же чередование имеется в западном диалекте. Например, слово жора там произносится, как жола. А это вполне нормально и легко объяснимо. Ибо слово жола происходит от основы жол (путь, дорога, правило и обычай). Чередование р с *л* в словах южного диалетка жал и шелке не совсем легко объяснить. Ибо литературное слово елец там, на юге, в Жуалинском районе произносят в виде ерец. Из этого можно сделать вывод, что чередование этих звуков на юге крайне неустойчиво. Но начало дифференциации или расщепления их относится к далекому прошлому. Еще у Махмуда Кашкари чередование р с *л* приписано тюркам. Древний город Талас племенем чигиль произносится, как Тараз//Тіраз. Мы знаем, что Мигиль относится к племенному союзу дулатов». Жоғарыда келтірілген фактілер р//*л* немесе *л*//р дыбыстық алмасулары табиғи тілдік құбылыс екенін көрсе-теді. Ендеше Талас атауының Тараз деп аталуы әбден заңды. Ал сөз аяғындағы з//с дыбыстарының да алмасуы түркі тілдеріне тән құбылыс. З дыбысы огуз тілдерінде тұрақты, ал қыпшақ тілдерінде әдетте с дыбысына айналады. Зерттеуші Қ. Өмірәлиев атаудың аяғындағы –ас бөлшегі фин-угор тіліндегі «өзен» деген мағынаны беретін сөз, «бұл сөз фин- угорлар мен түркі тілінің алтай дәуірін ортақ белгі де болуы мүмкін» деп қарайды: Талас өзенінің маңында фин-угор халықтары болған; жоқ, сондықтан бұл манда фин-угор-түркі ортақтықтығына байланысты атау да болуы күдікті, сол себептен автордың бұл пікірін біз құптай алмаймыз. Қорыта келгенде, атау этимологиясының кескіні мынадай талай//далай (түркі-монғол тілдеріне ортақ «су», «өзен» деген сөз)+с (түркі-монғол тілдеріндегі көптік мағынаны білдіретін көне жұрнақ) [5, 178].

Ғалым Ә. Қайдар бұл қала атауының халқымыздың ежелгі тарихынан мағлұмат беретінін айта келе, «тарихи жазба ескерткіштерде Тараз аты VI ғасырдан белгілі. Ол VII

ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолындағы атақты қалалардың бірі ретінде дүние жүзіне белгілі болды. Бұл қала аты кейін 1867 жылдан Әулиеата, ал 1935 жылдан Мирзоян, 1938 жылдан Жамбыл аталып келеді. Орта ғасырдан (VII–XIII ғ. ғ.) белгілі қала атаулары да аз емес. Олар: Испиджаб, Сайрам, Отырар, Шавгар, Түркістан, Шымкент, Манкент, Кедір, Суяб, Ходжент, Алмалық, Баласағұн, Барақ, Барысхан, Бесбалық, Бескент, Жент, Қарнақ, Қойлық, Құлан, Сауран, Сүткент, Талғар, Алматы, сондай-ақ тұрақтар мен қалашық, елді мекен аттары: Ақбешім, Ақтөбе, Алтынасар, Бабаата, Дүнгене, Жол, Құйрықтөбе, Сүмбе, т. Б. Бұл қала, елді мекен атауларының барлығының жасалу үлгісі де, лексикалық құрамы да (сөз жүйесі) қазіргі тіліміздегі жер-су атауларынан алшақ емес, жалпыхалықтық тілден жасалған, түсінікті де танымал. Осылар тәрізді орта ғасырға тән қала, елді мекен, өзен, көл, тау т. Б. Аттарының ана тіліміздің төл сөзінен жасалып келгенін де аңғару қиын емес. Мәселен, Алматы, Есік, Тұзқала, Қызылжар, Жайық, Үйшік, Теке, Ақмола, Ақтау, Ақсу, Нілді, Атасу, Жезді, Теміртау, Қарағанды, Қазалы, Қарқаралы, т. Б. Байыппен бағдарлап қараған адамға тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы осы және басқа да физика-географиялық атаулардың бойынан анық көрінеді. Ондайлар республикамыздың барлық облыстарында жүздеп, мыңдап кездеседі» деп көрсетеді [4, 257].

Қорыта келгенде, Тараз қаласы – ежелден бері Шығыс пен Батыстың, дала мен қаланың мәдениеті тоғысқан, ірі саяси-стратегиялық орталық ретіндегі дәстүрлі тіршілігі үзілмеген тарихи мекен. Тараз қаласында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі жоғарыдағы жазба деректер мен аңыздарда айтылған мәліметтерге өте жақын келеді. Қаланың құрылыс қалдықтары, қыш бұйымдар жиынтығы, оның көркемдік бағыттары бұл қалада қолөнердің жоғары деңгейде дамығанын және Оңтүстік Қазақстан және Жетісу қалалары, Шығыс Түркістан, Шаш, Соғды, Хорезммен мәдени, экономикалық, сауда қарым-қатынаста болғандығын

көрсетеді. Бұл дегеніміз Тараз қаласы Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды орталықтардың бірі болғандығын айғақтайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы/Құраст.: З. Құламанова. Алматы: Арыс, 2014. 808 б.

2. Рысдәулет М. Жамбылым қандай тамаша. Алматы, 2017 – 224 б.

3. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.

4. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 520 – бет. 2014 ж. ISBN 978-601 – 7174- 42 – 2 – Т.1

5. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы/Құраст.: З. Құламанова. Алматы: Арыс, 2014. 808 б.

Бәшкен Айбек Балташұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімі кафедасының 2-курс магистранты

ЖЕТІСУ ӨҢІРІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Аннотация. *Как описано в археологических данных, период начала урбанизационных процессов в Семиречье VII-X вв. XII-начало XIII в. было периодом расцвета городской культуры. В начале X века в ходе расцвета государств на территории Средней Азии, влияния на соседние территории в политическом и экономическом плане территория Восточного Туркестана и Жетысу вошла в состав Караханского государства. Таким образом, в этот период процветало несколько городов и поселков, и города стали центрами. Ремесленная, материальная и духовная культура процветала в средневековых городах, расположенных на территории Жетысу, которые были центром международной торговли и денежного обращения. Об этом свидетельствуют археологические исследования. В статье рассматривается история, этимология и этнография топонимов городов, расположенных в Семиречье.*

Ключевые слова: *Великий шелковый путь, история, этнография, лингвистика, этимология, культура.*

Abstract. *As described in the archaeological data, the period of the beginning of urbanization processes in the Semirechye of the VII-X centuries. The XII-the beginning of the XIII century. was the period of the heyday of urban culture. At the beginning of the tenth century, during the heyday of states in Central Asia, the influence on neighboring territories in political and economic terms, the territory of East Turkestan and Zhetysu became part of the Karakhan state. Thus, several cities and towns flourished during this period, and cities became centers. Handicraft, material and spiritual culture flourished in the medieval cities located on the territory of Zhetysu, which were the center of international trade and monetary circulation. This is evidenced by archaeological*

research. The article deals with the history, etymology and ethnography of toponyms of cities located in Semirechye.

Keywords: *The Great Silk Road, history, ethnography, linguistics, etymology, culture.*

Ұлы Жібек жолының дамуымен VII ғасырдың соңында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан территориясында қалалардың пайда болу процесі белсенді түрде жүрді. Керуен жолының бойында стратегиялық маңызды нүктелерде орналасқан бұл қалалар қолөнер мен сауда орталықтарына айналды. Сонымен қатар, қалалар аумағында кәсіпшілік, егіншілік пен малшаруашылығының үйлесімді даму процесі де қатар жүрді.

Талғар (Талхиз) қаласы – Алматыдан шығысқа қарай 25 км жерде, Іле Алатауының бөктерінде, Талғар өзенінің оң жақ жағалауында ежелгі Талғар қаласы орналасқан. X ғасырдан бастап Талғар «Талхир» деген атпен белгілі болған. Қаланың орталық бөлігімұнаралы бекініс дуалымен қоршалған. Бекініс дуалының қазірде сақталған биіктігі — 5-6 м, қалыңдығы — 15-17 м. Қалаға солтүстік- шығыс және оңтүстік-батыс тараптан кірер екі қақпа бар. Құрылыс орындарының қалдықтары бекініс сыртында да көптеп сақталған. Қаланың жалпы аумағы — 28 гектар. Қаланың іргетасы б.з. IX ғасырында қаланып, XI-XII ғасырларда гүлденген. XIII-XIV ғасырларда қала күйрей бастаған.

Ірі қала ретінде жіктелген қала алғаш рет X ғасырда құрастырылған «Худад аль-Әлем» («Әлемнің шекаралары») географиялық тізімінде аталған. Автор бұл қала түркілердің чигил мен қарлұқтың шекарасында орналасқанын жазған. «Талхиз» деген атауды зерттеген ғалымдар бұл атау көне түркінің «донгар» сөзінен алынға-нын, мағынасы «Жоғары мұзды тау» деген ұғымды білдіретіндігін анықтады. Өткен өміріміздің куәгерлері болып табылатын тарихи ескерткіштер, бағзы замандағы коныстардың қалдықтары әуелден-ақ зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді. Бұл салада

белгілі археологтар А.Н. Бернштам, Ә.Х. Марғұлан зор еңбек сіңірді. Жылнамалық Талхир мен қазіргіТалғардың бір қала екендігін алғаш болып анықтағандар да осы ғалымдар [1, 56].

Талғар сөзінің төркінін әртүрлі түсіндірушілер бар. Соның бірі оны ежелгі үнді-еуропалық тілдермен байланыстырады. Екінші буындағы "ғар" сөзінің "тау" мағынасын білдіретін ескі үнді-еуропа тіліне тән екенін дәлел ретінде келтіреді. Ал қала атауының сырына үңілген тағы бір топ "Талхизды" "Жоғары мұзды тау" деген ұғымды білдіретін көне түркінің "донгар" сөзінен туындатады. И.И. Копылов «Талғар» атауы ежелгі түріктің «Талқығы» -«ер»-түйенің өркешіне ұқсайтын тауда пайда болуы мүмкін деп жазды [1, 61-62]. Талғар атауының шығу төркінін ғалым А.Әбдірахманов өз еңбегінде келесідей береді: «Біздіңше Талғар атауы екі компоненттен құралған: Тал + ғар. Тал - тәжік тілінде «холм, пригорок, горка, возвышенность, бугорок». Талғар оронимінің этимологиясы былай: Тал (иран- ша: «тау»)+ғар (көптеген тілдерде соның ішінде көне түркі тілінде де: «тау»), яғни «тау»+«тау»»[2, 195]. Байқағанымыздай, Талғар атауында бір мағыналы сөздің қабаттасуы орын алған.

Жергілікті қазақтар тілінде «Талғардың тал шоқысы» деген сөз тіркесі бар. Мұндағы тал да, иран тіліндегі тал да иран тіліндегі тал деген сөзден алынған, сонда бұл «Талғардың тау шоқысы» (яғни «ең биігі») деген сөз. [3, 197].

Талхир халықаралық және облыстық сауданың орталығы болды. Онда өмір сүрген қолөнершілер сатуға арналған қыш және мыс ыдыстар, қола, алтын күмістен жасалған зергерлік бұйымдар; темір бұйымдар: балталар, пышақтар, қазандықтар, егістік құралдарының ұштарын, ағаш ұстасы құралдарын жасаған. Қала шеберлері бұғылардың, арқарлардың, ақбөкендердің мүйіздері менсүйектерін, сондай – ақ үй қойларын, жылқыларды, сиырларды материал ретінде пайдаланды.

Қазіргі таңда ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған қалашықтың аумағы -шамамен 20 гектар толығымен темір

қоршаумен қоршалған. Зерттеулерлерге сүйенсек, ортағасырлық қала орналасқан аумақ айтарлықтай үлкен болған. Бұған Талғар қалашығынан әр түрлі қашықтықта табылған кездейсоқ олжалар дәлел. Әзірге парсы тіліндегі «Әлем шекаралары» жазбасы Талхиз туралы археологиялық мағлұматтарды аз да болса толықтыратын жалғыз дерек көзі болып отыр. Талғар қалашығының солтүстік аумағы XIX–XX ғасырдың басындағы ғимараттармен бой көтерді. Белгілі болғандай, қалашықтансолтүстікке қарай 3 км жерде де құнды жәдігерлер табылды. Олардың кейбіреулері солтүстік қалалық қорымына тиесілі болуы мүмкін.

Екі-Оғыз қаласы. Қазіргі Дунгановка селосы орнында болғанежелгі Екі-Оғыз қаласы - Ғұн тайпаларының негізгі орындарының бірі болған. «Талхиз жерінен Ұлы Жібек жолы бөлінген.... Солтүсік жолТалхизден басталып, Талғар өзенінен жалғасын тауып, Іле өзеніндегі өткелге дейін жеткен. Бұл көрсетілген өткел Қапшағай жерінде орналасқан. Әрі қарай жолдың барысы Шеңгелдіге барып,Алтынемел асуынан өтіп, Көксу аңғарынан түскен жерде орналасқан Дунгановка ауылының орнындағы Екі-Оғыз қаласына дейін жеткен. Дәл сол аймақта Іле алқабындағы үлкен қаланың орны табылды. В. Рубруктің күнделігінде жазылған мәліметтерінде бұл қала «Эквиус» деп аталды және қалада «сарациндер» тұрғандығын жазады [4, 497-498].

Моңғол ханы Мөңкеге жіберген IX Людовиктің елшісі монах В. Рубрук: қаланың ерекше базарларымен даңқты болғанын және ол қалада мұсылман халықтардан басқа христиандар өмір сүргені туралы және олардың өз шіркеулері болғандығын жазады.

XI ғасырда жазылған еңбектерінде М. Қашқари Екі-Оғыз қаласының картасын келтірген. М.Қашқаридің атақты шығармаларының бірі - «Диуани лұғат ат-түркде» кездесетін Эквуис (Екі- Оғыз) қала көптеген зерттеуші - ғалымдардың пікірінше Көксу өзені жағасында бой көтерген Балпық би ауылынының аймағындағы Дүнгене қалашығы болуы мүмкін.

Көрсеткіш бойынша қала солтүстік-шығысқа қарай 675 м, оңтүстікшығыс қарай 565 м. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ол қаланың орнынан VII-IX ғасырларға тән елді-мекен болғаны және қала халқының негізгі шаруашылығы ауыл шаруашылығы болғаны анықталды.

Қаланың қарапайым халық тұрмыстық заттар, қазандарменқұмыраларды жасауда балшықты пайдаланғаны көрініп тұр. Бірақ ыдыстары басқа қалалардан табылған артефактілерге(сынықтары,бөлшектері)қарағанда басқашалау (дөрекілеу) болған. Бұл қаланың ҰлыЖібек жолының бойында орналасуы қаланың, елді мекеннің өсуіне әсер еткен.

Қала халқының өздері жасайтын құмыраларының жасалу жүйесінің және үлгісінің өзгеруіне басқа елдерден сауда қарым – қатынасы нәтижесінде келген жаңа үлгідегі (жаңа шығылтыр болып жасалған) құмыралардыңкелуі болған. Қала дамуының нәтижесінде қала айналасында шаруашылықпен, негізгінен шаруашылығы мал шаруашылығы болған елді мекендер қалыптаса бастады.Бірақ халқының кішігірім бөлігі егіншілікпен де айналысты. Кішігірім елді мекендер арасында өзара айырбас сауда қалыптаса бастады. Олардың айырбас саудада қолданған заттары мал өнімдері, тұрмыстық заттар және әшекей бұйымдар болды. Қала халқының тұрмыс тіршілігі деректерге қарағанда IX-XIII ғасырлар арасындақалыптасып, дамыды [1, 89-90].

Зерттеуші В.В. Бартольд Эквуис қаласын орнын анықтау мақсатында В.Рубруктің тарихи естеліктерін пайдаланыпЭквиус қаласының орны Іле өзенінен 30 км қашықтықта орналасқан Шеңгелді (Чингилді) қаласының қирандылары деген пікірі келтіреді және зерттеуші В.В. Бартольддің бұл пікірін ғалым А.Н.Бернштамдақолдайды [5, 362]. Рубрук жүрген кеме жолдарын зертеген Шмидтте Рубрук күнделігінде атап өткен жер Верн қаласынан Қапалға дейінгі қазіргі пошта жолымен сәйкес келді; Эквиус қаласы Алтын

Емел асуы арасында, мүмкін Шеңгелді (Чингилді) бекетінің жанында болған болуы мүмкін деген тұжырымға келеді.

А.Н.Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы бұл қалаға археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу барысында қаладан түсірілген шурфтан әртүрлі кезеңдерді көрсететін 3 мәдени қабат анықталды. Мәдени қабаттардың бір-бірін ауыстырғанын байқауға болады. Зерттеу нәтижесі қаланың IX-X ғасырларда қоныс болғанын, X-XI ғасырда ол қала дәрежесіне көтерілгенін көрсетеді. Қала халқы қолөнер және ауыл шаруашылығымен айналысқанын көруге болады. Екі-Оғыз қаласынан Ұлы Жібек жолы өткен және бұл жол қарлұқтардың астанасы болған Қаялыққа жалғасады [6, 327-328].

Іле — Балқаш көлі алабындағы өзен және Жетісудағы ең ірі өзен болып табылады. Жалпы ұзындығы 1439 км болатын өзен бастауын Қытайдан алады.

Іле алғаш рет б. з. VII – X ғасырларында қытайдың Тан династиясы тарихында кездеседі. Сол кездің өзінде Іле жазығы арқылы Қытайдан Түркістанға қарай маңызды жолдардың бірі өтті. Іле өзені атауы кездесетін ежелгі мұсылман деректерінің бірі – «Худуд әл-алам» (372/982–83 ж.). Осы және одан кейініректегі көптеген деректерде өзен Ила деген атаумен кездеседі.

Бұл өлкеге ислам дінінің қалай және қашан келгені белгісіз. VII/XIII ғасырда Іле аңғары мұсылман әлемінің шекарасы саналған. Оның шығыс аумақтарына ислам діні тек моңғол кезеңінде келген [3, 117].

Өзеннің бөліктері туралы деректер аз кездеседі. Күнгес атауы алғаш рет Шереф аддин Йездидің Темір жорықтарының тарихында келтіріледі. Ал Текес бұл кезеңде Теке деген атпен белгілі болады. Өзеннің екі сағасы да көшпенділер үшін жайылым ретінде жоғары бағаланған. Рубруктың жазбаларына сәйкес Іледен солтүстікке және таулардан оңтүстікке қарай (Алтын-Емел асуы болуы керек) қала болған. Бұл қаланы ол Эквиус деп атайды. Орналасқан жеріне

қарағанда бұл тура сол уақытта армян патшасы Хетум Иланбалек (өзеннің өзі бұл деректе Илан-су деп аталады) деп атаған қала. Ал қытайлар Илабали немесе Илибали, яғни Ілебалық – «Іле бойындағы қала» деген. Бұл атауды XV ғасырда аумақтың атауы ретінде қытайлар қолданады және мұнда қалалар жоқ, тек көшпелілер мекендейді деп айтады.

Іле басқа да Орта Азиялық өзендер секілді кеме қатынасына жарамсыздау. Бірақ бірнеше рет талпыныстар жасалғанымен, өзен бұл салада осы уақытқа дейін ешбір маңызға ие болмады.

В. В. Бартольдтің мақаласында Іле өзенінің тарихи атауының көп еместігін, тіпті басқа атаулары деректерде кездеспейтіндігін байқаймыз. Оны В. В. Бартольдтен кейінгі тіл ғылымы мамандарының зерттеулерінен де аңғаруға болады. Аталған өзенатауын зерттеген Е. Койчубаев: «Іле – Жетісудағы суы мол өзен. Оның дублет сөздері бұл атаудың көнелігін білдіреді. Мәселен, Іле- гол «тармақ» мағынасында, Іле-Кем – Батыс Моңғолиядағы өзен,Іле-Балық – Шығыс Түркістанның батысындағы Іле өзені жағалауындағы қала. В. В. Радловта «Үлкен өзен» деген парсы сөзіне сәйкес келеді. Мұның барлығы көне йел, jul (Ілэ) сөздерінен бастау алады және, осыған орай, «тез», «жылдам» сөздеріне мағыналықжағынан жақын болып шығады,- дейді [4, 120].

География ғылымдарының зерттеушісі К. Д. Каймулдинова:«Іле гидронимі көне атаулардың бірі саналады. М. Қашғари сөздігінде бұл атау туралы мынадай дерек бар: «Ыла/Іле – бір дарияның аты. Ол дария түрік жұртының Жайхұны...». Белгілі географ А. П. Горбуновтың деректері бойынша, бұл атау қытай жылнамаларында 270 жылы пайда болған, сондықтан оны монғолдың «ил» («жарқырау») сөзімен байланыстырудың еш реті жоқ, Шыңғысхан жорығынан 1000 жыл бұрын болған атаудың моңғолдарға еш қатысы жоқ. Іле атауын осыдан 2,5 мың жылдай бұрын Солтүстік Қытай аумағында қалыптасқан құдіретті Ғұн империясымен де байланыстырады. Негізгі тілі көне түркі тілі болған ғұндар

біздің заманымызға дейінгі III ғасырда қазіргі Қазақстан аумағына ене бастаған болатын. Кейіннен бұл империя әлсіреп, ыдыраған кезде ғұндардың солтүстік тайпалары біздің заманымыздың I ғасырында қазіргі Жетісу жерінде қалып қойған. А.Горбуновтың зерттеулері бойынша, дәл осы кезеңде ғұндардың «үлкен өзен» мағынасындағы «ұлы» сөзімен байланысты [7, 86].

Іле атауы қалыптасқан, яғни уақыт өте келе бұл сөз өргеріске түскен, атаудың жасы кемінде екі мың жылмен есептеледі. Ғалым бұған дәлел ретінде Ресей жеріндегі Ангара өзені алабына жататын Или, Илим, Илир, Зея алабындағы Иликан («кан» – өзен деген сөз) өзендерінің атауларын келтірген», - деп өз пайымдауларын жасайды.

Б. Бияров Іле өзені атауы туралы зерттеуінде Т. Жанұзақтың пайымдауына сүйене отырып «Көптеген ғалымдар Іле гидронимінің негізінде іл/ыл «су» көне түбірі жатыр деп есептейді. Біз де топонимдердің типтік белгілерін қарастыратын болғандықтан, ыл/іл көне гидрографиялық терминінен Іле атауықалыптасқан деген пікірге қосыламыз», - деген қорытынды айтады [8, 230].

Қорытындылай келе, зерттеулер нәтижесінде тарихи және археологиялық, географиялық бірқатар өзекті мәселелерінің басы ашылып, аймақта ерекше өркениеттің дамығандығы айқындалды. Жетісудың қала мен дала, саяси, шаруашылық–экономикалық және мәдени тұрғыда сабақтасып өркендеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы көршілес елдермен халықтар арасында қарым– қатынасы үзілмей, қала мәдениеттері айырықша дамыған өлкеде – Евразиядағы мәдениеттер мен өркениеттер арасында өзіндік орын алып отырған өркениет ошағы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары.- Алматы: Аруна Ltd, 2005. - 316 б.

2. Копылов И.И. О названии города на месте Талгарского городища// Вопросы социально-экономической истории дореволюционного Казахстана. –Алма-Ата, 1978.

3. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. - Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 238 б.

4. Аманжолов Қ. Алапа:(Поэмалар, балладалар, өлеңдер) – Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013. – 384 бет.

5. Бартольд В.В. Сочинения IУ том, Москва: «Наука», 1966. – 497 с.

6. Байпақов К.М. Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы, Алматы, 2009. - 570 б.

7. Абдрахимов Р. Г. Гидрография материков: учебное пособие / Р.Г. Абдрахимов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 149 с.

8. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні.- Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010.- 356 б.

Бәшкен Айбек Балташұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін
Қазақ тілі білімі кафедрасының 2-курс магистранты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨҢІРІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Аннотация. *Топонимическая система Казахстана является проявлением материальной и духовной культуры населяющих эту территорию народов, в том числе казахского народа, накопленной и сохранившейся на протяжении веков. Исторические топонимы, как реликтовое наследие прошлых времен, сохраняют природные условия территории, важные события истории находящихся на ней государств и народов и доносят их до наших дней.*

Известно, что любое имя, будь то топоним или этноним, имеет в основе особый знак. Особенность каждого имени была связана с их профессией.

В статье анализируется этимология названий средневековых городов Талгар, Каяк, Кастек, Каскеленг, Эквиус, расположенных в Жетысуском районе вдоль Великого Шелкового пути. Кроме того, показана история топонимов, внешние факторы, влияющие на них, их духовное значение с учетом историко-культурных аспектов определения их происхождения.

Ключевые слова: *Великий Шелковый путь, Жетысуйский район, средневековый город, этимология, топоним.*

Annotation. *The toponymic system of Kazakhstan is a centuries-old embodiment of the material and spiritual culture of the peoples who inhabited this territory, including the Kazakh people. Historical toponyms as a relic heritage of past times preserve in "memory" the natural conditions of the territory, significant events in the history of states and peoples and transfer Kazan to the present.*

It is known that any name, be it a toponym or an ethnonym, is put on a special basis. A characteristic feature of each name was that it depended on their profession.

The article analyzes the etymology of the names of medieval cities Talgar, Kayak, Kastek, Kaskelen, Equius, located in the Semirechye along the Great Silk Road. In addition, in determining their origin, based on historical and cultural aspects, the history of the origin of toponyms, external factors affecting them and spiritual significance are reflected.

***Keywords**: The Great Silk Road, Zhetysu region, medieval city, etymology, toponym.*

Топонимдер халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасады және сөздік қорын географиялық атау ретінде байытуға үлкен үлес қосады. Бүгінгі таңда қазақ топонимиясы бойынша көптеген ғылыми зерттеулер, этимологиялық сөздіктер жарыққа шықты. Жер-су атауларының қалыптасу, даму тарихы тілдік табиғаты мен тарихи құрамы, туралы құнды пікірлер айтылды.

Топонимиялық қор тарихтың бір айнымас бөлшегі секілді. Себебі ол ұнемі жаңарып немесе жаңғырып отырса да, өзінде сол аймақпен тікелей байланысты тарихи ақпаратты сақтайды. Әрине, көптеген тапонимдердің мағынасы көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін. Ол туралы осы саланың маманы, көптеген ғылыми еңбектердің авторы Т. Жанұзақ былай дейді: «Көптеген жер-су аттарының тым көне ескілігі, ежелгі, болмаса ерте орта ғасыр, орта ғасырдан келе жатқандығы, мағыналарының ескіріп құпия, жұмбақ болып кетуі қиналтты. Өйткені ол тарихи атаулар көне дәуірлерде қойылғандықтан ірі фономорфологиялық өзгерістерге ұшырап, күн күйдіріп, жауын шайып, мүжілген ескерткіштер тәрізді күй кешкен. Оларды қалпына келтіру үшін туыстас және тіні бөлек, туыстас емес тілдер материалдарымен салыстыра, салғастыра зерттеуге тура келді. Өйткені біздер ол атаулардың қойылу, аталу, даму барысының тікелей куәгері емеспіз ғой» [1, 9].


Мақалаға арқау болып отырған Жетісу өңірінің топонимиясы әртүрлі дәуірлер мен кезеңдерді қамтитын лексикалық қабаттардан тұрады. Әсіресе өңірдің дамуы кезеңдерінде Ұлы жібек жолының маңызы зор болғаны белгілі.

Қазақстан аумағында Ұлы жібек жолы Қытай шекарасынан бастау алады. Ұлы жібек жолының негізгі тармақтарының бірі Қазақстанның оңтүстік аймақтары арқылы өткені белгілі. Қазақ жерінде бой көтерген ежелгі қалалардың барлығы дерлік Жібек жолы бойындағы керуен-сарайларға айналған аялдамалардың және уақыт өте келе қалаларға айналған елді мекендердің негізінде пайда болған. Бұл аймақтың жануы VI ғасырдың екінші жартысында, яғни Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлері Солтүстік Шығыс Қытай аймағынан Қара теңізге дейінгі жерді алып жатқан орасан зор көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына енген кезден басталады.

Аталған аймақтардың қайсысы болмасын, Ұлы жібек жолының осы өңірлерде орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін қалыптастыру тұрғысынан белгілі бір деңгейді ұстап қалған аумақтар болып табылады. Сондай-ақ олар қалалық мәдениеттің тарихи дамуының өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Қазақстан аумағындағы Ұлы жібек жолының Жетісу тармағын өзімен аттас аталатын тарихи-географиялық аймақтың шекараларымен көрсетуге болады (1-сурет) [2, 17].

Жалпы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда түркі қағанаты кезеңінде пайда болған қалалар мен қоныс тұрақтардың тез қарқынмен дамуы байқалған болатын. Түркі тілдес тайпалар қарлұқ, түргеш, жікіл және басқада тайпалардың, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың белсенді отырықшылануы қала мен отырықшылық өмірде айырықша орын алған еді. Қала мәдениетінің дамуына Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Орта Азия және Саманид мемлекетімен сауда-экономикалық, саяси және мәдени байланысы маңызды рөл атқарды [3, 23]. Ұлы Жібек жолының дамуымен VII ғасырдың соңында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан

территориясында қалалардың пайда болу процесі белсенді түрде жүрді. VIII ғасырда солтүстік-шығыс Жетісуда қалалардың қалыптасуы процесі баяу жүрді, аталған аумақта қалалар мен қоныстардың сандық мөлшері аз болды.



Сурет 1. Ұлы жібек жолының Жетісу аймағында ежелгі қалалардың орналасуы.

Ал X ғасырдың басында Орта Азия аумағындағы мемлекеттердің гүлденуі, саяси-экономикалық жағынан көрші аумақтарға ықпалы барысында Шығыс Түркістан мен Жетісу аумағы Қарахан мемлекеттінің аумағына енді. Осылайша, бұл кезеңде бірнеше қалалар мен қоныстар гүлденіп, қалалар орталықтарға айналды. Ғалымдар зерттеулеріне сүйенсек, деректерде сипатталғандай, Жетісу өңірінде урбанизациялық процестердің басталған кезеңі VII-

X ғғ. сәйкес келсе, XI ғ. – XIII ғ. басында қалалық мәдениеттің гүлденген кезеңі болды [2, 11-12].

Сонымен қатар, ғалым К.М.Байпақов бұл өңірдің сауда-саттықтағы маңызын бірнеше себептермен түсіндірген болатын. Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын бақылайтын түркі қағанының орталықтары болды. Екіншіден, VII ғасырдағы Ферғана арқылы өтетін жол әртүрлі қақтығыстардың салдарынан қауіпті болды. Үшіншіден, бай түркі қағанаттары мен олардың айналасы шетелдегі тауарлардың ірі тұтынушыларына айналды [2, 9].

ТАЛҒАР. Талғар (Талхиз) қаласы - Алматыдан шығысқа қарай 25 км жерде, Іле Алатауының бөктерінде, Талғар өзенінің оң жақ жағалауында ежелгі Талғар қаласы орналасқан. Қаланың іргетасы б.з. IX ғасырында қаланып, XI-XII ғасырларда гүлденген. XIII-XIV ғасырларда қала күйрей бастаған. X ғасырдан бастап Талғар «Талхир» деген атпен «Худад аль-Әлем» («Әлемнің шекаралары») географиялық тізімінде белгілі болған.

Талғар атауының шығу тарихын бүгінде ғалымдар тарапынан әртүрлі түсіндіріледі. Ғалымдардың бір тобы оны ежелгі үнді-еуропалық тілдермен байланыстырады. Оған себеп деп, "ғар" сөзінің "тау" мағынасын білдіретін ескі үнді-еуропа тіліне тән екенін *дәлел* ретінде келтіреді. Ал қала атауының сырына үңілген тағы бір топ "Талхизды" "Жоғары мұзды тау" деген ұғымды білдіретін көне түркінің "донгар" сөзінен туындатады.

И.И. Копылов «Талғар» атауы ежелгі түріктің «Талқығы» -«ер» -түйенің өркешіне ұқсайтын тауда пайда болуы мүмкін деп жазды [4, 61-62]. Талғар атауының шығу төркінін ғалым А.Әбдірахманов өз еңбегінде келесідей береді: «Біздіңше Талғар атауы екі компоненттен құралған: Тал + ғар. Тал - тәжік тілінде «холм, пригорок, горка, возвышенность, бугорок». Талғар оронимінің этимологиясы былай: Тал (иранша: «тау»)+гар (көптеген тілдерде соның ішінде көне түркі тілінде

де: «тау»), яғни «тау»+«тау»» [5, 195]. Байқағанымыздай, Талғар атауында бір мағыналы сөздің қабаттасуы орын алған.

Ғалым Е.Қойшыбаев болса, «Талғар» атауы туралы: «Үнді-иран немесе санскрит тілдеріне саятын «көнегөз» тал(дал) – тала(дала)+ ғар(«тау») терминдерінен қалыптасқан «жер ошақтығы» мәндес атау»,- деген пікір білдіреді (Қойшыбаев, 1985: 215).

Жергілікті қазақтар тілінде «Талғардың тал шоқысы» деген сөз тіркесі бар. Мұндағы тал да иран тіліндегі «тал» деген сөзден алынған, сонда бұл «Талғардың тау шоқысы» (яғни «ең биігі») деген сөзді білдіріп тұр [5, 197].

ҚАСТЕК. Ортағасырлық **Қастек** қаласы – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылынан 2,5 км солтүстікке қарай Жетіжол тау жотасының бастауында, Суықтөбе тауының төменгі бөлігінде орналасқан.

Е.Қойшыбаев Қастек атауының шыққан төркінін көне түркі этнонимі болатын «қас» пен оған синтаксистік жағынан қатысты сын есім болып тіркескен «тек» («шыққан тегі» мағынасында) тұлғаларынынң қосындысы ретінде қарап, оның этимологиясын: «Қас тектес елдер» мәніндегі атау», - деп түсіндіреді [6, 165].

Қастек атауы жайлы Бексұлтан Нұржекеев: «Қастек асуы - тарихи жер. Мұнда 1723 жылы, әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» Наурызбай батырдың тағы бір мыңбасы Қастек Жарылғапұлы деген батыр жоңғарларды жеңіп, кейін шегіндірген. Батыр есімімен жер содан бері ғана Қастек асуы аталған»,- деген пікірін білдірген. Бұл батырдың есімі Қастек өзенінің атынан, сол өзен бойында отырғанда туғандықтан қойылуы да мүмкін. Алайда атауды сонау Жібек жолының бойындағы қала ретінде қарастырсақ, Т.Жанұзақтың зерттеуіне зер салғанымыз жөн. Ғалым: «Бірінші сыңарындағы қас сөзінің касог, кашаг, қазақ, хазар этнонимдері (ру, тайпа атаулары) мен Кавказ, Қазан, Қазықұрт тәрізді топонимдер құрамындағы ***қаз***, ***қас*** (***каз***, ***каш***) сөздерінің төркіні бар екенін бұрын да сөз еткен едік. Осы қас сөзінің түркі, монғол, үнді-

еуропа тілдерінде басқа да мағынаға ие екендігін ескерген жөн сияқты. Көне түркі тілдерінде ***gas*** «нефрит» көкшіл түсті тас; *қырг*., *түрікм*. каш - «тас»; әзерб. гаш - «қымбат бағалы тас»; *моңғ*. хас - «нефрит», «яшма кварцтын бір түрі». Ал атаудың екінші сыңарындағы «**тек»** сөзінің мағынасы тағы да түркі, үндіеуропа тілдеріндегі тег - тек сөздерімен байланысты. Салыстырыңыз: *қырг*. тек - тэк, *оңт. диал*. товдун теги, *өзб*. тиг – «ұшқыр», «үш»; *парсы* тиг - тег - «тау шыңы», «тау жалы, биік жер», *тәж*. тег - тег - «шың», «тау жалы» [7, 145].

Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйене отырып, Қастек атауы екі түрлі ұғымды білдіретіндігін аңғаруға болады:

1. Қастек – «Қас елінің биігі, шыны, тауы»;

2. Қастек – «Нефрит минералы бар шың, биік тау».

ҚАСКЕЛЕҢ. Қаскелең — Алматы облысы Қарасай ауданындағы қала (1963 жылдан), аудан (1922 жылдан) және Қаскелең қалалық әкімдігі орталығы. Облыс орталығы – Қонаев қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 95 км, Алматы қаласынан батысқа қарай 24 км жерде, Қаскелең өзені бойында орналасқан.

Қаскелең – қарлұқтар заманында (7 – 9 ғ.ғ.) Жетісуда салынған қоныстардың бірі. Ежелгі ру-тайпалар осы өңірдегі шұрайлы мал жайылымдары мен суармалы егіншілікке қолайлы жерлерге қоныс тепкен.

Е.Қойшыбаев Қаскелең атауын «қашқа» және «йелең» тұлғаларының бірігуінен пайда болған көне түркі атауы дей келе, «тасқынды су» деген мағынаны беретіндігін атап өткен [6, 164].

Ғалым Т.Жанұзақ Қаскелең атауының шығу төркінін, бір жағынан, ғалықтық этимология тұрғысынан қарауды жөн көреді. Сол елді мекенде байдың екі өлеңші келіні болып, басқа өлеңші жігіттердің оларды «қос келін» атап кетуінен, артынша орыс тілінің ықпалымен «Қаскелең» болып кеткенін айтады. Оған *дәлел* ретінде, ғалым Әсімхан Қосбасаровтың «қос ақын келіннің» атына қойылған деген пікірін де барын

келтіреді. Тіпті, атақты жазушы М.Әуезовтің де өз шығармасында осы халық аңызын келтіргені бар екен.

Ғалым Т.Жанұзақ атаудың шығу төркініне үңіле келе, келесідей байламға келеді: «Қаскелең атауының XVII ғ. айтылу тұлғасы Қаскелең, одан әріде Қасқаөлең болған сиякты. Бұған қарағанда атау әрбір дәуірде дыбыстық өзгеріске түсіп, тұлғалық өзгеріске ұшырап отырғандай. Атаудың топонимдік мағынасы: «Қасқайып ағып жатқан тұнық таза өзен, су» дегенге толық сай келеді. Оны Қасқасу атауымен мәндес деп білеміз» [7, 140].

ҚАЯЛЫҚ. Қаялық(Қойлық) — Іле алабындағы аса ірі ежелгі қала. Деректемелерде XI ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлұқ қағаны — Арыслан ханның ордасы болған. Франция королі IX Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук Қойлықта 1253 жылы күзде сапармен болған.

Ежелгі Қойлық қаласы XI мен XIII ғасырдың басына дейінгі аралықтағы жазбалардан Қаялық атауымен қарлұқ жабғуларының астанасы ретінде белгілі болған. Бұл қала қарахандар қағанатындағы түркі – қарлұқтар елінің орталығы болды.

А.Н.Бернштамның жорамалына қарағанда [8, 117], Іле алқабындағы ірі қала жер үлгісіне орай осылай аталған дейді. Қайлаққа ол Қойлық деген мағына береді, яғни «қой жайылымы» немесе «жайылымға ыңғайлы өңір». Дейтұрғанмен, барлық деректерде Қаялық немесе Қайлақ деп аталатынын атап өткен жөн. «Кайи-кая» деген сөз – этноним. Әл-Мавразі шығыстан каи және кун тайпаларының Шары (Сары) еліне қарай беттегені туралы айтады. Қытай жылнамаларындағы Си (каи) және Хунь (кун) тайпаларының каи мен кундарға ұқсастығын олардың таңбалары мен хаттары да толықтыра түседі. Каи және кун тайпаларының қай уақытта қоныс аударғаны жайлы ортақ пікір жоқ. Дегенмен, екі кезең болуы мүмкін, алғаш кундер ауып, кейін оларға кайлар қосылған. Осы қоныс аударған тұсты Макварт X-XIII ғасырлар десе, В.Ф.Минорский-XI ғасыр, ал С.П.Толстов бұл оқиғаларды

V-VI ғасырларға апарады. Маквартың пікірінше кайи (каи) ата-тегі моңғол-түркіленген тайпа. Махмуд Қашғари олардың түркі тілінде сөйлемегенімен бірақ түркі тілін білетіндігін айтады. Іле өңірінде осы тайпаның ұмыр кешкенін дәлелдейтін жәдігерлер де табылған. Олардың шамалас уақыты ретінде XI – XII ғасырлар көрсетіледі. Яғни, қыш құмыралардың сырты каи тайпасының таңбасы болған жыланмен безендірілген. Бұл аталған деректер Қаялық ойконимінің тайпаға қатысты шыққанының айғағы болып отыр [9].

ЭКВИУС. Қала қазіргі Дунгановка селосы орнында болған ежелгі Екі-Оғыз қаласы(Эквиус) Ғұн тайпаларының негізгі орындарының бірі болған.

В. Рубрук өз сапары барысында XIII ғасырда бұл қаладан өтеді және оның қалдырған мәліметтері бойынша қала қирандиларның орнын қазіргі Қапал мен Арасан маңында болған.

Рубрук «Шығыс бағытқа саяхатым» атты естелігінде Қара Қытайлар туратын тауға жеттік те, сол жерден кememен өтетін өзен жағасынан әлде бір қойнауға жеткенімізде, батпақтан соғылған, егін алқабы бар қираған қамал орнына тап болдық. Сонан соң Парсылардан ұзақ болса да парсы тілінде сөйлейтін саррациндер тұратын Эквиус деген әдемі қалаға келдік - деп жазады [10, 150].

Көксу ауданындағы ерте орта ғасырда гүлденген саяси-әкімшілік әрі ірі сауда орталығы болған қалалардың бірі қазіргі Көксу мен Қаратал өзендерінің бір-біріне құяр сағасында орналасқан Екіоғыз (Эквиус) қаласы. Ол түркі тілінен аударғанда «қос өзен» деген мағынаны білдіреді. Атау Қараталмен Көксу өзендерінің сағасына жақын орналасуына байланысты қойылған деген қорытынды шығаруға болады.

Қорытындылай келе, зерттеулер нәтижесінде Жетісудың қала мен дала, саяси, шаруашылық–экономикалық және мәдени тұрғыда сабақтасып өркендеуінің Ұлы Жібек жолы бойындағы көршілес елдермен халықтар арасында қарым–

қатынасы үзілмей, қала мәдениеттері айырықша дамығандығының нәтижесінде болғандығы анықталды. Сонымен қатар, қалалық мәдениеттің негізінде дүниеге келген Талғар, Қастек, Қаялық, Қаскелең, Эквиус сияқты ортағасырлық қалалар атауының шығу төркіні зерттеліп, олардың атауы сол мекеннің географиялық ерекшелігін көрсетеді немесе сол кездегі ру-тайпалар туралы немесе тарихи мәлімет бере алады деген болжамға келдік. Егер Қастек, Талғар және Эквиус қала атауларын сол аймақтың географиялық ерекшелігін танытатын топонимдер деп қарастырсақ, Қаялық пен Қаскелең атаулары сол жерді мекендеген ру-тайпалардың негізінде қалыптасқан деп тұжырым жасауға болады.

Топонимдерді этимологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, бұл атауларды бүгінде зерттеу қолданбалы бағыттағы маңызды жұмыстардың қатарына жатады деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан жер-су атауларын зерттеу қазақ тілінің лексика, этимология саласын тың деректермен толықтырып, ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының орны секілді бұрын терең анықталмаған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.

2. Байпаков К. М. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Қазақстан, 1992. – 202 б.

3. Қасенов Д.Э. Ұлы жібек жолы бойындағы жетісу өңірінің ортағасырлық қалалардың этногеографиясы.- «Актуальные научные исследования в современном мире» ISCIENCE.IN.UA: Выпуск 11(79) ч. 8, 2021.- 22-28 бб.

4. Копылов И.И. О названии города на месте Талгарского городища// Вопросы социально-экономической истории дореволюционного Казахстана. –Алма-Ата, 1978.

5. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 238 б.

6. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.

7. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні.- Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010.- 356 бет.

8. Бернштам А. Н. Труды Семиреченской археологичесокй экспедиции (1936-1938 гг.). Таласская долина. Алма-Ата. 1949

9. Сандуғаш Мамышқызы. Қойлық қалашығы. https://el.kz/koilik_kalashigi_26531/

10. Жиованни дель Плано Карпини, Гильом де Рубрук Моңғолдардың тарихы. Қазақ тілінен ауд. Ш.Тоқтамұратұлы, Алматы «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС Mereke baspasy, 2012.- 264 б.

Бегимова Гүлжанат Абдрахманқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Түркітану кафедрасының доценті

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ, ОНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Аннотация. *В данной статье рассматривается Малый дворец некогда великолепной Золотой Орды, религиозная столица, торговый город, расположенный вдоль Великого Шелкового пути – город Сарайшык и его этнография. В свое время Сарайшык был не только большим городом, но и столичным центром. Изменения политического и экономического положения Золотой Орды привели к упадку города Сарайшыка. В дальнейшем рассмотрение расположения городов и поселений Западного региона как целостной системы, определение их взаимных культурных и экономических связей, то есть проведение комплексных исследований, создаст возможность определить развитие полноценной оседлой культуры. Понятно, что казахская степь богата древними реликвиями и историческим наследием человеческой цивилизации. Информации о глубокой истории казахского народа и знаковой культуры не так много. Вот почему наш долг беречь их как зеницу ока и оставить в наследство будущим поколениям. Одним из таких драгоценных наследий является город Сарайшык.*

Ключевые слова: *Сарайшык, топоним, Великий Шелковый путь, этнография, история.*

Abstract. *This article examines the Small Palace of the once magnificent Golden Horde, the religious capital, trading city located along the Great Silk Road - the city of Saraishyk and its ethnography. At one time, Sarayshyk was not only a large city, but also a metropolitan center. Changes in the political and economic situation of the Golden Horde led to the decline of the city of Saraishyk. In the future, consideration of the location of cities and settlements in the Western region as an integral system, determining their mutual cultural and economic relations, that*

is, conducting comprehensive research, will create the opportunity to determine the development of a full-fledged sedentary culture. It is clear that the Kazakh steppe is rich in ancient relics and the historical heritage of human civilization. There is not much information about the deep history of the Kazakh people and iconic culture. That is why it is our duty to cherish them as the apple of our eye and leave them as a legacy for future generations. One of these precious heritages is the city of Sarayshyk.

Key words: *Saraishyk, toponym, Great Silk Road, ethnography, history.*

Батыс Қазақстан аймағын басып өтетін сауда жолы туралы алғашқы деректер VI-VIII ғасырларда белгілі бола бастады. Батыстағы сауда жолында орналасқан Сарайшық қаласы ірі сауда орталығына айналды. Құрлықтағы сауда жолымен бірге, Сарайшықта теңіз сауда жолының ашылуы үлкен маңызға ие болды. Қала құрлық пен теңіз портының тоғысқан орталығы болып, оның жылдам дамуына септігін тигізді. Ол уақытта құрлық пен теңіз саудасының түйіскен жері Сарайшық қаласы ғана болды [1, 48-49].

Сарайшық – тағдыр мен тарихты ішке бүккен шежірелі қала. Ол – бір кездегі сән-салтанаты асқан Алтын Орданың Кіші Сарайы, діни астанасы, тоғыз жолдың торабында орналасқан сауда қаласы ретінде белгілі болды.

Тарихшы-археологтар Сарайшықты «XI ғасырдағы араб тарихшылары еңбектерінде аталатын, орта ғасырда өмір сүрген Саксин қаласының орнына бой көтеріп, жаңа атауға ие болған қала. Ол X–XI ғасырларда Хорезм тұтқындары көмегімен сауда жолы бойында салынған еді» дейді де, Сарайшықтың өмір сүру дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі. Бірінші – X–XI ғасырларда қала іргесінің қаланып, бой көтеруі. Екінші – XIII–XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаны Орта Азия, Қазақстанды моңғолдар және Қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болуы, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі. Үшінші – XV–XVI ғасырлар. Ноғай Ордасының орталығы болуы, казактар

шабуылынан күйреп- қирауы кезеңі» деп бөледі [2, 160].

Сарайшық қаласының құландысы Атырау қаласынан солтүстікке 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында, Махамбет ауданындағы, қазіргі Сарайшық ауылы түбінде. Қазіргі кезде қаланың жартысы ғана қалған. Қалған бөлігін өзен шайып кеткен. Қала туралы жазба деректерді бізге саяхатшылар мен тарихшылар қалдырған. Қаланың орнында бұрын қандай қала болған, ол қай ғасырда салынып, қалай аталғаны туралы мәліметжоқ.

Зерттеушілерді көбі, Сарайшықты Алтын Орда дәуірінде пайда болған транзиттік сауда қаласы ретінде қарастырады. Десе де,қала орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары оның моңғол дәуіріне дейін де қалыптасқандағын көрсетеді. Мұндай пікірді алғаш болып айтқан ғалым – Ә.Марғұлан. Бұл пікірді 1950 жылы Сарайшық қаласын зерттеген археолог, этнограф С.П.Толстов та қуаттайды. С.П.Толстовтың зерттеуі бойынша, қаланың төменгі мәдени қабаты XI ғасырдағы хорезмдік ескерткіштерге ұқсас, сол себепті оны X-XI ғасырларда хорезмдік колония тұрғызған болуы мүмкін дейді. Осылайша ғалым Сарайшық қалашықтың алғашқы атауы емес, ол ертеортағасырлық Саксин қаласы болуы мүмкін деген тұжырым жасайды [3, 15].

Саксиннің Хазария қаласы екендігін ескерсек, Сарайшықтың қалыптасу тарихы VII-X ғасырлардағы Хазар қағанаты дәуірі ескерткіші ретінде қарастырылуы керек. Бұл пікірді отандық ғалымдардан С. Әжіғали, Б. Ермұханов, Т. Омарбеков т.б. қолдайды.Археолог ғалымдардың бұл ойын жазба деректер де жоққа шығармайды. X ғасырдың басында өмір сүрген араб саяхатшысы, жазушы Ибн-Дастеннің еңбегінде Каспий теңізінің солтүстігін мекендеген хазарлардың басты қаласы ретінде Сарашень, оның жанындағы Хабнела қалалары туралы айтылады. Осында тұрған жергілікті халық қаланы қыстау ретінде пайдаланып, көктем басталған соң далаға (жайлауға) көшіп, қыс түсе кейін қайтатынболған және оны мұсылмандар мекендеген. Қалада

әр түрлі құрылыстармен қатар мешіттер де салынған.Хазарияның басты қалалары – Итиль, Семендер, Беленджер т.б. Каспийдің солтүстік және батыс жағалауларында орналасқанын және мемлекеттік діннің иудаизм болғандығын ескерсек, Каспийдің солтүстік-шығысындағы қалалардың, оның ішінде Сарашень, Хабнелада мұсылмандар тұруы қисынды. К.Челебидің еңбегін аударған ғалым Д. Девиз Сарайшықты Дешті-Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді [3, 16].

Дегенмен, Сарайшық қаласының моңғол дәуіріне дейінгі пайда болған кезеңі жөнінде деректер әзірге жоғарыда көрсетілген мағұлматтармен шектеледі. Қазіргі кезде отандық тарихта қалашық XIII ғасырдың I жартысына дейін Шыңғыс ханның немересі Бату ханның билігі тұсында қалыптасқан деген Әбілғазы Баһадүр ханның дерегі бойынша пікір қалыптасты. Осы дерекке сүйене келе, Сарайшық Бату ханнан кейін билік басына келген Берке ханныңмұсылмандыққа бет бұрған мекені болып та саналады [4, 151-152].

Әбілғазы Баһадүр ханның Сарайшықтың XIII ғасырдың орта тұсында пайда болды деген дерегінде негіз бар. Себебі, осы кезеңде Жайық өзенін кешіп өткен саяхатшылар Рубрук Вильгельм мен Карпини Плано жазбаларында Сарайшық қаласы жайлы айтылмайды. Бұдан шығатын қорытынды, хазарлар кезеңінде өмір сүрген қалашық Бату ханның Жайық бойына ат басын тіреген уақытында қала жұртына айналып, яғни, қиранды болып жатуы мүмкін. Өйткені, қалашық туралы алашқы деректер тек қана XIV ғасырда керуен жолының тұрақты жүруімен пайда болады. Аталғанмерзімде Алтын Орданың гүлденуімен Батыс пен Шығысты жалғастырған сауда керуендерінің негізгі жолы Сарайшықтың үстімен өткен болатын. Керуеннің жүруі сауда-саттықпен мәдениетті дамытумен қатар, өлке тарихына қатысты жазбаша деректердің қалыптасуына жол ашты.

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук

(қазіргі атауы – Сарайшық) қаласының қираған құландысы сақталған. XVIII ғ. зерттеушісі П. Рычков: «Сарайшық - Жайық өзеніндегі ғаламат қала елесі, Гурьевке 50 верст жетпейді, Сарайшық қазіргі форпост. Ол жерден тіпті күні бүгінге дейін көптеген шатырлар (ғимараттар) табылады. Осы арада айтулы адамдардың зираттары көп» деген сипаттама берген [1, 21].

Тарихшы И. Казанцевтың жазуынша XIX ғасырдың бірінші жартысында Сарайшық қамалының маңында қазақтың әлімұлы, байұлы және жетіру сияқты рулары көшіп-қонып жүрген, олар сауда керуендеріне не атқосшы, кейбірі керуен-басы болған [5, 49].

Әбілғазы Бахадүр ханның (XVII ғ.) Сарайшықтың негізін Батухан (билік құрған уақыты 1221-1256 ж.ж.) салған деген тарихи пікірінің негізі бар. Әбілғазы Бахадүр хан: «Берке хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Батухан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, қағанға көп сый-сияпат жіберді. Одан соң құдай тағала бір күні Берке ханның көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін білдірді. Бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды. Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоқай-Темірді шақырып, бұл сырын оған айтты, ол да мұсылман болды. Сосын ол халқына исламға сенуге жарлық берді» [1, 8-9].

Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгіұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя – Жошы Ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген. Ондағы орталық ғимараттың төңірегінен кейінірек біртіндеп қолөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер

және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үй - жайлар салынған [6,114]. Сарайшық сондайқалалардың бірі. Оның стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай- Берке) Хорезм шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын құрлық аралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт-бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жеткен.Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. XIII-XIV ғ.ғ. осы жол Шығыс пен Батысты жалғастырушы көпір болды.

XIII-XIV ғ.ғ. керуенші сауда жолдарының қауіпсіздігі туралы Итальяндық Франческо Пеголотти мынадай деректер келтіреді: «Таныдан Қытайға баратын жол, сонда саяхат жасаған көпестердің айтуынша күндіз де, түнде де аса қауіпсіз көрінеді, тек қана, егерде көпес бара жатқан не кері қайтқан жолда көз жұмса, онда оның барлық мал-мүлкі өзі қайтыс болған елдегі патшаға табысталатын болған, ал егерде оның жанында өзінің туысқаны немесе жақын дос- жараны бірге болып, өзін қайтыс болған кісінің туысқанымын деп айтса, онда өлген кісінің мал-мүлкі соған тапсырылып, аман сақталатын болған» [7, 357]. Осылайша, Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, 31 керуен-сарайлар, моншалар, мешіт- медіреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айырықша байқалады. Керуен саудасынан келетін түсім, олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез дамыған. Қала аумағының тез кеңеюіне оның бекініс қамалдарының болмауы

себеп болған. Онсыз да қала әрқашан хандық биліктің бақылауында, әрі тақ таласындағы жеңімпаздар тарапында болуға мәжбүр болды, ал жеңімпаздар болса оның қауіпсіздігіне кепіл болған.

Кей зерттеушілер Алтын Ордалық Сарайшықтың төменгі мәдени қабаттары X-XII ғасырлардағы хазар және қыпшақтардың қалалары немесе қоныс-тұрақтарының қалдықтары деп санайды. Алайда соңғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері әзірше ол заманның қабаттарын көрсете қоймады. Дегенмен, осы арада Алтын Ордаға дейінгі қоныстар болуы ықтимал. XIII-ғасырға тән бір құрылыстардың бұрышынан қыпшақтардікіне ұқсайтын ошақтың (қазандық) және қолмен жапсырылып жасалған қыш ыдыстың қалдықтары табылған. Ал ерте орта ғасырлық қоныс тұрағы орналасқан жағаның бір көрнекілеу жерін су орып кеткен, немесе XIII ғасырда үстіне жаңа қаланы салғанда, ескі қоныстардың орны сақталмаған. Яғни, онда Моңғол дәуіріне дейінгі адамзат тіршілігінің іздері бар, кейінгі уақыттарда толықтай зерттеліп, зерделенсе көп тарихи деректер табылуы мүмкін.

Сарайшық туралы деректерді ең алғаш болып араб көпесі, жиһангезі Ибн-Батута қалдырған. Ол мұнда 1333-1334 жылы келген.Ибн-Батута өзінің «Саяхатнамасында» аталмыш қала жайлы мынадай мағұлмат береді: «Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук - «кіші» деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын үлкен әрі ағынды өзеннің жағасына орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндей қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы-арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жүдеген ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы (Завия) бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде

қалмаған бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн суыт жүрдік, жол бойы тек екі-ақ сағат, бірде түс әлетінде, ендігі бірде ақшамда ғана аялдадық» [3, 17]. Саяхатшылардың өздері жазуынша, керуен жолында жүрген кісілер алыс сапарға шығар алдында көбінесе мұсылман зираттарының жанында тұратын шейх-хазіреттердің батасын алып аттанып отырған. Олардың рухы да жолда керуенді желеп-жебеуші болады деп есептесе керек.

Ибн-Батутадан кейінгі саяхатшылар еңбектерінде Сарайшық қалашығы туралы деректер қысқаша беріледі. Мысалы, XIV ғасырдың 40-шы жылдарына дейін керуен жолымен жүріп өткен Франческо Пеголотти жазбасында Сарайшықтың өзге қалалардан қашықтығы көрсетілген. Ол бойынша Сары (Сарай) мен Саракано (Сарайшық) арасына теңіз немесе құрлық арқылы 8 күнде жетуге болатын болса, Сарайшықтан Органчиға (Үргенішке) түйегежегілген арбамен 20 күнде жетуге болатындығы айтылған. Сонымен бірге Пеголотти, егер Үргеніштен Отырарға жүрсе жолға 35-40 күн кететіндігі, ал оған, яғни Отырарға Сарайшық арқылы тікелей бағыталса 50 күн уақыт болатындығын жазады [3, 18].

Сарайшық пен Хорезм арасындағы қашықтық жайлы келесі бір мәлімет ағылшын саяхатшысы – А.Дженкинсонның жазбаларында кездеседі. Ол 1558 жылы Астраханнан Маңғышлаққа қарай қайықпен жолға шығып, Жайық өзенінің төменгі сағасында «Серенчик» немесе «Серачик» қаласы бар екендігін жазады. Дженкинсонның есебінше Хорезм мен Сарайшықтың арасын 10 күнде жүріп өтуге болады [3, 18].

Жалпы Сарайшықтың керуен жолындағы үлкен қалашық болғандығын венециялық монах Фра Мауранің 1459 жылы жасаған картасынан да көруге болады. Картада Алтын Орда аумағы жақсы сипатталған, оның ішінде сол кезеңдегі қалалар мен мекендердің атаулары көрсетілген. Картада Сарайшық қамалы мен мұнаралары бар қалашық ретінде және оның Жайықтың сол жағалауына қарай шығатын

қақпасы да көрсетіледі. Фра Мауранық картаны әзірлеуде дереккөздер ретінде өзіне дейін шыққан карталар мен шығысқа барған батыс және араб саяхатшыларының еңбектерін пайдаланған. Осыдан-ақ, Сарайшықтың сол заманда Каспий маңындағы үлкен қалалардың бірі болғандығын аңғарамыз.

Сарайшықтың қирандылары мен жәдігерлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының екі ғасырдан астам тарихы бар. XVIII ғ. 60 ж. соңында қала орнын П.С. Паллас көріп қайтқан. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. Қала туралы қызықты мәліметтер XVШ-XIX ғ.ғ. П. Рычковтың, А. Левшиннің, Н. М. Карамзинның шығармаларында кездеседі [1, 21].

Сарайшық қаласында хандар мен атақты адамдарды жерлейтін зират «қорым» болғаны анықталып, жазылып келеді. Алайда, археологиялық қазба жұмыстары барысында бұл зираттар табылмаған [8, 89]. Зираттар орыс казактарының тонауынан соң қатты зардап шегіп, бұзылған. Кейін Сарайшық бекінісі салынған кезде де қиратылып, тоналған. Қалған бөлігін Жайық өзені шайып өткен. Бұл зираттарды «қорым» деп атаған.

XIX-XX ғасыр зерттеушілері: «... Сарайчике, где погребены ханы, и кости, ханов называют заповедными» [9,54], «Местом погребения золотоордынских ханов считался Сарайчик, на нижнем течении Урала» [10,35] – деп жазады.

Қорық және жерлеу салты туралы В.В. Бартольд зерттеулер жүргізген. Ғалым: «Место погребения золотоордынских ханов считался Сарайчик, на нижнем течении Урала; из слов Абулгазы о погребении хана Тохтогу можно заключить, что ханы хоронились здесь еще до принятия татарами ислам», – деп жазып қалдырған [11, 78].

Татарлар ислам дінін қабылдағанға дейін зираттарға жерленсе әдет-ғұрып бойынша олармен бірге қару-жарақ, асыл бұйымдар т.б. заттарын қоятын болған. Осының өзі қала зираттарында көптеген байлық бар екені жайлы аңыздардың

шығуына себеп болған. Ислам дінін қабылдаған соң қабірлерге заттар қоюға тыйым салынғаны анық, тек кебінге орап, үстіне кесенелер салуға рұқсат етіледі. Орыс казактары 1580 жылы қала зираттарын тонауының басты себебі – мол байлық пен қазынаны іздеуден шыққан. Алайда, мұсылмандық салтпен жерленген қабірлерде қазына байлық шыға қоймаған.

М.Тынышбаев: «Өзбек-хан, Жәнібек хан, ақындар т.б. Сарайшықта жерленген. Казактар олардың да зираттарын тонаған» - делінеді [12, 98]. Бұл хандар да исламдық салтпен жерленген еді. Сол себепті де, түк таппаған казактардың ашуланып өліктерді өртеген.

Сарайшықта жеті хан жерленгені жайлы аңыз қайдан шыққаны белгісіз. Ол жайлы жазба деректер де сақталмаған. Қазақ ұғымында «7» саны қасиетті, киелі деп саналған. Сол себепті де, жетіхан жерленді деген ұғым қалыптасқан болуы мүмкін. Жеті ханның жерленгені жайлы ақын Шынияз Шанайұлы өлеңдерінде ғана кездеседі:

«Сарайшықта бар дейді»

«Жеті ханның моласы» [13, 111].

Сарайшық қорымында атақты адамдардан Едіге, Ер Тарғын, Қамбар батыр да жерленген деген аңыздар қалған. «Қазақ совет энциклопедиясында» Едіге (Едиге, Идигу, Идике) 1352-1419 ж.ж. Ақ орда әмірі Сарайшық түбінде өлген деп келеді [14, 80]. Араб тарихшысы аль-Айни Едігені Тоқтамыстың кіші баласы Қадырберді Сарайшық түбінде өлтірде деп жазады [15, 67]. Енді бір деректерде Едіге Еділ бойындағы соғыста жараланып, қолға түсіп, өлтірілді.Қабірі Хажытарханның (Астраханның) шығыс жағында делінген [16, 90]. Тағы бір деректерде қабірі Ұлытауда деп көрсетеді. Бұдан өзге көптеген хандар мен батырлар жерленгені жайлы аңыздар бар, бірақ олар шындыққа келіңкіремейді, ал кейбірі арнайы зерттеуді талап етеді.

Сарайшықта ислам дінінің өкілдері: сейідтер, шейхтер, молдалар, қажылар, хафиздер, суфиилер, дервиштер тұрған. Олардың көбісі қала зираттарында жерленген. Зерттеуші

ғалым А.И.Левшин мынадай мағұлмат береді: «Қазақтар мен татарлар Сарайшықтың жұртын қатты қастерлейді. Кейбір обаны Мұхаммед уағызшының қабірі деп тәуап қылады, арнайылап зиярат қылыпқұрбандық береді» [17, 65].

Сарайшық қаласына жеті хан жерленгені жайлы дереккөздеріне сын көзбен қараған жөн. Аңыз деректер XVIII-XX ғасырда жазылған. Көптеген деректер бір-біріне қарама-қайшы. Оның себебін Ресейлік ғалым А.В. Пачкалов «Сарай и Сарайчук» мақаласында, Еділдегі Сарай мен Сарайшық қалаларының оқиғаларының орнын ауыстырудан, шатастырудан болған деп түсіндіреді [18, 47].

Батыс Қазақстан аумағы, тарихшылар, археологтар мен өзге дезерттеуші ғалымдар үшін ақтаңдақ болып келген. Бұл аймақта қалалар мен елді-мекендер өмір сүруіне қолайлы жағдай жоқ деп те есептеліп келген. Кейінгі зерттеулер нәтижесінде аталмыш өңірде елді-мекендер көп болғаны анықталып отыр. Олардың көп бөлігі соңғы ортағасыр кезеңіне тән. Олардың орналасу аймағы су аңғарлары мен керуен жолдарының бойы. Ауылдық жерлердің үлкен шаһарларға айналмауының себебі – табиғаты қатал аймақта орналасқандығы еді. Қалалар мен елді-мекендерде қорғаныс қамалдарының жоқтығы олардың көлемін, орнын анықтауда біршама қиындықтар туғызған. Сарайшық өз заманында ірі шаһар ғана емес, сондай-ақ астана-орталық та болған. Алтын Орданың саяси-экономикалық жағдайының өзгеруі Сарайшық қаласының құлдырауына себеп болды. Алдағы уақытта Батыс өңіріндегі қалалар, елді-мекендер орнын бұртұтас жүйе ретінде қарастыру, олардың өзара мәдени экономикалық саси қатынастарын айқындау, яғни кешенді зерттеулер жасау – толық отырықшылық мәдениеттің дамуын анықтауға мүмкіндік туғызады. Қазақ даласы адамзат өркениетінің көне жәдігерлеріне, тарихи мұраларына бай екендігі айдан анық. Қазақ халқының терең тарихы мен маңғаз мәдениетін танытар деректер де аз емес. Сондықтан да оларды көздің қарашығындай қастерлеп, болашақ ұрпаққа мирас етіп

қалдырупарызымыз. Сондай асыл мұралардың бірі де бірегейі – Сарайшық қаласы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қасенов М. С. Сарайшық қаласы. – Атырау: Ағатай, 2011. – 103 б.
2. Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 бет.
3. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ.Кипиев// Ғыл.ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай», 2015. – 224 б.
4. Родословное древо тюрков. / Пер. и предисл. Г.С. Саблукова//Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. Т XXI, в.5-6. С.151-152.
5. Дулатова И.С. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың Қазақстандық тарихнамасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2010. – 152 б.
6. Тасмағамбетов И., Самашев З.С. Сарайшық. – Алматы: Берел, 2001. – 320 б.
7. Путешествие Ахмеда ибн Фадлана на реку Итиль и принятие в Булгарии ислама // На стыке континентов и цивилизации. – М.: Инсан, 1996. – 768 с.
8. Таллев Д.А., Самашев З. Сарайшықтағы хандар зираты // Актуальные проблемы и истории, археологии, этнологии. Астана, 2001. – С. 14.
9. Османов. Ногайские и кумыкские тексты. СПб., 1883. – С. 47.
10. Руднев А. Новые данные по живой манджурской речи и шаманству – ЗВОРАО, т. XXI, 1913. – С. 41.
11. Бартольд В.В. т. IV. М., 1966. – С. 395.

12. Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Средневековый Жайык. – Алматы, 2004. – 207 с.

13. Байпаков К., Алдабергенов Н.О. Отрар. – Алматы, 2005. – 169 с.

14. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковым пути. – Алматы, 1998. – 216 с.

15. Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане // КСИИМК. – 1947. – Вып. 26. – С. 131-133.

16. Бернштам А.Н. Советская археология Средней Азии // КСИИМК. – 1949. – Вып. 28. – С. 5-17.

17. Археологическая карта Казахстана, Реестр. – Алматы, 1960. – 449 с.

18. Агеева Е.И. Городище Баба-Ата // Тр. ИИАЭ АН КазССР. – Алматы, 1962. – Т. 14. – С. 117-215.

Данияр Әлия Ахмедияқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

«БАБЫРНАМАДАҒЫ» ОРОНИМДЕР МЕН ГИДРОНИМДЕР

Аннотация. *Захир ад-дин Бабур – не только человек, хорошо разбирающийся в литературе, искусстве, истории, военном и государственном деле, но и лучшим по вопросам экологии, географии, билологии Автором были сделаны последовательные объяснения и определения объектов природы своего времени – воды, воздуха, почвы, гор, флоры и фауны.*

Бабур в своем жзненном пути берет начало в Средней Азии и приводит конкретные свидетельства в письменных источниках о местах обитания, проходящих через горы и перевалы, реки и озера в Афганистане и Индии. В «Бабурнаме» есть множество примеров оронимов и гидронимов с топонимической точки зрения. В данной статье дается географическое определение различных горных хребтов и холмов, рек и озер, ручьев, встречающихся на путях Бабура.

Ключевые слова: *письменное наследие, Центральная Азия, Южная Азия, Индия, географическая точка, горная местность, дарья, озера, реки.*

Abstract. *Zahir al-din Babur is is not only a person well versed in literature, art, history, military and state affairs, but also the best in ecology, geography, biology, the author made consistent explanations and definitions of the objects of nature of his time - water, air, soil, mountains, flora and fauna.*

Babur gives accurate references in written sources about his habitat, starting from Central Asia, passing through mountains and passes, rivers and lakes in Afghanistan and India. That is, «Baburnama» has a lot of examples of oronyms and hydronyms from a toponymic point of view. This article provides a geographical definition of various

mountain ranges and hills, rivers and lakes, streams encountered on the paths of Babur.

Keywords: *written heritage, Central Asia, South Asia, India, geographical region, mountainous area, daria, river-lake.*

Ұлы Жібек жолындағы қалалар мен елді мекендер, жер-су, тау-жоталар мен өзен- көлдер тек географиялық орналасуымен ғана емес, тұрғындардың сол аймақтарға өзіндік қызметі мен сипатына байланысты атаулар беруімен де ерекшеленеді. Захир ад-дин Бабырдың ең көлемді әрі мазмұнды шығармасы – «Бабырнамада» Ұлы Жібек жолы бойындағы кейбір аймақтарға қатысты топонимдер аталып, сипатталады. Соның ішінде қала мен елді мекендерден бөлек, таулы жерлер, өзен-көлдер мен бұлақтардың да жазба мұрада жиі ұшырасып, сол жердің табиғатымен, халқымен ұштасып байланысуын Бабырдың жазбасынан көре аламыз. Ғалымдар мойындағандай, «Бабырнама» - топонимиканы дербес ғылым ретінде дамытуға мүмкіндік берген Орталық Азияның жауһары» [1, 273]. Демек, географиялық, мәдени және тарихи кеңістікті ортақтастыратын топонимика үшін Бабырдың берілген жазба мұрасы таптырмас еңбек екені анық.

Бабырнамада кездесетін жер-су, тау-жоталардың жалпы терминдік атауларына тоқталып өтейік. Оронимдер – таулардың, шыңдардың, биіктіктердің, жоталардың, төбелердің, тау асуларының, жазықтардың, қыраттардың және басқа орографиялық объектілердің атаулары. Гидронимдер – топонимдердің бір түрі, су объектілерінің атауы (өзендер, көлдер, теңіздер, бұлақтар, бұғаздар, арналар және т.б.). Гидронимдерді зерттеу – гидротопонимика ғылымының еншісінде. Су объектілерінің атаулары ежелгі дәуірден бері сақталған, сондықтан гидронимдер өте жоғары лингвистикалық және тарихи құндылыққа ие [2].

Ортағасырлық мәтіндер тарихи тұрғыдан жақсы зерттелген. Шетелдік тіл білімінде, әсіресе Еуропа, Ресей, Өзбекстан, Түркия және т.б. елдерде «Бабырнаманың»

құрылымдық, мазмұндық ерекшелігі әртүрлі сала – тарихи, тілдік, әдеби, музыкалық, саяси, әлеуметтік, философия бойынша зерделенді және зерттелініп келеді де. Ал тілдік деректеме тұрғысынан жекелеп қазақ тіл білімінде XVI ғасырда жазылған түркі халықтарының құнды мұрасы – «Бабырнама» нақты нысанға алынып зерттелінген жоқ.

«Бабырнама» жазба мұрасындағы гидронимдер мен оронимдер түрлі сипат-белгіге, қызметке ие және Бабырдың бастан кешкен жағдаяттары мен оқиғаларымен тығыз байланысты. Яғни автор оны тек атап өтіп қана қоймай, өз өмірін баяндау процесіндегі кезеңмен қоса әңгімелейді: тарихи оқиғалар, әскери жорықтар, саяхаттар т.б. Ғалым М.Носирова автордың жазбалары жөнінде: «Бабыр бір уақытта топографиялық, топонимикалық, этнографиялық бақылаулар жүргізді», – дейді [3, 391]. Сол сияқты жалпы топонимдер бойынша да: «Егер топонимдер Бабыр жаулап алған, зерттеген және өмір сүрген географиялық аймақтардың орналасуына сәйкес құрылымдалған болса, онда антропонимдер жүйесі біршама күрделі», – деген пікір айтылады [4,73].

«Бабырнама» жазба мұрасындағы Орта Азиядан басталатын көркем кеңістік (Әндіжан - Мәуреннахр және Иран – Ауғанстан – Үндістан) – бұл автордың өміріндегі оқиғаларды, сол жерлермен байланысты жағдайларды, қоршаған табиғатты сипаттаудың шынайы және қарапайым, әрі үздік көрінісі.

Берілген суреттегі Трансоксиана немесе Трансоксания – қазіргі Азияның төменгі бөлігінде орналасқан аймақ пен өркениетке қатысты ежелгі атау. Бұл суретте тек Өзбекстан жеріндегі топонимдер ғана емес, Ұлы Жібек жолының басты сауда қалаларының бірі болған Отырар қаласы мен Сырдария (Jaxartes) өзені, Әмудария (Oxus) өзені де белгіленген. Яғни «Бабырнамада» автор түркі халықтарының өмірінде маңызды орынды алған түрлі жер-су, тау-қыраттар мен қалаларды жай суреттеп қана қоймай, олармен байланысты оқиғалар, әскери

жорықтар және халық пен билік өміріне тікелей қатысты орындар (обьект) ретінде түсіндіріп, сипаттайды.



1-сурет. «Бабырнама» бойынша Орталық Азиядағы топонимдер

«Бабырнама» жазбаларына сәйкес Бабырдың өміріне қатысты Оңтүстік Азиядағы Кабул және Үндістан жерлеріне де қарасты барша топонимдер аталады. Осылайша, «Бабырнамадағы» барлық топонимдерді саралай келе, біз зерттеу тақырыбымызға сәйкес гидронимдер мен оронимдерді зерделейміз. Алдымен, Бабырдың сипаттап-түсіндіріп өткен өзен-көлдері мен бұлақтары, ағын-суларына тоқталайық.

«Бабырнамада» жиі аталып, автордың естеліктерінде сипатталатын гидронимдер: *Sayhun daryosı* (Сейхұн дариясы немесе Ходжент (Сырдария) суы), *Ars suyı* (Арыс өзені), *Hatlon suyı* (Хатлон өзені), *Kohak suyı* (Құхақ суы), *Dargam suyı* (Дарғам өзені), *Obirahmat*, *Bogi Maydon* (Обирахмат, Боги Майдон), *Ilamish daryosi* (Иламиш өзені), *Amü suyı* (Әмудария өзені), *Cağan Saray suyı* (Чаған Сарай өзені), *Yassi kechit* (Ясси кечит), *Qizil suy* (Қызыл су), *Andarab* (Андараб өзені), *Surx-Rud* (Сурх-Руд өзені), *Baran suyı* (Баран өзені), *Gulbahär Suyı*, *Parvän Suyı*,

Istälif Suyı (Гүлбахара, Паруан, Исталиф өзендері), *Xwäja Rawšanâ'ı* (Қожа-и Рушнаи бұлағы), *Ališang* (Алишенг - шағын өзен-ағыс/тұман), *Gaggar* (Гағар өзені), *Mänas-ni* (Манасни өзені), *Kotla köli* (Котла көлі), *Gümal Rüdı* (Гумал өзені/ағысы), *Hirmand va Sind va Düğaba Qunduz va Balxab* (Хирманд, Синд, Дұғаба, Құндыз және Балхаб), *Sind va Bahat va Canab va Ravı va Beyah va Sutlaj (*Синд, Бахат, Ченаб, Рави, Бейя және Солтай дариялары), *daryocha* (кішкентай өзен), *rud* (кішкентай ағыс).

Кейбір жазбаларында кішкентай ағыс және өзен ретінде «*rud*» сөзін қолданады (төмендегі мысалдарда беріледі). Бабыр өз жазбаларында гидронимдерді сөз еткенде қазіргі «өзен» дегенді «су, дария» сөзімен бергені жоғарыда айтылды. Сондай-ақ, «көл» сөзін сол қалпында қолданса, бұлақ дегенді «*čašma*» сөзімен келтірген. З. Джурабаеваның пікірінше, «Бабырнамада айтылған өзен-көлдер мен ағын-сулар біздің көз алдымызда табиғаттың ерекше сұлулығын бейнелеу формасында көрінеді» [5, 2].

Ал төмендегі мысалдар арқылы біз осы жоғарыда аталған гидронимдерге дәйеккөздер келтіреміз.

هیچ جانب‌تین قیش یافی کیلا الماس سیحون دریاسی کیم خجند سویی‌غه مشهوردور
شرق وشمالی طرفیدین کیلیب بوولایت تینك ایچی بیله اونوب غرب ساری
اقار خجندتینك شمالی قناکت‌تینك جنوبی طرفیدین کیم حالا شاهرخیه‌غه


[6, 2].

Sayhŭn *daryāsi, kim* ***Xujand suyı«ğa»*** *mašhűr dur, šarq va šimăl tarafıdın kelip bu vilayatnıng ičı bilà ȍtűp ğarb sarı aqar* [7, 3].

Сейхұн дариясын жергілікті халық Ходжент су деп те атайды, солтүстік-шығыстан ағып, тікелей уәлаят арқылы өтіп, батысқа қарай ағады.

«Сейхұн» – Сырдарияның екінші атауы. Бұл атаудың Бабырдың заманына дейін де қолданылып келе жатқанын Б.Е.Көмеков пен З.С. Ильясованың Йақұттың «Му'джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағынан біле аламыз: Сейхун (Сырдария) – Самарқандтан кейінгі, Худжандқа жақын үлкен

атақты өзен. Одан керуен өте алатындай қыста мұз қатады. Ол түркілер елінің шекарасында орналасқан [8, 214].




[6,55].

Tirmiz navàhīsıdın ***Amüni*** *kečàdürgan mahallda Sayyid-Husayn Akbar, kim Sultān- Mas'ùd Mirzānıng ham uruqı ham mu'tabar kišisî cdi, Tirmiz hākimi edi, xabar tapıp Baysunğur Mirzànıng üstigă keldi* [7, 91].

Әмуды өтіп, Термездің төңірегіне келген кезде, Сейіт Құсайын Ақбар бұл хабарды естіп, Байсұңқар мырзаға қарсы шығады. Ол Сұлтан Масуд мырзаға туыс, әрі құрмет тұтатын ақылшысы еді.

Әмудария – Орталық Азиядағы ең үлкен және суы мол өзен. Пяндж және Вахш өзендерінің қосылуына байланысты Әмудария (ежелгі атаулары: *Әму, Оксус, Балх, Жәйхун*) деп аталады.



[6, 56].

Kohak Suyı *Simalıdım aqar. Samarqanddin iki kuroh bolğay. Bu su bilă Samarqand arasıda bir puštaî tüšüptür. Kohak derlàr. Bu* ***rüd*** *munıng tüpidin aqar üčün Kohak Suyı derlâr. Bu sudtn bir uluğ rüd aynpturlar balk' daryâčaî dur,* ***Darğam Suyı*** *derlâr. Samarqandnıng janübıdın aqar; Samarqanddin bir šar'ī bolğay.Samarqandnıngbāğāt u*

maballātı va yana neċä tümänātı bu su bilä ma'mùr dur [7, 93].

Құхақ өзенінен кішкене өзен десе де болғандай үлкен тоған тартылған, оны тұрғын халық ***Дарғам өзені*** деп атайды. Бұл Самарқандтың оңтүстігін ала бір шери жерден ағып өтеді. Самарқандтың бақшасы да, айналасы, оның бірнеше тұмандары осы өзеннің суымен суарылады [9, 68]. *«Құхақ* – Заравшан *өзенінің* көне аты. *Орны бар табиғатта әр нәрсенің, Құхақтан қандырады нулар шөлін»* [10, 322]. *Дарғам* (өзбекше Дарғом) – Өзбекстанның Самарқанд облысындағы ежелгі суару арнасы.

يعقوب اجازت بيركاندين سونك قزيل سو قوين كوچوب اندراب سوبى نينك
قاتيلىشىغه ياوق توشولدى تانكلاسى ربيع الاول اى نينك اواسطى دا جربده

[6, 150].

Ya'qubqa ijāzat bergändin song ***Qızıl Su*** *qoyı kösùp Andarāb Suyınıng qatılısığa yavuq tùsùldi* [7, 253].

Якубты босатып, біз Қызыл Су арқылы төмен қарай жылжып, бұл өзен Андараб өзенімен біріктірілетін жерге тоқтадық.

Андараб – Ауғанстандағы үлкен ағынның және ол құятын алқаптың атауы.

كچه اوشول درەدا بولوب تانكلاسى انلاتيب ماربب كوتله كولينى سير قيلديم
هر يانى تاغ نينك دامنەسى واقع بولوبتور مانس ق سوبى بو كولغه كيرار ايمش
غيلى اولوغ كول بو ياقاسى دين اول ياقاسى دهشى كورونمايدور كول نينك
اورتاسيدا بير بلندى واقع بولوبتور كول نينك اطرافيدا كچيك كچه كينه لار
غيلى بار اطرافيداغى كينت لبغ ايل شور وغوغادا بوكچه لاركا كيرب اوزلارينى

[6, 424].

Гидронимдер бойынша мысалдарымызды түйіндейтін болсақ, «Бабырнамада» жоғарыда аталған өзен-көлдер бірнеше рет аталады. Яғни автор түрлі географиялық аймақтар бойынша өз жол бағытын өзгертіп отырған және соған сай жазба мұрада гидронимдердің алуан түрлері

кездеседі. Қазіргі таңда автор көрсетіп кеткен атаулардың көпшілігі өзгеріссіз немесе аздаған фонетикалық өзгерістерге ұшырап қолданылса, кейбіреулері басқаша атаумен беріліп жүр.

Таулы аймақтар сыртқы пішіні мен географиялық тұрғыдан кеңістікте орналаусымен айрықшаланатыны белгілі. Әдетте таулы аймақтардың оронимдерінде таудың жоғарғы бөлігін, тау, аңғар арасындағы қашықтықты білдіретін топонимдерді, сондай-ақ таудың етегін, түбін білдіретін топонимдерді білдіретін атаулар пайда болады [11, 69]. «Бабырнамада» Бабырдың өмірлік жолында кездескен, әскери жорықтары мен саяхаттары т.б. байланысты кезіп өткен жерлеріндегі географиялық аймақ пен табиғатына байланысты тау-шатқалдардың әр алуан түрлері кездеседі. Жалпы, «Бабырнамадағы» оронимдер: Бара-Кух, Маноғал, Бамиана тауы, Бадахшан мен Хутталан, Хиндукуша, Хупиан асуынан, Шахи Кабул, Диурин шатқалы, Кух-и Сафи, Хайбер, Дихи Якуб шатқалы, Газни, Сикри, Бари және Дулпура таулары, Гвалиара, Рантамбхура, Читура, Манду және Чандири таулары, Сивалик-Парбат және т.б.

«Бабырнамада» Ферғана алқабының жүзге жуық географиялық атаулары тіркелген. Шығармада қолданылған топонимдердің бір бөлігі өзгеріссіз қалды. Қазіргі уақытта тағы бір бөлігі әртүрлі фонетикалық өзгерістермен қолданылады.

قضیلتی‌دا خیلی احادیث وارد بولوبتور قورغانی‌نینك شرق جنوبی جانبی‌دا
بیر موزون تاغ توشوبتور براکوه‌غه موسوم بوتاغ‌نینك قلمسیدا سلطان محمودخان
بیر حجره سالیب تورادور حجره‌دین قویی‌راق اوشبو تاغ‌نینك تومشوغیدا تاریخ


[6, 3].

Qorganining Sarq-janūbi jänibida bir mawzūn tağ tüfüptür, ***Barā Kohğa*** *mawsūm. Bu* ***tağning*** *qullasıda Sulţăn-Mahmūd Xan bir hujra saliptur* [7, 4].

Бекіністің оңтүстік-шығысында Бара-Кух деп аталатын

әдемі тау бар. Осы таудың басында Сұлтан Махмуд хан хужраны тұрғызды.

Баракух тауы – Сүлеймен тауы [12, 185].



جانبی‌دین افار قورغاندین‌در یا بیر اوق آنیمی بولغای قورغان بیله دریانینك
شمالی طرفیدا بیر تاغ توشوبتور متوغل آنلیق دیرلار کیم بوتاغ‌دا فیروزه کانی
وبعضی کان‌لار تاپیلور بوتاغ‌دا بسیار بیلان بار خجندنینك اولاغی وقوش‌لاغی

[6, 5].

Qorgan bilà daryäning šimāl tarafida bir tag tüsüptir, ***Manogal*** *atlığ. Derlör kim bu* ***tağda*** *firoza käni va ba'zi kanlar tapılur* [7, 7].

Бекініс пен өзеннің солтүстігінде тау бар, Маногал деп аталады; бұл тауда көгілдір шөгінділер мен басқа да кеніштер бар дейді.

Әлеуметтік және саяси себептерге байланысты атауын өзгерткен тау атауы осы – Маногал. Мунугил тауы – Мугул тауы [12, 185]


ایدی کیم سین کاهمرد واجرو اول کوه پایه‌ی بیرکیتیب خسرو شاه حصار وقندوز
قورغان‌لار بدا اعتمادی کیشی‌لارینی قویوب اوزی واینی‌سی ولی بدخشان
وختلان تاغلارینی بیرکیتسون‌لار اوزبك ایش قیله المای یانغوسی‌دور دیب

[6, 149].

«*Xusrawšāh Hişār va Qunduz qorganlarıda i'timad kišilari qoyup özi* va inisi Vali* ***Badaxšān va Xuttalan tağlarını*** *berkitsünlär*» [7, 251].

«Хусрау шах Хисар мен Кундуздың бекіністерінде адал адамдарды тастап, інісі Уәлимен **Бадахшан мен Хутталан** тауларын нығайта берсін».

Бадахшан – Пянджа өзенінің сол жағалауындағы таулы аймақ, Амудария өзені мен Кукча өзенінің ағындарынан бастау алып жатыр. Үндістанға теңіз жолын ашу үшін Бадахшанның транзиттік орталық ретіндегі маңызды болды, өйткені Қытайдан Үндістанға, Иранға және Еуропаға керуен

жолдары оның аумағынан өтті [13, 343].

Хутталан (Хатлан) – Вахш және Пяндж өзендерінің арасындағы Памирдегі аймақ. Хутталан туралы тарихи деректерге сүйенсек, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ш. Камолиддин мынадай мәлімет келтіреді: «Орта ғасырларда Хутталанда Рустак Бик қаласы болған, оның түрік билеушісі Бик (бек) Назкөл көлінің жағасында асыл тұқымды жылқылар өсірген. Судан туылған жылқылар туралы аңыз Түркістанның әртүрлі бөліктерінде танымал болды. Хулбук қалашығында хуттальдық жылқы бейнеленген үлкен тағам табылды. Хутталан атауы барлық түріктердің ішіндегі ең мықтысы болған хутталах түркі халқымен байланысты» [14, 99].

نارنج‌لار سارغایغان حالدا بسیار یخشی کوروندور خیلی یخشی باغ‌دور کوه
سفید نینك جنوبی‌دا واقع بولوبتور بنکش یولی ننکنمارغه واسطه اوشبو
تاغ‌دور آنلیق‌قه یول یوقتور توقوزرود اوشبو تاغ‌دین چیقلر بوتاغ‌دین هرکز
قار اوکسومایس بو جهت‌دین غالباکوه سفید دیرلار قوئی‌دا هرکز قار توشمایس فاصله

توشچی‌لیك بولحور بوتاغ دامنمسی یخشی هوالیق برلار بار سولاری ساوق
بغ‌که اندا هیچ امتیاج بوللس آدینه پور قورغانی‌نینك جنوبی طرفیدین سرخ

[6, 162-163].

Koh-i Safed *Niknahärning janubida vāqi' boluptur. Bangaš bila Niknahärga väsita ošbu tağ dur. Atlığqa yol yoqtur. Toquz rūd ošbu tağdın čiqar. Bu tağdın qar hargiz öksümäs. Bu jihatdın ğālibā Koh-i Safed derlär. Qoyi jölgädä hargiz qar tüšmäs. Fāşila tüščilig yer dür. Bu tag dāmanasıda yaxsı havālığ yerlär bar. Suları savuq, yax ihtiyāj bolmas* [7, 273].

Кух-и Сафид тауы Нингнахардың оңтүстігінде орналасқан. Бұл тау Нингнахарды Бангаштан бөледі. Шабандоз үшін жол жоқ: бұл таудан тоғыз өзен ағып жатыр. Ондағы қар ешқашан кетпейді; сондықтан оны Кух-и Сафид деп атайды. Төменде, алқапта, қар ешқашан жүрмейді; қар мен қарсыз жолақ арасындағы қашықтық жарты күндік жолды

құрайды.

Кух-и Сафид – Ақ тау (Иран тілдеріне қатысты генетикалық тұрғыдан сөздер: сафид (ақ): Кӯлисафид – Ақ тау) [15, 72].

Қорытындылай келе, «Бабырнама» шығармасындағы лингвистикалық тұрғыдан гидронимдер мен оронимдерді зерттеу барысындағы бірқатар нәтижелерді атап көрсетейік.

Біріншіден, бұл жазба мұрадағы дереккөздер лингвистикалық география тұрғысынан зерделенді. Топонимикалық топтардың ішіндегі сирек зерттелінетін гидронимдер мен оронимдер Бабырнама жазба мұрасы бойынша қарастырылды.

Екіншіден, Ұлы Жібек жолы бойынан өтетін керуендер, саяхатшылар және т.б. сол аймаққа қатысты табиғи-географиялық ерекшеліктерді ескерген. Яғни Бабыр өз естеліктерінде әрбір қоныстанған және жол жүріп өткен аймағына толыққанды сипат беріп, ондағы табиғи ресурстар байлығын, атап айтқанда, сулы, таулы аймақ па екенін айтып, халық үшін маңыздылығын түсіндіріп өтеді.

Үшіншіден, түркі әлеміндегі ғана емес, бүкіл әлемдік деңгейде зерттеушілердің қызығушылығын тудыратын бұл еңбектегі тілдік фактілерді айқындаудың маңызы зор. Себебі жазба мұра бойынша жасалынған тілдік талдаулар лингвистикалық география және тарихи ономастикаға үлес қосады және әлемдік тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи зерттеулерге құнды дереккөз болады.

Аталмыш жазба мұрадағы барлық табиғи орындар, атап айтқанда жер-су мен таулы аймақтарды сипатталудың тағы бір ерекшелігі – автор аймақтың географиялық, геологиялық және табиғи артықшылықтарын атап қана қоймай, сонымен қатар бұл жердің, елдің, таулардың, жайылымдардың, тау-жоталар мен бекіністердің және танымал адамдардың тағдыры мен оқиғалар желісін қамтиды. Мұндай деңгейде, яғни жан-жақты қамтылған бұл жұмысты қызықты, өз оқырманынан негізгі, әрі қосымша ақпарат беретін

толыққанды мазмұнды құрылымдалған шығармалардың озық үлгісі дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кораев С. Топонимика. Ўзбекистон файласуфлари миллий жамияти нашриёти. Тошкент, 2006. – 320 б.

2. Академик сөздігі. [Электрондық ресурс] – URL: https://dic.academic.ru/ (қаралған уақыты: 05.06.2022).

3. Носирова М.О. Педагогические мысли Алишера Навои и Захириддина Мухаммада Бабура // Интеллектуальное наследие Захириддина Мухаммада Бабура и современность: Сборник статей и тезисов докладов Международной научно-практической конференции. М.: Пробел-2000, 2020. – 660 с.

4. Muminova M.O. Issues of translation of toponyms in "Baburnoma" // Novateur publications journalnx, No: 2581-4230. – 2021. – volume 7, issue 4, Apr. P. 72-76.

5. Djurabaeva Z. Ecological terms in “Baburnama’’ Indonesian Journal of Innovation Studies [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: https://ijins.umsida.ac.id/index.php/ijins/article/view/277/143 (қаралған уақыты: 03.04.2022).

6. Ильминский Н. Бабур-наме: Изданы в подлинном тексте. Казань, 1857. – 297 с.

7. Thackston W.M. Jr. Baʾburnaʾma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation. [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 902 p.

8. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақұттың «Муʻджам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы. Алматы, 2011. – 245 б.

9. Қожабекұлы Б. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.

10. Науаи Әлішер. Хамса. Ләйлі-Мәжін. Ескендір қорғаны. Нұр-Сұлтан: «Ғылым» баспасы, 2019. – 544 б.

Ермекбаева Майра Аманбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІ ЕЛДІМЕКЕНДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Аннотация. *Через язык определяется истинное, объективное значение материальных и духовных культурных ценностей. Культура передает этнокультурную информацию, любая этнокультурная информация реализуется в различных формах. Они являются произведениями материальной и духовной культуры, однако наиболее основной формой является словарная информация. Поэтому рассмотрение культуры в наборе символов- это путь к изучению ее многогранности и многосторонности. Под термином культура мы можем наблюдать возможность индивидуального осмысления обычаев, обычаев в обществе в целом. Язык культуры можно описать как набор символов, представляющих человеческую деятельность. В статье остановимся на этнографизмах, отражающих духовную культуру нашей нации. А именно: асадал, кебеже, сырмак, текемет, шайсандык, сакке, сакман. Все сторонне проанализирована мотивация создания, смысловое значение этих этнографизмов.*

Ключевые слова: Великий шелковый путь, Туркестан, история, этнография, материальная культура, историческое слово.

Abstract. *Through language, the true, objective meaning of material and spiritual cultural values is determined. Culture transmits ethno-cultural information, any ethno-cultural information is realized in various forms. They are works of material and spiritual culture, but the most basic form is dictionary information. Therefore, considering culture in a set of symbols is the way to study its versatility and versatility. Under the term culture, we can observe the possibility of an individual understanding of customs, customs in society as a whole. The language of*

culture can be described as a set of symbols representing human activity. In the article we will focus on ethnographisms reflecting the spiritual culture of our nation. Namely: asadal, kebezhe, syrmak, tekemet, shaisandyk, sake, sakman. The motivation of creation and the semantic meaning of these ethnographisms are comprehensively analyzed.

Keywords: *The Great Silk Road, Turkestan, history, ethnography, material culture, historical word.*

Бүгінгі ғылымтануда заттық мәдениет, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, этнос мәдениеті, этникалық мәдениет, ұлттық мәдениет, шығыс мәдениеті, постфигуративтік мәдениет (дәстүрлік мәдениет), конфигуративтік мәдениет (замандастық мәдениет), предфигуративтік мәдениет (жас ұрпақтық мәдениет), тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, тамақтану мәдениеті, киіну мәдениеті, төл мәдениет, жалпы адамзаттық мәдениет, аймақтық мәдениет, жазу мәдениеті, кәсіби мәдениет т.б. секілді көптеген мәдениет салаларын бөліп қарастыра аламыз.

Асадал – кебеженің бір түрі. Кебеже, сандық секілді бұйымдарға қарағанда биік болып келетін азық-түлік пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған ерекше мүліктің бірі. Кемінде екі қабаттан жасалатын сөрелеріне күмістелген, сүйектелген қақпақтар орнатылады [1, 48]. Бұл жабдықтың атауы «ас» және «адал» деген екі сөзден құралғандығы– кез келген адамға түсінікті дүние. Асадал кейде асалал деп те айтыла береді. Бұл – қазақ тілі диалектілеріне тән *д~л* алмасуының нәтижесі. Лингвомәдени тұрғыда қарастырар болсақ, ежелгі заманнан–ақ қазақ халқының дүниетанымы бойынша «бісміллә» айтып бауыздалмаған аң-құстың еті, арам өлген малдың және доңыздың еті адал ас саналмаған. Тек шариғат бойынша рұқсат етілген, сондай–ақ таза еңбекпен, маңдай-термен келген тағамды адал деп түсінген. Осыған сәйкес, асадал азық түлік сақтауға арналған мүлік болғандықтан, жоғарыда келтірілген халқымыздың дүниетанымдық түсінігіне сай

аталған деп санаймыз. Энциклопедиялық сөздікте: «асадал– ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға, қоюға арналған ағаш жиһаз. Ол кебеже сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Екі немесе үш қабат сөрелеріне күмістелген, сүйектелген қақпақтар орнатылады. Асадалды Ақтөбе тұрғындары «сапаяқ», Көкшетау жақта «бөгіребас» деп атайды», – деген анықтама беріледі [2, 8]. Сонымен, асадал сөзінің этимологиясы «ас» және «адал» сөздерінің бірігуімен байланысты, яғни «астың адал болуы», «астың адал һәм таза сақталуы» деген ұғымдарды білдіреді. Сөздіктерде берілген анықтамаларға сүйене отырып, асадал сөзінің негізгі семасы ретінде «ыдыс» семасын, ал түр-тұлғалық белгісі ретінде «таза», «адал» семаларын қарастыруымызға болады. Асадал – түркі халықтарының арасында кең тараған жиһаз түрі. Жиһаздың бұл түрі кебежеге қарағанда биіктігімен ерек, қазіргі таңдағы шкаф немесе буфет формасынакеледі. Бүгінгі таңда қолданыста жүрген үй жиһаздары қайта жаңғыртылған көне дүниелер десек, артық айтқандығымыз емес.

Кебеже – сандыққа ұқсас азық сақтауға арналған ағаштан жасалатын бұйым. Ғалым Г.Мамырбекова кебеже сөзін парсы тілінен енген сөз ретінде қарастырады: «кебеже (парсыша «кежауе») малдың арқасына, жанына теңдеп жүк таситын сандықша» [3, 290]. Ал Нұрдәулет Ақбайдың анықтауынша, кебеже–көшпелі заманда сүр ет, құрт–май салып сақтау үшін төрттағанға тақтай құрастырып, өрнектеп, бояп, сүйектен, күмістен өрнек салып, күміс мық (шеге) қағып жасалған сандықша. Тіпті, кебежені түйегетеңдеп, ішіне жас балаларды салып көшетін болған екен [4, 207]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде кебежеге мынадай анықтама беріледі:«кебеже –ас, тағам салуға арналып ағаштан жасалған әшекейлі, оюлы, үлкен сырлы сандық (бұйым)» [5, 152]. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде: «кебеже –түйемен көшіп-қону кезінде бала отырғызатын ағаш жәшік тәрізді бұйым», – деп түсіндіріледі [6, 314]. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпағы сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып

келеді. Жармалар не көлденең кергіш ағашпен, не таспамен жалғастырылады. Кебеженің беті де кейде сырмен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі. Қазақ халқында «әрбір үйде азық сақтайтын бір кебеже болуы тиіс» немесе «кебеже толы болсын» деген секілді түсінік қалыптасқан, себебі кебеже молшылықтың белгісі болып саналған. Егер бір отбасында бірнеше кебеже болса, өз араларында бай, ішіп-жемі мол әулет ретінде қабылданған. Біздің ойымызша, кебеже сөзі кеп және ежедеген екі түбірден тұрса керек. Кеб(п) түбіріндегі п дыбысы тілдің дамуы барысында фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Кеп монғол тілінде хэв – қалып, қалмақ тіліндекев – тұлға [7, 151]; қырғыз тілінде кеп – қалып, киіммағынасын береді [8, 175]. Ал еже – «же, жем» сөздерінің құрамында сақталған болса керек. Осы тұста еже – «жем», «ішіп- жем» атауының ықшамдалған түрі болуы мүмкін деп айта аламыз. Сонымен, кебеже – сандыққа ұқсас, тағам салуға арналып жасалған оюлы үлкен сырлы сандық. Зерттеуші С.Қасиманов осы атаудыңқұрамын кеб дегеніміз – қап, жем дегеніміз – ас дейді [9, 29], ал ғалым Е.Жанпейісов кебежені жүкаяқпен салыстырады: «жүкаяқ – жүк жиятын, ұзынша келген, аласалау орындық тәрізді нәрсе. Бұрын тамақ сақтайтын, сондай–ақ көшкенде түйеге теңдеп, ішіне жас балаларды отырғызатын сандықшаны осылай кебеже депатаған», – деп кебежені жүкаяқпен бір жабдық ретінде көрсетеді [10, 120]. Сөздіктерде берілген анықтамаларға зер салсақ, кебеже сөзінің негізгі семасы ретінде «жиһаз», «сандық» семасын алуымызға болады. Ал ауыспалы мағынада кебеже «тоқшылық», «байлық» ретінде қолданылса керек.

Сырмақ – көне дәуірден келе жатқан үй жиһаздарының бірі, ою бастырып немесе жиектері өрнектеліп сырылып жасалған түрлі- түсті төсеніш. Алдымен, арнайы іріктеп алынып, ерекше үлпілдеген ақ, қара жүннен жұқалау киіз басылады. Дайын болған киіздің бетін оюлап, кенеппен астарлап сырмақ жасайды [1, 399]. Қазақ әдеби тілі сөздігінде: «сырмақ – түрлі-түсті киізден, матадан сырып, оюлап

жасаған қалың киіз», – деп берілген [11, 453]. Сырмақ сөзі киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыра салу, сырғыта салу, сырып салу, сусыта салу мазмұнынан пайда болған. Жасалуына байланысты үлкен сырмақ, кіші сырмақ, төрткүл сырмақ, сары ала сырмақ, көкала сырмақ, атаулары бар. Монғолия қазақтарының тілінде бір кісі отыратындай етіп жасалатын сырмақ түрі бар. Мұны майауза деп атайды. Майауза – монғол тілінде ер үстіне салынатын көпшік [12, 12]. Сырмақтағы сыз сөзі – түркі- монғолға ортақ сөз. Якут тілінде суруй – «жазу» деген сөз, ал чуваш тілінде «жазу, сызу» дегенді сыр деп айтады. Монғол тілінде «сызу, сурет салу» деген мағынада зура(х) сөзі бар. Осы күнгі сурет (монғолша «зурат») деген есім сөздің де түбірі – сур (сыр). Ал сыр (сур) сөзінің өзге түркі тілдеріндегі фонетикалық варианты – сыз (сыр). Түркі тілдерінің көпшілігінде «з» дыбысымен келетін кейбір сөздер чуваш және монғол тілдерінде «р»–мен айтылатындығы – тіл ғылымында белгілі құбылыс, демек«сыз» сөзінің алғашқы мағынасы «жазу» болған. Ал мұндағы –мақ (піспек, оймақ, шақпақ, құймақ) зат есім тудыратын жұрнақ [13, 156].

Текемет – көлемі жағынан киіз үйге тұтастай төсеуге болатын төсеніш киіздің бір түрі. Оның оюлы текемет, шашақты текемет, салбырама текемет деген секілді түрлері бар. Текемет сырмақтан үлкен, енді болып келеді. Ол жұқа басылған киіздің бетіне бөлек боялған түрлі-түсті киізді оюлап орналастырып, су сеуіп, шиге орап, киізше басып жасалады [14, 188]. Оның күзем жүннен басылған талдырма бетіне ақ немесе қызылға, көкке боялған жүн тартылады [1, 418]. Көшпенділер өмірінде текеметтің алатын орны өзгеше болған: ол қазақтың дәстүрлі баспанасы – киіз үй ішіне жылулықпен қатар әсемдік те әкеліп әрі киіз үйдегі адамдарды астынан өтетін сыздан қорғап, аурудың алдын алу рөлін де атқарып отырған. Оюлы текеметтегі әрбір ою өрнек түстерінің қазақ халқының ұлттық болмысына сәйкес терең мағынасы бар. Мәселен, көк түс– аспанның түсі немесе жасару, өмір сүру деген мағынаны берсе, қызыл түс – күннің белгісі, қара түс –

жердің түсі, яғни берекенің белгісі болса, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі.

Шайсандық – ұсақ-түйек бұйымдар мен зергерлік әшекей бұйымдарды сақтайтын мүлік. Оны ерекше сәндеп, сүйектеп, күмістеп, әшекейлеп ұстаған [15, 651]. Кей сөздіктерде шайсандыққа шай жабдығын салып қоятын сандықша деп түсініктеме беріледі.Біз осы нұсқаға тоқталуды жөн көрдік. Көркем әдебиет үлгілерінен осы мүлік атауын жиі кездестіре аламыз: «...шай құйып отырған сұлушалау қыз қасында тұрған шайсандығынан алтын ернеулі стакандар, алтын жиекті шайтабақтарын алып, жаңа келген қонақтарға шай құя бастады». Бұл үзіндіден байқағанымыз, қазақ халқының танымында шай сандықша – тек қыздарға, яғни әйел қауымына ғана тән мүлік, себебі бізде сандық – сыр мен құпияның, адамның ішкі сарайының символы. Ал сыр мен құпия, ішкі толғаныс, тебіреніс – ер адамдардан гөрі әйел адамдарға тән қасиет екені белгілі. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде бұл жабдыққа: «шайсандық әдеттегі сандықтан кіші сандық», – деген анықтама беріледі [6, 590]. Біздің ата-бабаларымыздың тұрмысында қолданылған сандықтың ең ежелгі түрі қызыл алтын сандық деп аталған. Ол байлықты танытудың ерекше белгісі саналған. Мұндағы «қызыл алтын» тіркесі – саф алтын, яғни қоспасыз таза алтын деген мағынаны білдіреді. Сонымен, сөздіктерде берілген анықтамаларға сүйене отырып, шайсандық сөзінің негізгі семасы ретінде «бұйым», «мүлік» семаларын, ал түр-тұлғалық белгісіне қарай «сыр», «құпия»семаларын жатқыза аламыз. Жалпы «сандық» семантикалы лексемасы қыз жасауының міндетті бір бөлігі есебінде салт-дәстүр ұғымында сақталған. Негізінен, мәдениет – кез келген халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы, адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі дейтін болсақ, осы мәдениетіміздің маңызды саласы өресі биік, өрісі кең өнер атаулының қай түрінен болсын, қазақ халқы бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түсіп, атадан балаға мирас болып келеді.

Халық тәжірибесінің сырт көзге аңғарыла бермейтін небір ғажайып сырларын қарапайым тұрмыс-тіршілігінен ақ байқауға болатындығын үй жабдықтарын сөз ету барысында аңғардық. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің өзі әр халықтың өзіне тән ерекшелігін, салт дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін танытары сөзсіз.

Қазақ тіл біліміне ерекше із қалдырған Ә.Қайдар тіл байлығына этнолингвистикалық зерттеулер жүргізуді екі жүйедеқарастыруды ұсынады: макрожүйеде адам – табиғат – қоғам;микрожүйе – табиғи жүйе бойынша әртүрлі топтар. Осыған сәйкес зерттеу жұмысымыздың басты нысаны, Түркістан қаласы мен Отырар өңірінде кездесетін ұлттық бояуы қою этнографиялық атаулар микрожүйе бойынша қарастырылады. *Ошақ* – халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде жиі пайдаланылатын үй жабдықтарының бірі. Қазақ халқы ошаққа от жағып, киіз үйдің дәл ортасынан орын беріп, бейбіт өмір сүрудің белгісіндей қадірлейтін болған. Ошақ сөзі түркі тілдерінде кездесетін «от» және «жақ» сөздерінен құралған. Сөз ішінде қатар келген т~ж дыбыстары бір- біріне әсер етіп, екеуі де өзгеріп ш (кейбір түркі тілдерінде ч, ж, с) дыбысына ауысқан. Бұл сөз от жақ – ожақ – ошақ болып өзгерсе керек. Кей ғалымдардың зерттеуінше, бұрындары түрік әмірі мен сұлтандарының жанында болған от жағушыларды ожақы деп атаған. Қазіргі таңда ошақ сөзі түркі тілдерінің көбінде кездеседі: учак (татар тілінде), учоқ (өзбек тілінде), осох (якут тілінде), оджаг (әзірбайжан тілінде) және ожақ (түрік тілінде) т.б. Кей зерттеушілер от сөзіне кішірейту мағынасын білдіретін жақ ~ жағ жұрнақтары қосылу арқылы ошақ сөзі пайда болған [10, 39] және бұл сөз орыс тіліне еніп, очаг түрінде қолданысқа енген. От, ошақ сөздеріне назар аударсақ, қазақ халқы ежелден отты өте ерекше бағалап, қасиетті, шарапатты әулие деп ұғынған. Алғаш күнкүркіреп, найзағай ойнағанда, «сүт көп, көмір аз» деп үйді айнала жүгіріп, ожаумен ұру ырымы да оттың құдіретті күшіне жалбарынудан шыққан. Кей ғалымдар өз зерттеулерінде түркі

халқында, әсіресе, қазақ халқында отқа әулиеше табыну бар екендігін көрсеткен. Сондай–ақ халқымыздың наным-сенімдері бойынша отқа түкіруге, сабауға болмайды, оның орнын басуға, тіптіөшіп қалған оттан аттауға болмайды, себебі от – әлемді тазартушы, болмыстың бастауы, мәңгілік өзгерістің үйлесімділік пен қарама-қайшылықтың, бір күйден екінші күйге өтудің рәмізі, үйдің киесі, отбасының символы, қазандағы ырыстың қамқоршысы. Сондықтан жаңадан түскен жас келін үлкен үйдің отына тағзым етуге, сәлем беруге міндетті. Жас келін отқа еңкейіп: «От–Ана, шапағатыңды тигізе гөр» деп жалбарынып, отқа май құяды және жас нәресте дүниеге келгенде де дәл осылай баланы отқа жақындатып, жалбарынады. Ертеде от ағасы қазақ халқының танымында қасиетті сөз болып саналған, кейін келе бұл екі сөз бірігіп, үй иесі дегенмағынаға ауысқан.

Сәкі – үй ішінің жиһазы, диван. Н.Ақбай сәкіге мынадай анықтама береді: «аласа отырғыш, екі басында аяғы бар ұзын орындық, төр алдында еденнен көтеріңкі тұрған орынды және тақтайды немесе кірпіштен қаланған нарды да сәкі дейді» [1, 386]. «Сәкі – жаздың түнінде сыртқа жату үшін, күндіз үстіне отырып шай ішу үшін есіктің алдына (аулаға) тақтайдан биіктеу етіп жасалған орын» [16, 200]. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің сөздігінде: «жату немесе отыру үшін тақтайдан биіктеу етіп жасалған орын, нар», – деген анықтама берілген. Бұл жабдық атауына түрік тілінде секи – адам отыруға жарамды тас немесе үйінді; ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде секү – жату немесе отыру үшін жасалған көтерме; парсы тілінде сәку – тас орындық деген анықтамалар берілген.

Сақман – қой төлдегенде атқарылатын іс-шара. Көшпелі ортадақой жаппай төлдегенде қой мен қозының амандығы үшін оларды іріктеп бөлетін. Оны Сақман деп атайды. Бұлай бөлу қозы мен оның енесінің жай-күйіне байланысты атқарылған. Мәселен, әлсіз қозыларды енесімен бірге кіші Сақмандарға, жағдай орташалардорта, ал енесінің де өзінің де

күйі жақсыларды ірі Сақманға бөледі. Осылайша, бөліп бағу әлсіз қозылардың тез ширап, кішіден орта, одан ірі Сақмандарға ауысуына жағдай жасайды. Негізінен, Сақманға бөлу төлдеген қойдың жағдайына байланысты атқарылады.

Қорыта айтқанда, тілді қоғамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе ретінде қарастыру тіл туралы түсінікке кері әсерін тигізіп, зерттеу мүмкіндігін шектейді. Сондықтан тілдің көп қырлы қызметін адамның ақыл-ойы, аялық білім қоры, ұлттық дүниетанымдық көзқарасы, тілдік санадағы этномәдени таптаурындық болмыс бітімімен байланыстыра қарастырудың өзектілігі жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақбай Н. Қазақтың дәстүрлі атаулары: энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Арда +7, 2013. – 496 б.

2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия, III том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736б.

3. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 560 б.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық: VII том. / Құрастырған: Момынова Б., Сүйеркұлова Б., Фазылжанова А.– Алматы, 2011. – 752 б.

6. Казахско–монгольский словарь. – Улан-Батор: Улан, 1977. – 547

7. Русско–калмыкский словарь. – М.: Синтол, 1964. – 751 с.

8. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.

9. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. –Алматы: Ана тілі, 1989. – 288с.

10. Мұқағали тілі сөздігі. Құрастырған: Қалиев Б., Түймебаев Ж., Құрманбайұлы Ш., Исакова С. – Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 792б.

11. Тлепин Б.Қ. Мал шаруашылығына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты (қазақ және түркі тілдері материалдарының негізінде): автореферат. – Алматы: Арыс,2004. – 24 б.

12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: морфология, II басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 383 б.

13. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы. Құрастырған: Қ.Ж.Райымбеков, Қ.Т.Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011. – 192 б.

14. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған: Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк Пресс, 1999. – 776 б.

15. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560 б.

16. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік–словарь, 2007. – 390 б.

Жалелов Дәулет Серікұлы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ БИ ӨНЕРІНІҢ ТАРАЛУ СИПАТЫ

Аннотация. Великий Шелковый путь был не только торговым путем, но и коридором культурного обмена. Он связал различные культуры, включая Китай, Центральную Азию, Персию, Индию, Ближний Восток и европейские культуры. Путешественники, торговцы и дипломаты, путешествующие по этим направлениям, принесли с собой свои танцевальные традиции и познакомились с новыми. Многие танцы Шелкового пути имели повествовательный компонент, рассказывающий истории из истории, мифологии или местных легенд. Эти танцы часто служили средством передачи культурных знаний и традиций

Кесте тігу техникасы тек безендіру құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени ақпарат пен тарихты жеткізу тәсілі болды. Осы кесте тігу дәстүрлері мен әдістерінің көпшілігі Ұлы Жібек жолының мәдени мұрасының байлығын сақтай отырып, қазіргі уақытта да жалғасуда. Ұлы Жібек жолында кесте тігу тәжірибесі бар кейбір елдер мен аймақтарға жекелей тоқталсақ:

1. Қытай Ұлы Жібек жолындағы кесте тігудің негізгі орталықтарының бірі болды. Кесте тігу Қытай тарихында үлкен маңызға ие болды. Қытайлық кесте жоғары бағаланған жасанды техника болды, ал қытайлық қолөнершілер маталарға, киімдерге, интерьерге және діни артефактілерге таңғажайып өнер туындыларын жасады. Қытай кестесінің ежелгі тамыры бар және оның тарихы мыңдаған жылдарға созылады. Кесте тігу дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әр әулет осы жасанды техниканың дамуына өз үлесін қосты. Қытайлық кесте Әр түрлі әдістерді қолданды, соның ішінде жалпақ кесте (кесте тігу), крест тігісі, алтын және күміс

жіптермен кесте тігу, інжу мен моншақтарды қолдану. Бұл бай және түрлі-түсті үлгілерді жасауға мүмкіндік берді. Қытайлық кесте жасаушылар Қытайдың ерекше мотивтері мен символикасын жиі қолданды. Бұл мотивтерге айдаһарлар, феникстер, гүлдер, құстар мен ағаштар кірді. Олардың әрқайсысы өзіндік символдық мағынаға ие болды және таңбалық мәнге ие болды. Қытайлық кесте көбінесе ченшань (Қытай киімі) және чипао (дәстүрлі көйлек) сияқты ұлттық Қытай костюмдерін безендіру үшін қолданылған. Қытайлық кесте үйге суреттер, төсек жапқыштар, перделер сияқты сәндік элементтер жасау үшін де қолданылған. Кесте будда храмдары мен құрбандық үстелдері сияқты өнер және діни артефактілердің бір бөлігі болды, олар кестеленген бейнелер мен рәміздермен безендірілген. Қытайлық кесте қазіргі уақытта да жалғасуда және ол Қытайдың мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып қала береді. Көптеген қытайлық қолөнершілер ғасырлар бойы қалыптасқан ерекше техникалар мен мотивтерді сақтай отырып, кесте тігу дәстүрін жалғастыруда.

2. Персия (қазіргі Иран). Парсы мәдениетінде кесте тігушілер түрлі заттар мен тоқыма бұйымдарын безендіретін түрлі-түсті және талғампаз өрнектер жасады. Парсы кестесінде Сасанидтер әулеті дәуіріндегі (б. з. 3-7 ғасырлар) ерте гүлдену кезеңін ажыратуға болады. Кесте киімді, тоқыма бұйымдарын және жиһазды безендіру үшін қолданылған. Жануарлар мен өсімдік мотивтері бар түрлі-түсті өрнектер танымал болды. Парсы кестелерінде жалпақ кесте (кесте тігу) және әртүрлі тігістер мен өрнектерді қолдану сияқты әртүрлі әдістер қолданылған. Дәстүрлі түстер палитраларына қызыл, көк, жасыл және алтын түстер кірді. Сонымен қатар Парсы кілемдері Ұлы Жібек жолында танымал және құнды тоқыма бұйымдарының бірі болған еді. Олар көбінесе кесте тігу арқылы жасалған күрделі өрнектермен және ою-өрнектермен безендірілген. Кесте сондай-ақ діни жәдігерлерді безендіру үшін қолданылған. Парсы кестелері киім мен аксессуарларға

жиі қолданылған. Бұл көйлектерден халаттарға дейін, сондай-ақ сөмкелер, белбеулер мен бас киімдер болуы мүмкін. Парсы кестесіндегі өрнектер мен мотивтер символдық мағынаға ие болуы мүмкін және мәдени және діни дәстүрлерді көрсете алады. Мысалы, кейбір үлгілер өсу мен өркендеуді білдіреді. Парсы кестелері Парсы мәдени және жасанды мұрасының маңызды бөлігі болды және Ұлы Жібек жолы өткен басқа аймақтарға әсер етті. Бұл кесте өнері өзінің бай дәстүрі мен сұлулығын сақтай отырып, қазіргі уақытта да жалғасуда.

3. Үндістан да кесте тігудің маңызды орталығы болды. Үнді кестесі өзінің жарқын түстерімен, бай өрнектерімен және моншақтарды қолданумен танымал. Үндістанда тарихқа терең енетін ежелгі кесте тігу дәстүрлері бар. Әр түрлі тарихи кезеңдерде Үндістанның түрлі аймақтары өздерінің кесте стильдерін дамытты, мысалы Кашмирлік кесте, Чикан, Зардози, Ари, және т.б. Үнді кестелерінде мақта, жібек, жүн, алтын және күміс жіптер, моншақтар мен секілді әртүрлі материалдар қолданылған. Бұл әртүрлі текстуралық және түсті эффектілерді жасауға мүмкіндік берді. Үнді кестесі өзінің бай және алуан түрлі өрнектері мен мотивтерімен танымал. Бұл мотивтерге гүлдер, жануарлар, геометриялық өрнектер, діни белгілер және дерексіз өрнектер кіреді. Кесте көбіне Үндістанның сари және сальвар камиз сияқты ұлттық киімдерін безендіру үшін қолданылған. Кесте дұға жалаулары, ғибадатхана баннерлері және діни рәсімдерге арналған діни артефактілерді жасау үшін қолданылған. Үнді кестелері Ұлы Жібек жолы өткен басқа аймақтарға әсер етті. Кесте тігу техникасы мен мотивтері экспортталып, басқа мәдениеттердің өнері мен қолөнеріне енгізілді. Үнді кестесі Үнді мәдени және көркемдік дәстүрінің маңызды бөлігі болып қала береді. Үндістанның көптеген дәстүрлі кесте тігу әдістері мен стильдері қазіргі уақытта да өзінің түрлі-түсті және ерекше сипатын сақтай отырып жалғасуда.

4. Түрік кестесі Ұлы Жібек жолында кең таралған. Османлы кезеңінде (14-20 ғасыр) түрік кестесі өзінің шырқау

биігіне жетті. Әр түрлі тоқыма бұйымдары, соның ішінде киім, дастархан, төсек жапқыш және басқа да заттар кестеленген. Түрік кестелерінде әртүрлі әдістер қолданылған, соның ішінде «икат», сонымен қатар крест тігісі мен аппликация кең өріс алды. Әсіресе, «опус» (голем) техникасы белгілі, онда кесте қалың негізде жасалады, көлемді өрнектер тігіледі. Түрік кестесі көбінесе геометриялық өрнектерді, өсімдік мотивтерін және дерексіз өрнектерді қамтиды. Ол сондай-ақ Түрік мәдениеті мен тарихын бейнелейтін символдық элементтерді де өн бойына жинады. Ұлы Жібек жолының басқа аймақтарындағыдай, түрік кестелерінде алтын және күміс жіптер қолданылған, олар бұйымдарға сәнді көрініс береді. Түрік кестесі әйелдерге арналған көйлектер, бас киімдер мен белбеулер секілді дәстүрлі түрік киімдерін де безендіру үшін қолданылды. Кесте сонымен қатар дастарқан, төсек жапқыш, жастық және перде сияқты тоқыма бұйымдарын безендіру де кестеленді.

«Түрік тігін өнері» немесе «түрік сәндік өнері» деп те аталатын түрік кестесі түрік мәдени және көркемдік дәстүрінің маңызды бөлігі болып қала береді. Түркияның көптеген дәстүрлі кестелеу әдістері мен стильдері қазіргі уақытта сақталып келеді және олар ұлттық мұраның маңызды элементі болып табылады.

5. Орталық Азия (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан). Бұл аймақта да кесте тігудің бай дәстүрі болған. Бұл аймақтың дәстүрлі үлгілері мен мотивтері Орталық Азия халықтарының мәдени мұрасы мен өмірін көрсетеді. Орталық Азиядағы кесте тігудің өзіндік ерекшеліктері: Орталық Азиялық кесте әр түрлі әдістерді қолданды, соның ішінде крест тігісі, тігіс, аппликация және моншақтар қолданылды. Бұл әдістер нақты этникалық топтар мен аймақтарға байланысты дамыды. Орталық Азия кестелеріндегі түстер палитрасы ашық түстерден тұрды. Ол көк, қызыл, жасыл, сары және басқа түстердің реңктерін қамтыды. Орталық Азия кестелеріндегі мотивтер геометриялық өрнектерді, өсімдік мотивтерін,

жануарлардың суреттерін және дерексіз сәндік элементтерден тұрды. Бұл үлгілердің кейбіреулері символдық мағынаға ие болды және мәдени және діни нанымдарды көрсетті. Орталық Азия кестелері шапан (шапан), кәжекей, камзол сияқты дәстүрлі киімдерді безендіру үшін жиі қолданылған. Дастархан, төсек жапқыш және көрпе сияқты тоқыма бұйымдары да жасалды. Сузани – бұл Орталық Азияның дәстүрлі кестеленген тоқыма бұйымдары, оларды әйелдер көбінесе үй декорының элементі ретінде жасаған. Сузани түрлі-түсті өрнектермен безендірілген және әртүрлі рәсімдер мен мерекелерде қолданылған. Орталық Азиялық кесте осы аймақтың мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады және өмір сүруді және дамуды жалғастыруда. Орталық Азияның кесте тігу әдістері мен стильдері әр түрлі және осы аймақтың мәдени әртүрлілігінің байлығын көрсетеді.

6. Таяу Шығыс (қазіргі Сирия, Ливан, Иордания және басқалар). Таяу Шығыс аймақтарында, соның ішінде Таяу Шығыс пен Батыс Азия елдерінде кесте тігудің де өзіндік ерекшеліктері болды және Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарды. Таяу Шығыс аймақтары ислам діні ықпал еткен кезінде өнер мен мәдениеттің өркендеу кезеңін бастан өткерді. Бұл кестеге де әсер етті, кестелер сәнді және бас-аяғы жұмыр етіп тігілетін. Таяу Шығыс кестелерінде алтын және күміс жіптер белсенді қолданылды, бұл бұйымдарға сәнді көрініс берді. Металл жіптер үлгілерді ерекшелендіру үшін жиі қолданылған. Таяу Шығыс аймақтарындағы кесте діни рәміздерді, араб каллиграфиялық жазуларын, геометриялық өрнектерді және өсімдіктер мен жануарлардың суреттерін қамтыды. Кесте жалабия (көйлек), орамал және орамал сияқты дәстүрлі киімдерді безендіру үшін қолданылған. Кілемдер мен дастархандар сияқты тоқыма бұйымдары да кестелермен әшекейленді. Кесте тігу техникасы әртүрлі тігістерді, соның ішінде крест тігісі мен аппликацияны қамтыды. Дәстүрлі әдістер аймаққа байланысты өзгеруі

мүмкін. Таяу Шығыс аймақтарындағы кесте тігудің бір ерекшелігі – жіптерді матаға праймермен немесе желіммен бекітіп, көлемді және текстуралық өрнектер жасайтын силкат кестесі. Таяу Шығыс кестелері осы аймақтағы мәдениеттердің байлығы мен алуан түрлілігін білдіреді және оның мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады. Таяу Шығыстың әртүрлі елдерінде кесте тігу әдістері мен стильдері тарихтың, діннің және жергілікті дәстүрлердің әсерінен дамыды және олардың көпшілігі қазіргі уақытта да жалғасуда.

7. Кавказ (Грузия, Армения, Әзірбайжан). Кавказ аймақтарының да кесте тігу дәстүрлері болды, соның ішінде кілемдер мен киімдерді кестелеу әдісі кең өріс алды. Кавказ аймағында кесте тігудің көптеген стильдері мен әдістері бар. Әрбір этникалық топ пен аймақтың өзіндік ерекше дәстүрлері болды. Мысалы, армян, грузин, әзірбайжан және Дағыстан кестелерінің өзіндік ерекшеліктері болды. Кавказ кестесіндегі өрнектер мен мотивтерге геометриялық өрнектер, өсімдік мотивтері, жануарлар және дерексіз өрнектер кірді. Кавказдық кесте өзінің жарқын және әр түрлі түстер палитрасымен танымал. Ол контрастты және тартымды үлгілерді жасау үшін қызыл, көк, жасыл, қызғылт сары түстерді пайдаланды. Дәстүрлі түрде кавказдық кестеде мақта, жібек және жүн сияқты табиғи материалдарды пайдаланды. Бұл берік және түрлі-түсті кестелер жасауға мүмкіндік береді. Кавказдық кесте көбінесе көйлектер, жилеттер, белбеулер және бас киімдер сияқты ұлттық киімдерді безендіру үшін қолданылды. Ол сондай-ақ кілем, дастархан және жастық сияқты үйге арналған тоқыма бұйымдарын безендірді. Кавказ мәдениетінде көптеген өрнектер мен мотивтер жергілікті әдет-ғұрыптар мен нанымдарға байланысты терең символдық мағынаға ие болды. Кавказдық кесте осы аймақтың мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып қала береді және өзінің бірегейлігі мен сұлулығын сақтады. Кесте тігу дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді және қазіргі уақытта да жалғасуда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Фэн Ч. Шелк Шелкового пути. Происхождение, распространение, взаимообмен. – Москва: Шанс, 2020. – 247
2. Мамраиова А. Ұлы Жібек жолы. – Алматы: Алматыкітап, 2013. – 324 б.
3. Алдабек Н., Абдраимова Н. Қытай және түркі халықтары мәдени байланыстарының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 172 б.
4. Махаева А. Ұлы Жібек жолы. – Астана: Арман-ПВ, 2009. – 152 б.
5. (Ұлы Жібек жолы, 2013: 134).
6. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 248 б.
7. Киіз үйдің жүннен жасалған бұйымдары. – Алматы: Тассад, 2005. – 56 б.
8. Жамалов Қ. Әлемдік өркениет іздері: Ежелгі Шығыс. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2015. – 360 б.

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тілі білімі кафедрасының доценті, PhD доктор

«Ламған» топонимінің этимологиясы

Аннотация. В данной статье с лингвистической точки зрения рассматривается название Ламганского региона, который сейчас принадлежит государству Афганистан. В статье сделана попытка определить истинное происхождение топонима «Ламган», поскольку до этого существовали различные недостоверные предположения о происхождении этого названия. Среди них и завоеватель Индии, основатель династии Великих Моголов, потомок Амира Темира, но известный лингвистам своим ценным автобиографическим трудом «Бабырнама», написанным на чагатайском языке, Захир ад-дин Мухаммад Бабур (1483-1530). рассуждает о происхождении названия. По его словам, могила Великого Ламы, отца Пророка Ноя, находится в тумане Алишена (со стороны Ламгана). В некоторых летописях его еще называют Ламехом Великим, Ламеканом. Жители этой страны иногда произносят букву Каф как Гейн. Именно поэтому регион назывался Ламган. На первый взгляд группировка выглядит как научная этимологическая версия, однако в ходе лингвистического анализа выяснилось, что эта версия основана только на народных поверьях. В ходе исследования использовались сбор, традиционное описание, сравнительные методы. В результате исследования мы пришли к выводу, что к названию Ламгана к названию населявшего его народа ламба (лампака), т.е. этнонима на персидском языке, к названию Ламгана был добавлен суффикс -ган (Лам+ган).

Түйін сөздер: Ламган, Бабирнама, Бабыр, топоним, этимология.

Abstract. This article examines the name of the Lamgan region, which now belongs to the state of Afghanistan, from a

linguistic point of view. The article makes an attempt to determine the true origin of the toponym «Lamgan», since before that there were various unreliable assumptions about the origin of this name. Among them is the conqueror of India, founder of the Great Mughal dynasty, descendant of Amir Temir, but known to linguists for his valuable autobiographical work «Babyrnama», written in the Chagatai language, Zahir ad-din Muhammad Babur (1483-1530). discusses the origin of the name. According to him, the tomb of the Great Lama, the father of Prophet Noah, is located in the fog of Alishen (from the Lamgan side). In some chronicles he is also called Lamech the Great, Lamekan. Residents of this country sometimes pronounce the letter Kaf as Gein. That is why the region was called Lamgan. At first glance, the grouping looks like a scientific etymological version, but during linguistic analysis it turned out that this version is based only on folk beliefs. During the study, collection, traditional description, and comparative methods were used. As a result of the study, we came to the conclusion that the name Lamgan and the name of the Lamba (Lampaka) people who inhabited it, i.e. ethnonym in Persian, the suffix -gan (Lam+gan) was added to the name Lamgan.

Keywords: Lamgan, Babirnama, Babyr, toponym, etymology.

Жаһандану дәуірі – күннен күнге күшейіп, әлемнің түкпір-түкпірін қамтып жатқан дамудың жаңа дәуірі. Бауырлас түркі тілдес елдер әлемдік өркениеттің дамуына үлкен үлес қосып келе жатыр. Түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы осы жаһандану үрдісіндегі жаңаша дамудың үлгісі сияқты. Ортақ тарихы бар, өркениеті мен мәдениеті бір-бірімен астасып жатқан түркі тілдес елдердің түрлі салада бірлесіп жұмыс жасауы халықаралық ықпалдастықта маңызды орын алатынына еш шүбә жоқ. Ғылымның қай саласы болмасын ортақ тарихи зерттеулер жүргізу бауырлас түркі елдердің ынтымақтастығының одан әрі дамуына игі әсерін тигізеді.

Осы тұрғыдан алғанда халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-территориялық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Бұл бағыт ономастикалық тарихымыздың түркілік қабатын терең зерттеуді қажет етіп отыр.

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр.Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

«Бабырнама» – барша түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының да мақтан тұтатын тағылымды дүниесі. Қазақ халқының ойшылдары Абай мен Шоқан Уәлиханов та бұл

еңбекті есіне алып отырған. Мәселен, Абай Құнанбайұлы қазақ халқының шығу тегі жайлы сөз еткенде: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен біртуысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінің Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығыпты, үш жүзбасыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны – сол» [1, 47], – деп жазған.

Ш.Уәлиханов бірнеше шығыс және еуропа тілдерін жақсы білген. Бұл оған ежелгі дереккөздерді түпнұсқада зерттеуге мүмкіндік берді. Оған Орта Азия халықтарының географиясы мен тарихына қатысты барлық дерлік еуропалық және шығыс дереккөздері қол жетімді болды. Ол түркі, араб және парсы тілдерінде жазылған көптеген нарративті дереккөздерді жақсы білді, олардың мәтіндерін ұзақ және мұқият зерттеді. Әлбетте, Ш.Уәлиханов «Бабырнама» шығармасымен де етене таныс болды, ондағы деректерді ол өз еңбектерінде пайдаланды [2, 69].

Захириддин Мұхаммед Бабыр Кабулда болғанда көлкөсір аймақты мекен еткен отырықшы, жартылай көшпелі, әр түрлі тілде сөйлейтін тайпалар мен халықтардың салт-санасымен, әдет-ғұрпымен қырағы таныс болады. З.М.Бабыр Орта Азияның, Кабулдың және Үндістанның әлденеше шаһарларын жалғастырып жатқан керуен жолдарымен жүріп өтеді де, көптеген аймақтардың сол кездегі тіршілігі жайлы құнды ақпарат қалдырып кетеді.

Жоғарыда аталған елдердің XV-XVI ғасыр аралығындағы тарихын баяндайтын Бабырнама жер-су аттары, олардың баламалары т.с.с. баға жетпес мол деректер береді. Антропоним мен топонимдердің көптігіне қарамастан, бұл қызықты, әрі жеңіл оқылады. Бабырнамада Орталық Азияның, Хорасанның, Иранның, Ауғанстанның, Үндістанның ірі қалалары сөзбен бейнеленеді, атауларының шығу тегі сөз

болады. Біздің мақсатымыз – аталған еңбектегі этимологиялық пікірлерді тексеру. Бұл мақалада қарастыратын топонимиміз – «Ламған».

Топонимика – географиялық атауларды (топонимдерді) зерттейтін ғылым. Ал этимология – сөздердің шығу тегін анықтауға бағытталған ғылым саласы. Топонимка үшін қажет зерттеу дереккөзі – Бабырнама сынды жер-су атауларына бай еңбектер. Профессор Х.Хасановтың есептеуінше, аталған жазба ескерткішінде 1000-ға жуық географиялық атау тіркелген. Орталық Азиядағы атаулардың көпшілігі сол кездегідей жазылады және айтылады [3, 62]. Осыған ұқсас пікірді Р.Расулов та ұсынады [4, 44]. Статистикалық талдау нәтижесінде ғалым Т.Нафасов «Бабырнамада» 1100-ден астам топонимнің барын анықтады [5, 39], ал Х.Давуроваңың көрсетуінше аталған еңбекте Орта Азиядағы 1034 елді мекен атаулары келтірілген [6, 48]. Бабырнаманың толық түпнұсқасының жариялануына зор үлес қосқан ғалым У.Тэкстон өз еңбегінің соңында 908 топонимді индекстеді [7, 882-895]. Қарап отырғанымыздай, Бабырнама еңбегі топонимдерге бай екені еш шүбә келтірмейді және, шамамен, мыңнан аса жер-су атауларын тіркеген. Оған қоса З.М.Бабыр өз еңбегінде кейбір топонимдердің этимологиялық нұсқасын да келтіреді. Оның бірі – Ламған. Ең алдымен бұл мекен жайлы қысқаша ақпарат беріп өтсек.

Лагман. لغمان – бұл Ауғанстандағы уәлаят (уәлаят – кейбір мемлекеттердегі әкімшілік-аумақтық бірлік). Лагман уәлаятындағы айналадағы шөлде жасыл желектер де өсіп, көзге бірден түседі. Кейбір тарихи мәтіндерде бұл атау «Ламған» немесе «Ламғанат» деп жазылады.

Қазіргі уақытта Кабул мұражайында Үндістаннан Пальмираға дейінгі ежелгі сауда жолын көрсететін Лагманнан табылған арамей жазулары бар. Арамей тілі ахеменидтердің (парсылар) бюрократиялық жазу тілі болды, оның әсері Лагманға таралды. Александр Македонскийдің

шапқыншылығы кезінде бұл аймақ «Лампака» деп аталды [8, 80-88].

Жетінші ғасырда қытайлық қажы Сюань Цзян Лагманға барды. Ол оны өз жазбасында «Лан-по» деп атады және оны Үндістанның бір бөлігі деп санады [9, 104].

Онынші ғасырда Лагман әлі де Үлкен Үнді әлемімен байланысты болды. 982 жылы аяқталған «Худуд әл-алам» бұл аймақта пұтқа табыну үшін бірнеше ғибадатхананың бар екенін айтады [10].

Мұсылман тарихшысы Әл-Утбидің айтуынша, аймақты X ғасырдың аяғында Әбу Мансұр Сәбуктегін бастаған ғазнауилер ислам дінін қабылдаған [11]. Бұл аймақ бірнеше жыл мұсылмандар мен діні басқа халықтардың арасындағы соғыс алаңына айналды. Соңында бұл аймақ тимуридтердің қол астына өтті.

16 ғасырдың алғашқы жылдарында моғол билеушісі Захиридин Мұхаммед Бабыр Ламғанда көп уақыт өткізді. «Бабырнамда» (Бабыр туралы естеліктер) ол орманды тау бөктерінің сұлулығы мен осы аймақтың аңғарларының түбінің құнарлылығы туралы жазды. Ламған Моғол дәуірінде Кабулистанның тәуелді аймағы ретінде танылды және «Бабырнамадағы» деректерге сүйенсек, «Үлкен Ламғанат» Кәпірстанның мұсылмандар қоныстанған бөлігін, соның ішінде шығыс бөлігін қамтыды. Ламған кәпірлерге қарсы жорықтар үшін негіз болды және Кабулдың билеушісі болған Моғол билеушісі болған Акбардың інісі Мұхаммед Хәкім бастаған жиһад есептерінде жиі айтылды. 1747 жылы Ахмад Шах Дуррани моғолдарды жеңіп, аумақты Дуррани империясының құрамына енгізді. XIX ғасырдың аяғында Әміре Абдур Рахман Хан қалған кәпірлерді (нұристан халқы) исламды қабылдауға мәжбүр етті [12].

Алғашқыда, тіл білімі саласы бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысында бұндай ақпараттар орынсыз көрінеді. Дегенмен «Ламған» топонимінің шығу тегін анықтау үшін экстралингвистикалық факторлар, бұл жерді мекендеген

этнос я қауым болмысы (оның тілі, діні, наным-сенімі т.б.) сияқты этнографиялық ақпарат маңызды.

З.М.Бабырдың «Ламған» топонимінің шығу тегі жайлы пікірі: «Agarči Lamğānnıng beš tümänidin bir tümäni Nīknahār dur, valî Lamğānātnı ol üč tümängä iṭlāq qılurlar. Ol üč tümändin biri ‘Alīšang Tümäni dür. Šimālıda Hindūkuš tağığa payvasta qarlığ uluğ berk tağlar dur. Bu tağ tamām Kāfiristān dur. ‘Alīšangğa yavuqraq Kāfiristān Mīl dur. ‘Alīšang rūdı Mīldın čıqar. Ḥaḍrat-i Nūḥ payğambarnıng atası Mihtar Lāmnıng qabrı ‘Alīšang Tümänidä dür. Ba‘zı tārīxda Mihtar Lāmnı «Lamak» va «Lamkān» ham deptürlär. Ol elni xaylî mulāḥaẓa qılılıptur kim ba‘zı maḥall kāf ornığa ğayn talaffuẓ qılurlar. Bu jihatdın ğālibā bu vilāyatnı Lamğān deptürlär» [13, 275].

Байұзақ Қожабекұлының аудармасы: «Нинганхар – Ламғанаттың бес тұманының бірі болғанымен, ламғанаттықтар төменгі үшеуін ғана атайды. Бұл үш тұманның бірі - Әлишен; оның терістігінде Хиндикуш тауына барып шектелетін биік қарлы тау жатыр, бұл тау түгелімен кәпірлер мекені. Әлишенге таяу жердегі кәпір мекені – Мил. Әлишен өзені басын Милден алады. Қасиетті Нұқ пайғамбардың әкесі ұлы Ламаның бейіті Әлишен тұманында. Кейбір жылнамаларда ұлы Ламақ, Ламекан деп те атайды. Бұл елдің адамдары кейбір жағдайда каф әрпін гайн деп айтады. Осы себептен аймақ Ламған аталып кеткен болуы керек». 11 ғасырдың басында Махмұд Газневи бұл жерден Ламех (Нұхтың әкесі) жерленген қабір табылғанын және қабір орнына қасиетті орын салынғанын айтқан [14]. Сонда да, Ламехтың бұл мекенде жерленгені жайлы нақты деректер жоқ, тек болжамдар.

У.Тэкстон «Бабырнамадағы» бұл үзіндіні келесідей ағылшын тіліне аударады: «Although Nangarhar is one of the five districts of Laghman, when speaking of the Laghman region one usually means only three districts. One of the three is the Alishang district. In the north it consists of huge, impregnable snow-covered mountains adjoining the Hindu Kush. This

mountainous region is ali Kafiristan. The closest place in Kafiristan to Alishang is Mü, from which the Alishang river flows. The tomb of Noah's father, Mehter Lam, is in the Alishang district. In one history Mehter Lam is called both Lamak and Lamkan, and it has been noticed that among those people sometimes they pronouhce k as gh. That is probably why the province is called Lamghan» [15, 274].

У.Тэксон аудармасының 2002 жылғы басылымына Салман Рушди келесідей алғысөз жазған: «Уилер М.Тэкстонның аудармасы (Бевериджді мардымсыз нұсқасынан кейін) оқуға оңай және еркін болғандықтан және аудармашының көптеген пікірлерімен қамтамасыз етілгені сонша, бұл соңғы аударма сияқты. Түсініктемелерден біз Бабырдың қолында жоқ мәліметтерді білеміз, мысалы, парсы өлеңдерінің түрлері, қасида мен газель, үшкір моңғол қалпақтары, аспанның Канопус жұлдызы көрінетін бөлігі туралы. Аудармашы Бабырмен айтысудан қорықпайды. Ол Ламған уәлаятының атауының шығу тегі туралы пікір таластыра отырып, оның «Ламкан» атауынан шыққанын, Ламех есімінің исламдық нұсқасынан шыққанын жазғанда, Тэкстон оған қарсылық білдіреді: «Бұл жерде Бабыр қателеседі, «хан және «кван» жалғаулары бар топонимдер ирандық тектес». Бабыр оған әрине риза болар еді. Тамаша аударма ұлттық әдебиетке – сөзбе-сөз айтқанда, оны ашуға – тамаша кітап бере алды, сондықтан Тэкстон өзінің аудармасымен әлемдік әдеби мұраның ең жақсы кітаптарының бірін ашып, ағылшын әдебиетіне тамаша сыйлық жасады» [15, 7-8].

Шынымен де, У.Тэкстон 2002 жылдық аударма басылымында: «Lam, Lamak, and Lamkan are the Islamic renderings of Noah's father's name, the Lamech of the Bible; and Mehter, or mıbtar, is a Persian title, «master». Note also that since Babur's time the name of Lamghan province has undergone metathesis to Laghman. Babur speculates that Lamghan is a variant of Lamkan. He is quite mistaken in this, for the -ghan and -qan

endings on so many toponyms in the area are of Iranian origin», – деп жазады. Қазақша сөйлетсек: «*Л*ам, *Л*амак және *Л*амкан – Інжілдегі Нұхтың *Л*амек әкесі атының исламдық нұсқасы; ал Мехтер немесе михтар парсы тіліндегі «қожайын» (ақсақал) титулы. Сондай-ақ, Бабырдың заманынан бері *Л*амған аймағының атауы *Л*ағманға метатезаға ұшырағанына назар аударыңыз. Бабыр *Л*амғанды *Л*амканның бір нұсқасы деп болжайды. Бұл жерде ол өте қателеседі, өйткені ол аудандағы көптеген топонимдердегі -ған және -қан жалғаулары ирандық тектес» [15, 484]. 1993 жылғы Гарвард Университеті басылымынан шыққан нұсқасында осындай пікір берілмеген. Яғни ғалым аудармасына толықтырулар жасап, осындай шешімге келді. Бұл тұжырымды тексерген жөн.

Бұл аймақта экспидициялық жұмыстарды жүргізген зерттеуші А.Борнс жазбаларына сүйенген К.Риттер З.М.Бабырдың пікірін қате деп есептейді. Мәселен, 1867 жылы жарық көрген «Землеведение. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. Кабулистан и Кафиристан» атты еңбегінде былай деп жазады: «Дегенмен А.Борнске Кабул өзенінің солтүстік жағында одан жоғары, Жалалабадтың солтүстігінде *Л*егман таулы ауданында тамаша ескерткіштер бар екені айтылды; олардың ішінде оған олар кәпірлер заманында тұрғызылған бір таудың етегінде кемемен бірге осында жерленген Құран ізбасарлары арасындағы үш ұлы пайғамбардың немесе әулиенің бірі деп танылатын *Л*ам-Мемуары (Нұхтың әкесі *Л*амех) қабірін ерекше атап өтеді. Ескі өсиет (Ветхий завет) генеалогияларын Шығыс Үндістанға көшіру және оларды Буддизмге тиесілі заттарға қатысты қолдану қаншалықты күлкілі болса да, біз бұл жерде ежелгі дәуірдің тамаша ескерткіші болуы мүмкін екеніне күмәнданбаймыз. Бізді осы тұжырымға Ч.Массон зерттеулері жетелейді, ол қазірдің өзінде Жалалабадтан Кабул өзенінің солтүстік жағалауы мен оның солтүстік салалары арқылы *Л*егман (Сұлтан Бабырда – *Л*амған) арқылы өтетін үлкен әскери жолды ашты... Әулие *Л*аманың аталған бейіті

Әлишенг ауданында (тұманында) жатқанын Сұлтан Бабыр айтқаны бұрыннан белгілі; осы атпен бір тау өзені де аталады, Хиндикуштан ағып, Кабул өзеніне құяды. Сұлтан кейбір тарихшылардың Ламды Ламек немесе Ламекан деп те атайтынын түсіндіреді; және оның пікірінше, ол жердегі жергілікті тұрғындардың кафь әрпін көмейлік гаинь әрпіне ауыстыру әдеті болғандықтан, бұл атаудан бүкіл Лагман (яғни қазіргі Легман) таулы ауданы өз атауын алған болуы әбден мүмкін», - дейді [16, 42-43]. Әлбетте, «Легман» нұсқасын дұрыс атаулар қатарында қарастыра алмаймыз, өйткені бұл еңбек ескі орыс тіліне аударылып жазылған.

Үндістерден парсыларға, моғолдарға т.б. халықтарға көшкен бұл аймақ атауының шығу төркінін білу үшін экстралингвистикалық фактор айтарлықтай рөл ойнайды, яғни аймақтың тарихын білу керек, себебі бұл аймақты үндістерден тартып алған Александр Македонский да бар. Мәселен, оның кезінде аймақ «Лампака» деп аталғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл аймақты бірнеше мемлекет бірінен-бірі тартып жатты, өйткені ол экономикалық жағынан ұтымды жер болған. Ұлы Жібек бойындағы маңызды нүкте болды, бұл жайлы көптеген шығыстанушылар да жазады. «Бабырнамада» да бұл жайлы сөз етіледі. Бұл мекен үшін Моғолстан, Кабул, Үндістан, Греция т.б. айқасты. Сәйкесінше, атауларын да өз тіліне беймідеп қолданды. Қанша ғасырлар өткенімен атауда түбегейлі өзгеріс болған жоқ – топоним құрамында «Lam» элементі сақталып отырды, ал кейінгі жалғанатыны тек фонетикалық бейімдеуге ұқсайды. «Lam»-ды сақтап қалуға тіпті шет елінен келген қытайлық Сюань Цзан тырысты.

Клавдий Птоломейдің (шамамен, б.з. 127-145 ж. өмір сүрген) «Географиясы» (шамамен, б.з. 150 ж.) бізге белгілі Көне дүниенің ең көне салыстырмалы егжей-тегжейлі және сенімді картасының сипаттамасы болатын бірегей құжат. Бұл еңбек бүкіл ежелгі географияның дамуының шыңы деп заңды түрде саналады: мазмұны жағынан ол өткен ғасырлар тәжірибесін

жинақтап, қалпы жағынан алға қарай революциялық қадам жасады. Өзінің сүбелі еңбегінде ғалым *Л*амбата халқы туралы айтады [17].

VII ғасырда қытайлық қажы Сюань Цзан бұ*л* мекенді «*Л*ан-по» деп атағанын және Үндістанның бір бөлігі деп есептегенін айтқан болатынбыз. О*л* Махаяна буддистерінің және көптеген үндістердің бар екенін айтады. Бұ*л* тұста о*л* «ламба» сөзін қытай тіліне бейімдеп атаса керек. *Л*амба деген бұ*л* со*л* кезде аталған аймақты мекендегін қауым атауы болған, яғни этноним. Бұ*л* жайлы кейінірек сөз ететін боламыз. Су-и*л* Чон өзінің «Ұлы Жібек жолы энциклопедиясында: «Laghman. Ұлы Жібек жолындағы сауда қаласы. *Л*ағман Ауғанстанның шығысындағы Кабу*л* өзенінің орта жағында орналасқан деп есептеледі. Бұ*л* Пальмира мен Үндістанды байланыстыратын маңызды қала болды, оның жазбалары арамей тілінде жазылған және Кабулдағы Ауғанстанның Ұлттық мұражайында сақталған. Александр Македонскийдің шығыс жорығы кезінде бұ*л* аймақ *Л*ампака деп аталды, ал Сюань Цзан оны «*Л*анбо (濫波)», Хэчо «*Л*анбо (覽波)» деп жазды» [18], – сынды дерекпен бөліседі. Иероглифтер бойынша Сюань Цзан жазуы «қатты толқындар», ал Хэчо (Силладан (Корея) шыққан будда монахы) жазуы «Lǎn bō» боп қала береді. Әрине, ойға Сюань Цзан бұ*л* жерді Кабу*л* өзеніне қарап осылай атаған болар деген болжам келеді. Дегенмен де олай емес. Со*л* кезде *Л*амғанды мекендеген халықтың тілінде, нақтырақ айтқанда, синдхи, раджастхани тілдерінде «о»-ға аяқталатын зат есімдер көп. Осылайша Сюань Цзан «Lamba»-ны [Lanpo] деп қолданса керек. Өзге елден келген, тілі мүлдем басқа саяхатшылардың кейбір сөздерді шет елге келген халықтың тіліне қарап, кейде өз тіліне де бейімдеп қолдануы жиі кездеседі, демек соңғы болжам ақиқатқа жақын.

А.Каннингем Сюань Цзан мен Клавдий Птолемейдің *Л*амғанға қатысты деректерін салыстыра отырып, келесідей қорытындыға келеді: «Птолемей де *л*амбат деп аталатын халықты *д*әл со*л* мекенде өмір сүрді деп көрсетеді. Бұ*л*

терминді қазіргі *Л*амған атауымен салыстыра отырып, бұл атаудың бастапқы түрі санскриттік *Л*ампака болған сияқты деуге болады. Сондықтан мен Птолемейдің Lambatae сөзін Lambagae деп түзетіп, «г» әрпін «т» әрпімен аздап ауыстырар едім. Қазіргі атау еріндік элизиясы арқылы жасалған *Л*ампаканың транскрипциясы ғана. Шығыста кең таралғандай, орта дауыссыз дыбыстардың жай ретке келтірілуіне байланысты оны *Л*амған деп те атайды. Сенгіш мұсылмандар бұл атауды патриарх *Л*амехтен алды, олардың қабірі *Л*амғанда әлі де бар деп санайды. Мұны Бабыр мен Әбіл Фазл байқаған» [19, 42-43]. Осындай пікірді Птолемей еңбектерін қарастырған МакКриндлдің «Көне Үндістан» еңбегінде де кездестіре аламыз [20, 107].

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048 жж.) өзінің «Китаб тарих әл-Хинд» (Үндістан тарихы туралы кітап) еңбегінде өзендер жайлы сөз еткенде былай деп жазады: «Каябиш еліне, бұл Кабул, жақын жатқан таулардан ағындары мол болғандықтан Горванд деп аталған өзен ағады. Оған Гузак асуының өзені; Парван қаласынан төмен орналасқан Панчхир шатқалының өзені; *Л*анбага, яғни *Л*амған, қаласы арқылы өтетін Шарват пен Сава өзендері құяды». Осы жердегі *Л*анбага, сөзсіз, «*Л*ампака» атауының фонетикалық нұсқасы екені көрініп тұр [21].

Априори, көп жағдайда үлкен аумақты алатын мекен атауы сол мекенде өмір сүріп жатқан халықтың атауымен байланысты болады. Біздің ойымызша *Л*ампака және оның бірнеше фонетикалық нұсқаларының негізінде бұл аймақта өмір сүрген халықтың атауы жатыр. Атап айтқанда, көптеген жылдар бойы бұл мекен Үндістанның иелігінде болды. Жат қауымы (jat people) (хинди: जाट Jāṭ, пенджаби: ਜੱਟ Jaṭṭ) – Солтүстік Үндістан мен Пәкістандағы дәстүрлі элиталық емес шаруалар мен малшылар қауымы. «Он сегізінші ғасырдан қазіргі заманға дейінгі Үндістандағы каста, қоғам және саясат» еңбегінің авторы С.Бэйли «жат» («jat») терминіне келесідей анықтама береді: «Jat – Солтүстік Үндістанның негізгі элиталық

емес «шаруа» кастасының атауы» [22, 385]. *Л*амба – осындай жат қауымдардың бірі және олардың мекен еткен жері – біз қарастырып жатқан *Л*амған жері.

Аталған қауым атауының бірнеше нұсқасы бар: Lamba (लांबा), Lamanshi (लामवंशी), Lamba (लाम्बा) [23, 127], Lamba (लम्बा) [24, 58], Lava (लावा), Lanva (लांवा), Lamva (लाम्वा), Lampaka (लम्पक) [25]. В.А.Жучкевич топонимика ерекше тарихи пән – этнографиямен тығыз байланысты деп атап көрсетті [26, 53]. Этнографтардың этноним ретіндегі этностарды сипаттайтын маңызды көрсеткішті назардан тыс қалдыра алмайтыны [27, 223], этнонимдердің топонимикада бейнелену мәселесін тарихи этнография деректерімен сабақтастыра отырып, жеке-жеке зерттеу керектігі атап өтіледі [28, 36].

*Л*амған жергілікті халық атымен аталып кеткен сыңайлы. Яғни З.М.Бабырдың көрсткенкеніндей Ұлы *Л*амех есіміне еш қатысы жоқ. *Л*амған атауының негізінде антропоним емес, этноним негіз болды деп есептейміз.

Lamba этнонимін жеке алып қарастыратын болсақ, беретін мағынасы сан түрлі. Қауым тарихы тереңде жатқандықтан, этимологиялық болжамдар да сан түрлі. Көп жағдайда буддизм бұтақтары «lamba» тілдік бірлігін түрліше түсіндіреді. Бұ*л* мәселеге көп тоқталмаймыз. Жоғарыда қарастырылған атаулар арасында «lamba»-ға сәйкес келетін фонетикалық нұсқалар көп кездесті. Хинди тілінде «lamba» (लम्बा) «биік» (tall) мағынасын береді [29], сондай-ақ санскрит тілінде геометриялық термин ретінде «перпендикуляр» мағынасына ие [30, 897]. Осы тұста аталу уәжі мәселесіне келсек, ең алдымен lamba сөзі этноним мен топоним екеуінің қайсына алғашқы болып теліндің? Бұны анықтау қиын, өйткені lamba этнонимінің алғаш жазбаша тіркелуі жайлы ақпарат жоқ. Бұ*л* қауымның тарихы тереңде жатыр.

Р.С.Жун *Л*амба-*Л*аманши туралы былай деп жазады: «Бұ*л* готра өте көне және раджпуттар, жаттар, маратхтар және кхаттристердің арасында кездеседі. Махабхаратадағы Дронапарвада *Л*ау әулетінен шыққан Врадха Бал патшасы

туралы айтылған. Бұл әулет Махараджа Рам Чандра Лаудың ұлынан тараған» [31, 93]. Сондай-ақ, ол, шамамен, 70 жат готра гуджар әскерлеріне қосылып, өздерін гуджарлар деп атай бастады деп жазады. Ламба – солардың бірі [32, 116]. Б.С.Дахия былай деп жазады: «Үнділік әдебиеттерде оларды лампакалар немесе лампалар деп те атайды, бірақ Гаруда-пуранда ламба деп аталады. «Маркандея-пурана»-да олар кусерустармен, чуликастармен т.б. бірге солтүстіктен келген адамдар ретінде айтылады [33]. Махабхарата оларды еске түсіре отырып, олардың жауынгерлік қасиеттерін көрсетеді [23, 262]. Тіпті, ламбаларды сақтармен байланыстырғандар да бар.

«Б.з.д. II ғасырға қарай Орта Азия аумағындағы сақ тайпалық одағы ыдырап, юэчжилердің шабуылынан кейін сақтардың бір бөлігі Үндістанға қарай бет алғаны» тарихтан мәлім [34, 34]. Сондай-ақ кейбір ғалымдардың (Х.Райчаудхури, В.Б.Синха, Б.Н.Мукерджи, С.Чаттопадхая, С.Леви, С.Коноу, М.А.Штейн т.б.) Үндістанға келген сақтарды үш топқа бөлетінін айта кеткен жөн: Орта Азия сақтары; Шыңжаңнан шыққан сақтар (хотандық сақтар, мурунд-сақтар немесе қытай деректеріндегі сай-уан), сондай-ақ оларға сақ-тиграхаудаларды да жатқызуға болады; және иран сақтары [35].

С.Чаттопадхая Үндістанды мекендеген сақтар туралы сөз еткенде Ламған жерін де жеке алып қарастырады. Сондай-ақ әзірге бізге қолжетімсіз Хемачандраның «Абхидхана-Чинтамани» (Abhidhāna-cintāmaṇi) деп аталатын санскрит синонимдерінің жүйелі сөздігінде мурундаларды лампактармен, яғни Ламған аймағының тұрғындарымен сәйкестендіретінін де көрсетеді. Автор бұны тұрғындары жайлы ақпаратты сақтап қалған ескі дәстүр: «Лампака = Ламған»-мен түсіндіреді. Мурундалар (сақтар) бұл жерді мекендеген, бірақ уақыт өте келе үнді халықтарымен сіңісіп кетті дейді. Мурундалардың тарих сахнасынан кетуін б.з. IV ғасырында Гупта империясының пайда болуымен байланыстырады. Сонымен қатар мурундалар

Самудрагуптаның Аллахабад бағанасындағы жазуында Дайвапутра-Сахи-Саханусахи және «сақтармен» бірге аталған деген дерек келтіреді. Самудрагупта бұл «өзін-өзі құрбан ету, қыздарды сыйға тарту (беру), Гаруда жетондарын беру, өз аумақтарын табыс ету және шетелдіктердің бұйрықтарды орындауы сияқты құрметпен қызмет ету әрекеті» екенін айтады. «Әрине, мурундалар Гупта монархының билігін шынымен мойындады ма, әлде бұл түсініктеме дәстүрлі емес пе, белгісіз», – деген пікірді ұсынады [35, 12]. Демек біз қарастырып жатқан ламбакалар Үндістанға көшкен сақтар болуы мүмкін.

Енді Ламған атауының өзіне келер болсақ, жоғарыда айтылғандай, ламба «биік» деген мағынаны береді. Аталған мағына я этностың антропологиялық ерекшеліктеріне, я мекен еткен жердің ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін деп есептейміз. Яғни атауға уәж болған – не ламбакалардың ұзын бойлы болуы, не мекендеген жердің таулы болуы. Ал егер Ламған аймағының көбінесе таулы массивтерден тұратынын еске түсірсек, бұл мағына мекендеген жердің массивтік ерекшеліктеріне қатысты деп топшылауға болады.

Ламбаканың енді қалайша Ламғанға өзгергенін талқылайық. Ең алдымен, топопнимдегі «Лам»-ның этноним екенін, шартты түрде, дәлелін тапқан шындық деп есептейік («ламба» этнонимінен апокопа нәтижесінде соңғы «б» және «а» дыбыс тіркесі түсіп қалды делік). З.М.Бабырдың бұл аймақты Lamğān деп атаған. Енді «ğān»-ның қайдан шыққанын анықтау қажет. Ойға келетін бірінші болжам – есімшенің жұрнағы. Алайда сөздің түбірі етістік емес, сәйкесінше олай болмаса керек.

З.М.Бабыр аталған мекенге іргелес жатқан жерлерді Ламғанатқа біріктіреді. Демек моғолдар бұл жерге келгенше дейін атауы қалыптасып қойған және моңғол тілінің әсері жоқ. Мәселен, бұған дейін аймақ ирандықтарға бағынышты болды. Ал парсы тілінде «-gān» қатыстылық мәнді береді. Мысалы: ده (deh, «ауыл») + گان (-gân) = دهقان (dehqân, «ауыл тұрғыны, шаруа»)

[36]. Сәйкесінше: *лам* (этнононимнің қысқартылған нұсқасы)+дық. Алайда Бабырнамада *Ламғанат* деген топоним де кездеседі. «Қаған – қағанат» сияқты сөзжасам нұсқасы бар. Бәлкім, моғолдар *Ламғанды* басып алған соң, оған «-ат» көнетүркілік жұрнағын жалғап, *Ламғанат* топонимін жасаған. Б.Сағындықұлы бойынша, -ат, -ут, -ит көнетүркілік жұрнақтар «ортақтық», «жинақтау», «мол болушылық», «көп, өте көп болу» т.б. ұғымдарын береді [37, 18]. Яғни *Ламған* жеріне қарасты жерлерді жинақтап, әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде атаған.

Ламған топонимінің даму жолын келесідей көрсетуге болады: Lamba (Сюань Цзян, *Лан-по*, Үндістаннің бір бөлігі боп тұрғанда) – Lambaga/Lampaka (А.Македонскийдің шапқыншылығы кезі, гректердің иелігіне өтуі) – Lamğān (парсылар кезінде, яғни Моғол тайпаларының басып алуына дейін және одан кейін). Ұзын сөздің қысқасы, топоним сол мекенде кезінде ұзақ уақыт бойы өмір сүрген қауым атауына ілесіп аталып жүрді. Бұл жерде Нұх пайғамдардың әкесі *Ламехтің* қатысы жоқ болып шықты. Бабырнамадағы болжамды тек халықтық этимология ретінде ғана қарастыруға болады және ол өз негізінде ғылыми дәлелдерге ие емес. Экстралингвистикалық факторларға көбірек сүйеніп, аймақты басып алушы халықтың тіл ыңғайына қарай апокопа үдерісі мен өз тілінің дыбыстарын я морфемаларын қосу үдерісі жүрді деп есептейміз. Бұндай тұжырымға келуге көне саяхатшылардың бұл мекенді қалай атауы да, «lam» элементінің топоним құрамында әрқашан сақталуы да т.б. түрлі факторлар жетеледі.

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, біздің пікірімізше, З.М.Бабырдың *Ламған* топониміне қатысты этимологиялық нұсқасы бұрыс және ол тек халықтың сеніміне ғана негізделген, ал шын мәнісінде атауға негіз болған lamba (lampaka) этнониміне парсы тіліндегі қатыстылық мәнін беретін жұрнақ жалғануы арқылы жасалған (Lam+ğān). Осылайша З.М.Бабыр кезінде

Ламған жері Моғол империясының қол астында болса да, топонимнің өзі өзінің бұрынғы тұрғындарын ұмытпаған, есте сақтаған. Сәйкесінше, этнографтар да тіл білімі, оның ішінде этимология арқылы көне этнос, қауымдардың кезінде өмір сүрген географиялық мекендерін анықтай алады. Топонимнің біз үшін маңыздылығы да осында – оның бойында бірнеше ғылым үшін құнды болатын деректер табылып жатады. Алдында атап өткендей, Бабырнамада мыңдаған топонимдер бар. Олардың барлығын тілдік зерттеу – келешектің ісі.

BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды

Әдебиеттер тізімі

1. Құнанбайұлы А. Қарасөздер мен очерктер. – Қазақстанның ашық кітапханасы. – 49 б. URL: https://clck.ru/33omui

2. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т.1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.

3. Hasanov H. Bobur sayyoh va tabiatshunos. – Toshkent: Őzbekiston, 1983. – B. 62.

4. Rasulov R. Bobur – Őzbek tilining sofligi uchun kurashuvchi // ilmiy tőplam. – Samarqand, 2000. – B. 44.

5. Нафасов Т. Бобур – номшунос // Бобур ва ўзбек миллий маданияти. Мақолалар тўплами. – Тошкент, 2000. – Б. 39

6. Давурова Х.Х. Лексико-семантические особенности ойконимов Джизакской области // Российская тюркология – 2020. – № 1-2 (26-27). – С. 47-60.

7. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian

edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. Part III: Hindustan. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 188 p.

8. Henning W.B. The Aramaic Inscription of Asoka Found in Lampāka // Bulletin of the School of Oriental and African Studies, University of London. – 2018. – 13 (1). – P. 80–88.

9. Watters T. On Yuan Chwang's Travels in India, 629-645 A.D. – Royal Asiatic Society, 1904. – 401 p.

10. Худуд-ал-Алам. Перевод, предисловие и комментарии В.Ф.Минорского. – 1936. URL: clck.ru/33kmwK

11. Schimmel A. Islam in India and Pakistan. – Leiden: E.J. Brill, 1982. – 93 p. URL: clck.ru/33knwj

12. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. Part II: Kabul. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 149 p.

13. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.

14. Мехтарлам. История. www.academic.ru URL: https://clck.ru/33omtp

15. Babur, Emperor of Hindustan. The Baburnama: memoirs of Babur, prince and emperor. Translated, edited, and annotated by Wheeler M. Thackston. Introduction by Salman Rushdie. – New York: The Modern Library, 2002. – 561 p.

16. Риттер К. Землеведение. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. Кабулистан и Кафиристан. Перевод В.В.Григорьев. – Санкт-Петербург: Тип. В. Безобразова и К., 1867. – 1023 с.

17. Древний Восток в античной и раннехристианской традиции: (Индия, Китай, Юго-Восточная Азия) / Российская акад. наук, Ин-т всеобщ. истории, Московский гос. ун-т им. М. В. Ломоносова, Ин-т стран Азии и Африки; [подбор текстов,

пер. с древнегреч. и латин., примеч. и аннот. указ. Г. А. Тароняна]. – Москва: Ладомир, 2007. – 638 с. URL: clck.ru/33kqMt

18. Jeong S. The Silk Road Encyclopedia. – Seoul: Seoul Selection, 2016. – 1120 p. URL: https://clck.ru/33oLbD

19. Cunningham A. The ancient geography India. I. The Buddhist period, including the campaigns of Alexander, and the travels of Hwen-Thsang. – London: Trübner and Co, 1871. – 589 p.

20. McCrindle. Ancient India as described by Ptolemy. – Kolkata: Baptist mission press, 1927. – 138 p.

21. Абу Рейхан Бируни. Китаб тарих ал-Хинд. URL: https://clck.ru/33kqek

22. Bayly S. The new Camdbrige history of India. IV. 3. Caste, Society and Politics in India from the Eighteenth Century to the Modern Age. – Camdbrige: Camdbrige University Press, 2006. – 388 p.

23. Dahiya B.S. Jats the Ancient Rulers (A clan study)/ Jat Clan in India. – New Delhi: Sterling Publishers Pvt Ltd, 1980. – 353 p.

24. Tugania O.S. Jat Samuday ke Pramukh Adhar Bindu. – Agra: Jaypal Agencies, 2004. – 64 p.

25. Ahlawat D.S. Jat History. URL: https://clck.ru/33oNpF

26. Жучкевич В. А. Общая топонимика. – Минск: Вышэйша школа, 1980. – 287 с.

27. Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. – Москва: Наука, 1973. – 285 с.

28. Агеева Р.А. О финно-угорской этнонимике // Вопросы финно-угорского языкознания. – Т. IV. – Ижевск: Удмуртия, 1967. – С. 36-41.

29. Hindi English ShabdKhoj. URL: https://clck.ru/33oPDD

30. Williams M. Sanskrit-English Dictionary. – Oxford: At the Clarendon Press, 1899. – 1375 p.

31. Joon R.S. History of the Jats. Eng. tr. by Lieutenant Colonel Dal Singh/ Chapter V. – Delhi: Jaitly Printing Press, 1967. – 109 p.

32. Joon R.S. History of the Jats. Eng. tr. by Lieutenant Colonel Dal Singh/ Chapter VI. – Delhi: Jaitly Printing Press, 1967. – 123 p.

33. Маркандея пурана. – Veda text. https://clck.ru/33ohfP

34. Skrine H.F., Ross E.D. The Heart of Asia. A History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the Earliest Times. – Padstow: T.J.I. Digital, 2004. – 528 p.

35. Chattopadhyaya S. The Sakas in India. – Santiniketan: Visva Bharati, 1955. – 126 p.

36. Wiktionary.org/wiki/گان URL: https://clck.ru/33onN4

37. Сағындықұлы Б. Көптік мағына берудің тарихи жүйесі // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2020. – №1. – 10-19 б.

Қапантайқызы Шынар
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Аннотация. *Уникальные образцы цивилизации, сложившиеся на Великом Шелковом пути, стали источником истории и продолжают существовать и сегодня. Сегодня мировая общественность проявляет большой интерес к Великому Шелковому пути. В условиях глобализации для развития отраслей культуры, коммуникаций, экономики, туризма очевидна необходимость заглянуть в историческую память народа и стремиться к духовной модернизации. Следы истории он находит в народной культуре, сознании, памяти, языке. История и культура прошлых эпох сохраняются и передаются из поколения в поколение через язык. В разные периоды истории ценности выражаются через язык, распространяются через язык, сохраняются в языке. Как установлено в рамках данного исследования, казахский нород сыграла очень важную роль в становлении и развитии Шелкового пути. Это наглядно демонстрируют материальные и духовно-культурные ценности той эпохи. В исследованиях ученых в области языкознания, этносоведения, религиоведения, культурологии эти вопросы всесторонне доказаны. В статье представлена информация о влиянии торговых путей на развитие китайского, персидского, арабского, тибетского, санскрита, тюркских языков и манихейской письменности.*

Ключевые слова: *Великий шелковый путь, история, лингвистика, этимология.*

Abstract. *The unique patterns of civilization that developed on the Great Silk Road have become a source of history and continue to exist today. Today, the world community is showing great interest in the Great*

Silk Road. In the context of globalization, for the development of the branches of culture, communications, economy, tourism, it is obvious that it is necessary to look into the historical memory of the people and strive for spiritual modernization. He finds traces of history in popular culture, consciousness, memory, language. The history and culture of past eras are preserved and transmitted from generation to generation through language. In different periods of history, values are expressed through language, spread through language, and are preserved in language. As established in the framework of this study, the Kazakh Norod played a very important role in the formation and development of the Silk Road. This is clearly demonstrated by the material and spiritual and cultural values of that era. In the research of scientists in the field of linguistics, ethnology, religious studies, cultural studies, these issues are comprehensively proven. The article presents information about the influence of trade routes on the development of Chinese, Persian, Arabic, Tibetan, Sanskrit, Turkic languages and Manichaean script.

Keywords: *The Great Silk Road, history, linguistics, etymology.*

Қазіргі жаһандану құбылысы мәдениеттер мен өркениеттер дамуында жүзеге асып жатқан үдерістерді айқындайды. Сондай-ақ тарихи құбылыстардың, әлемдік экономикалық байланыстардың бірлігі мен саяси үдерістердің, ғылымның, технология мен мәдениеттің өзара байланысының объективтілігін көрсетеді. Осыған байланысты түрлі мәдениеттер арасындағы диалог пен өзара әсерлерді зерттеу әлеуметтік-мәдени жүйелердің әртүрлі деңгейінде сенім, түсіністік пен өзара әрекеттесуді қамтитын аса өзекті мәселелердің қатарында саналады. Қазіргі заманғы әлемді кез келген мәдениет, құндылықтар жүйесі немесе идеология тұрғысынан түсіндіру тым күрделі. Оның өмір сүру жағдайларының бірі – елдердің психологиялық, діни және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, құрылуы тиіс бастапқы ұлттық мәдениеттердің диалогы.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасып, тарихтың сол бір кезеңдерінде өзара әлеуметтік-мәдени ықпалға ұшыраған

әрбір мемлекет бүгінгі күнде де іргелі мәдени сабақтастықтарды дамытуға мүдделі. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. ...Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз», - деп атап көрсеткен болатын [1]. Сондықтан ұлттың тарихи жады мен тілдік санасын зерттеп, тану – оның жалпыадамзаттық даму үдерісіндегі орны мен маңызын анықтау. Тарихтың әрқилы кезеңдерінде мәдениеттер мен өркениеттер диалогына қатысушы әр ұлттың қоршаған ортаға дегенсан қилы көзқарас, түсінігі қалыптасады. Себебі әр мәдениет заманына, моральдық нормаларына қарай халықтың құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Осы құндылықтар тіл арқылы көрініс табады, тіл арқылы таралады, тілде сақталады. Бірнеше дәуірдің тарихы, мәдениеті, қоғамдық-әлеуметтік, психологиялық, саяси- экономикалық т.б. даму көрсеткіштері тарихи, археологиялық, этнографиялық, географиялық т.б. зерттеулермен қатар ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы сақталып, жететіні ғылымда дәлелденген.

Зерттеушілердің пікірінше, «...тілдің қызметі жалаң коммуникативтік құрал ретінде емес, ойды білдіріп қана қоймай, тілдік санада ойды түзетін, құратын, сақтайтын, жеткізетін таным тетігі, ел тарихын сақтаған мәдени-құжаттық қор», - деп тұжырымдалады [2]. Сондықтан тілдік сана, аялық білім тәріздітілдік құрылымдардың сипатын анықтау үшін сол тілде сөйлетін ұлттың тарихын танудың маңызы зор. Тілдік сана ұлттық тілдің сөз байлығымен қалыптасып, халықтың тарихи жадындағы әлем жайлы танымы мен білімінің көрсеткіші болады. Тілдегі нақты ұғымдардың ұлт тіліндегі, ұлттық мәдениеттегі, ұлттың әлеуметтік- қоғамдық өміріндегі қызметі мен орнын зерттелеу арқылы тарихтар бойы қалыптасқан ұлттың тілдік санасы жайлы аялық білім қорын тануға мүмкіндік ашылады. Адамзаттың рухы мен болмыс-

бітімі, бостандығы мен еркі, тарихи жады мен діни наным-сенімдері, рәміз-таңбалық сипаттамалары, өмірлік дәстүрі, дүниетанымы мен мәдениеті бәрі жинақталып келіп, тілдік санада көрініс табады. Зерттеушілер аумақтық жағынан жақын орналасқан туыстас және туыс емес тілдерде сөйлеушілердің алғашқы тілдік білімді көрсететін сөздерінің мәдени жадының бейнеленуінде ұқсастық бар деген пікірді қуаттайды [3].

Адамның өзін қоршаған әлем туралы аялық білімі тілде заттар мен құбылыстарға, олардың сапалық белгілеріне атау беру түрінде көрініс табады. Бұл әрекетті экстралингвистикалық факторлармен байланыста қарастыру ұлттың тілдік санасын оның тарихы мен географиялық жағдайы, психологиясы мен менталитеті тұрғысынан айқындауға мүмкіндік береді. Адамның тұрмыс-тіршілігіндегі тың өзгерістер оның тілінде көрініс табады, соған байланысты ұлттың сөздік қорында жаңа атаулар мен ұғымдар пайда болады, кейбір тілдік бірліктердің семантикалық аясы кеңейіп, коннотациялық мәні ашыла түседі.

Ұлы Жібек жолы бойында орналаласып, ірі сауда-орталықтары болған көне қалалар жайлы жазылған ғылыми мақалалар авторлары ол қалалардың өз заманында басты мәдени-рухани орталық қызметін де атқарғандығын ерекше атап көрсетеді. Олардың қатарында Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз қаласыжайлы [4], Ханқорған қалашығы жайлы [5], тарихи қалалар коммуникациясының мәдени ерекшеліктері жайлы [6] мақалаларды атап өтуге болады. Д.Ахметжанов пен А.Алимжановалардың еңбегі Жібек жолы аясындағы мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен алмасуы мәселесін зерттеуге арналған. Авторлар жаһандану дәуірінде де Ұлы Жібек жолы мәдениеттералмасуын әртүрлі мәдениеттердің қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылатынын айта келе, ғасырлар бойыЕуропаға апаратын бірден-бір трансконтинентальдық жол болып келген Ұлы

Жібек жолының мәдени трансформациясын мәдениеттану ғылымының өзекті мәселесі ретінде қарастырады [7].Тақырыпқа қатысты әр жылдарда жазылған еңбектерді саралау нәтижесі біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған Ұлы Жібек жолының ұлттың дүниетанымына, тілдік санасына, тарихи жадына әсері мәселесіне қатысты зерттеу еңбектер жоқтың қасы екені анықталды. Зерттеуші В.А Шальнев бұл туралы: «Өкінішке қарай, мәдениеттің генезисі мен эволюциясы контекстіндегі өркениеттікөзара әрекеттесу идеясы Ұлы Жібек жолына қатысты кең тараған жоқ. Адамдардың белгілі бір топтарының өміріндегі табиғи жағдайлардың рөлін және олардың нақты бір уақыт аралығындаөзгеруін түсіндіретін географиялық детерминизм де мұндабайқалмайды», - деп жазды [8]. Бұл мәселеге қатысты тек бірді-екілі еңбектер авторларының осы Ұлы Жібек жолының мәдениаралық маңызы жайлы жекелеген пікірлерін ғана кездестіруге болады.

Жібек жолы бойындағы **материалдық байланыстар рухани байланыстардың қалыптасуына алып келді.** Әртүрлі этностар арасындағы мәдени алмасуды жеңілдетуде және мәдениетаралық түсіністік пен ынтымақтастықты ілгерілетуде діни, тілдік қарым- қатынас арқылы жүзеге асты. маңызды рөл атқарды. Жібек жолы бойында қалыптасқан ортақ мәдениеттер әсерінен сол елдердің тілдері, діни наным-сенімдері мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары арасында өзара ықпал ету үдерісі жүрді. Осы елдердің өркениеттерітоғысында ғылыми жетістіктерінің жаңа тәжірибелері, өнерлерінің үздік жаңа үлгілері дүниеге келді. Жібек жолы бойындағы тұрмыстық мәдени алмасу қарқынды және үздіксіз үдеріс болды.Ол мәдениетаралық түсіністікке ықпал етті, күнделікті өмірге әсер етті және тараған аймақтардың бай мәдени гобеленіне ықпал етті. Жібек жолы бойында III ғасырда Мани пайғамбар негізін салғандуалистік **манихей діні** де тарады. Манидің өзі мен ізбасарлары қауымдастықтар құру және

сауда жолдары бойына манихейлік ілімдерін тарату миссиясын жүргізді. Дін Орталық Азияда, Қытайда танымал болды, тіпті Рим империясына дейін жетті. Осы кезеңде көне түркі руникалық жазуларының орнына түркі әлеміне **манихей жазулары** деп аталатын көне ұйғыр жазуының келуі Манихей дінінің таралуымен тікелей байланысты болды. «Мани өзінің діни ілімін тарату жолында бүкіл түркі халықтары арасында кең тараған «ұйғыр жазуы» деп аталған жазу үлгісін осы арамей жазуының үлгісін пайдалана отырып негізін қалады. Осыдан кейін ұйғыр жазуы негізінде көптеген түркілік шығармалар пайда болды»[9].

Адам баласы қалыптасқан кезден бастап ең күрделі мәселе – адамдардың өзара мәдени байланысы мен қарым-қатынасы болып келеді. Көптеген теориялық концепциялар мен халықаралық құжаттарда мәдени байланыс идеялар мен әрекеттер арқылы көрініс табады. М.М.Бахтин айтқандай: «Мәдениет басқа мәдениет арқылы ғана өзін тереңірек және толық ашады» [10]. Ұлы Жібек жолы торабында тағдырлары тоғысқан мемлекеттер өзге елдердің мәдениеті арқылы өздерінің бірегейліктерін айқындады. «Шығыс пен Батыс идеялары бірін-бірі толықтыра келе, адамзаттың өткен тарихын қалыптастырды» [11].

Жібек жолы тілдер мен коммуникация жүйелерімен өзара алмасуға мүмкіндік беретін лингвистикалық көпір қызметінатқарды. Сауда жолдары қытай, парсы, араб, тибет, санскрит, түркі тілдерінің кеңінен таралуына ықпал етті. Әртүрлі мәдениеттер өзара әрекеттесе отырып, бір-бірінен сөздер мен сөз тіркестерін, тілдік құрылымдарды қабылдап, игеріп, өз тілдерінің байып, дамуына әсер етті. **Түрлі жазулармен** құлпытастарға, тұрмыстық заттарға, әшекей бұйымдарға, діни ішірткілерге жазылып, бізге жеткен жазба мұралардан кейде жоқтау, кейде мадақтау ыңғайында айтылған шешендік сөздердің, өлеңдік ұйқастардың, мақал-мәтелді тіркестердің, діни уағыздардың т.б. көне үлгілерінкөре аламыз.

Орталық Азияда парсы тілі *лингва франкқа* айналып, сауда-саттық жасауда кеңінен қолданылды. «*Лингва-франка* (Lingua franca) - белгілі бір қызмет аясында этносаралық қатынас құралы ретінде қолданылатын тіл. *Лингва франканың* мақсаты - өзара түсінісе алмайтын адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету және сауданы, дипломатияны және басқа да өзара әрекеттесу түрлерін жеңілдету» [12]. Парсы тілі әр түрлі тілдік ортадан шыққан саудагерлер мен саяхатшылар арасында ортақ қатынас құралы қызметін атқарды және оның Жібек жолы бойында кеңінен қолданылуы оның аймақтағы негізгі сауда-саттық тілі ретінде таралуына ықпал етті. «Қазіргі көптеген мемлекеттер (Ауғанстан, Пәкістан, Өзбекстан және т.б.) өз атауына парсы тілінен аударғанда «ел» дегенді білдіретін «стан» сөзін қосады. Үндістанда 19 ғасырдың басына дейін парсы тілі де жалпы мемлекеттік тіл болды. Бұл – Ұлы Жібек жолының оңтүстік бөлігінде дамыған үнді- парсы және үнді-исламдық мәдени мұра континуумының үлгісі» [13, 165-б.].

Араб тілі де Таяу Шығыста әртүрлі тілдік ортадан шыққан саудагерлер, ғалымдар мен саяхатшылар үшін қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етті. Араб тілінің Жібек жолы бойында қолданылуы ислам дінін таратумен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар ол ғылым, мәдениет, әдебиет тілі ретінде кеңінен қолданылды.

Қытай жазбаларындағы «биік», «асқақ», «жоғары» деген мағынаберетін «шаньюй» (Моде шаньюй) сөзі түркі тілдерінде «сеңгір» деп дыбысталады. Аталған екі сөзден «ш~с»; «нь~ң» дыбыс сәйкестіктерін көреміз. Бұл қазақ тіліндегі «сеңгір таулар», «заңғар көк» сияқты тіркестерде кездесетін сөздің фонетикалық варианты екендігін айғақтайды. Б. Әбжет өз кітабында былай деп жазады: «Дәу» сөзі түркі халықтарында дәу деп, кейде дию деп айтылса, ол басқа халықтарда былайша айтылады. Мысалы, Авестада daeva, пехлеви тілінде dev деп, ежелгі үнді тілінде deva болып айтылады. Барлығының да бастапқы мағынасы құдай дегенге келіп саяды [14].

Бұл үзік-үзік мәліметтер күрделі этнотарихи үрдістердің бейнесін толық ашып бере алмайды, дегенмен ұзын-сонар Жібек жолы бойында орналасқан көне елдімекендерге, ол жерлерде орын алған маңызды оқиғаларға, өмір сүрген тұлғаларға, жалпы еліміздің тарихы мен мәдениетіне, тілдік санасының қалыптасу үдерісіне қатысты маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ТоқаевҚ.К. Ұлы даланың жеті қыры. 21.11.2018/ /https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ulydalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy (қаралған күні: 02.02.2022).

2. Ушакова Т.Н. Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание образ мира, М.: Институт языкознания РАН, 2000. – С.45-52.

3. Г. Смагулова Б. Бақ мәтіндері: қазіргі қазақстандағы тілдік-менталдық кеңістік //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2018. – Т. 170. – №. 2. – С. 143-148.

4. Сатаева Б., Бексеитов Ғ. Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық Тараз шахарының зерттелу мәселелері аясында // Вестник КазНПУ. Серия «Исторические и социально- политические науки». - №3. - 2021. – 66-72 б.

5. Зулпыхарова Э., Балтабаева А. Ұлы Жібек жолы бойындағы Ханқорған қалашығының орта ғасырлардағы көрінісі және қазіргі жағдайы //Йасауи университетінің хабаршысы. – 2020. – Т. 3. – №. 117. – Б. 263-273.

6. Альджанова Н. Мионг С. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы қалалары коммуникациясының мәдени ерекшеліктері // ВЕСТНИК КазНУ Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - Том 52 № 3 (2015). – С. 131-135.

7. Ахметжанов Д., Алимжанова А. Ұлы Жібек Жолы мәдениеттерінің өзара әсері //Вестник КазНУ. Серия философии,культурологии и политологии. – 2019. – Т. 68. – №. 2. – С. 120-128.

8. Шальнев В.А. Великий шелковый путь – исторический миф или опыт построения региональной модели межцивилизационных отношений. // Историко-культурное наследие Великого шелкового пути и продвижение туристских дестинаций на Северном Кавказе: материалы III Международной научно-практической конференции. – Ставрополь: Изд-во СКФУ, 2017. – 288 с. С. 164-168.

9. Нарзуллаева С.Б., Eftal Ş.B. Арамей жазуы – көне түркі жазуы // «Әуезов оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. – Шымкент, 2011. – С. 31-35 б.

10. Бахтин М. М. Искусство и ответственность. — Искусство, 1979. – 424 с.

11. Абасов А. Восток и Запад: взаимодополнительность идей // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. - № 2(131)/2020. – С. 8-21.

12. Вайнрайх У. Языковые контакты: Состояние и проблемы. - Киев: Вища школа, 1979. - 264 с.

13. Шальнев В. А. Великий Шелковый путь – исторический миф или опыт построения региональной модели межцивилизационных отношений //Историко-культурное наследие Великого шелкового пути и продвижение туристских дестинаций на Северном Кавказе: материалы III Международной научно-практической конференции (Ставрополь 5–7 октября 2017 г.) / / под ред. В. С. Белозерова, И. В. Крючков. – Ставрополь: Изд-во СКФУ, 2017. – 288 с.

14. Әбжет Б.С. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, «Тұран» баспаханасы, 2008. – 258.

Қартаева Айжан Маратбекқызы
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университетінің профессоры

«АЛТАЙ» ТОПОНИМІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕСКІН-КЕЛБЕТІ

Аннотация. *Топоним "Алтай" в современной прозе часто используется для создания художественных образов и символов, символизирующих красоту и тайну этого горного региона. Алтайская горная система на границе России, Казахстана, Китая и Монголии славится своими живописными пейзажами, дикой природой и богатством культурных традиций. Здесь мы перечислили ниже некоторые способы использования топонима "Алтай" в современной прозе.*

Алтай-святая обитель казахского народа, народ ата. Топоним "Алтай" с незапамятных времен занимает центральное место в произведениях поэтов и писателей, всесторонне иллюстрируется с исторической точки зрения и с художественной идейной точки зрения. Топоним «Алтай», отраженный в поэмах, эпосах и словесных жемчужинах, народных песнях нашего народа, впоследствии приобрел особое историко-литературное значение в письменной литературе. В ходе раскрытия сущности и содержания темы были представлены мнения исследователей и сделаны выводы.

Ключевые слова: *Алтай, писатель, произведение, проза, художественный образ, история, литература*

Abstract. *The toponym "Altai" in modern prose is often used to create artistic images and symbols symbolizing the beauty and mystery of this mountainous region. The Altai mountain system on the border of Russia, Kazakhstan, China and Mongolia is famous for its picturesque landscapes, wildlife and rich cultural traditions. Here we have listed below some ways of using the toponym "Altai" in modern prose.*

Altai is the holy abode of the Kazakh people, the Ata people. The toponym "Altai" has occupied a central place in the works of poets and writers since time immemorial, is comprehensively illustrated from a historical point of view and from an artistic ideological point of view. The toponym "Altai", reflected in poems, epics and verbal pearls, folk songs of our people, subsequently acquired a special historical and literary significance in written literature. During the disclosure of the essence and content of the topic, the opinions of researchers were presented and conclusions were drawn.

***Keywords**: Altai, writer, work, prose, artistic image, history, literature*

«Алтай» көбінесе жабайы табиғат пен сұлулықтың символы ретінде сипатталады. Алтайдың таулары, өзендері, көлдері мен ормандары кейіпкерлердің оқиғалары мен әрекеттерінің фонына айналады. Бұл басты кейіпкерлер ішкі тыныштықты, шабытты табатын немесе табиғи қиындықтарға тап болатын орын болуы мүмкін. Рухани мағынасы әдебиетте "Алтай" рухани ізденістер мен эпифаниялардың символы бола алады. Таулар кейіпкерлер үшін медитация, контемпл және рухани трансформация орнын көрсете алады. Мәдениет пен халықтарды зерттеу:" Алтай " Алтай және басқа этникалық топтар сияқты жергілікті халықтардың мәдениеті мен өмір салтын зерттеуге орта бола алады. Қазіргі проза осы аймақтағы әртүрлі мәдениеттердің кездесуі мен өзара әрекеттесуіне назар аудара алады. Шытырман оқиғалар мен жұмбақтар жайлы Алтай шытырман оқиғалы сюжеттер ашылатын және жұмбақтар шешілетін өзіндік орны қалыптасқан. Таулар мен олардың айналасы кенеттен болатын оқиғалар мен күтпеген жаңалықтарға көптеген мүмкіндіктер жасайды.

«Алтай» әр түрлі идеялар мен тақырыптарды білдіру үшін символ ретінде қолданыла алады. Мысалы, бұл жоғары мақсаттарға ұмтылуды, ұзақ сапарды немесе қиындықтарды жеңуді білдіреді.

Қазіргі прозада «Алтай» топонимі көбінесе шабыт көзі ретінде қызмет етеді және осы таңғажайып аймақтағы табиғаттың, мәдениеттің және адам тәжірибесінің көп қырлы аспектілерін бейнелейтін бай көркем бейнелер жасайды.

ХХ ғасырдың дарынды да талантты қаламгерлерінің бірі – қазақтың төл әдебиетінің Кербұғысы атанған Оралхан Бөкейге дейін Өр Алтайдың төсін жарып шығып, қасиетті де киелі сөз өнеріне тың жол салып, өзгеріс алып келген, өзіне тән оқшау ойларымен дүниежүзілік әдебиет айдынына құлаш ұрып, самғаған қаламгерлер тым аз еді.

Оралхан Бөкей - нағыз Алтайды жырлаушы, қазақ әдебиетінің көркемдік әлемінде ғажайып із қалдырған аса көрнекті жазушы, қайраткер қаламгер. Оралхан өзінің кіндігінің қаны тамған туған жерін, заңғар Алтайын шексіз сүйіп, жарқырата жырлап өткен қаламгер. Ол: «Менің ақылшым - туған жер, ұстазым - тәкаппар да паң, қаталда қатқыл Алтай! Мен өзімді әмәнда жападан жалғыз сезінетінмін, мен қай жаққа барсам да, қайда аяқ бассам да жалғыз біреумін, айталық, айналамда быжынаған адамдар, бірақ тек өзім ғана соқайып жалғыз жүретін сыңайлымын. Неге?», - дейді Алтайына сары сағынышымен қайта оралғанда. Сөйтсе, оның бәрі сағыныштың себебінен екен. Алтайына келіп аунап-қунап аз күн жүрсе де, өз жалғыздығын мүлде естен шығарып, ұмытып кететін. Тау-тасты кезіп, қанша араласа да, өзінің жалғыз екенін әсте еш сезінбейтін. Қайта табиғатқа іштей сыр ашып, сырласып өзінің мауқын бір басар еді. Оған алып биік тау мен кең байтақ, дархан дала сызылта ән салып тұрған сияқты елестейтін. Ол «тынысы тарылатын қалада жүріп өзі жалғызсыраған, жабырқаған көпшілік күндері мен түндерінің қап-қара жамылғысын бір сілкіп тастап, өзінің маңғаз, тәкаппар тауының аппақ сағымына, жаңа туған сәбидің дақ түспеген санасындай тап-таза торғын нұрына шомылып, табиғат анасынан қайта жаралып, қайта дүние есігін ашып, туғандай түлейтін.

Оралхан өзінің қаламынан туған шығармаларында табиғаттың сұлулығын тамсана жырлаумен бірге, сондағы кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін, толғанысын, сезім буырқанысын сол сұлу табиғатпен атастыра отырып бейнелеудің шебері. Ол адамның жаны мен табиғат құбылысын бір-бірінен бөлектемей, біртұтас бірлікте сезінеді. Соның арқасында оның шығармаларына туған кейіпкерлері табиғаттың тап бір өзіндей, кіршіксіз таза, ақ-адал болып келеді.

Жалпы, табиғат пен адамның арасындағы өзара үйлесімді байланыстың нәзік жібі үзілетіндей жағдай болса, онда ол барлық жарасымдылықтың сарайы қиратынына жол берілетіндігін ишаралай жеткізді жазушы. Адамзат баласы табиғаттан қаншалықта алшақтаса, соншалықты оның сезім мұнарасы мұқалып, таным-түйсігін тозаң басып, бір-біріне деген мейірімі мен шапағаты азайып, сарқыла беретін сияқты. Ондай пендеден дүниедегі барлық қатігездікті атаулыны таңырқамай күтуге болады. Оралхан Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі бір кейіпкері былай деп толғанады: «Көкте қалықтап ұшқан құс, кең далада жарыса жүгірген аңды шімірікпей атқан сайын, немесе орманмен тоғайды, өзен мен көлді жойып, құртқан сайын – олармен қоса өзімізді де кеміктеп, өлтіріп жатқанымызды әсте зерделеп, түйсінген емеспіз». Иә, көркем де сұлу табиғаттың төл перзенті саналатын пенденің сол табиғаттың өзіне қару ала қарсы шығып, бермесіне қоймай, қатігездікпен тартып алуға талпынуынан бүкіл жамандық атаулының бастауы боған көзі ашылады екен.

Осылай, табиғат пен адамды шығармаларында тұтас бірлікте қарастыра келіп жазушы, адам-жұмбақтың, ғалам-жұмбақтың оңайлықпен шешіле бермейтін құпия сырларына, табиғаттың тың да тылсым тұңғиығына жіті көз тастап, сырлы, сиқырлы, жұмбақты сыр түйеді. Адамның жаны қанша құпия, жұмбақты болса, табиғаттың да екінің бірі байқай бермейтін тылсым-тұңғиығы көп құпияларға толы екен. Оны көру үшін,

сезіну үшін ақынға тән жүрек, сыршыл да сезімтал жан-дүние керек. Табиғатқа деген кіршіксіз таза әрі шегі жоқ шексіз сүйіспеншілік қажет.

Оралхан Бөкейде, дәл осындай сыршыл жүрек пен сезімге толы сезімтал түйсік бар. Ол Алтайына сарыла сағынып жеткенде, оның ысық құшағына еніп, табиғатпен бір демде қоян-қолтық араласып, біріге кірігіп кетеді. Сырын айтып сырласады, мұңын шағып мұндасады. Ол таудың әсем ән салғанын, күнірене күрсінгенін, Бұқтырма өзенінің бұрқ-сарқ етіп долдана ашуланғанын, кісімсіген үскірік аяздың сайтандай тәрізді сақ-сақ етіп күлгенін, Марқакөл мен Әулиекөлдің бірге тебіреніп мұң шаққанын, көк аспанның сатыр-сұтыр ашуға мініп, жасын тастағанын, қарағайдың мұңыңа беріліп, жартастың жасырына жылағанын - бәрін-бәрін түгел көреді, жүрегімен сезінеді, естиді, жанымен барынша түйсінеді. Содан кейін осы қарқында бойын кернеген шабытпен алдына қағаз, қолына қалам алады да табиғаттың әсте қайталанбайтын ғажайып суреттерін, ешкімге ешқашан ұқсамайтын сыршыл да сезімді кейіпкерлер суретін қашап жасайды.

Оның «Жетім бота», «Мұзтау», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Сайтан көпір», «Қар қызы» повестері мен көтеген әңгімелерінің негзігі кейіпкерлері шетінен ойлы да сезімтал, арманшыл да қиялшыл болып келеді. Өйткені, тағы да қайталап айтамыз, адамзат баласының табиғат иесін тереңінен түйсініп, сезінген, жанымен де тәнімен де сүйген сәтіде оның арманшыл, қиялшыл болмауы әсте мүмкін емес нәрсе.

«Мен сонау өзіне тамсандырып, таңдай қақкызатын, тамылжыған тамаша өлкенің түлегі болғаныма қатты қуанамын. Осындай таңғажайып талланттың, таңғажайып сұлулықтың бір мысқалы маған дарыса екен деп іштей тілеймін. Мейлі қайда жерде жүрейін, менің көз алдымнан да, көкірегімнен де сиқырлы да сыбызғылы туған өңірімнің асқақ, әрі сұлу келбеті кетпеуін жаныммен тіледім. Құс ұшса орнында ұясы қалар, ал менің ұям ол - туған жер, мен осынау

туған жерге ат басын бұрып, қайта оралған сайын, қайта дүние есігін ашамын, қайта сәбидей іңгалап, қайта табанымнан қаз тұрып, тәй-тәй басамын», - дейді Оралхан өзінің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде.

Оралхан кейіпкерлеріне тән тағы бір ерекшелік - олар қиялшыл, арманшыл, болуымен қатар мұң жамылғысна оранған мұңшыл, ойдың терең құдыған түскен ойшыл, жан-дүниелеріне үңілсең сарғайған сағынышқа көмілген аңсау, күрсініс, ынтығу мен өшпес өкініш, шексіздікке ұмтылған ынтызарлық, жұмбағы шешілмес сыр жатады. Олармен қосылып белгісіз бір сағынышқа толы мұңға батып кеткеніңді өзің де аңдамай қаласың. Иә, бұл жандар неге соншалықты мұңшыл, тым күйрек? Өлшеулі өмірде олар қызығып, қуаныштан шаттанатын нәрсенің мүлде жоқ болғаны ма? Жо, жоқ, жан-жағыңа көз тастап қарасаң, тап осы Оралхан кейіпкерлері сияқты ah ұра терең күрсініп жүрген қатарластарымызды тіптен көре алмаймыз ғой. Сөйтсем, «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» деп кемеңгер Абай айтқандай, оның барлығы Оралханның тұла бойындағы өз мұңы екен-ау! Ой биігіне шыққан ойлы жазушының сырлы сезімге толы жүрегі барлығын ойлап, сыздап ауырып жүреді екен ғой. Сол сыршыл жүрекгінің сырын, бойындағы бар мұңын өз кейіпкерлеріне теліп беру арқылы, солардың жүрегінен шығарып айтқызу арқылы олардың толқынды толғаныстарымен бере отырып, белгілі бір тұжырымдарды жасайды екен.

Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі кейіпкер Таңатардың жұмбаққа толы өлімі, Сарқынды шал басынан кешкен трагедиялы оқиғалары ұғынған жанға көп жайды алысты жаындата аңғартса керек. Таудың қуысында жан баласымен мүлде араласпай, жұмбақты ғұмыр кешіп жатқан Сарқынды шал неге өзінің қыл қобызын қайғырта зарлатып, мұңды күй шертеді екен? Оған не себепті Өр Алтай күңірене күрсінеді? Өз ағысымен сылдыр қаға аққан Әулиекөл неге толғаныспен тебіренеді? Сарқынды қар неге

азап шегіп, азаланады? Неге кектенеді? Жаңа ғана туған еш жазығы жоқ қара қасқа құлынды, қызғаныштан шыдай алмай: «Менің бабамның үйір жылқысынан қалған тұяқ, сол себепті менің де малым» деп сары мойын кездігімен алқымынан бір сәтте орып жібереді. Содан кейін боз бие қайта құлындамай бедеу қалды. Неге? Бұл арқылы жазушы нені ұқтырғысы келіп меңзеп отыр? Сарқынды шал кектенбей қайтсін, кеңес өкіметі жер қайысқан үйір-үйір жылқысын тігерге жалғыз тұяқ қалдырмай, зорлықпен қинап тартып алса, өзге өлкеден ауып келген кержақтар өз ата-бабасының байырғы қонысынан бір уақта қуып шықса, өмірінің өз кіндігі кесіліп, жетесіз әрі санасыз ұрпақты ту желкесіне мінгізіп, санамен сары уайымға түсіп сарғайып, қайғыдан қан жұтып қартайса...

Бұдан асқан қорлық бола ма? Боз биенің құлындамай сол қалпы бедеу қалуы – арда халық қазақтың басынан баянды бағының тайқып кетіп таюы емес пе! Сарқынды қарттың о дүниеге аттанар сәтіндегі мына бір торықтырар толғанысына көңіл салып, назар аударайықшы: «Шын жыласа түк көрмес соқыр көзден тамшы болып үзіле жас шығатын болар, мен қамықсам, қызғаныштан қамықтым, мен қаралы да қайғылы күй тартып зарласам, ата-бабамның ақ бөкендей жосылған, жер қайыстырған үйір жылқысын, қолында көкте қалықтай ұшатын қаршыға, соңында жүгіре ерген құмай тазысы бар әкемді, сол әкемнің қырық нарға бірдей артқан зерін, қойдай өріп, жылқыдай жусайтын момақан да қарапаым тыныштықты сүйер елін көз алдыма елестетем» [1, 132].

Міне, қазақтың бір сәтте өз кейпін жоғалтып, азып-тозуы осыдан бастау алған. Осы Сарқынды шал өзінің өлер сәтінде домбырасы мен сырлы сыбызғысын өзімен бірге қараңғы көрге қоса көмдіртеді. Бұл не? Бұл - кеңестік кезеңдегі ана тіліміздің, дәстүріміз бен салтымыздан әсте айырылған бейшара бейбақ күйімізді меңзеу, көрсету, таныту емес пе екен!..

Жазушы адамды бір демде өз тәубесіне келтіретін бірден бір нәрсе табиғаттың адуынды қатқыл қаталдығы екенін түсінеді. Табиғат қаталдығы Оралхан шығармаларында

сюжеттік маңызға ие. Табиғат оқиға желісіне ұдайы араласып отырады. Табиғаттың қиқар мінез қаталдығы Оралхан қаламынан туған шығармаларда сюжеттік мән мен маңызға ие. Табиғат шығармадағы оқиға желісіне үнемі араласып отырады. «Қар қызы», «Сайтан көпір» повестеріндегі кейіпкерлерді жетектей-жетелеп оқиғадан оқиғаға айдап, қуып отыратын адуынды күш – табиғаттың қаталдығы, табиғаттың алай-дүлей болған мінезімен тура бетпе-бет келу. Мәселен, «Қар қызы» повесінде қорадағы малына шөп алып келуге шығып, барар жолдан адасқан, қыстың қаһарлы аязы мен суығына тоңған үш жігіттің адамгершілік бет-бейнесі де тап осы сипатта айқындалып, анық көріне түседі. Бақытжанның жанындағы жолдастарынан тығылып алып құрт жеуі, ал Аманжанның бір уақытта өзінен-өзі еліре бастауы осыған дәл мысал бола алады. Жазушы Оралханның ойынша, табиғаттың қаталдығы – аса қажет нәрсе. Сол себепті де ол Алтай жайлауына апаратын жолға бетоннан құйып, қаланатын көпірге қарсы. Себебі, ол ешқашан енді баяғы «Сайтан көпір» бола алмайды, адамдар еш қорықпай, қарқ-қарқ күлкіге басып өте шығады да, Алтай жайлауынан бір сәтте-ақ қадір мен қасиет кетеді. Адамдардың тұла бойынан қатерден қорқып, сескену сезімі тып-типыл жоғалып, ондай қасиеттер құзар шыңнан төмен қарай құлдилап, мүлде құрып, есінетер ессіздіктің үстемдігі тура төрден орын алуына жол береді. Табиғат пен адамзат баласының қарым-қатынасына арналып жазылған шығармалардағы негізгі кейіпкерлерді табиғат анаға деген позициясына қарай «жасампаздар», «ойлампаздар», «жыртқыштар» деп топтастырар болсақ, О.Бөкей тудырған шығармалардағы кейіпкерлерді типтік жағынан алғанда «ойлампаздар» санатын жатқызуға толықтай болар еді. Олар табиғатты құзғынның құйтырқылығынан қорғауға белсенділік таныта араласып жүрген жандар емес, Дархан, Ақтан сияқты кейіпкерлер «табиғат» деген ананың жүруге талпынбайтын, тәй-тәй баспаған сәбилері сынды. Қоғамда орын алып жатқан қарама-қайшылықтардан жырақ

күн кешіп, өмір сүругеталпынған олар үшін бастысы – табиғатпен бірге бір арнада болу. Оралханның шығармаларында өмір сүрудің өзіндік мәселелеріне байланысты нақ екі тенденция бар. Оның бірі – әсем табиғатпен бірге біте қайнасу, адамдар қоғамынан жырақта өмір сүру болса, екіншісі – табиғатқа жанашырлық пен қамқорлық таныта отырып, адамдардың біртұтас қоғамында бірге өмір сүру [1, 121].

Асқар Алтайдың кербез табиғатын, тамылжыған сұлулығын тұла бойы тұшына сүйіп, ұлы сезім, іңкәр жүрекпен жырлаған жазушының жауһар-жақұттары әлем әдебиетінің көгінде шарлады. Автор шығармалары арқылы туған жері Шыңғыстайды асқар Алтайдың биігіне шығарды, айдай әлемге мәшһүр етті. »Боран басылайын деді. Аспаннан адасып келіп, қашып үлгермей қалған қар ұшқындары ғана еріншектене қылаулайды. Төңірек түгел көрініп, құлаққа Бұқтырманың сарыны талып жетті. Дүние, табиғаттары бар зат дүр сілкіне серпіліп, азапатаған пәледен құтылғанына қуанғаннан жарқырап, аса бір асау сағынышпен жамырай табысып жатыр. Ақ түтектің ар жағында тұтқында қор болып тұрған күн жарықтық боран салған лаңнан әлі де сауыға алмай, бозамық аспандағы шаңытқан шарбы перденің артынан жасқана сығалайды. Ұзақ көкжөтелден ептеп сергіген Алтай қараған, самырсындарын арқалап алып, ол да бүлкілдеп, ұлы зұлматтан тірі калғанына масаттанғандай» [1, 113].

Маралы мен бұғысы ойнақ салып, ақ қайыңы мен балқарағайы бой таластыра өскен өр Алтайдың төрі – талай тарланның кіндік қаны тамған қасиетті қоныс. Төбесі көк тіреген Алтай тауы, көрікті Катон жері туралы тамсана айтып жатқанда, алдымен, ойға оралатыны – Оралхан Бөкей!

Аталмыш өлкенің теңдесі жоқ тамаша табиғатының сұлулық көрінісі осы өңірде туып-өскен талантты жазушылар Оралхан Бөкейдің, Қалихан Ысқақтың, Әлібек Асқаровтың, Дидахмет Әшімханұлының, Асқар Алтайдың т.б. шығармаларында барынша шынайы суреттелген.

Алтай - қазақтың құтты, беркелі, табиғаты таңдай қаққызарлық көркем мекені. Алтын құрсақты Алтайдың тумасы Қалихан Ысқақ: «Сан ғасырлық тарихты бауырына басып жатқан ұлы таудың рухы оның шыңдарынан да биік екенін орманын кешпеген, тасын баспаған, суын татпаған адам білер ме екен?» - дейді [2].

Төрт мезгілде төрт түрлі көйлек кигендей болып құлпыратын Алтай жерінің қасиетті жырланған сайын, жазған сайын артпақ. Бір сарының бірнеше түске боялып өзгеретіні сияқты, нұр Алтай да әркез де келбетімен таңғалдырады.

Алтайдың қайталанбас ғажайып суреті осы өңірден шыққан көрнекті қаламгер Оралхан Бөкей шығармаларында өзіндік мәнермен өрнектелсе, Әлібек Асқаров қаламында көз алдымызға кәдімгі қылқаламмен кескінделген әсем пейзаж болып елестейді. Мысалы: «Алтай жері әсіресе маусым шағы үкілі ботадай елпілдеп, өзгеше жасанып шыға келер еді. Бұл кезде қырат-қырқаны ойдымдап, қызыл ала күнгелді гүлі қаптап кететін. Қызыл ала қалың гүл майда соққан қыр самалымен тербелген кезде дала төсі қызыл шоқтай құбылып, алаулап салушы еді. Ондайда делебең қозып, далақ қағып дала төсінде арлы-берлі шапқылайтынсың» [3].

Үзіндіні оқи отырып, көз алдыңа Алтайдың тағы бір ерекше пейзажына тап боласың. Қыздың қызыл көйлегі іспетті бұл гүлдер өз кезегінде адам бойына тылсым күш енгізіп, сезіміңді тербеп, шабытыңды қамшылайды.

Қазақ әдебиетіне өз қолтаңбасымен келген жазушы Қалихан Ысқақ бірнеше роман жазған, әр шығармасында соны тақырып, дара тәсіл пайдаланған, әр алуан бейнелер жасай алған бірегей жазушыларымыздың бірі. Қазақ прозасына сұлу ырғақ, ойлы тебіреніс, тың образдар әкелген сыршыл жазушылардың бірі. Айрықша эпикалық романтикасымен соңғы ширек ғасырдай уақыт қазақ әдебиетіне келісті рең берген, Алтайдың тұмса таланты.

Қ.Жұмаділов: «Алтайдың тұмса табиғатын , шулаған қара орманы мен Бұқтырманың булыққан сарынын көркем

прозада бірінші рет бейнелеген - Қ.Ысқақов», - деп жоғарғы бара берген [4].

Қалихан Ысқақ Алтайды қазақтың ұлттық мінезімен жақсы көрді. Көктемде түрлене оянған Алтайдың көркін балалардың мектептен жалығып, далаға ытқып шыққысы келетін ішкі тілеумен астастыра суреттейді: «Біздің алтай баурайына көктем кешігіп келеді. Сарғайтып барып бірақ келеді. Ызғар табын күрт сындырып, тіршіліктің буын-буынын босатып, балқытып әкетер шуағы бар. Тұмсығы өтпейтін бытқыл орманы көп қарт Алтайдың аламыш-аламыш басы әлемнің көгілдір жалпақ жағанына үрке қарап, паңдана қалатын шағы болады. Бұл осы көктем әлеті. Алтайдың қызығар шағы да, қызықтар шағы да осы кез. Туған жер топырағының ыстығын осы кезде сезінерсің құдіретін, қасиетін танисың. Сезінесің де, мақтанасың. Танисың да, табынасың. Менің ауылым осы Алтайда қыс бойы жым-жырт ұйықтап қалады да, көктем жете ол да жылмен таласа оянатын еді. біз де тон-пұшпағымызды тастап, от басынан өре бастайтынбыз. Көктем мектептегі тоқсанның түгитін мезгілі. Қашан емтихан біткенше екі көзіміз далада. Ығыр қылған сабақтан, төрт қабырғадан қашқымыз келеді де тұрады. Бір күн, бір апта – бір айдай, - адамның ішін езіп жібереді-ау» [5, 29]. Кезінде жылы қабылданған хикаят бүгінде де өз биігінен түскен жоқ. Ол жөнінде кезінде көптеген пікірлер болды. Соның бірі белгілі сыншы Сағат Әшімбаев айтқан: «Осыдан бірнеше жыл бұрын жазушы Қалихан Ысқақ «Қоңыр күз еді» атты повесімен әдеби қауымды елең еткізді. Авторды жұрт жапа-тармағай талантты жазушы деп мойындасып, қуанысып жатты. Рас, бұл повесть лиро-романтикалық планда жазылған тартымдды туынды болатын. Қалихан Ысқақ мұнда адам жүрегіне ене білетін суреткерлік сезімталдығын көрсеткен еді» [5, 77].

Міне, сөз өнеріне осындай асқан үнмен енген суреткер бүгінде қазақ әдебиетінің аға жазушысына айналып отыр.

Қалихан Ысқақтың жазушы ретінде тағы бір ерекшегілі өз шығармасын қайта қарап, толтырып, қайсы бір жерін

өзгетіп оқырманына ұсынатыны бар. Тіпті, кейде шығарманың атын да өзгертіп жібереді. Мәселен біз шолып өткен шығарма «Ағайындар» хикаяты кейіннен осы шығарманы жазушы «Аюлыда да адам бар» деген атқа өзгертті. Біз алғашқы тақырыппен өзгермеген сәтін реалистік категориясы аясында саналы түрде қарастырдық. Шығарма тұтас бір көркем тұтастық десек, алғашқы нұсқасын аттап өту жарамас деп түсіндік. Кеңейтілген тақырып аясы консепциясы толысқан «Аюлыда да адам бар» хикаяты да өзгерместен Алтайдың табиғатын суреттеумен басталған екен:

«Көктемнің нағыз кемеліне толған бұл шағы, Алтай бөктері көк-жасыл көрпесін айқара жамылып, гүл-жапыраққа малынып жатыр. Ойдым-ойдым жазықтар мен жота-бел біткеннің жонарқасын соқа түрені тілгілеп, атыз алабын молайтып, талай ауқымға үркітіп апарып тастапты. Көктемгі егісті аяқтап, шауа қолының қалт еткен жағы осыдан біраз күн ұзақ сабылыстан тынышы кеткен өскеде, мазасы қашқан табиғат та бүгін oh деп сылық түскен тәрізді. Салыңқы рең, маужыраған өлі тыныштық бар» [6, 49].

Шығарма сол Алтайға бет алған жас маманның көзімен бейнеленеді. Енді сол «мен» былай беріледі: «Қайда салса сандалып жүре беретін қақпайшыл өгіз сияқты бойдақ дегенің бір бейкүнә жан ғой. Кеше ғана аудандық ауылшаруашылық бөлімінде нұсқаушы болып» әркімге «ақыл» айтып, сіберси басқан жайым бар еді. бүгін, міне, мынау бір қауға сақалға еріп, Аюлы деген жыраққа салып ұрып келеміг. Амал қанша, сал басты, сабау қамшының көрген күні осы енді. Өзіме де обал жоқ. Басқаны қайдам, әйтеуір, өзімнің жүртпен тұзым жараспай-ақ жүр. Қайда барсам да қоныс тебе алмай, байдан шыққан әйелдей жыласа бергенді мен де қоймадым, оныңқы-мұныңқы деген сылтаумен алдап-сулап сырғытып жіберуден басшылар да жалықпайды» [6, 49]. Жас маманның, әсіресе бойдақ адамның көз қарасы мен дүние танымы тым басқаша екендігін аңғаруға болады. Жас маман білімді, елдің жай-күйін жақсы біледі. Біле тұра сол өзіне таңсық Алтай еліне келгенде

өзінңі жан дүниесінің ерекше түрленіп сала бергендігін аңғартады. Бойдақтың сыны басқа, атап айтсақ, «қақпайшыл өгіз», немесе «байдан шыққан әйелдей жыласа бергенім» деуі жазушы не бір сюжеттің өзекті мәселесін текшелеп қойған тастай теңеулер арқылы ашып береді. Бұл жазушының көркемдік бейнелеудегі шеберлігінің, даралық стилінің ағағы. Қаламгер шығармашылығында психологизм тәсілі аса мол қолданылып, басты кейіпкер бейнесін ашуда монолог, диалогтар өте шебер пайдаланылған. Авторлық тұғырнама мәселесінің қоғамдағы нақты шындық пен көркем шындықтың ара қатынасына назар аудару арқылы шебер шешім тапқандығын айта кеткен абзал. Сондай-ақ жазушы Алтайдың әлеуметтік жағдайын, демографиялық жағдайын қосалқы екінші, үшінші позициядағы кейіпкерлер арқылы беруге де шебер. Әйтпесе, басшы қызыметке бара жатқан жасты Алтайдың кер жағына ертіп жібермей, табиғатқа қызығып, ат үстінде кетіп бара жатқан суреттермен де берсе болады ғой. Бірақ жазушы реалистік суреттер арқылы, астарлы барлық әлеуметтік-демографиялық хал-ахуалды көрсетіп кетеді:

«- Лесопилкаға барасыздар ма, арбаларыңызға отырғыза кетпейсіздер ме? – деп сыпайыгершілік өтініп көрген болып ем, Қауғасақал: - Сенсіз де жүгіміз жеткілікті, - деп гүр ете қалды. Шынында да жүктері біраз бар екен. Жалғыз атты ырдуан арбаның үсті толған бос шелек. Иісіне, шыбынның үймелеуіне қарағанда, балдан босаған болу керек. Үн салған екі ұапты дікитіп ұзынынан төсеп қойып, қауға сақал арба үстінде талыстай сұлап шіреніп жатыр. Жас шамасы алпысты қылғындырып қалғанға ұқсайды. Бірақ екі иығына екі тең жүк артса да ыңқ етпейтін еңгезердей зор адам. Көнелеу қара сәтен көйлегінің өңірін ағытып тастап, шалбарының сыртына желбегей қоя беріпті, жел үп еткенде делдиіп, қампиған жалаңаш қарын жарық ете түседі. Өзінің дене бітісі де ересен екен. Тұла бойын түк басқан, бас қазандай, ауыр кере қарыс. Сол кере қарыс аузындағы қайысша созылған дүрдік ернінің асты-үстіне қаптаған Қауғасақал сасыған шалшық қара судың

жиегіне қау өскен қоға тәрізді ұйысып қалыпты. Содан бүкіл жақ-шықшыты қапталдап келіп алқымға түсіп, жалпақ төсті ен жайлап, қақ жүректің басына таман үшкілдеп барып бітіпті. Жел қарсыдан тұрғанда мүңкіген теке иесі қолқаны қабады. Тегі, батырың самогонды стаканмен сылқитып тартып, артынан сарымсаққа тыңқия тойып алған болу керек. Бұл екеуі қосылған соң иіс-қоңыс болмай тұрсыын ба...» [6, 51].

Жоғарыда атап өткеніміздей, жазушы осы қауға сақал арқылы Алтайға ауып келген бүкіл кержақтың типологиялық бейнесін жасап тұр. Балды өткізіп, орнына ұн алып, қасиетті Алтайды ен жайлап, самогонын жасап, есі кіресілі-шығасылы өмір сүріп жатқан келімсекті суреткер осылай суреттейді. Бұндай кейіпкердің дүниеге көзқарасы көз алдын ойлап, таң мен кештің арасын ойлайдын бойкүйездігі басып кейіпкер екендігі анық. бұл шығарма қазақ елі тәуелсіздігін алмай тұрған кезде жазылған. Қауға сақалдың жалғасы ретінде Түбітсақалды алады. Соншалықты қарапайым кейіпкерлер арқылы үш ғасырлық империяның қазақ жеріне келуін бейнелеген. Әрние, дәл осы Қауғасақал мен Түбітсақалдың еш кінәсі жоқ. Бірақ ол қазақ жерінің жаулануының жемісі болатын. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген көне мақал бар. Қазақ жерін Отаным, қазақ халқын тусым деген жағдайда осыдан бес-алты жыл бұрын келімсектердің аузынан шықты емес пе. Егерде еліміздің қуатты саясаты болғанда не болар едік. Осындай мәселелерге апарар элементтерді жазушы нәзік бере білген. Қазақтың тілін біліп, ағайын болып кеткендер бір басқа. Ал енді мына май құйрықтан тепсең де селт етпейтін ниетін білу оңайға түспес. Хикаятта Қауға сақалдың жалғасы Түбітсақалдың бейнесі, түние танымы былай: «Арт жақта ұйқылы-ояу Қауғасақал басын көтерместен:

-Фе..о...до...ор...р! – деп дауысын әндете созды. Түбітсақал бұған мән бере қоймаған соң, ол аяғын сәндеп, баппен көтерді де, шикі теріден долбарлап тіге салған, талпиған бұтын етікпен тура майқұйрықты көздеп тұрып

былш еткізіп теуіп қалды. Федор түз сезбегендей жаймен ғана артына бұрылды да: - Шо-о? – деп тіл қатқан болды. Қауғасақал оған ешқандай жауап қайтармады. Федор оның нені меңзегенін түсінгенде арбадан секіріп түсті. Делбені ырдуанға қыстырып, атты біраз жерге дейін жетелеп жолға салып жіберді. Арбаға қайтіп ұмтылмады, жанасалап жаяу еріп келеді. Ат бір тоқтап, бір жүріп, дөң басына ілінді. Құлдиға құлай бергенде, қауға сақал тағы да:- Фе...о...ор...р! – деп дауыстады.

- Шо-о? – Быстрей!» [6, 52].

Жазушы шеберлігімен ұшталған кейіпкердер бейнесі дегенде, Қалихан Ысқақ нақты және қысқа детальдармен характер ашуға шебер. Мысалы, жоғарыдағы «- Фе..о...до...ор...р!», мен «- Шо-о?»-да көп мән жатыр. Олардың дүниетанымы мен мінезінің астарланып көрініп қалып жатқан жайы бар. Сөзге сараң, арақ пен сарымсаққа тыңқиған шайтани бейнеден не жақсылық күтуге болады. Қауғасақал мен Түбітсақалдың іштей және сырттай үндестігін жазушы былай суреттейді:

«Түбітсақал делбе ұстап арбаның алдыңғы жағында отыр. Жас шамасы өзімше жиырманың алты-жетісін берген болдым. Сырт пішіні аумаған Қауғасақал, егіздің сыңарындай. Қауғасақал жасамыс гүжбан бұқа да, мынау жаңа етейіп келе жатқан дөнежін бұқа тәрізді. Айырмашылығы: бойы мыртықтау, бірақ оның есесіне бақалтақ. Қауғасақалдың түгінде көк ала қыл аралас, ал мынанікі көмірдей қара да, сиректеу, қоғадан гөрі көдеге көбірек келеді. Шұқанақ-шұқанақтарда арба солқ еткенде, мығым дене ырдуынға көлденең төсеген тақтайды сындырып жібере жаздайды» [6, 51].

Ебедейсіз өскен екі тұқымдастың суретін осылай бейнелеген. Алайда, Алтайдағы қазақтан басқа халықты суреттегенде осындай ойсыз қалыпта суреттей бермейді. Ертеректе империяның өзінен қашып келіп қазақ арасына паналаған, бірақ дәстүрін, адамшылығын жоғалтпаған,

сондай-ақ, жер қазақтікі деп оның тілін, дәстүрін сыйлағандардың да тамаша бейнесі хикаятта жоқ емес, бар. Сондай кейіпкердің бірі – Афанаси және оның отбасы. Суреткер сол бригадир Афанасидің бейнесін, характерін былай ашады:

«Мен бөлімшенің бұрынғы бригадирі Афанасидің үйіне тоқтадым. Үй иесі еңшіктеу келген орта бойлы, тарамыс адам екен. Жылқының түп құйрығындай қалың шашын қырау шала бастапты. Өңі сынық, көз еті сарғайып, ұрты солып, бет сүйектері бұдырайып шығып кеткен, әбден қажыған кісі тәрізді. Қырылмаған сақал-мұрты онсыз да қызылша адаммды одан сайын жүдетіп жіберіпті. Үстіндегі жең - жағасына әлденеше рет жамау түскен атам – заманғы көне кителъ шынтағынан жұлынған оң жақ қолы Отан соғысының мүгедегі екендігін айтпай ақ аңғартқандай. Ренішін де, қуанышында білдірген жоқ, әдеттегі келімді-кетімді көп қонақтың біріндеи қарсы алды» [6, 53]. Осы бір шағын, және соншалықты қарапайым суреттеуден Афанасийдің қарапайым еңбек адамы екенін, өмір көрген адам екенін байқайсыз. Жаушының ешкімге ұқсамайтын поэтикалық қуаты осы үзіндінің озінде ақ байқалады.

Қалихан Ысқақтың Алтай бейнесін ерекше суреттеген шығармасының бірі - «Тұйық» романы. Роман – проза жанрындағы ең құлашты жанр. Бұл салада да суреткер ірі шығармалар да жазып қалдырды. Қалихан Ысқақ бар түріктің алын бесігі Алтайды, оның бауырындағы елді суреттеуден бір таңған емес. Жазушы қазақ елінің шығысының тірек тұғыры іспеттес. Ұлы Отан соғысы еліміздің барлық түкпірін қамтып, ер азаматтарды түгел отқа орап, ел басына ауыр күндерді алып келгенін тарихтан білеміз. Сонымен қатар сөз өнерінде өнердің барлық саласында қамтылып, суреттелді. «Ұлы отан соғысы жылдарындағы әдебиет», «Соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет» деген әдебиеттану ғылымында кезеңдеу үлгісі қалыптасқан. Қалихан Ысқақтың көптеген шығармалары осы кезеңді қамтиды. Сондай бір қатпарлы, іргелі шығармасының

бірі - «Тұйық» романы. Қалиханның қандай да болмасын шығармасының өзегі, ондағы оқиға өтетін жер - Алтай өңірі. Алтайдың бейнесін барлық қырынан Қалихан Ысқақтай терең суреттеген жазушы қазақ әдебиетінде кем де кем. Ол Алтайды танып, біліп суреттейді. Пафосқа, құр эмоцияға беріліп суреттемейді. Жанымен түсініп суреттейді. Романға автор эпиграф берген, онда: «Маяның елу түтінінің Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жүз елу ұрпағына ескерткіш» делінге. Осы бір сөйлемде қаншама тағдыр, қаншама көз жасы жатыр. Алтай қыраны, автор Қалихан Ысқақ оны біреуден естіп өскен жоқ. Өз көімен көріп, өзі сияқты ауыл балаларымен ауырпалығын бірге көріп өсті. Бірақ балалар арман, баланың қиялы қанатынан қиылмай өскен, Алтайдың мейірлі қойнауы беріш болған талай жүректі жібіткен. Суреткер Алтай табиғатын суреттегенде қалай да тебіреніп, толқып барып суретейді. «Тұйық» романының бастауында да солай:

«Ай шекеге шығып алыпты. Тайга ішіндегі елу шақты үйлі шағын ауылғаи жарық беріп тұрған кеңсе маңындағы лүкілдек дизель күрк-күрік жөтеліп барып үні бір жола өшті де, ай сәулесімен таласа алмағандай баған басындағы лампалар бір сәтте сықсың-сықсың көз қысып, бір сітте жалп-жалп етіп жоқ болды. Манаураған ақселеу дүние, ақ шағырмақ аспан; іргедегі үлгіген меңіреу орман ауылға онан сайын жақындап, сабалақ зәулім самырсындардың сорайған көлеңкелері шырт ұйқыдағы әр үйдің ауласын түрткілей бастады. Жер боз қырау толқынымен іркілген көл бетіндегі желкөбіктей; қотан ортасында сел айдап келген тастардай әр тұста томпайып-томпайып сиырлар жатыр. Агород түбіндегі қалақай арасынан мауыққан мысықтардың бажылы естіледі» [7, 216]. Бұл жай ғана табиғат суреті емес. Айпаса да ауадағы сызды седіреді. Айпаса да ауылдың аса биікте екенін сезідіреді. Өйкені не бір электр тоғын беретін апараттардан ауылдың соншалықты шалғайда жатқанынан «күкілдек дизель күрк-күрк жөтеліп барып, үні бір жола өшті» деген сөздер-ақ хаюари береді. Сол күркілдектің үні өшкеннен кейінгі

ауылдың кейпінің де табиғи сұлулығын сезесің. «Томпайып-томпайып жатқан сыйырлар», «қалақай арасынан мыуыққан мысықтар» бәрі – бәрі ауылдың тіршілігінің тоқтамас өз симфониясының көрінісі. Бұл маужыраған жаздың басы. Осы мезгілдің жаз екенін айтпаса да оқырман сезе алады. Соншалықты нәзік стилдік өрнектерден байқайсыз. Жазушы мынау күз, мынау жаз деп айғайлап айтпайды. Сездіреді. Шеберлігі сонда. Ал енді жаз өтіп күз келе жатқан уақытты осылай береді:

«Ай ағаш жапырақтарының арасынан сүзіліп шығып келеді. Ағаш жапырақтары бұтақ арасынан орын еппегендей бірін-бірі түрткілеп түсіріп жатыр. Таудан салқын желемік есті. Алыстағы өзен сарылы болмаса, ауыл үсті жым-жырт. Өзен сарылы жауынды күнгі асфольт көшені жырта жотқан машина доңғалағының сарыны тәрізді, тір есе құлақ жаңғыртып, бір есе қашықтап қаңғып кетеді. Алыстағы тау бөктерінен жылтырап жалғыз от көрінеді. Бұл шақта жайлауда малшы қалушы ма еді. Кедр жаңғағы піссе күздің де келгені. Күз келіп қалыпты-ау...» [7, 218].

Жазғы ай «шекеге» шығып алса, күздің басындағы ай «бұтақ арасынан орын жетпегендей бірін-бірі түрткілеп түсіріп жатыр». Жазда «жазда мүлгіген меңіреу орман» болса, күзде «таудан салқын желемік еседі. Артынша «кедр жаңғағы» піскенін еске алады, ендеше «күз» келген. Суреткер шығармасында табиғаттың өзі сөйлейді. Табиғат адам тағдырымен астасып кеткен. Шығарманың сонау балалығын ұрлаған соғыс жылдарымен қатар келгенін ойлаған кейіпкер, тіпті соншалықты ащы болса да сол балалық шағы тәтті болып көрінді. Соғысты аңсамады, балалықты аңсады. Сондай ішкі әлемді табиғатпен астастыра суреттеуге автор соншалықты шебер: «...Ай қырқаға барып құлады. Аспан күмбезі жарты шекесінен қақ айырылып, іріген сүттің бетіндегі ақ шаңдыр көбіктей кіреукеленіп барып семді де, қара көк тұңғыйықта іркіліп Құс жолы ғана қалды; Жеті қарақшының сүйір басы, көкжиекке сұғына кеп тоқтаған екен, мезгіл түн ортасынан ауса

керек. Сүзіліп аспанға қарағандықтан ба, тоқал там шыр айналып, жер аспанын сағынып қалыпты. Ол өзінің алыстап кеткен балалық шағына, балалық шағында көкірегіне жаттап алған осы туған ауылдың дәп осы мақпал түнін, тұнық аспанына қайтіп оралды. Өзінің бүгінгі қырық жасын сызып тастап, елес боп кеткен өкініші мол, қызығы кем өткен өміріне – ымырт дүниесіне шомды; ымырт ішінен алдымен шап-шағыр мұздай көгеріп самсаған мынау іргедегісі тылсым орман, орман тұйығындағы кең дүниеден орын таппағандай сығылысып келіп бытқылға тығылған шағын ауыл, шағын ауылға сыйыса алмай бірінің есіген құбылаға, бірі түстікке теріс бағынып, томсарып жататын бір рудың елушақты түтіні... Япырау, мына телмірген сол аспан ба, сергедеңмен өткен балалығына, берекесіз кеткен жастық шағына куәгер болып, енді соған қосыла өкініп, қосыла мұндаған мынау жұлдыздар сол баяғы жұлдыздар ма?..» [7, 219-220].

Қорыта келгенде, айтарымыз: көркем әдебиетте суреттелген «Алтай» атауы - биік арманның, сұлулықтың, мәңгіліктің символы. Мәңгілік табиғаттың символы. «Алтай» топонимі сонау тарихтың тереңінен тамыр тарта отырып, әдебиетте қаламгерлердің шығармаларына арқау болып, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан жоғары деңгейде бейнеленді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1994. – 1-том. – 496 б.

2. Ысқақ Қ. Таңдамалы. 1 т .- Алматы: Ана тілі, 2008.- 320 б.

3. Асқаров Ә. Таңдамалы 1 том. - Алматы: Раритет , 2011. - 312 б.

4. Шығыс-Қазақстан: танымал есімдер - Ақын жазушылар / http://referat.resurs.kz/

5. Ысқақов Қ. Қоңыр күз еді / Роман, повестер/. – Алматы: Жазушы, 1980. – 400 бет.

6. Ысқақ Қ. Беу, ақсақ дүние (Хикаяттар). – Алматы: Раритер, 2004. – 288 бет.

7. Ысқақов Қ. Тұйық (Роман). – Алматы: Жазушы, 1980. – 400 бет.

Мехмет Тезжан
Қаратеңіз техникалық университетінің профессоры

ИРАННЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫ САУДАСЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Аннотация. Статья содержала несколько научных комментариев, касающихся влияния Ирана на торговлю на Великом Шелковом пути. В ходе широкого раскрытия темы были использованы методы и приемы анализа, сравнения, систематизации по этапам. Иран сыграл важную роль в Великом Шелковом пути, который представлял собой сеть древних торговых путей, соединяющих восток и Запад, способствуя обмену товарами, культурами и идеями. Стратегическое расположение Ирана на пересечении Центральной Азии и Ближнего Востока сделало его важным звеном в этой обширной торговой сети. В целом роль Ирана на Великом Шелковом пути была значительной, что способствовало культурному, экономическому и интеллектуальному обмену, который происходил на этих древних торговых путях. Историческое влияние Великого Шелкового пути можно увидеть в богатом культурном наследии Ирана и его связи с соседними регионами.

Ключевые слова: Иран, Великий Шелковый путь, культурный обмен, культура, торговля, информация.

Abstract. The article contains several scientific opinions on the influence of Iran on the trade of the Great Silk Road. In the course of extensive disclosure of the topic, methods of analysis, comparison, systematization by stage were used. Iran played an important role in the Great Silk Road, which was a network of ancient trade routes connecting East and West, promoting the exchange of goods, cultures and ideas. Iran's strategic location at the intersection of Central Asia and the Middle

East has made it an important link in this vast trading network. In general, Iran's role on the Great Silk Road was important, which contributed to the cultural, economic and intellectual exchange that took place along these ancient trade routes. The historical influence of the Great Silk Road can be seen in the rich cultural heritage of Iran and its connection with neighboring regions.

Keywords: Iran, The Great Silk Road, Cultural Exchange, culture, trade, information.

Ұлы Жібек жолы Қытайдан шығысқа қарай орта және Орталық Азия арқылы батыста Жерорта теңізіне дейін созылатын маңызды сауда және мәдени маршрут болды. Иран өзінің стратегиялық жағдайына байланысты осы маршрутта шешуші рөл атқарды. Жібек жолында маңызды болған бірнеше негізгі нүктелер мен қалаларға тоқталдық.

Табриз (Табриз): Табриз Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда қаласы болды және Иранның солтүстік-батысында маңызды сауда орталығы болды. Бұл керуендер мен саудагерлер үшін танымал аялдама болды және Қытайдан және әлемнің басқа бөліктерінен келетін базарлар мен базарларды табуға болады.

Исфахан (Isfahan): Исфахан өзінің мәдениеті мен өнерімен танымал болды және Ұлы Жібек жолындағы ең маңызды қалалардың бірі болды. Ол сәулеті, өнер шеберлігі және әдемі бақтары үшін саудагерлер мен саяхатшыларды тартты.

Кашан (Кашан): Кашан сонымен қатар Ұлы Жібек жолындағы маңызды қала болды және керуендер үшін аялдама ретінде қызмет етті. Мұнда саяхатшылар мен саудагерлер демалып, тауарлармен сауда жасай алатын керуен сарайлары болды.

Шираз (Шираз): әдебиеті мен поэзиясымен танымал Шираз да Ұлы Жібек жолының бөлігі болды. Мұнда саудагерлер мен саяхатшылар бай мәдени сахна мен идеялармен бөлісе алды.

Мешхед(Машхад): Мешхед - мұсылмандар үшін қасиетті орын және Ұлы Жібек жолындағы маңызды Жергілікті орталықтардың бірі. Мұнда көптеген қажылар мен саяхатшыларды тартатын имам Реза кесенесі орналасқан.

Иран Ұлы Жібек жолында тауарлар, мәдениет және идеялар алмасуда маңызды рөл атқарды. Бұл бағыт Шығыс пен Батыс арасындағы өнердің, ғылымның және діннің таралуы мен алмасуына ықпал етті, ал Иран Осы айырбастау жүйесінің негізгі буыны болды.

2000 жылдық тарихы бар, алғаш рет б.з.д II ғасырда бастау алған Жібек жолы XIX ғасырдың аяғында көпшілік зерттеуіне ілікті[1]. Бұл – Шығыстың жібектен жасалған өнімдерді, одан бөлек құнды тауарларды сыртқы нарыққа шығаруына арналған, ал Батыстың аталған өнімдер мен тауарларды сатып алуға әрекет жасаған керуен жолы. Яғни бұл сауда желісі – Шығыс үшін емес, Батыс елдерінің қажеттіліктерін ескере отырып жасалған бастама. Батыста «жібек», «жібек халқы», «жібек елі» мағыналарында қолданылатын «Жібек» сөзі, Геродот еңбектерінен бастап грек және латын тілдерінде «Серес» қолданысына ие болған. «Серика» сөзі «жібек елі» деген мағынаны білдіреді. Керуен жолының 2000 жылдық тарихы болса да, «Жібек жолы» терминінің алғашқы қолданысы XIX ғасырда пайда болды. Фердинанд фон Рихтофен (1833-1905) есімді неміс ғалымы 1877 жылы бұл терминді ғылыми айналымға алып келді. Бұдан кейін Батыста да, Шығыста да бұл атау кең тарала бастады.

Жібек тарихы әлдеқайда ертеден бастау алады. Жібек өндірісінің нағыз Отаны біздің заманымыздың V-VI ғасырларын қамтитын кезеңдегі Қытай еді. Кейбір археологиялық қазба жұмыстарының деректеріне сәйкес жібектің шығу тарихы б.з.д. 3 ғ. қамтиды. Жібек жіптерін тоқу шамамен б.з.д. 2700 жылдары қолданылған деген жорамалдар да бар. Мыңжылдықтың екінші жартысына дейін жібек

Қытайдың өзіне ғана тән, сыры ашылмаған тауары ретінде көрініс тапты. Санскрит жазбаларына сәйкес үнділер б.з.д. IV ғасырларда өмір сүрген. олар жібек өндірісі туралы хабардар болған секілді [1, 166]. Жібек өндірісі біздің дәуіріміздің I ғасырында басталды. Шығыс Түркістандағы Хами жеріне, Кореяға, тіпті Жапонияға, содан соң, Турфан оазисі мен Хотанға кірді [2, 12]. Б.з.д. III ғ. басында қытайлар жібектен қағаз өндірісіне көшті. Сонымен қатар олар алғашқы сәнді Жібек қағазын шығара бастады. Жібек көйлектерді кию Қытайда сән-салтанат деп саналды. Цин әулеті (1644-1911) билігіне дейін шаруаларға жібек көйлек киюге қатаң тыйым салынған. Бірақ барлық сақтық шараларына қарамастан, 419 жылы жібек құрты Қытай ханшайымының шашына тығылып, Шығыс Түркістандағы Хотанға жасырын түрде көшті [3, 549]. Содан кейін Орталық Азияның басқа елдеріне, Иранға және осы уақытта Жібек өндірісі басталған Византия империясына таралды. Алайда бұл аймақтарда жібектің сапасы төмен болуы, ал басқа жерлерде өндіріс қымбатқа түсуі Батыс елдерін Қытайдан жібек сатып алуға және сәйкесінше Қытаймен сауда жолдарын зерттеуге итермеледі.

Жібек жолы – бірнеше жол желісі. Біздің дәуіріміздің 107-114 жылдар аралығында өз жұмысын жазған Маринус Тирлидің мәліметтері бойынша, Маес Титиан өз адамдарын осы жолдың учаскелері мен «қашықтық тастарын» зерттеу үшін Шығысқа жібереді. Теңіз арқылы олар Парфия елінен Орта Азияға құрлықпен саяхаттайды. Өйткені олар Кушан еліне кіре алмады. Олар әкелген ақпарат кейінірек екінші дүниежүзілік соғыс кезінде алынды. XIX ғасырдың ортасында географ Клавдий Птоломей арқылы берілді [4, 594].

Осы дереккөздерден алынған ақпаратқа және Рихтофеннің жіктелуіне сәйкес Жібек жолы төрт негізгі жолмен бірге кіші тармақтарға бөлінеді. Жол негізінен Батыс және Шығыс екі негізгі аймаққа бөлінетіні түсінікті, мұнда Батыстан Шығысқа қарай өтетін жол қазіргі Шығыс Түркістанның Шығыс-Батыс жолымен қиылысады, Памир тау

бөктерінде (Таш-Курган) екі аймақтан да тауар алмасу жүзеге асырылады.

Қытай әулеттерінің, олар шығарған Жібек тауарлардың және басқа да қытайлық тауарлардың батыста қаншалықты дамығаны тек екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде белгілі бола бастады. Бұл туралы қытайлардың өздерінде де еш ақпарат болмады. Қытайдың бұл туралы білуге алғашқы әрекеті Император Удидің (б.з.д. 140-87 жж.) кезінде б.з.д. 136 жылы Батысқа саяси мақсатпен жіберілген елші Чжан Цяннан басталды. Бірақ бұл кезде Қытайда қашықтықта мұндай сауда саясаты болған жоқ. Бұл қызмет Қытайдағы Хань әулетінің билігінің соңында басталды (б.з.д. 206 - б.з. 220 ж.) және Қытай Рим империясымен тікелей сауда жасау үшін қаражат іздейді.

Рим империясы мен жалпы Батыстың жібек өндірісі туралы алғашқы мәліметтері Аристотельден басталады (б.з.д. 384-322). Ол жәндіктерден алынған жібек туралы айтқанымен (Historia Animalium, V. 11, 19), берік, жұқа және әдемі тоқуды қалай жасау керектігін білмеген болуы мүмкін [5, 166]. Оның шәкірті, македониялық Александр, Ахеменидтер империясына (Персия) қарсы шығысқа қарай жорыққа шыққан кезде соңғы император III. Дарий мен парсы сарайы жібекті пайдаланды. Геродот парсылар қолданған ортағасырлық маталар туралы айтқан кезде жібек маталарға да сілтеме жасауы да бекер емес еді. Осыған байланысты Жібек өндірісі Иранда ежелгі дәуірден бері белгілі болған сияқты. Бірақ бұл жібектің Қытай жібегінен айырмашылығы, жабайы жібек болуы. Олардың арасындағы айырмашылық матаның түстерінің сәйкес келмеуі. Жібек тулар мен жалауларды әскери мақсатта қолдану үшін де қолданылған. Мысалы, римдіктер Парфия туын «vexilla serica» деп атаған, яғни жібектен жасалған жалау деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, Александриядағы эллиндік кезеңнен бастап маталар жылтыр жіптермен тоқылған, ал элиталық әйелдер Египет патшайымы VII. Клеопатра жасаған жартылай тартылған

көйлектер киген. Солардың ішіндегі ең танымалы Мысыр патшайымы Клеопатра еді [6, 83-84].

Жібек бұйымдары б.з.д. 46 жылы Рим империясына ене бастады, ал б.з.д. 30 жылы Египетті жаулап алғаннан кейін Рим Шығыспен тікелей сауда жолдарын зерттей бастады. Олар бұл туралы білгенге дейін парфиялықтар Жібек бұйымдарын Римдіктерге қайта сатты, бұл оларға өте қымбатқа түсті. Осыған байланысты Рим арасында Жібек тауарларын сатып алуға және алып жүруге тыйым салу туралы жарлықтар шығарды. Тарихшы Плинийдің айтуынша, Рим Үкіметі ақсүйектер отбасы мен бай, сәнді ұнататын әйелдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Үндістанға, Шығыстың құнды және сәнді тауарларына, әсіресе Үнді дәмдеуіштеріне қол жеткізу үшін алтын жеткізіп отырған және сатып алған. Өйткені ол кезде Жібектің құны алтынмен өлшенді. Рим және Византия сияқты батыс мемлекеттері, Парфия, Сасанидтер, Кушандар және Қытай секілді өркениеті қалыптасқан Шығыс мемлекеттері Жібек тауарларын экономика мен сән-салтанатқа деген сүйіспеншіліктің көрсеткіші ретінде ғана қарастырған жоқ. Оларды көшпелі, «варварлық» тайпаларға көрсету үшін, сонымен қатар бағынғысы келген, жалдамалы сарбаздарды жинағысы келген көрші мемлекеттерге, өздерінің алып, бай елдермен сауда қатынастары бар екендігін, олармен достық қарым-қатынаста екендіктерін, қажет болған жағдайда бұл тауарларды көшпенділердің басшыларына әр түрлі мақсаттармен беру үшін өз қолдарында ұстады. Мысалы, «варвар» князі Византиямен достық қарым-қатынаста болған кезде, оған немесе оның елшілеріне Жібек маталары мен асыл тастар, дәмдеуіштер және басқа да Шығыс тауарлары берілді. Ғұн немесе түркі дворяндары Қытайды өз жағына тарту үшін және қытай императорлары немесе билеушілері де жібекті саяси мақсатта пайдаланды.

Бізде батыстағы Жібек жолының жағдайы және оның алдындағы кезеңдердегі негізгі бағыты туралы ешқандай деректер жоқ. Бірақ біз Ахеменидтер империясының

алдындағы және оған дейінгі классикалық кезеңдерде де батыстағы мемлекеттер мен мәдениеттердің Шығыспен сауда жасап, осылайша шығыстан батысқа өте құнды тауарлар, қалайы мен лапис лазули алғанын білеміз. Батыстағы Рим империясы мен Шығыстағы Персиядағы Парфия империясының дәуірі Батыстың Шығысқа және Жібек жолындағы саудаға қызығушылық таныта бастаған кезеңі ретінде қарастырылады. Жібек жолының бағытын білу үшін Шығысқа барған зерттеушілер де осы парфиялықтар кезінде саяхаттаған.

Птолемейлер берген ақпаратпен салыстыра отырып, Майес адамдарынан білген ақпаратқа сүйеніп, Жібек жолы Шығысқа қарай Жерорта теңізі жағалауындағы Селевкидтер басқарған Антакия қаласынан, Билахаре римдіктерден бастау алды деп айта аламыз. Содан кейін Жібек жолы Иерополис және Зевгму қалаларындағы Евфратты кесіп өтіп, Парфия жеріне еніп, Тигр өзенінің жағасымен жүріп, ескі патша жолымен байланысып, Селевкидтер империясының бұрынғы астанасы Селевкия-Сесифонға келді. Қазіргі Иран территориялары арқылы өз торабын жалғастыра отырып, Жібек жолы Экбатана, Гекатомпилос, Маргиана (Мерв) және Бактра (Балх) арқылы Түркістанға қарай жалғасты. Иран мен Түркістан жерлерінен кейін батыстықтар жібек елі деп санайтын Қытайға жеріне дейін созылуда [7, 209-210].

Жібек жолының торабы ретіндегі Иранның аумағы арқылы өтетін сауда жолдары туралы ең маңызды дереккөзіміз б.з.д. I ғасыр мен б.д. I ғасырларға тән Исидор Харакстың «Статма Партика (Парфия станциялары)» деп аталатын еңбегі. Бұл жұмыс бізге Парфия жері арқылы Зевгмадан Арахозиядағы Александрияға (Кандагар) дейінгі жолды анықтауға мүмкіндік береді [8,86-87]. Тирг өзені, б.з.д. I ғ. және біздің дәуіріміздің алғашқы кезеңдерінде Рим империясы мен парфиялықтар арасындағы шекара болды. Парфия жеріне кірген Жібек жолы Тигр өзенімен жүрді. Содан кейін Иранның батысындағы ең маңызды қала және

ежелгі астана Ектабан арқылы өтті. Гекатомпилосқа, содан кейін Иранның солтүстік-шығыс аймағындағы Рей қаласына келіп, ол Маргиана (Мерв) қаласына жетті. Сол кезде орта ғасырлардағыдай маңызды сауда орталығы және жол қиылысы болды. Мервтен кейінгі жолдың бағыты керуеншілердің қайда барғысы келетініне немесе жолдың саяси қауіпсіздігіне байланысты өзгеріп отырды. Керуендер Солтүстік Бактрия мен Согдиана (Батыс Түркістан) арқылы, кейде Оңтүстік Бактрия аймағына (Ауғанстанның солтүстігі) қарай жүрді. Содан кейін баратын жеріне байланысты оңтүстікке қарай Үндістан аймағына немесе шығысқа қарай Қытайға қарай жалғасты.

Жоғарыда айтқанымыздай, бізде Ахеменидтер империясы кезіндегі Персиядағы сауда қызметі және Персия арқылы өтетін жолдың жағдайы туралы ақпарат жоқ. Дегенмен, Қытайда да, Персияда да, римдік және грек тектес кейбір дереккөздерде, атап айтқанда, екінші ғасырлардан бастап тарихи деректер салыстырмалы түрде жақсы дәлелдер болды. Сауда-саттықтың ең үлкен үлесін өздері алғысы келетін және шығыстан батысқа арзан тауарларды қымбатырақ сатқысы келетін, қажет болған жағдайда Жібек тауарларын батысқа өткізіп, оларды өздері өндіретін немесе қайта өңдейтін Персия әулеттері көбіне Жібек жолындағы басым және транзиттік рөлін пайдаланып, батысқа қиындық туғызды. Әрине, Шығыспен римдік сауда тек жібек пен жібек бұйымдарынан ғана емес, сонымен қатар Римді Ауғанстан мен Түркістанның асыл тастары, Үндістанның дәмдеуіштері, теңізде өндірілетін түрлі тауарлар, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азиядан шыққан экзотикалық тауарлар қызықтырды. Рим империясының билеушілері мен олардың бай ақсүйек отбасылары шығыстан осындай сән-салтанатқа өте мұқтаж болды. Шығыспен сауда жасау үшін Рим парсы арқылы құрлық жолын, сондай-ақ Парсы шығанағы мен Қызыл теңіз арқылы теңіз жолын сынап көрді. Парсы тосқауылынан өту үшін әр кезеңде Персиядағы әулеттерімен соғысқа қатыса

отырып, Рим келісімге жол іздеді. Тіпті саяси және коммерциялық мақсатта өте берік неке одақтарын да құрды. Сондықтан бұл жақсы қарым-қатынас кейде 20 және 50 жылға созылып отырды. Бірақ ақыр соңында, биліктің келесі жаңа кезеңінде сауда қатынастары қайтадан өзгере бастады. Қытай дереккөзі XIX ғасырдың ортасына дейін созылған Рим мен Иран арасындағы сауда бәсекелестігін келесідей қорытындылайды [7, 12]. «Рим (Дацин) Парфиямен және Үндістанмен теңіз жолы арқылы саудаласып, одан он есе көп пайда тапты. Олардың императоры әрқашан Қытаймен байланыста болып, керуендер жібергісі келді, бірақ парфиялықтар Қытай жібегімен сауданы өздері жүргізгісі келді Шығыс Римге кедергі тікелей келтірді. Осы себепті Рим Қытайға жеке бара алмады. Сондықтан олар байланыстарын үзді. Бұл жағдай Янси билігінің 9-басшысы, император Хуандидің кезінде пайда болды. Бұл біздің заманымыздың 166 жылына дейін созылды».

Қытайдағы Хань әулеті мен Түркістан аймағындағы Кушан империясы мен Жібек жолының арасында саяси проблемалар туындаған кезде Сиу (Батыс аймақ, Шығыс Түркістан) губернаторы Бан Чао, кушандар мен Римнің қас жауы парфиялықтарды айналып өтіп, римдіктермен тікелей қарым-қатынас орнатқысы келді. Осы мақсатта Гань Инь 97 жылы Дацинге (Шығыс Рим) жіберілді. Гекатомпилосқа келген Гань Ин Евфраттағы Рим шекарасынан тікелей өтудің орнына Парсы шығанағы жағалауына барды. Бірақ ол батысқа қарай бастау алатын теңіз сапарынан қорқып оралды. Бұл Қытайдың Риммен тікелей қарым-қатынас орнатудағы жалғыз ресми әрекеті болды [3, 543].

Бірақ Жібек жолының саудасында Иран территориясы бұл сауда жолы бойындағы жалғыз аймақ немесе жалғыз транзиттік жол болған жоқ. Батыс-шығыс бағытында да, Ауғанстаннан Үндістанға және сол жерден Солтүстік пен Шығысқа қарай Қытайға баратын жолдардың барлық маршруттары мен қиылыстарында да біздің дәуіріміздің I

ғасырдың екінші жартысында тағы бір қуатты держава – Кушан империясы бар еді. Саудасы негізінен жібекке негізделген кушандар әдетте ең жақсы сатушылар болып саналды. Қытайдан құрлық жолындағы делдалдар соғдиялықтар болды. Сауда-саттыққа өте бай кушандықтар, мысалы, Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік сауда жолдарының қиылысы болған Согдиана мен Бактрия сияқты құнарлы жерлерде болғандықтан, Қытаймен сауда-саттықтан өте жақсы пайда тапты. Сонымен қатар қытай жібегі мен басқа да сауда тауарларын батысқа беру үшін қолданылатын барлық жолдарды басқарды. Кушан жеріндегі қалааралық сауданы негізінен солтүстіктен соғдылықтар мен оңтүстіктен Үнді саудагерлері жүзеге асырды [5, 459]. Риммен өздері сауда жасағысы келген Кушан билеушілері біздің заманымыздың екінші жартысында тек Қытаймен ғана емес, Риммен де дипломатиялық және сауда қатынастарына ие болды. Харматта айтқандай, жібек жолын халықаралық сауда жолы ретінде дамытуда маңызды рөл атқарған кушандар [7, 214-215].

Олар Үндістанның солтүстік-батысын Каусамбиге, сондай-ақ Үнді алқабын Араб теңізінің (Үнді мұхиты) порттарына дейін басқарды. Үндістанның солтүстік-батысы Рим империясының шығыс провинцияларымен Қызыл теңіз бен Парсы шығанағы арасындағы теңіз жолдары арқылы тығыз сауда қатынастарын орнатты. Сонымен қатар Кавказ және Шығыс Еуропа тайпалары Дек өзенінің бойындағы (Амудария) және Каспий теңізінің арғы жағындағы құрлық жолдары арқылы өтті. Осыған байланысты Рим осы аймақтың тауарларын да, қытай тауарларын да алғысы келді, Парсы тосқауылын Шығыстағы Кушан арқылы алып тастады.

Рим Шығыспен құрлықта да, теңізде де сауда жасағысы келді. Осы ниетпен олар жібектің отаны Қытайға жетті. Бірақ сауда жолы парсы жерлері арқылы, яғни Парфия елі арқылы өтті. Біздің дәуіріміздің алғашқы төрт ғасырында Шығыс пен Батыс арасындағы сауда қатынастарында Персиядағы

парфиялықтар мен Сасанидтер, шығысындағы Бактрия, Согдиана, Солтүстік Үндістан аймақтарындағы кушандар, сондай-ақ олардан кейінгі әртүрлі ғұн топтары мен эфталидтер тарапынан барлық жолдар жабылып қалып, жібек жолы мен Солтүстік құрлық жолы солтүстіктен оңтүстікке қарай кейде ішінара, кейде толығымен тоқталып отырды [9, 82]. Құрлық жолында осы кедергіге тап болмас үшін, алдыңғы кезеңдерде Рим, содан кейін Византия империялары Парсы шығанағы немесе Қызыл теңіз арқылы теңіз Жібек жолын іске қосу үшін күресті. Парфиялықтар Персияда үстемдік құрып, Рим үшін Жібек жолы саудасына кедергі болуы керек болды. Олар қытайлық Жібек саудасын өз қолдарында ұстағысы келді. Бұл жолда сауданы қолдады, сонымен қатар салық төлеу арқылы айтарлықтай пайда тапты. Олар сондай-ақ Қытаймен тікелей байланыстың алдын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, өйткені олардың делдалдық рөлі өте тиімді болды. Ол кезде батыс саудагерлері шығысқа қарай жүре алмады, қытайлық және соғды саудагерлері батысқа қарай бағыт ала алмады [7, 12].

Жібек жолы өткен Анадолының шығысы мен оңтүстік-шығысы, сондай-ақ Иран мен Батыс Түркістан VII ғасырдың географиясына енгізілді. Үстемдігі біраз уақытқа созылған ислам үстемдігі дәуірі XX ғасырдың ортасынан бастап екі бәсекелес мемлекеттің орнына басталды. Ислам үстемдігінің бұл процесі Хулафа мен Рашидиннің билігінен басталып, Омейядтар мен Аббасидтермен Түркістанның Шығыс бөліктеріндегі түріктер ұстаған жерлерге дейін жалғасты. Каспий теңізінің оңтүстігіндегі ежелгі иран географиясында да, түріктер мен византиялықтар арасындағы келіссөздерден кейін ашылған Қара теңіздің солтүстігіндегі дала аймағында да сауда өте қарқынды болған процесс XI басталған болатын. Селжұқтар Иранның көп бөлігін жаулап алып, оған Анадолы мен бүкіл Түркістанды қосқан еді. Бірақ көптеген мемлекеттер мен әулеттердің саяси бөлінуіне байланысты бір мезгілде біртұтас экономикалық жүйенің болмауына байланысты,

түркі тайпалары мен әулет мүшелері арасындағы бәсекелестік б.з. XIII ғ. нәтижесі шыққан болатын. Бұл керуен саудасының сенімділігіне, XIX ғасырдың ортасына дейінгі тауарлар мен саудагерлердің өмірінің қауіпсіздігіне әсер етті. Бұған себеп болған тағы бір фактор кедендік баждардың жоғарылауы және әр жаңа мемлекеттің шекараларында алынатын салықтардың түрлі болуы еді.

Керуен жолындағы үдерістер б.з. XIII ғ. Орта Азияда басталған моңғол шапқыншылығының әсерінен толығымен өзгерді. XIII ғасырдың бірінші ширегінде Жібек жолы өткен барлық Иран географиясына, соның ішінде селжұқтар үстемдік еткен Анадолыға әсер етті. Бастапқыда жаппай тәртіпсіздіктер болып, ірі сауда орталықтары қирады, XIV ғасырға дейін көптеген адамдар өлтірілді. Парсы тосқауылы XIX ғасырдың екінші жартысына дейін созылған және «Монғолия Паксі» (монғол әлемі) деп аталатын осы кезеңде толығымен бұзылды. Құрлықтағы керуен саудасы бірыңғай басқару тұжырымдамасы арқылы, бірыңғай салық жүйесі мен саудагерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекет қабылдаған жаңа, қатаң шаралар арқылы қалпына келтірілді. Мемлекеттік саясат ретінде жүзеге асырылған және Қытайға дейін жалғасқан бұл сауда қызметіне итальяндық қала-мемлекеттер, Венециандық және генуялық саудагерлер, христиандық Батыс әлемінің маңызды өкілдері қатысты. Каспий теңізінің оңтүстігінде де, солтүстігінде де бұл қызмет XIV ғасырда жалғасты. Тимурдың Дешті Қыпшаққа жорық жасауы да осы кезеңдерден бастау алады. Осы күннен кейін жолдың бағыты Хассатен Иран арқылы өтіп, орталық және Батыс Анадолыға қарай жалғасты. Алайда Монғол империясынан кейін Жібек жолы дамуын аяқтады. М. Фрэнк, Д. М. Браунстоун және Д. Кристиан орнында атап өткендей [10, 73].

Монғол дәуірінен кейін Жібек жолының алтын ғасыры аяқталды. Оны басқа маршруттар, соның ішінде теңіз маршруттары тұтыла бастады. Сол кезеңде мал

шаруашылығы қоғамдары да толығымен құлдырай бастады. Монғолдармен Жібек жолы өзінің соңғы ұлы күндерін өткізді. XV ғ. Константинопольдің (Стамбул) құлауымен (1453) Жібек жолы біраз уақытқа дейін тоқтатылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. RTVELADZE, E. (1999). Velikiy Şelkovıy Puť. Entsiklopediçeskiy Spravoçnik. Drevnosť i rannee srednevekov'e. Gosudarstvennoe naucnoe izdatel'stvo "Uzbekiston milliy éntsiklopediyasi": Taşkent.
2. F
3. WATSON, W. (1983). Iran and China. *CHI*, 537-558.
4. WARMINGTON, E. H. (1974). *The Commerce between the Roman Empire and India.* Vikas Publishing House Pvt Ltd., Second edition, revised and enlarged: Delhi.
5. FRYE, R. N. (2009). Antik Çağlardan Türklerin Yayılmasına Orta Asya Mirası. Çeviri: F.
6. HAUSSIG, H. W. (2001). İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi. *çev*. M. Kayayerli, Otüken: İstanbul.
7. TEZCAN, M. (2004). The Iranian-Georgian Branch of the Silk Road in I-IV Centuries. *1st International Silk Road Symposium 25-27 June 2003 Tbilisi / Georgia*: İzmir, 208-217.
8. WIESEHOFER, J. (1999) Das frühe Persien. Geschichte *eines antiken Weltreichs,* C.H. Beck.
9. KOLB, C. C. (1983). A Red Slipped "Pseudo-Arretine" Ceramic from South Central Asia. *East and West,* 33 / 1-4, 57-103.
10. CHRISTIAN, D. (2000). Silk Roads or Steppe Roads? The Silk Roads in World History. *Silk Road Studies IV*, 67-94.

Миразова Маржан
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ СИПАТЫ

Аннотация. *Великий Шелковый путь-один из исторических памятников мировой культуры и цивилизации. Эта дорога, которая началась во 2 веке до нашей эры, была мостом, соединяющим Европу и Азию, Запад и Восток. Поскольку он пересекает казахстанскую землю, с VI века широко развивались два направления: дороги между Сырдарьей и Тянь-Шанем. В самом начале эта дорога начиналась в Китае и протянулась через Восточный Туркестан Кашгар в Жетысу, далее по реке Сырдарья, вблизи Аральского моря, далее в западные страны.*

Известно, что Великий Шелковый путь начался в Китае, прошел через тюркские, персидские, индийские страны и дошел до европейских стран. В статье исследуются исторические энциклопедии, художественные хроники казахского народа жер-Жибек жолы, которые встречаются в трилогии Ильяса Есенберлина «Кочевники". В трилогии «Кочевники» анализируется историческое художественное мастерство писателя в использовании географических названий вдоль Великого Шелкового пути. При изучении темы руководствовались трудами исследователей, применялись подходы литературного анализа.

Ключевые слова: *И.Есенберлин, Кочевники, история, Казахское ханство, исторические города, Культура*

Abstract. *The Great Silk Road is one of the historical monuments of world culture and civilization. This road, which began in the 2nd century BC, was a bridge connecting Europe and Asia, West and East. Since it crosses the Kazakh land, two directions have been widely developed since the VI century: the roads between the Syr Darya and the*

Tien Shan. At the very beginning, this road began in China and stretched through East Turkestan Kashgar to Zhetysu, further along the Syr Darya River, near the Aral Sea, further to western countries.

It is known that the Great Silk Road began in China, passed through the Turkic, Persian, Indian countries and reached European countries. The article examines historical encyclopedias, artistic chronicles of the Kazakh people zher-Zhibek Zholy, which are found in the trilogy of Ilyas Yesenberlin "Nomads". The trilogy "Nomads" analyzes the historical artistic skill of the writer in the use of geographical names along the Great Silk Road. When studying the topic, the works of researchers were guided, approaches of literary analysis were applied.

Keywords: *I. Yesenberlin, Nomads, history, Kazakh Khanate, Historical Cities, Culture*

І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясында Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің географиялық атаулардың пайда болуы оқиғалар мен кейіпкерлерді Орталық Азияның тарихи және географиялық контекстіне орналастыруға қызмет етеді. Ұлы Жібек жолы осы аймақ арқылы өтетін маңызды сауда жолы болды және ол Орталық Азия көшпенділерінің мәдениеттері мен қоғамдарына қатты әсер етті.

«Көшпенділер» трилогиясы географиялық атауларды және Ұлы Жібек жолы бойындағы Самарқанд, Бұхара және Қашғар сияқты әртүрлі жерлерге сілтемелерді қамтиды, олар маршрут бойындағы көрнекті қалалар мен сауда орталықтары болды. Бұл топонимдер оқиғаның кейіпкерлері мен оқиғалары ашылатын тарихи және мәдени фон құруға көмектеседі. Сонымен қатар, трилогияда осы топонимдердің болуы Ұлы Жібек жолы мен осы кең сауда жолдары желісі арқылы тауарлар, идеялар мен Мәдениеттер алмасуының өзара байланысын көрсетеді. Ұлы Жібек жолы сауда үшін физикалық жол ғана емес, сонымен қатар білім, өнер және әдет-ғұрыптарды тарату арнасы болды. "Көшпенділер" кітабында Есенберлиннің тұрақты көшпелі

өмір салтын және оның отырықшы өркениеттердің әсері мен Ұлы Жібек жолының мұрасын қоса алғанда, сыртқы әлеммен өзара іс-қимылын зерттейді. Ұлы Жібек жолымен байланысты жер атауларының пайда болуы Орталық Азияның тарихи және мәдени ландшафтындағы осы маршруттардың маңыздылығын және аймақтың көшпелі халықтарының мұрасын көрсетеді.

Қытайдан бастау алған сауда жолы Орталық Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарағаны белгілі. Хан патшалығы кезінде өркендей бастаған Жібек жолы бұдан 3-4 мың жылдай бұрын Қытайдың Орталық Азия халықтарымен достық қарым-қатынасты нығайту үшін салған жобасы деседі.

«Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шанның күнгей жағы – Қарашар – Куча – Ақсу – Ыстық көл – Шу – Талас – Исфара бағытымен жүрсе, солтүстік жол Гаочан – Жоңғарияның күнгейі – Үрімші – Манас – Күркіреусу – Еренқабырға – Іле – Орта Азияға қарай бет алған» (Гумилев, 1994, 40, 41) [1, 88].

Ұлы Жібек жолы Қытайдан басталып, түркі, парсы, үнді елдерін басып өтіп, Еуропа елдеріне дейін барғаны белгілі. Мақалада ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларының қазақ халқының тарихи энциклопедиясы, көркем шежіресі Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетіні зерттеледі. Жазушының «Көшпенділер» трилогиясында ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларын қолданудағы тарихи көркемдік шеберлігіне талдау жасалады.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы - XV-XIX ғасырлар арасындағы қазақ елінің басынан кешкен тарихи оқиғаларын, Қазақ хандығының құрылған кезеңін, еліміздің азаттық жолындағы күресін, тарихи шындықты көркем бейнелеген әдебиетіміздің бірегей туындысы. Трилогияда халқымыздың тарихындағы аса қиын, шытырманды кезеңдердің тарихи шежіресі жасалады. Р.Бердібай өзінің «Тарихи роман» атты зерттеуінде туындыны «тарихи-мәдени,

идеялық-көркемдік мәнінің» тереңдігіне байланысты «роман-эпопея, тұтас бір елдің жанды шежіресі, көркемделген тарихы» деп баға береді [2, 52]. Солтүстіктен Жоңғар қоңтайшылары, Оңтүстіктен Қоқан, Хиуа хандарының, Күншығыстан Қытай боғдыхандарының бірінен кейін бірінің қазақ елін қанға бөктіріп, бөрідей талауының тарихи да көркем полотносы беріледі. Ел қорғау шайқастары, тақ үшін талас, жер үшін болған қақтығыс, әдет-салт көріністері, халықтың ауыр тұрмысы шынайы бейнеленеді.

Шығармадағы бас қаһарман – халық, халықтан шыққан батыр, елжанды азаматтар. Қазақ хандарының тарихи тұлғалары тұңғыш рет І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында сомдалады. Жазушы кесек тұлғалар образын жасауда ерекше шеберлікпен танылады. Халық аңыздарын, мифтерін шебер қолданып, келісті өрнектейді.

Жазушы әдеби шеберлікпен ғана емес, тарихқа бойлай отырып, оның ішкі, сыртқы дүниелерін шындықпен көрсетеді. Осы жөнінде академик Р.Нұрғали: «Қазіргі заман әдебиетінде тарихи тақырыптағы терең бейнеленген романдар легі дүниеге келді. І.Есенберлин ұлты үшін жанын берген, қалам қайратымен қазақ халқының азаттығы үшін арпалысқан арыстан жүректі суреткер еді», - деп жазушының тарихи тақырыпты батыл қозғағаны туралы айтады [3, 235].

Қаламгердің бұл шығармасы қазақ халқының бес жүз жылдық тарихын жаңғыртуға және тарихымыздың белгілі тұлғаларының бейнесін жасауға арналған себепті, кеңестік идеологияның үстемдігі кезеңінде оны жариялау қиынға соқты. Ол туралы жазушы өз сұхбатында былай дейді: «Тарихи туындыны соңғы кітаптан бастап жазуымның себебі – жиналған архив деректерінің көптігі, оқиғада көрсетілетін дәуірлер ауқымының кеңдігі, ойлаған, жоспарлаған кітаптарды түгелдей жазуға ғұмырым жете ме, жетпей ме деп күдіктендім. Мұның себебі бар. Ең басында, тарихи деректерді жинап жүрген уақытта, кітапқа кіріспес бұрын, іштей жоспарлаған едім. Сол ойлаған жоспарым халқымыздың бес

жүз жылдық тарихын қамтитын трилогия болып туындады», – дейді [4, 209-213].

Трилогияда оқиғалар тізбектеліп, сюжет желісі шебер құрастырылған. Кейіпкерлердің образдары келісті сомдалған. Әлеуметтік, саяси жағдайлар мен тарихи оқиғалар өзара сабақтасып, авторлық көркемдік тұтастықты сақтап, шығармашылық шеберлікпен жазылған. «Көшпенділер» трилогиясын зерттеген ғалым М.Р.Балтымованың сөзіне назар аударсақ: «Белгілі жазушы І.Есенберлин қазақ тарихи әдебиетінде бұрын қозғалмаған тақырыпқа қалам тартып, тың жаңалық әкелді. Кеңестік идеологияның қатал цензурасы мен тоталитарлық жүйеден қорықпай, ұлтшылдық жаладан қаймықпай,, қазақ хандары мен сұлтандардың, билер мен ақын-жыраулардың, халық батырларының тұлғасын сомдауды өзінің Азаматтық борышы деп білді. Қазақ халқының бай салт-дәстүрі, терең мағыналы ғұрыптары, атадан балаға жалғасып келе жатқан этнографиялық биік мәдениеті Азамат жазушы қаламымен сәнді, нақышты өрнектелді. Дана халқымыздың бай фольклорлық мұрасы мен ауыз әдебиеті үлгілерін, шұрайлы тілін дәріптеу арқылы тарихты бедерлеуі жазушының Азаматтық парызының биігі саналады», - деп талдап көрсетеді [5, 23].

Ел мен жердің тарихынан мәлімет беретін жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көптеп кездеседі. Соның ішінде мақаланың зерттеу нысаны ретінде алынып отырған Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары трилогияда молынан ұшырасады. Жер-су атауларын зерттеп жүрген ғалым Б.Бияровтың пікірі бойынша: «Жер-су, елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды. Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер - «жердің тілі, жазылмаған кітап» қана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар,

оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі», - деп атап көрсетеді [6, 16].

Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясының тарихи шығарма екенін дәлелдейтін бірден-бір тарихи факт деуге болады. Трилогияның 1-ші кітабы «Алмас қылыш» романында Жібек жолы бойындағы топонимдерден: Ақсу, Алмалық, Бадахшан, Герат, Дешті Қыпшақ, Жаркент, Жейхүн, Ирақ, Иран, Ыстықкөл, Қаратау, Кавказ, Қашқар, Қытай, Мәуреннахр, Моғолстан, Отырар, Самарқант, Сайрам, Ташкент, Памир, Түркістан, Сарайшық, Сейхун, Тараз, Тибет, Тұрфан, Ферғана, Ханбалық, Хорезм, Шу, Іле, т.б. жер-су атаулары кездеседі.

Ал 2-ші кітап «Жанталас» романында Жібек жолы бойындағы топонимдерден: Ақсу, Бадахшан, Балх, Бұхара, Дешті Қыпшақ, Ертіс, Жаркент, Қаратау, Қашқар, Қытай, Моғолстан, Отырар, Сайрам, Сарайшық, Сейхун, Ташкент, Тибет, Тұрфан, Түркістан, Хорезм, Шу, Іле, т.б. жер-су атауларын кездестіруге болады.

«Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Жібек жолы бойындағы топонимикалық атаулар шығармада маңызды қызмет атқарады. Хандардың, билердің, ру басыларының атқаратын лауазымдарын айқындап, олардың сол мекендегі орнын көрсетеді. Мәселен: «Өзге жұрт өзінің шен-шекпеніне қарай орын алады. Алдыңғы жағында ханға жақын, *Қашқар, Ақсу, Тұрфан, Жаңғы* секілді үлкен өмірліктің хакімдері, олардан сол кейініректеу *Моғолстан* хандығының тірегі Үйсін, Жалайыр, Дулат, Найман, Керей, Қаңлы тәрізді қазақ руларының белгілі ру бастықтары, билері, батырлары, бұлардан соң барып, *Шолаққорған, Жаркент* тәрізді шет қалалардың әкімдері, діни адамдар, софы, ишан, мүриттер...» [7, 86]. Бұл үзіндіде хандықтың орналасқан мекендері, қазақ руларының орталығы, шет қалалардың орындары нақтылы аталады. Осы жерде аталатын Моғолстан хандығына тоқталатын болсақ, Моғолстан хандығы - XIV ғасырдың ортасында құрылған. Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс

бөлігінде қалыптасқан. Бұл мемлекеттің негізін қалаған Тоғлық Темір (1348-1362) болды. Астанасы – Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды. «Алмас қылыш» романында ол туралы былай делінген: «*Моғолстан* мен *Дешті Қыпшақтың* ортасындағы бүкіл *Түркістан* өлкесі Әбілқайырдың қолында тұрған» [7, 84-б.].

Қытайдан басталып Орталық Азия елдерін басып өтіп, Еуропаға тараған Ұлы Жібек жолы сауда мәдениетін қалыптастырғаны тарихтан белгілі. Бұл мәлімет «Алмас қылыш» романында былай деп беріледі: «Сығанақ пен Созақты алғаннан бері *Қыпшақ даласы* мен *Моғолстан*, Алтын хан, Қара теңіз жағасындағы қалалармен сауда-саттық жұмысын күшейту - хан әсіресе көңіл бөлетін мәселелер еді» [7, 129].

Ертедегі елімізді мекендеген тайпалардың арасындағы соғыстар, жаулап алушылықтар, кейіннен Жоңғар қалмақтарының шапқыншылықтары, патшалық Ресейдің отаршылық саясаты, т.б. көптеген тарихи оқиғалар жер-су атауларына өз іздерін қалдырды. Мәселен: «Сол күннен бастап сонау Еділ мен *Ертістің* ортасын *Дешті Қыпшақ* жері не Қыпшақ даласы деп атап кеткен. Қыпшақтар он бірінші ғасырдың орта шенінде Днепр өзеніне келіп жеткен» [7, 27]. Жазушы Дешті Қыпшақты ерекше сипаттап романда: «*Дешті Қыпшақ* жері - түйенің терісі тәрізді мол дүние», - деп көтере мадақтайды [7, 131].

Кезіндегі ата-бабаларымыз жайлаған Оңтүстік пен Солтүстікке дейінгі, Шығыс пен Батысқа дейінгі аралықта орналасқан қазақтың кең даласын, жерінің байлығын жазушы көркемдеп, өте әсерлі суреттейді. «Ұлытау - *Дәшті Қыпшақ* даласының кіндік ортасы. Батысы - Еділ, Жайық, солтүстігі - Есіл, Тобыл; шығысы - *Ертіс*, оңтүстігі - Сыр бойы. Осы *Дешті Қыпшақ* жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол *Мауреннахр* жеріне көз сала бастады» [7, 21]. Ортасында *Дәшті Қыпшақтың* орналасып, төрт жақтан төрт үлкен өзен ағып жатқанын

келтіреді. Осындай шұрайлы жерге жаулардың қызығып, көздерін тіге бастағанын жазушы ескертеді.

Романда өзендер, көлдер, таулар ежелден келе жатқан тарихи атауларымен аталып, жазушының табиғат құбылысын шебер тілмен суреттеуі арқылы жанды картинаны елестетеді. Мысалы: «Көне заманда, Қошан патшалығы кезінде, *Шу* өзені *Сырдарияға* құйған. Шуға сол жағынан Сарысу, оң жағынан Талас өзені келіп қосылған. Сол заманның өзінде Шудың Сырға құятын сағасында, Талас өзенінің бойында Сығанақ, *Тараз*; *Яссен* өзенінің жағасында *Отырар* қалалары болған» [7, 97]. Осы жерде Жібек жолы бойында орналасқан Шу, Сырдария өзендері мен Тараз, Отырар қалалары аталады.

Трилогияда табиғат көріністері, пейзаждың тамаша үлгілері образды бейнеленеді. «Осы құмды, құмайтты, қылыш тасты, түкті қабақ жартасты, қияқ шөпті, бозаңды далада көне заманнан, тіпті Шыңғысхан шабуылынан бұрын көп жылдан бері келе жатқан *Сығанақ, Сауран, Отырар, Яссы, Сайрам, Ақрұқ* атты көне шаһарлар бар», - деп, даланың табиғи келбетін бейнелеп, көне шаһарларды атайды [7, 96]. Көне тарихи шаһарға боз даланың көрінісін жазушы сәйкестендіріп береді.

Отырар, Яссы, Сайрам ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи қалалар. Отырар Қазақстанның ортағасырлық ірі қалаларының бірі болған. Сырдарияның Арыс өзеніне құяр сағасына таяу орналасқан. «Сайрам (Испиджап) туралы алғашқы деректер біздің жыл санауымызға дейінгі IV ғасырда парсылардың шежіре кітабы "Авестада" кездеседі. Аталмыш бастау хатта қаланың орналасу ендігі Сайрам елі деп көрсетілген екен» [8]. Бұл қалалардың дамуына Жібек жолының бойында тұрғандықтан, сауда-саттықтың, кәсіпкерліктің ықпалы зор болған.

«Көшпенділер» трилогиясын зерттеген ғалым Қ.Алпысбаевтың сөзіне ден қойсақ: «Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармаларын талдау барысында айқын көз жеткізуге болады. Қайсар мінез, қажырлы еңбек, тұңғиық білім негізімен ұштасқан жазушы болмысын танимыз. Жазушының баяндау

тәсілі, кейіпкер толғанысы, психологисы арқылы берілетін ой қорытулар, философиялық түйіндер осыны көрсетеді», - дейді [9, 78].

Жер-су атаулары шығарма оқиғасымен, кейіпкерлер образдарымен қиюласып беріліп отырады. «Алмас қылыш» романындағы басты кейіпкерлердің бірі - Әбілқайыр хан. Таусылмайтын шапқыншылықтар - роман сюжетінің арқауы. Қайнаған тартыстың қақ ортасында жүрген Әбілқайыр ханның басындағы кесел ойдың бірі - Дешті Қыпшақты уысынан шығармау еді. «Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен *Самарқантты* да шапты. *Мауреннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрұқ, Ақ-Қорған* тәрізді *Дәшті Қыпшақ* елінің көне шаһарларын қайтарып алды» [7, 21]. «Бұл мезгілде *Моғолстан* мен *Дешті Қыпшақтың* ортасындағы бүкіл *Түркістан* өлкесі Әбілқайырдың қолында тұрған» [7, 84].

Романда Әбілқайыр ханның XIX ғасырдың тұсында әлемді дүрліктірген Дешті Қыпшақ ішкі сыртқы күштердің әсерінен әлсіреп, ыдырай бастаған кезі, оның ішінде ыдырап, жекелеген хандықтарға бөлініп кете бастаған алмағайып дүрбелең оқиғалардың тізбегімен жалғасады. Әбілқайырдың ырқына Керей мен Жәнібек сұлтандар көнбеді. Олар қазақ ұлысын бөліп алып, жеке хандық құруды армандады. Олардың соңынан ерген ел нығайып, кеңеюі үшін Керей мен Жәнібек сұлтандары билеушілермен соғысуға мәжбүр болды. Орталық Азияның кең байтақ жерін жан-жақтан тілгілеп жеке-жеке иемденген шағын хандықтармен алысу, ұдайы көшкен біресе оң жағына, біресе сол жағына ауысқан көне қалалар мен шұрайлы жерлер елдің есін шығарып, талай рет елдің есін шығарды.

«Үргеніштi алуды арман еткен Әбілқайыр *Дешті Қыпшақтың* оңтүстік құмайтты жағын қиғаштай жүріп, бір аптадан кейін *Отырардың* солтүстік тұсынан өтетін *Сейхун* дарияның қамыс, жиде, қарағашты жағасына келіп жетті» [7, 72]. Әбілқайыр ханның Сырдария өзенінің жағасына келіп жайғасқанын осылай сипаттайды.

Сығанақ пен Созақты өзіне қаратып алып көңілі көтеріліп отырған қазақ Ордасының ханы Жәнібек Яссы, Отырар, Сауранды, Сайрамды алу үшін билеушілеріне «өз еріктеріңмен беріліңдер» деп хат жазады. Жәнібек ханның ойы Дешті Қыпшақ даласы мен Моғолстан арасында үлкен қалалармен сауда-саттық орнату еді. Ол туралы романда былай айтылады: «*Сығанақ* пен *Созақты* алғаннан бері *Қыпшақ даласы* мен *Моғолстан*, *Алтын хан*, *Қара теңіз* жағасындағы қалалармен сауда-саттық жұмысын күшейту - хан әсіресе көңіл бөлетін мәселелер еді» [7, 129]. Бұл үзіндіде кең байтақ Қыпшақ даласы мен Моғолстан, Алтын хан, Қара теңіз жағасындағы қалалар арқылы ұлы Жібек жолы жүріп, сауда-саттық дамығанын көруге болады.

Ұлы Жібек жолы бойында кездесетін жер-су атаулары «Алмас қылыш» романында былай беріледі:

Ақсу

Исан-Бұғының әкесі Уайс ханның күшімен Қашқарды қолына алған Сейтәлі өмір Іле өзенінің жағасындағы Аққұйын деген жерден тауып алып, **Ақсу** қаласына әкеп хан етті. Осы бүлінуден бастап Моғолстан бір ханға бағынудан қалды. Толып жатқан әмірлер, бектер, хакімдер бір тайпы мемлекетті бытшыт қып бөліп алды. Тек ел шетіне жау келсе ғана бас қосатын күйге жетті. (85-бет)

Исан-Бұғы **Ақсуда** әбден орнығып алғаннан кейін, көп қол жинап хаджири есебі бойынша сегіз жүз елу бесінші, жаңа есеппен бір мың төрт жүз елу бірінші жылы Ташкент, Яссы, Сайрам шаһарларын шапты. А я май тонап, қайтадан Ақсуға қайтты. (85-бет)

Өзге жұрт өзінің шен-шекпеніне қарай орын алады. Алдыңғы жағында ханға жақын, Қашқар, **Ақсу**, Тұрфан, Жаңғы секілді үлкен өмірліктің хакімдері, олардан сол кейініректеу Моғолстан хандығының тірегі Үйсін, Жалайыр, Дулат, Найман, Керей, Қаңлы тәрізді қазақ руларының белгілі ру бастықтары, билері, батырлары, бұлардан соң барып,

Шолақ, Қорған, Жаркент тәрізді шет қалалардың әкімдері, діни адамдар, софы, ишан, мүриттер... (86-бет)

Бұқар, Самарқант, Герат, **Алмалық**, Берке ханның кезіндегі Алтын Орда астанасы Сарай әрқайсысы өзінің алтын ақшасын құйған. Бірақ бәрінің де салмағы бірдей болып отырған.(39-бет)

Алмалық

Хан кеңесі жиылғанша жанын қоярға жер таппаған. Сосын екі жүз елу жыл бұрын Жағатай бабасы мекен еткен, бір кезде Үйсін, Жалайыр, Үйғыр диқандары салған, бірақ қазір құлап біткен көне **Алмалықтың** ескі жұртына барған. Бұл ескі жұрт Исан-Бұғыға қымбат дүние еді. Осы ескі жұртта ол алғашқы рет махаббаттың не екенін білді, осы ескі жұртта ол әкесі Уайс ханның қалай қан төккенін көрді. (79-бет)

Исан-Бұғының балалық шағы осы жерде өтті. Әкесі ұзақ жыл Моғолстан әскерін басқарып, басынан сан жорықты өткізіп ақырында өзінің қастарын жеңіп, ақ кигізге көтеріліп хан болған. Содан кейін барып Исан-Бұғы Моғолстанның астанасы, бау-бақшалы **Алмалық** шаһарын көрді.(79-бет)

Исан-Бұғыға бұның бәрі ойыншық боп көрінген. Тек бертін келе, өзі хан тағының ісіне араласа бастағанда ғана Византия епископы Джавани Мариньолли, Флоренциядан Жетісу мен Гоби құмы арқылы Ханбалыққабара жатып, бұл шіркеуді **Алмалықта** 1340 жылы салдырғанын білген. Уайс ханнан бұрынғы Алмалықтың хандары мен хакімдері, бұзыла бастаған шаһардағы ешкімге керегі жоқ шіркеудің бар-жоғына көңіл бөлмеген. (80-бет)

Исан-Бұғы дәл осы жолы астанасын қайтадан **Алмалыққа** көшірді. Ондағысы Қытай мен Жоңғар қаупінен мединесі алыстау болсын деген еді. (85-бет)

Бадахшан

Осы кезде тағы бір ұлы уақиға болды. Бүкіл Түркістан, Самарқант, Бұқар, Андижан, Шахия, Хизар, Хорезм, Құндыз, **Бадахшанды** жаулап алған Мұхамед-Шайбани хан енді Қорасанға аттанды. (146-бет)

Герат

Қаланың тым өсіп кетпеуіне тағы бір себеп ол Әбілқайырдың алыстағы ойы. Хан өз астанасын түбі әбден жаулап алған соң **Гератқа**, не Самарқантқа аудармақ. Ал Орда-Базар уақытша мекені. (42-бет)

Басында қошқар мүйіз етіп ойған алтын тәжі, тор көз жеңіл қорасан сауыт сыртынан киген алтын зерлі, **Герат** шеберлері тоқыған қызғылт торқа шапаны күн сәулесіне малынып, Әбілқайыр қара орданың есігін ашты. (54-бет)

Ол кезде Әбілқайырды хан тұтып, **Гератта** оған арнап сарай салдырған. Халықтан жинаған қаржы-қаражаты мен зекетінің тең жартысын уәделескен уақытында Орда-Базарға жіберіп, өзінің рухани бағынышты екенін әрдайым білдіріп тұрған.(64-бет)

Дешті Қыпшақ

Осы кездегі бүкіл **Дешті Қыпшақтың** ханы Әбілқайыр өз ордасын қазақ даласына тіксе де, жаулап алған жерлері сол Мауреннахр, Соғды, Қорасан жағы болғандықтан көңілін көбіне осы тұсқа аударған.(7-бет)

Соңынан Жәнібектің үшінші баласы Қасым хан бүкіл **Дешті Қыпшақ** жерін алып, Еділ, Жайық бойындағы Кіші жүздің бар руларын өзіне ақылмен бағындырғанын көзімен көре алмады. (114-115-бет)

Дешті Қыпшақ жері — түйенің терісі тәрізді мол дүние.(131-бет)

Әбілқайыр тағы да ойға шомды.

Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды. Ол кезде хан ордасы сонау шығыстағы **Ертіс** өзенінің қойнауындағы Чинга Тұра қаласына ту тіккен.(21-бет)

Ұлытау Дәшті Қыпшақ даласының кіндік ортасы. Батысы — Еділ, Жайық, солтүстігі — Есіл, Тобыл; шығысы — **Ертіс**, оңтүстігі — Сыр бойы. Осы **Дешті Қыпшақ** жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол **Мауреннахр** жеріне көз сала бастады. (21-бет).

Сол күннен бастап сонау Еділ мен **Ертістің** ортасын **Дешті Қыпшақ** жері не Қыпшақ даласы деп атап кеткен. Қыпшақтар он бірінші ғасырдың орта шенінде Днепр өзеніне келіп жеткен. (27-бет).

Жаркент

Моғолстан хандығының тірегі Үйсін, Жалайыр, Дулат, Найман, Керей, Қаңлы тәрізді қазақ руларының белгілі ру бастықтары, билері, батырлары, бұлардан соң барып, Шолақ, Қорған, **Жаркент** тәрізді шет қалалардың әкімдері, діни адамдар, софы, ишан, мүриттер...(86-бет).

Жейхүн

Үгедей балалары монғолдың өз жеріне Ұлы Ордаға ие болып қалғанда, Жағатай балалары мен Төленің кіші ұлы Арық Бұғы осы күнгі Орта Азия өлкесі — **Жейхүн** мен **Сейхүн** өзендерінің арасын — **Мауреннахрдың** бай алқабына ие болған-ды.(13-бет).

Дәшті Қыпшақтың ханы Әбілқайыр бөтен саясатты ұстады. Ол **Сейхүн** мен **Жейхүн** дариялар бойындағы Шыңғыс шауып кеткен шаһарларды қайта тұрғызып, бұл араларға қоныстануға бейім елдерді орналастыра бастады. (39-бет).

Ирак, Иран

Шахрук Әмірдің ұлдары Қорасан, **Иракқа** көз тіксе, ал Әбілқайырдың әлі де болса, Дәшті Қыпшақ жеріне қоса, Моғолстанды алмақ ойы бар.(22-бет).

Аштықтан көздері үңірейген, үстеріндегі киімдерінің жұлма-жұлмасы шыққан бір кездегі мұздай боп қару-жарақтанған айбарлы әскер, енді кенет қайыршы секілденіп, сонау **Иран** мен **Ирактың** шекарасынан Түркістан өлкесіне дейін шұбатыла босты.(150-бет).

Үшінші баласы Құлағу осы күнгі **Кавказ** жерінің бүкіл Оңтүстік тұсын шауып, **Иранды** алып, енді сонау Египетке қол соза бастаған-ды. (13-бет).

Жебе мен Сүбітай баһадурлар басқарған отыз мың әскер бір мың екі жүз жиырма екінші жылы солтүстік **Иран** арқылы Азербайжанды қанға бояды. (33-бет).

Ыстықкөл

Осы жал-жал құздар арасынан солтүстік-күншығысқа қарай беттеген Қошқар деген өзенді қосып, Шу **Ыстықкөл** мен Күтемалды өзені арқылы ұлғайып, етегін жая Күнгей Алатаудың қойнауынан бұрқырай өтіп, солтүстік-күнбатысқа бұрылады (96-бет).

Қаратау

Қасым күледі де қояды. Бірақ жолай ғажайып ерлік көрсетіп, **Қаратау** жайлауында жатқан Мұхамед-Сұлтан-Мазиттің бір топ жылқысын шауып алады. (91-бет)

Асан қайғы **Қаратауды** көріп: «Көкектен басқа құсы жоқ, көк шөптен басқа ісі жоқ, жер азғыны мұнда екен, қатыны семіз, ері арық ел азғыны мұнда екен, аты бестісінде қартаятұғын, жігіті жиырма бесінде қартаятұғын жер екен» деп Еділ мен Жайық бойын тастамауды айтса да, Жәнібек көнбеді. (133-бет)

Кавказ

Ал бір мың үш жүз тоқсан бесінші жылғы аттанысында Бату мен Берке Еділ өзенінің сағасына салған Алтын Орданың астанасы ғажайып сұлу Сарай шаһарын **Кавказ** жағынан, Дағыстан қойнауынан келіп басып алды ғой. Осы шабуыл біздің бірлігіміздің де біржолата түбіне жеткен-ді. (17-бет)

Қашқар

Ұйғыр жұрты мен Қытай богдахандары арасында сан түрлі ұрыс, қан төгіс айқастар өткен Қара Ертіс, Құлжа, **Қашқар** бойларында Қытай әскері талай жеңілген…(82-бет)

Сонымен қорыта келгенде, ұлы Жібек жолы – ежелгі өркениеттің бастауы, тарих пен мәдениеттің құзар шыңы деуге болады. Жібек жолы арқылы сол уақытта қалалар өркендеп, елдің мәдениеті, сәулеті артты. Қазақ халқының тарихын, хандық билік институтын баяндайтын І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы жер-су атаулары ертедегі ел

тарихынан, жер тарихынан сыр шертеді. Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында ұтымды қолданылып, тарихи шындықпен көркемдік тұрғыдан шебер бейнеленеді. Үш үлкен атаулы бөлімдерден тұратын «Көшпенділер» трилогиясы қай жағынан алсақта салмағы мен мәні ерекше. Туындының ішіндегі Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен елді-мекендердің тарихы туралы мәліметтер бүгінгі зерттеушілер үшін құнды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Білім, 1994. – 88 б.
2. Бердібай Р. Тарихи роман. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 336 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін 2002. – 528 б.
4. Есенберлин І Жемісті талант: [Тілші Шөмішбай Сариевпен әңгімесі] 66. // Жұлдыз. - 1975. – №1. – 209 - 213б.
5. Балтымова М.Р. Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза. Электронды оқу құралы. – Ақтөбе, 2019. – 294 б. Электронды ресурс: http://neb.arsu.kz/kk/resources?cid=25&tid=69
6. Бияров Б Жер су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография) – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460б.
7. Есенберлин І Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Көшпенділер, 2006. – 912б.
8. Жібек жолы бойындағы қалалар. – Электронды ресурс: // https://e history.kz/kz/news/show/2381
9. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЕЛДЕРДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МӘДЕНИЕТІ

Аннотация. *Великий Шелковый путь – одно из величайших достижений древней цивилизации. Это был караванный путь, который пересекал гигантские просторы от Средиземного моря до Тихого океана и связывал различные народы с материальной, духовной, культурной, экономической и т. д. Великий Шелковый путь – уникальная культурная ценность для человечества. Поэтому важно сохранять, изучать огромное наследие, которое древние народы оставили сегодняшним поколениям. Нематериальное культурное наследие делится на: лингвофольклорическое наследие, исполнительское искусство, нравы, праздники, ритуалы, знания и обычаи, связанные с природой и окружающей средой, а также традиционные профессиональные навыки. В статье особое внимание было уделено естественнонаучной культуре, сложившейся в странах Шелкового пути, среди этого нематериального культурного наследия.На протяжении Великого Шелкового пути рассматривались вопросы выполнения ритуалов, касающихся природы, познавательного значения огня, ставшего центральным символом и объектом почитания в зороастризме, Бактрийского верблюда и т.д.*

Ключевые слова: *огонь, верблюд, лошадь, солнце, луна, природа, культура.*

Abstract.*The Great Silk Road is one of the greatest achievements of ancient civilization. It was a caravan route that crossed gigantic expanses from the Mediterranean Sea to the Pacific Ocean and connected various peoples with material, spiritual, cultural, economic, etc. The Great Silk Road is a unique cultural value for humanity. Therefore, it is important to preserve and study the vast heritage that the ancient peoples*

have left to today's generations. Intangible cultural heritage is divided into: linguistic and folklore heritage, performing arts, customs, holidays, rituals, knowledge and customs related to nature and the environment, as well as traditional professional skills. In the article, special attention was paid to the natural science culture that has developed in the countries of the Silk Road, among this intangible cultural heritage. During the Great Silk Road, the issues of performing rituals related to nature, the cognitive significance of fire, which became the central symbol and object of reverence in Zoroastrianism, the Bactrian camel, etc. were considered.

Keywords: *fire, camel, horse, sun, moon, nature, culture.*

Табиғат циклі бес элементтің – су, ағаш, от, металл және жердің алмасып тұруының нәтижесі болып көрінді олардың әрқайсысы әлемнің белгілі бір жағына, жыл мезгіліне, түс пен жануарға сәйкес келді. Батыс пен Шығысты бейнелейтін жолбарыс пен айдаһардың бейнелері біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларындағы жерлеу құрылыстарының түпкі нүктелері мен рельефтеріне қатаң түрде бағытталған. Өнердегі зооморфтық мотивтер киелі жануарларды қастерлеумен, тотемдік идеялармен байланысты. Жануарлар ата-бабалар рухы болып саналды, кейінірек олар бүкіл әлем туатын бес негізгі элемент туралы ежелгі натурфилософиялық тұжырымдамамен байланысты болды. Ол уақыт (төрт жыл мезгілі), кеңістік (кардиналды бағыттар) туралы идеялармен сәйкес келеді: орталық - жер - айдаһар - жылдық цикл; солтүстік – су – тасбақа – қыс; оңтүстік – от – құс – жаз; шығыс - ағаш - айдаһар - көктем; батыс – металл – жолбарыс – күз. Бұл күрделі космогония Қытайдағы ежелгі және ортағасырлық өнердің негізі болып табылады, ол тек бейнелерде ғана емес, сонымен қатар ансамбльдердің макетінде және композициясында көрсетілген [1,5].

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалалардағы от культі. Киелі ағаш, Құрбандық үстелі, ошақ, от – адамды Аспанмен және Жаратушымен байланыстырушылар деген сенім Жібек жолында орналасқан халықтарда көрініс табады.

Мәселен сақ және үйсін тайпалары адамдар мен таулардың шыңдарында өмір сүрген жоғары құдайлар арасындағы ғарыштық байланыстың бірегей арналары бар деп сенген. Әмбебап символдық кешеннің ең көп таралған нұсқаларының бірі – Дүниежүзілік ағаш. Ол әлемнің кеңістіктік құрылымын бейнелейді. Дүниежүзілік ағаш идеясы мен ғарыш байланысын мына тұстан көреміз: үштік тік бөлу негізінде ғарыш жер асты әлемінен – судан; ортасы – жер; үстіңгі әлем – аспаннан тұрды. Ғарыштың көлденең төрттік бөлінісі бойынша: оң, сол, алдыңғы, артқы; Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс; Төрт құдай; төрт мифологиялық қаһарман деп бөлінген. Дүниежүзілік ағаштың бұл түсіндірмесі Еуразияның әртүрлі халықтары арасында мәтіндік және символдық өрнекте болған. Көптеген бұйымдардың бейнелері мен ежелгі өнердің нышандары Дүниежүзілік ағаштың бейнесін жаңғыртады. Дүниежүзілік ағаш идеясының және ғарыш идеясының жарқын мысалы – Есік қорғанындағы «алтын адамның» костюмі.

Зороастризм шеңберінде қолданылатын от культі Ұлы Жібек жолы бойындағы діни және мәдени әртүрліліктің дәлелі болып табылады. Бұл аймақтағы әртүрлі мәдениеттер мен діндердің дамуына әсер ететін осы сауда жолдары бойында идеялар мен нанымдардың қалай алмасқаны туралы. Зороастризм ең көне әлемдік діндердің бірі. Оның ғұрыптық тәжірибесі ғаламның төрт элементін: суды, отты, жерді және ауаны қастерлеумен сипатталады. Айта кету керек, Орта Азия мен Қазақстанда зороастризмнің канондық діннен өзгеше ерекше нұсқасы дамыған. Ол жергілікті пұтқа табынушылық культтермен – от, ру, ата культімен және жануарлар қошқар, жылқы, түйемен тығыз байланысты болды. Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде зороастризмді сипаттайтын олжалар жиынтығы анықталды. Бұл діннің белгілерін сәулет және өнер ескерткіштерінен, діни үй-жайлардың ішкі безендірілуінен, салт-жораларда қолданылатын

атрибуттардан байқауға болады. Бейнелеу өнері ескерткіштеріндегі бейнелердің арқасында құдайлармен танысуға, олардың иконографиясын анықтауға болады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы кей қалаларда зороастризм дінінің Қазақстанның орта ғасырлық қалалары мен Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі YII- YI ғасырларда кең таралғаны хақ. Зороастризмнің бұл элементтерін ескі Қостөбе, Қызылөзен (Красная речка) қалаларынан табылған оттың жалынына ұқсас күмбезді мұнара қалдықтарынан және Орта Азия, Соғды, Сырдария қалалары мен Жетісу аңғарларынан табылған от шамдардан көруге болады. Басқа аймақтарға қарағанда Қазақстанда зороастризмнің ерекше түрі кең тараған. Ол жергілікті пұтқа табынушылықпен, отқа, ата-баба әруағына, төрт түлік мал қой, жылқы, түйе тәрізді жануарларға табынушылықпен енді. Бұл бағыт Қазақстан аумағына YI-YII ғасырларда соғдылар арқылы енсе, ал Оңтүстік Қазақстанға бұдан да бұрын сақ, массагет тайпалары кезінде қалыптасқан [2, 266-321].

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі отқа табыну идеясы Орталық Азияда кең таралуын М.С. Орынбеков былай түсіндіреді: «Қайтыс болған адамның жаны қайтып келмес үшін мүрдені өртеп жіберу де осыдан келіп шыққан. Бұл ағым дами келе отқа табынуға әкелді. Мазарлардағы қызыл бояу да осымен байланысты. Сол кезеңде күн – барлығын жалмаушы от ретінде басты құдірет болуына сәйкес, көкті көктей шабатын аспан атына табыну қалыптасты. Жоғарыда сақ тайпалары үшін аттың тарихи маңызын атап өткен едік. Ол малшылық пен көшпеліліктегі басты орынды иеленген еді. Бұл атты да құдірет күштерінің қатарына қосу арқылы көрініс тапты. Негізінен күн мен отқа табыну шығыс халықтарының көне ұғымы болды. Мифологияның жойыла бастауына сай оның орнына тұрақтылық пен нақтылық жайындағы ойлар, біз тіршілік етіп отырған ортадағы әртүрлі табиғат күштерінің – судың, жердің, от пен ауаның бізге тигізетін әсері жайлы ойлар

басым. Парсы тұқымынан тараған сақ тайпалары үшін басты ұғым от болды [3,21].

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Жетісу, Іле алқабы, Ыстықкөл ойпаты, Шу, Талас өңірлерінің аңғарларында, Сібір, Памир, Ферғанада шамдар мен құрбандық үстелдері табылған. 1947 жылы Ыстықкөл маңындағы Семеновское жерінен екі құрбандық үстелі, екі шам табылды. Сақтар мен үйсіндер арасында, Жетісуда «от» культтінің қызметі зор болған. Қазақтар мен қырғыздарда отқа табынудың кейбір дәстүрлері осы уақытқа дейін сақталған.

От культі мен онымен байланысты тәжірибелердің Қазақстанда тарихи және мәдени маңызы бар болғанымен, олар басқа діни және мәдени нанымдармен, ең алдымен исламмен қатар өмір сүретінін атап өту маңызды. Отқа табыну дәрежесі және оның нақты рәсімдері Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен қауымдастықтарында әр түрлі болуы мүмкін. Бұл тәжірибелер ғасырлар бойы әртүрлі тарихи және діни дәстүрлер әсер еткен Қазақстанның мәдени мұрасының алуан түрлілігі мен күрделілігін көрсетеді.

От пен ошақ культі күні бүгінге дейін сақталып қалды. Қазақтар отты «әулие» (қасиетті), «ана» деп атайды. Неке қию рәсімінде де от жағылады. Киіз үйге кіргенде келін ошақтың алдына тізерлеп отырады, отқа май құйылады. Бала туғанда отқа да құрбандық шалатын. Қазақ оттың қаһарынан қорыққандықтан, отпен ант берген.

Аспан денелері мен Ұлы Жібек жолы. Түркітануда ономастиканың басқа салаларына қарағанда космонимика мәселелері әлі күнге дейін кең көлемде зерттелмеген.Түркі тілдеріндегі космонимдерге арналған мақалалар 60-жылдардың соңынан бергі кезеңдерде жарық көре бастады. Атап айтқанда, В.И. Никонов, Ю. Немет, М.Н. Юхма және т.б. космонимдерді зерттеп, олардың аталу уәжін, лексикасемантикалық құрамын, қызметін анықтаған ғалымдар да баршылық. Мәселен, Ресей ғалымы А.В. Суперанская космонимдердің жалпы теориясына тоқталса,

татар ғалымы Р.Ә. Авакова, Ж.Г. Нукежанова това түркі космонимдерінің қыр-сырын ашуға талпынған. Исқақов М.Ө. «Халық календары» атты еңбегінде жалпы космонимдердің шығу төркінін анықтаған. Ал Аронов қазақ тіліндегі аспан денелері атауларына кешенді зерттеу жүргізген. Космонимдер мәселесін профессор Т. Жанұзақов қарастырып, лексикасемантикалық ерекшеліктерін талдаған. Терминология мәселесіне көңіл бөлініп атаулардың грек-латын атауынан басқа әр халықтың өз халықтық ұғымы, атауы болатыны жөнінде К. Жүністегі қарастырған.

Космонимдер тілдің ең көне қабаттарын қамтиды. Сондықтан тілімізде жалпы немесе көпшілік түркі тілдеріне ортақ космонимдердің болуы – заңды құбылыс. Себебі уақыт өтіп, қоғам дамуғанымен туыс тілдер бұрынғы ортақ тілдік байлықты белгілі бір мөлшерде сақтап қалып отырады. Бұған қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдер мысал бола алады. Сонымен жалпы немесе көпшілік түркі тілдеріне ортақ космонимдер қатарына тіліміздегі мына халықтық космонимдерді атауымызға болады: Ай, Күн, жұлдыз, Темірқазық, Алтынқазық, Үркер, Мешін, Шолпан, құйрықты жұлдыз, аққан жұлдыз, Құсжолы, Жетіген т.б. Тіл білімінде кейбір ғалымдар аспан шырақтары атауларын космонимдер немесе астронимдер деп, соған сәйкес бұларды зерттейтін ғылымды космонимика немесе астронимика деген терминдермен атайды. Атап айтқанда, Н.В. Подольская астронимдер деп жұлдыздар, планеталар, кометалар және астериодтер атауларын көрсетеді де, ол космонимдер ретінде шоқжұлдыздар, галактикалар, космостық кеңістік аймақтары атауларын атайды [4, 39; 685].

Алайда көпшілік зерттеушілер бұлайша жіктеуді қолдамайды, сондықтан өз еңбектерінде аспан шырағы атауына бір ғана терминді (космонимді немесе астронимді) қолданады. Мәселен, В.Д. Бондалетов бұл мәселе жөнінде өз тұжырымын былайша анық көрсетеді: «Біз космоним, космонимия терминдерін нүктелі, аймақтық космос объектері

атауларын анықтау үшін қолданамыз, космонимика – осы атаулардың ғылымы» [5, 199].

Күн – өзіне тоғыз ғаламшарды бағындырып тұрған алып жұлдыздың атауы. Кейбір басқа аспан шырақтарындай Күн жұлдызының тіліміздe өзге атауы жоқ. Дегенмен тіліміздегі Күн космонимін әртүрлі фонетикалық варианттармен өзге туыс түркі тілдерінің барлығында дерлік болуы – бұл сөздің жалпытүркілік лексикаға кіретіндігін дәлелдейді. Ал «Құтадғу білікте» аталмыш аспан шырағының Йашық [6,246] деген атауы бар. Алайда бұл көне космоним түркі тілдерінің ешқайсысынан ұшыраспайды. Күн космонимі түркі тілдерінде әр тілдің ерекшелігіне қарай фонетикалық аздаған өзгерістерге түскен. Атап айтқанда, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, қарайым, қарашай-балқар, алтай, хакас, якут тілдерінде Күн деп аталады. Ал аталмыш космоним түрікмен, түрік, әзірбайжан, гагауыз, құмық тілдерінде Гүн немесе Гүнеш деп аталады. Соңғы тұлғаға жақын атауды Кунәш [6, 327] көне түркі тілдерінен кездестіреміз. Күн космонимінің өзгешелеу тұлғаларын бірқатар түркі тілдерінен ұшыратамыз.

Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай, Йер-суб болады деп, оған да құрмет көрсетілді. Жыл 75 сайын 5 айдың орта шенінде ру-ұлыс адамдары жиылып аспан рухтарының құрметіне құрбан шалып, жалынып, жалбарынды. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы нгасандарда да күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметшісі, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі өсімдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады-мыс. Ертедегі түркілердің Көк тәңірі, күн туралы ұғымнанымдарды басқа да халықтардың нанымдарына ұқсас болған, осы да Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өз жалғасын табады.

Қазақстанның оңтүстігіндегі табылған тастағы суреттерге қарап аңшы-малшылардың Күн, Ай секілді аспан денелерін пір тұтқанын көреміз. Бірақ уақыт өте құдайлар жайлы пікір ауысты. Мұны құдайлардың сыртқы сипатынан байқауға болады. Бастапқыда шеңбер түрінде кездескен бейнелер уақыт өте келе адам тұрпатына айналды, яғни басы аспан, ал өзге мүшесі адам денесіне ұқсас болды.

Күн ұғымымен байланысты Ұлы Жібек жолы бойындағы географиялық атаулар көбінесе сауда жолдары өткен аймақтардағы күннің мәдени маңыздылығын көрсетеді. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

Ұлы Жібек жолындағы ежелгі қала Самарқанд тарихи түрде «Мараканда» және «Афрасиаб» деп аталды. Бұл атау ежелгі парсы тілінен шыққан және күн құдайымен немесе күнмен байланысты символизммен байланысты болуы мүмкін.

Суряпура (Мултан), Пәкістан: Инд өзеніндегі маңызды қала Мултан тарихи түрде Суряпура деп аталды, бұл санскритте «күн қаласы» дегенді білдіреді.

Сурякунда, Үндістан: Сурякунда – Үндістандағы жердің атауы, ол «күн бассейні» дегенді білдіреді. Бұл индуизм мифологиясымен және күнмен байланысты рәсімдермен байланысты.

Орталық Азия топонимикасы еліміздің кез келген басқа аймақтардағы топонимдер секілді тарихтағы белгілі бір оқиғасымен байланысты болады. Көптілді халықтар мен тайпалардың қайта-қайта қоныс аударуы көпқабатты географиялық атауларды айқындап берді. Олардан ең көне қабаттарды бөліп алып зерттеу өлкенің тарихына, этнографиясына, географиясына көптеген құнды мәліметтер береді. Тарихи-лингвистикалық, тарихи-географиялық әдістерді пайдалана отырып, географиялық атаулардың қалыптасу тарихын, олардың құрылымын, сөздік құрамын, этимологиясын белгілеуге болады.

Орта Азиядағы топонимиканың көне қабаттарының бірі – «қат», «қад», «кент», «канд», «жанд» (Паркат, Заркат, Ташкент, Панжикент, Бешкент) топонимикалық жұрнақтары бар қала атауларынан тұрады. Самарканд, Кўканд, Вабканд, Пайканд, Хожанд, т.б. топонимдер құрамындағы топоформанттардың ең көнелері «кат>кад» екені даусыз. 9-10 ғасырлардағы жазба деректерде «қат» және «қад» жұрнақтарымен тіркескен қала, ауыл атауларын көптеп кездестіреміз. Мұндай атаулар В.В.Бартольд атап өткендей, Орталық Азияның оңтүстік аймақтарында, өзен алабында кездеспейді.

Біз негізге алған «ҚУҚАНД» және «ХУЖАНД» топонимдерінің этимологиясы көптеген ғасырлар бойы қатты өзгерген, сол себепті олардың этимологиясы әрқашан пікірталас тудырды. Екі топонимде де «қу» және «ху» компоненттері сөз тудырушы қосымшалар, «канд» және «жанд» субстраттары қызметін атқарады. 10 ғасырдағы жазба деректерде. «Кувканд» — Ферғана алқабының сол жағалауындағы көне қалалардың бірі – «Хуканд», «Хуваканд» және «Хувоканд» түрінде кездеседі. Сол жақтағы тағы бір көне қала – Сыр өңірі «Хужанд» түрінде суреттелген. Бірінші және екінші құрамдас бөліктерде де жеке әріптердің ауысу заңдылықтарын ескеретін болсақ, бұл екі географиялық атаулардың екі компоненті де сөзжасамдық «ху» қосымшасынан («хва») құралған біртұтас бастапқы формаға қайтады.

Ежелгі үнді-иран тілдеріндегі сөздердің морфологиялық құрылымын зерттеген *Л*.Г.Герценберг бойынша. «Хван»//Xvar- «күн» сөзі топоформант қызметін атқарады деп топшылады. Жалпы мағанасы «күн қала» болуы ықтимал.

Жануарлар дүниесі мен Ұлы Жібек жолы. Адам баласы ерте заманнан бері табиғатпен, қоршаған ортамен байланыста болған. Оған дәлел Көне Алматыдағы табыну орнының табылуы, «аң стиліне» қатысты кескіндемелер, Жетісу, Есік ,Таулы Алтай өңірлерінен табылған тәждер, т.б.

Еуропа мен Азияда кең тараған, грек халқының нанымсенімдерінің бірі, құдайана Дионискe табыну Қарғалы диодемасында бейнеленген. Бұл диодемада дүниенің үш саласы бейнеленеді. Біріншісі, жерасты тіршілігі. Екіншісі, адамдар мен жануарлар өмір сүретін жер бетіндегі тіршілік. Үшінші, құдайлар мен құстар мекені – аспан тіршілігі. Мұндай күрделенген мифологиялық образдың Қазақстан өңіріне, атап айтқанда Жетісу, Алматы маңындағы көшпелілер идеологиясына енуіне Ұлы Жібек жолы бойындағы байланыстар өз әсерін тигізді [7, 182].

Түйе жануары. Ұлы Жібек жолы бойындағы, әсіресе құрғақ аймақтардағы керуен саудасы үшін түйелер қажет болды. Бактрия түйелері Орталық Азия мен Таяу Шығыста кеңінен қолданылды, ал бір өркешті дромедар түйелері Араб түбегінде және Солтүстік Африкада жиі кездеседі.

Түйе бейнесі Қазақстан және Орта Азия халықтарының идеологиясында ерекше рөл атқарды. Әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде кеңінен таралған. Мысалы Қаратау петроглифтеріндегі түйе бейнесі. Түйе культі мен оның бейнелерінің Орталық Азияда таралуы сақ-юэчжи тайпаларының қозғалысымен және олардың Кушан империясын құруымен байланысты. Адамдар оны құдіретті билеуші, жеңіс және найзағай құдайы «Веретрагнпен» салыстырды.

Бұл жануардың Жетісудағы ең алғашқы бейнелері қола дәуіріндегі жартасқа салынған суреттерден көрінеді. Бұдан өзге Алматы, Ақ-Бешім өңірлерінде түйе жануары бейнеленген археологиялық заттар табылған болатын. Түйені қастерлеу Жетісу өңірінде ұзақ сақталды. Оған дәлел қазақтар арасында түйе «ақ түйе, бура» ең қымбат құрбандық саналған. Ал қырғыздардың «Манас» жырында түйе батырдың сенімді көмекшісі әрі қорғаушысы ретінде сипатталады. Манас дүниеден өткеннен кейін оның түйесі Желмая кесене алдында он екі жыл тізерлеп тұрған делінген. Түйе культінің және оның бейнелерінің Орта Азияда таралуы сақ тайпаларының

қозғалысымен байланысты. Осылайша Хорезмге Сырдария өңірлеріндегі билеушілер келіп, өздерімен бірге түйе бейнесіндегі тәжді ала келді. 5-6 ғасырларға жататын Бұхара билеушілерінің тиындарының оң жағында (түйе), сол жағында (от) бейнеленген [8, 145].

Еуразия даласының ұлан-ғайыр кеңдігін мекендеген Бактрия түйесі бес мың жылдай бұрын қолға үйретілген. Бұл құдіретті аң көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың шаруашылығында жүк тиеу қызметін атқарды. Оның еті мен сүті, жүні тұрмыста жиі пайдаланылды. Бактрия – Орталық Азиядағы ең ірі жануар, ол өзінің жабайы мінезімен және күшімен ерекшеленеді. Ежелгі халықтардың миф жасаушылық ойлауы мен бейнелеу өнерінде ерекше орын алуы ғажап емес. Түйе бейнелерінің ең алғашқы үлгілері Орта Азияның таулы аймақтарындағы, Тянь-Шань мен Памир сілемдеріндегі қола және ерте темір дәуірінің петроглифтерінде кездеседі. Зерттеушілер олардың тотемдік және магиялық мәнге ие екендігін алға тартады. Қасиетті жануарлардың, соның ішінде бактриялардың бейнелері біздің дәуірімізге дейінгі 2-1 мың жылдардағы «қазыналарда» және жерлеу орындарында, ыдыстарда, терракотада, қару ұстағыштарында және құрбандық үстелдерінде көрініс табады [9, 144-146]. Грек-Бактрия және Грек-Үнді нумизматикасында түйе бейнесі Менандр I Сотердің (шамамен б.з.б. 155-130 ж.) қола теңгелерінде ғана кездеседі.

Б.И. Вайнбергтің пайымдауынша, ерте темір дәуірінде бактрия түйесі Қазақстан далаларында, Орталық Азияның іргелес аймақтарында және Оңтүстік Сібірде тұратын иран тілдес көшпелі тайпалардың белгілі бір тобының тотемі болды дейді. Бұл аймақтар бактрия культінің қалыптасу орталығына айналды [10, 25]. Ал А.Ақышев үнді-иран халықтарының түрлі эпостары мен мифтерінде аспан және күнмен байланысты киелі, сиқырлы түйе (кейде қанатты) бейнесі кездесетінін атап өтеді [11, 122].

Жылқы жануары. Ұлы Жібек жолы тағы бір сабағы көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі аттың рөліне байланысты. Қазіргі заманда электрондық жүйелер қандай маңызды рөл атқаратын болса, жаһанданудың алғашқы нұсқасы –Ұлы Жібек жолы мәдениетінде жылқы мен түйе сондай рөл атқарды. Қуаң дала мен шөл тек осы үй жануарларын пайдаланумен адамдық ойкуменаға айналды. Бұл – оны құдірет күші деп тануға негіз болды. Өркениеттіліктің бірінші толқыны да бақташылық көшпелі өмір тіршілігімен тығыз байланыста жүрді. Көшпелі үндіеуропалықтар біздің дәуірімізге дейінгі 3000 жылдықтың басында Еуропада, екімыңжылдықтың басында Иран мен Үндіде, сол мезгілде Орталық Азията тарихи өркениеттердің негізін қалады. Осы үрдіс Ұлы Жібек жолы мәдениетінде тереңдей түсті. Жылқының өркениеттер қалыптасуындағы рөлін тек К. Ясперс пен А. Вебер сияқты Батыс ғалымдары ғана емес, біздің отандық зерттеушілер де баса көрсетті. М.С. Орынбеков бұл мәселені тиянақты қарастырады: «Жылқыға табынушылық жылқына мүрдемен бірге жерлеудің әркелкі жағдайларынан айқын көрінеді. Құрбандыққа шалынған жылқы мүрденің аяқ жағына көмілген. Жылқыға деген көзқарас әртүрлі болғаны соншалық, сақтар жайлаған аймақтардың әрқайсысында жерлеу салттары әртүрлі болды. Сондықтан да археологиялық қабаларда жылқы әбзелдеріне қарап, мүрденің жерлену уақытын, марқұмның тайпалық тегі мен дәрежесін айқындауға болады. Жүген, ауыздық, құйысқан, айылбас, ат әбзелдері ұмытылып бара жатқан жылқының адамдар ұғымындағы орнын көрсетеді. Геродот айтқандай, олардың жалғыз табынатыны – күн. Олар жылқыны күнге құрбандыққа шалады. Бұл құрбандық шалудың мәні: ең жүйрік, ең ұшқыр тәңірге ең жүйрік жануарды құрбандыққа шалу керек дегенді білдіреді. Әйткенмен, бұл тек сақтардың ғана ерекшеліктері емес еді. Күн мен жылқыны теңестіру көптеген халықтарда кездеседі. Ригведа мен Авестада күн тәріздес доңғалақты арбаны сүйреген ат бейнеленген. Сақ

қолөнерінің негізгі ерекшелігі Оңтүстік Сібірде, Қазақстан мен Орта Азия аумағында кездесетін тағы аңды бейнелеу болды. Оның мәні мынада еді: осы тотемнің элементтері әр тайпаның шығу тегін көрсетеді» [3, 23].

Жазба деректердегі сақтардың жылқымен бірге жерлейтін ғұрыптық рәсімдері археологиялық тұрғыда Пазырық, Аржан, Берел қорғандарымен расталған болатын. Аталған қорымдардан бүгінге дейін 270-тен астам жылқы сүйегі табылған. Жерлеу орындарынан табылған жылқылардың басым көпшілігі жирен (күн, от, алтын сары түсті білдіреді) түсті. Бұл сақтардың наным-сеніміндегі күнге табынушылықпен байланысты болса керек. Сақтардың космогондық түсінігінде жылқыны күн, от және аспан тәңірлері деген үштік моделмен байланыстыруы ежелгі халықтардың мифологиясындағы Аспан, Күн, Ай, Жер, Су, Тау секілді киелі саналған көне танымдарға байланысты пайда болған дейді ғалымдар. Сол себепті, сақтар өздерінің патшаларын жерлегенде күн түстес алтын әшекейлермен аптаған. Таңбалы таста күнбасты адамдар бейнесінің кескінделуі де ежелгі халықтардың танымындағы күнді қастерлеуінен шыққандығын көрсетеді [12, 17].

Жылқылар Ұлы Жібек жолында саудаланған ең маңызды жануарлардың бірі болды. Олар тасымалдауда, соғыс жүргізуде және ауыл шаруашылығында шешуші рөл атқарды. Орталық Азия мен Қытай арасындағы Жылқы тұқымдарының алмасуы екі аймақтағы әскери және мәдени дамуға айтарлықтай әсер етті.

Өсімдіктер дүниесі мен Ұлы Жібек жолы. Өсімдіктерді пайдалану рәсімдері Ұлы Жібек жолындағы мәдени және діни тәжірибелердің ажырамас бөлігі болды. Бұл рәсімдер көбінесе терең рухани және символдық мағынаға ие және әртүрлі діндермен, соның ішінде буддизммен, даосизммен, зороастризммен және басқалармен де байланысты.

Сан ғасырлық керуен қатынасы жол бойында сауда мен қолөнердің, суармалы егіншіліктің жақсы дамуына себепші болды. Егіншілік алқаптары жергілікті халықты ғана емес, сауда керуендерін де азық – түлік түрлерімен қамтамасыз еткен. Сол кездегі ауыл шаруашылығы географиясын талдасақ, көптеген тарихи деректер оның маманданған тауарлы сипаты болғанын дәлелдейді. Мұның өзі – Жібек жолы бойындағы елді мекендерде нарықтық шаруашылық-сауда қатынастары керуен жолдары бойындағы қалалардың мамандану сипатын анықтап берді. Сонымен Ұлы Жібек жолы Қазақстанның Оңтүстік өңірінде феодалдық – қалалық мәдениеттің дамуына шешуші ықпал етті деуге болады.

Сол кездегі үлкен қала орталықтардың бірі Алматы (Баба Ата – Алмалық) елді мекенінің тарихта алатын орны зор. Қазіргі Алматының орнында орналасқан Алмату деп аталатын ортағасырлық қала болған. Қалалар жайында мәліметті XYI ғ. өмір сүрген мемлекеттік қайраткер, қолбасшы, ақын әрі жазушы Заһир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың "Бабыр-наме" атты шығармасында былай делінген: "Ферғана – бесінші климаттық белдеудегі аймақ. Ол жер өңдеумен айналысатын елдердің шекарасында орналасқан. Оның шығысында – Қашқар, батысында – Самарқанд, оңтүстігінде – Бадахшан таулары, солтүстік шекарасында – Таразкент қаласы. Кітапта Алмалық, Алмату, Янги қалалары сияқты ежелгі елді мекендерді айтады " [13, 473].

Алайда олардың монғолдар қиратып кеткен, сондықтан да ол жерлерде қазір ешқандай мекендер қалған жоқ. Алматы елді мекені жайлы Бабырдың замандасы, "Тарих – и – Рашиди" атты еңбектің авторы Мұхаммед Хайдар Дулат та моңғол шапқыншылығы мен осы елді мекеннің маңында болған соғыстарға байланысты деректерінде атап өтеді. Алматыдан 1979 ж. екі күміс теңге табылды. Бұл теңгелердің Жетісуда соғылғандығы және қазіргі Алматы территориясында XIII ғ. ақша соғатын өндіріс болғаны жайлы болжамдар бар. 1990 ж. тағы таңбалы екі теңгелер табылған. Теңгелерді оқып зерттеу

барысында ғалымдар, оның сол кездің өзінде қазіргі “алмалы жер” немесе “алма көп өсетін жер” деген мағынаны білдіретін “Алматы” атауымен аталып, XIII ғ. Қазақстанның оңтүстік астанасының орнында өмір сүрген қала екеніне көз жеткіземіз. Бұл аймақта б.з.д. X-IX ғғ. қола дәуірдің өзінде елді мекен болған. Одан сақтар, үйсіндер мекендеген жер. Алматы тыныстіршіліктің келесі бір маңызды кезеңі ортағасырлар дәуірімен байланысты. Өйткені осы кездерде бұл аймақта елді мекендер мен қалалар пайда бола бастаған. Бұл VIII-XIII ғғ. аяғы, қала мәдениетінің дамып, Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда байланыстары арасында гүлдене түскен кезі. Жібекжолы, дәлірек айтсақ, оның Іле алқабына кетеін бір тармағы X-XIII ғғ. жұмыс істеп тұрған. Осы кезеңде “үлкен Алматы” маңында бірнеше елді мекендер мен қалалар болған.Қазір олардың бәрі құрылыс жұмыстарының астында қалды. Жазба ескерткіштер, теңгелер және археологиялық материалдарға сүйене отырып, қазіргі Алматы ежелден осы атымен белгілі болып, X-XII ғғ. қалыптасқан деп археолог, ғалым К. Байпақов тұжырымдайды. Демек бұл қаланың тарихы мың жылдан асып кеткен. Сонымен, Алматы бір кездері ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени орталығы, қолөнері, саудасы, сонымен бірге Жібек жолы бойындағы халықаралық саудасы күшті дамыған, Жетісу өңірі тұрғындарын ақшамен қамтамасыз ететін ақша сарайы жұмыс жасаған ірі қаласы болған.

Қорыта айтқанда, ұзақ уақыт бойы Қиыр Шығыс елдерінің өнері ежелгі және ортағасырлық әлемнің басқа аймақтарынан оқшауланған түрде толығымен дамыды деп есептелді. Соңғы зерттеулер бұл аймақтың көрші елдермен бұрыннан және ұзақ мерзімді байланыста болғанын көрсетті. Ұлы Жібек жолы, б.з.б. 1 мыңжылдықта салынған болуы мүмкін. Ол арқылы тек тауарлар ғана емес, сонымен қатар көптеген халықтың дәстүрлер мен мәдени құндылықтары алмасты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Солодовникова О.Н. Искуство Китая. – «Издательство АСТ», 2023

2. Затов Қ. А. Зороастризмнің тарихи тамырлары мен діни ілімі // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. - Астана: Аударма, 2005. – 266-321 бб.

3. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.

4. Подольская, Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. – М.: Наука, 1978. – 198 с.

5. Бондалетов,В.Д. Русская ономастика: учебное пособие / В.Д.Бондалетов. – М.: Просвещение, 1983. – 224 с.

6. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с

7. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.

8. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 с.

9. Кошеленко Г.А. Булла с изображением двугорбого верблюда сгородища Гебеклы// Российская археология. 2004. № 3.С.144-146.

10. Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма.М.:Наука, 1977. 223 б.

11. Акышев А.К. Отырардан табылған өрнекті ефрит. Отырардағы археологиялық зерттеу. Алматы. 1977. 74-б.Солодовникова О.Н. Искуство Китая. – «Издательство АСТ», 2023

12. Д.Қыдырәлі Ұлы дала тарихы. – Астана, «Ғылым» баспасы, 2018. – 432 б.

13. Бабыр Захир ад – дин Мухаммед. Бабырнама. Алматы, 1993.

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы
*Л.*Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті

«АЛТАЙ» ТОПОНИМІ КЕЗДЕСЕТІН АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

Аннотация. *Алтай – удивительно красочный, сказочный край, нередко называемый жемчужиной Азии. Древние тюрки считали Алтай сердцевиной мира и отсюда вели свою родословную. В легендах, мифах и героических сказаниях многие тюркские и монгольские народы называют Алтай своей прародиной. В данной статье рассматриваются легенды-рассказы, где фигурируется топоним «Алтай». К алтайским эпосам можно отнести «Алтай-Бошай», «Алтын Топшы», «Алтын-Мизе», «Костай мерген», «Сары Са-лам», «Кускунак мерген», «Тектемей Бокэ», «Имей-Ару и Шимей ару», «Ак Коныр», «Хан Алтын», «Алактай», «Шулмус-Шыны» и т.д. Особенности этих эпосов можно найти в произведении «Маадай-Кара». Данная легенда была рассмотрена в контенсте других тюркских легенд. Были выявлены схожие черты с казахскими, киргизскими, башкуртскими т.д. легендами.*

Ключевые слова: *Алтай, Маадай-Кара, легенда, топоним, топонимика*

Abstract. *Altai is an amazingly colorful, fabulous land, often called the pearl of Asia. The ancient Turks considered Altai to be the core of the world and traced their ancestry from here. In legends, myths and heroic tales, many Turkic and Mongolian peoples call Altai their ancestral home. This article examines legends-stories where the toponym «Altai» appears. Altai epics include «Altai-Boshai», «Altyn Topshy», «Altyn-Mize», «Kostai Mergen», «Sary Sa-lam», «Kuskunak Mergen», «Tektemey Boke», «Imei-Aru and Shimei aru», «Ak Konyr», «Khan Altyn», «Alaktai», «Shulmus-Shyny», etc. The features of these epics can be found in the work «Maadai-Kara». This legend was considered in the*

context of other Turkic legends. Similar features with Kazakh, Kyrgyz, Bashkurt, etc. were identified. legends.

Key words: *Altai, Maadai-Kara, legend, toponym, toponymy*

Алтай – қазақ халқының қасиетті мекені, ата жұрты. Алтай – «Алтын» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан Алтай тауы «Алтын тау» деп аталған.

Алтайда кеннің молдығы таңдай қақтырады десе де, мұның ішіндегі жұрт назарын ерекше аударатын кен – алтын. Халық арасында: «Алтайдың сай-саласы түгел алтын» – деген сөз бар. Шынын қуғанда, Алтай тауында 72 сайда ғана емес, неше ондаған үлкенді-кішілі өзен аңғарының бәрінде мол алтын бар.

«Шинжяң шежіресінде» жазылуынша, «Алтай алтынымен әйгілі». Алтай деген сөз «алтын тау» деген мағынаны білдіреді. Таудың күнгей беті Шығыс тау, Батыс тау деп бөлініп, 300 шақырымға созылып жатады. Сайлардың бәрінде кебек алтын бар, кен белдеуінің тар, кең, қалың, жұқалығы әркелкі болады.

Алтайда алтын қазуға қатысты жазба тарихты 2000 жылдың алдындағы Хан династиясы дәуіріне дейін апаруға болады. Археологиялық дәлелдеуге негізделгенде, Хан династиясы дәуірінде, ұндар солтүстікте 300-400 жыл дәурендеп тұрған мезгілде, Алтайда тәңірқұт ордасын құрып, алтын қазуды бастаған. Жерорта теңізі өңірімен, Араб түбегімен ардағы саудада қыруар алтын жұмсай бастаған.

1690 жылдан кейін, Алтайдағы алтын қазу тарихы жөніндегі жазбалар тарихи әдебиеттерде кезігеді. 1764 жылы елі белгісіз біреулер мен жергілікті адамдар Аюсай, Тақтай сай, Шығыс сай, Батыс сай сияқты жерлерде алтын қазған. 20 жылдан кейін ішкі Қытайдан Лютұң деген адам 1000 адамды жинап Хұтусұра өңірінде алтын қазған, Чиң династиясының әскерлері барып оларды қуалаған. Кейін алтын қазуға Чиң Үкіметі тыйым салғанымен, алтын қазу мүлде тоқтап қалған жоқ.

XX ғасырдың бас шенінде, алтын салығы Алтай аймағының маңызды қазына қайнарына айналған. Шинжяңға Яң Зыңшин үстемдік еткен тұста (1911-1928), Алтайдың алтын өндірісіне баса мән беріп, Германияның Сименц серіктестігі өндірген Алтын шайқау машинасынан 10-ын сатып алған. Жин Шурын билік басына шыққаннан кейін (1928-1933), Алтайда Алтын мекемесін құрып, бұқараның, үкіметтің алтын қазуы бірдей қолға алынып, алтынға қазушылардың саны 10 мыңнан асып, алтын өнімі 50-60 мың сәріге жеткен (бір сәрі 31,25 грамм). Шың Шыцай үстемдік еткен кезде (1933-1944) Алтайда Алтын мекемесін құрып, алтынның жылдық өнімі 5000 сәрі шамасында болған. Сол кезде Алтай тауындағы Шығыс екіаша, Батыс екіаша, Жаңа сай, Көне сайлар маңызды кен орындары болған.

XX ғасырдың 40 жылдарында, Батыс екіаша сайында алтыннан мол өнім алынды. «Шайқалған алтынның көбі дөңгелек, өнімі мол, аумағы кең болды». Қытай-Моңғолия шекарасындағы Сиырсай (қазір Моңғолия жерінде) азаттықтан бұрын барланған алтын аса мол бір кен еді. Ол жерде алтын шайқаушылардан қалған жертөле, құдық, арық, аспа ағаш, күнделікті бұйымдар сияқтылар әлі күнге дейін тұр [1, 69].

Бұрын Алтайда кебек алтын шайқауда, негізінен қарапайым, өзіндік құны төмен «дәстүрлі әдіс» қолданылатын. Мұнда адамдар көбінде өзен арнасынан арық тартып оған ағаш науа орнатып, онан соң өзеннің түбіндегі алтынды құмды қазып ағаш науаға салып, сумен қайта-қайта ағызып айдағаннан кейін, ең соңында меншікті салмағы ауыр кен қиыршықтары қалады, магнит арқылы темір, маргенец сияқты рудалар тартылып алынған соң, кебек алтын қалады. Кей кен орындарының топырақ қабаты өте қалың болады. Адамдар құдық немесе кен жолын қазады. Кен жолының төбесіне мәтшәмен тіреу жасалады. Осы арада алынған құм науаға салынып, сумен шайқалады.

Алтын шайқау ісінің ең дәурендеген кезі алдыңғы ғасырдың 20 жылдарынан 1949 жылдың қарсаңына дейін болған. Ол шақта, басқару босаң болғандықтан, 10 мыңдаған адам жыл бойы осы жерлерде алтын шайқаған. Ол кезде тасжол болмағандықтан, алтын шайқау жұмысына қажетті астық, құрал-саймандар өгіз, ат, түйеге артылып, талай жолды басып жеткізілген. Алтын шайқау шарт-жағдайы да нашар, құрал-саймандар тым қарапайым, соған орай технология мен әдіс-амалдары да табиғи түрде мешеу болған. Алтын шайқаушылардың тіршілігі ерекше жапалы жағдайда өткен еді, адам өлімі үнемі ұшырап тұратын, бірақ сол кезде алтын кені төтенше мол болғандықтан, таязда көмілген, оңай ашылатын кен бөліктерінің ештеңесі қалмай қазып әкетілген.

Алтын бар жерде «асыл табу» жөніндегі әңгіме-аңыздар таралған: Айтуларға қарағанда, әлдебір қожайын өзен жағасында кіші дәрет сындырып тұрғанда, дәреті шайып кеткен құмның сап-сары болып кеткенін көреді де, дереу құмды қаздырып, кішкене астаумен жарты сағат шайқап, 20 неше грам кебек алтынға ие болады.

Енді біреулердің айтуынша, Шібетіде, екі адам балық аулауға барады. Қармаққа жауын құрт іздеп бір түп шидің түбін ашқанда, жауын құрттың денесіне жабысқан ұсақ алтынды көреді. Жергілікті адамдар былай деп суреттейді: Өрістен оралған Алтайдың қойлары аяқтарын сілкісе болды екі сәрі алтын түседі. Алтай қаласының көшесін аралап жүргеніңде әлдебіреу келіп иығыңнан қағып: «Алтын аласың ба?», – деп сұрайды. Кейбіреулер алтынның сафтығы 99998 дейді. Алтайға сырттан келген саудагерлер тапқан ақшаларын Алтайдың алтынына айырбастап алады да, қайтып барып, мәнерлеп оның ішінен ақ алтын алып, қалыптан сырт пайдаға батады [2, 95].

Алтай алтынының Шинжяңда атағы бар, көне шинжяңдықтар оны «Алтай алтыны» деп атайды. Алтай тауынан шығатын алтынның бастысы кебек алтын. Кебек алтын кебектей ұсақ, түсі анық, сафтығы 95%-дың үстінде,

ерітілгеннен кейін айырып отырмай-ақ төте зергерлік бұйымдарды жасай беруге болады. Кейбір кен орындарынан пішіні сары бұршаққа, жүгеріге, күнбағыс дәніне ұқсайтын, сонымен қатар таяқша тәрізді де түйіршік алтын шығады. Кесек алтын табылып қалатын кездер де болады. Айтуларға қарағанда, әлдебір алтын қазушы 200 сәрінің үстіндегі ит басындай алтын қазып алған екен.

XX ғасырдың 80 жылдарында, реформалау мен ашылудың тереңдеуіне орай, мемлекеттің алтынға сұранысы арта түсті. Алтын өндірісін жебеу үшін, алтынның сатып алу бағасын көп рет жоғарылатты, әрі кәсіп саясатын реттеп, кебек алтын шайқауға рұхсат беруді кеңірек ұстады. Бір мезет төңіректің төрт бұрышынан алтын шайқаушылар Алтайға ағылды. Ұдайы неше жыл бойы алтын шайқаушылар саны 10 мыңнан асты [1, 69].

Бүгінде алтай тауына барсаңыз, қолмен алтын шайқап жүрген алтын шайқаушыларға анда-санда ұшырап қаласыз. Егер шарлаушыларды көре қалса, тым-тырақай қашып жоғалады. Алтайлықтардың ұраны: Алтайдың көрікті келбетін қалпына келтіру, алтын шайқау кемесін, машиналарын Алтай тауынан аластау. Алтайдың алтыны баянды даму жолымен жоспарлы түрде ашылуда.

Алтай соңғы ғылыми зерттеулер, атап айтсақ, Берел обасы қазбаларының зерттеулері көрсетіп отырғандай, тек «алтын бесік» қана емес, мұнда адам өркениетінің ең ежелгі қоныстары орналасқан. Шығыс Азиядан бастап қиырдағы Сібірге дейінгі халықтар, фин-угор халықтарын қосқанда – Алтай өңірінің тумалары [3, 56].

Сол себепті түрік мәдениетінің жұрнағын қорғаушысы ретінде Шығыс Қазақстан республика аумағындағы ең маңызды орын болып табылады.

Жалпы Өр Алтай, Таулы Алтай, Моңғол алтайы. 3000 километрге созылған, басын мұзарт басқан, етегін жасыл орман көмкерген құтты мекен. Соның асқар шыңы Өр Алтайдың үш жағында Қазақстан, Шығыс Түркістан

қазақтары, Моңғолия қазақтары мекендейді. Алтаймен жапсарлар Саян, Ханғай, Хантәнгэр (Хантәңірі) тауларда байлығымен, құлын мүшесі бұзылмаған табиғатымен әлемге әйгілі. Алтайды «Алтын тау», «Алтынды тау» деп әр түрмен атап келеді. Егер ол алтынға байланысты аталса Алтынды тау, Алтынды сай, Алтынға бай тау деп неге айтылмайды? Ертедегі Қытай жазбалары Алтай тауын мекендеген халықты «Төрт маусымды ел», «Қыс жазы», «Көктем, күзді ел» деп өз шежірелерінде жазып-сызған. Неге дегенде Азия шығысында жалғыз-жарым ғана маусым болған. Оларда қар жауса да тез еріп кетеді. Көлдер мен өзендері мұз болып қатып қалмағандықтан таулы, нулы-сулы жердің табиғатына таңданып алты ай қыс, алты ай жаз болғандықтан «Алты ай» деген ертедегі түркі сөзін пайдаланып Алтай тауы деген сөз туындаған деген болжам шындыққа жуық. Егер тау аты алтынға байланысты айтылса көшпелілердің ата қонысындағы алтын, күмісінің дені далалық өңірден қазып алынып келіпті, әлі де солай. Сондай-ақ Алтай деген алтыннан да артық байлығы мол ұлы тау. өйткені 3000 километрге созылған Алтай тауларының қойнауы толған байлық. Тұнып тұрған мұндай байлықты мекенін «Асқар Алтай», «Аспан Алтай» деп тәу етіп келген халықтың бірі қазақ халқы. Қазақтар үшін Алтай деген тау аты, байлықтың түрі-темірдің пірі алтыннан да асып түсетін қасиетті ұғым. Олай болса бұл халықты орыстардың атап дағдыланған «Алтай» атымен емес, «Таулы Алтай» деп атаса болғандай [1, 69].

Ғылымда ертеден қалыптасқан «Алтай тілдері» деген ұғым бар. Бұл осы өңірді, жалпы шығыс халықтарының біразын тілдік тұрғыда біріктіретін жиынтық атау. Алтай тілдерінің үлкен бір тобы – түркі тілі болып табылады. Қазір бұған әзірбайжан, түрік, түркімен, гагауыз, қарайым, қарашай, балқар, құмық, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, ноғай, тува, хакас, өзбек, ұйғыр, шор, шұбаш, жақұт, алтай, естек (башқұр) тілдері жатады.

«Суы бал, көдесі май, жері майса, Ағызған сары алтынды тастан Алтай» деп әнде айтылғандай, Алтай кенді өңір. Мұнда қорғасын, мыс, мырыш, алтын, күміс, кадмий, селен, теллур, сүрме, индий, галлий тәрізді көптеген кен көздері бар. Тіл ғылымында Алтай сөзінің тегі көнеден келе жатқан түркілік алтан – алтын сөзінен сабақталады [2, 95]. Бұл оның ежелден кенге бай, жеріміздің, еліміздің алтын алқасы екендігін айғақтайды.

Қазақ пен Алтайдың көне туыстығын әйгілейтін фактілер, әсіресе, ауыз әдебиеті нұсқаларында жиірек ұшырайды. Бұл мәселе бізде әлі күнге дейін кең көлемде зерттелген емес. Ауыз әдебиетін типологиялық тәсілмен, жанр-жанр бойынша салыстыра зерттеу келешектің үлесіне қалып келеді.

«Алтай» топониміне қатысты бір аңызда былай делінген: «Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Олардың дәулеті шағын болғанымен ақылға парасатты, ойға бай адамдар екен. Солардың жан дегенде жалғыз бір баласы бар екен. Уақыт өз дегенін алмай қоя ма. Жасы жетіп қартайған шал мен кемпір күндердің бір күнінде ауруға шалдығыпты. Бірте-бірте аурулары меңдеп, асқынып екеуі де төсек тартып жатып қалады. Жанталасқан жалғыз баласы көрші ауылда тұратын кәрі тісті, мүкіс құлақты бір емші ақсақалға барып аурудың дәру болар емін сұрайды. Сырқаттардың жай-күйімен сырттай танысқан емші өзінің өмір-тәжірибесіне сүйене отырып, аурудың өзін ашыпты. Сонан ұзақ ойланып барып жаңағы жігітке былай дейді:

– Шырағым, балам. Бұл анау-мынау жазылатын жеңіл-желпі сырқат емес, егер шынымен ата-анаңа жаның ашыса, күннің шығысына қарай сапарға аттан. Күн жүрерсің, түн жүрерсің, ай жүрерсің, сөйтіп биік таулы бір өлкеге жетерсің. Сол жерлерге барғанда бір үңгірді мекендеген, қабақтарын ағаштың бұтасымен көтеріп қойып қарайтын, бурыл сақалы беліне түскен бір қарияға тап боларсың. Ол менің ұстазым.

Мың жыл ғұмыр кешіп келе жатқан адам. Аурудың емін сол кісі ғана айта алады, – дейді.

Осы әңгімеден кейін жас жігіт ата-анасына ем іздеп жолға шығады. Қария айтқандай араға көптеген ойлар салып сол жерге жетеді. Қартқа жолығып, емшінің сәлемін айтады. Сонда оң жақ қабағын ағаштың бұтасымен көтеріп, жаңағы жігітке былай дейді:

– Қарағым, қадамың құтты болсын. Келгенің дұрыс болыпты. Ол ауру «безгек» деп аталады. Оны емдейтін шөп осы өлкеде ғана өседі. Дертіне дәру болсын, – деп бір түйнек шөпті жаңағы жігіттің қолына ұстатыпты. Қуанышы қойнына симаған жігіт еліне қайтып оралады. Әлгі шөпті қайнатып ішкізіп әкесі мен шешесін емдепті. Аз ғана уақыттың ішінде сырқат кісілер ауруынан айығыпты. Осыны естіген маңайындағы дертті болған адамдар әлгі жерге барып ем шөпті алып келу үшін жаңағы жігіттен жолды, жөн-жобаны сұрапты. Сондағы жігіттің айтқаны:

– Күннің шығысына қарай алты ай жүріп жетесің, қайтарда алты ай жүріп келесің, – дейді.

Сонан жаңағы таулы өлке «Алтай» деп аталып кетеді» [4, 35-36].

Қазіргі кезде алтай фольклорының он томы алтай тілінде, кейбір эпос нұсқалары орыс тілінде шығарылып отыр. Сол кітаптарды ашып қарасақ, біздің халықтарымыздың ежелгі поэзиясына ұқсастық, тіпті, бірдейлік қаншалық көп екеніне көз жетеді. Жеке жолдар, шумақтар, тіркестер, бейнелеу жүйесіндегі бірыңғайлықты айтпағанда, үлкен-үлкен жырлар мен ертегілердің, аңыздардың ұқсастықтарын да кездестіреміз. «Алпамыс» жырына сарындас сюжет алтайлықтарда «Алып Манаш» деп аталады. Ал қазақтардың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын еске салатын әңгімелер де алтайлықтарда бір емес, әлденешеу екені анықталып отыр. «Маадай Қара» жырының кей мезеттері қазақ эпосымен үндес жатқанын көрмеу мүмкін емес. Ең ғажап нәрсенің бірі – жырымыздың өлшемі, ырғағы, ұйқасы, бейнелеуі көп ретте

бірдей болып келушілігі. Мұның бәрі түрік халықтарының, соның ішінде қазақ пен алтай халқының фольклор мұрасын кең көлемде зерттеу қажеттігін айқындай түседі [5, 10].

Аса бір қызғылықты құбылыс – алтай эпосын айтушы қайшылардың (жыршылардың) кейінгі кезге дейін ел арасында жиі ұшырауы. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – сан түрлі аңыз, жырды жадында сақтап келген атақты айтқыштар Н.Улагашев пен А.Г.Калкин. Мұның өзі алтай халқында ауызша жыр толғайтын дарын иелерінің мол болғандығын сипаттайды. Ауыз әдебиеті дәстүрі бүгінге дейін сақталып, дамып отырған, күні кешеге дейін Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай, Мұрын, Кенен, Нартай секілді үлкен ақын, жыраулары өмір сүріп келген қазақ халқы мен алтай халқының поэтикалық дәстүріндегі бір ұқсастық осы тараптан көрінеді [6, 105]. Алтайлықтар жырды да, ертекті де шөршек деп атап келген. Ал жырды ертегіден айырып көрсету үшін қайлап айтатын шөршек деген. Дауыс көтеріп айтуды қайлап айту деу өте көне ұғым екендігі көрінеді. Қазақ әнінің соңында келетін қайырма ырғақтар «қайлау» болып келетінін еске түсірсек, алтай мен қазақтың «қайлауы» бір түбірден тарағанына көз жеткендей. Алтайлықтар жырды белгілі әуен, ырғақпен айтушыны қайшы деп атаған. Ал жырды қайлап (әндетіп) айтудың түрлі дәстүрі болған.

Өзінің жанрлық ерекшелігіне қарай алтай эпикалық жырлары қаһармандық эпос тобына қосылады. Бірақ мұнда қияли, ертегілік сипат күшті. Осы белгілеріне қарап академик В.М.Жирмунский алтай жырларын батырлық ертек санатына қосқан. А.П.Потапов сынды тарихшылар алтай эпосын XV-XVIII ғасырларда қалыптасқан деп санайды. Алтай жырларында қаһарманның аждаһалармен айқасы, жер астының билеуші-лерімен күресі, батырдың қалыңдық іздеуі және үйленуі, жат елдік хандармен сайыс сарындары жиі қайталанады.

Алтай эпосының мол құрамын дәлелдеуге «Алтай-Бошай», «Алтын Топшы», «Алтын-Мизе», «Қостай мерген»,

«Сары Са-лам», «Кускунак мерген», «Тектемей Бокэ», «Имей-Ару мен Шимей ару», «Ақ Қоңыр», «Хан Алтын», «Алақтай», «Шулмус–Шыны» секілді жырларды алсақ та жеткілікті. Қазақ, қырғыз ер-тегілерінде кездесетін жеті қат көк, жеті қат жер деген ұғымдар алтай эпосында мол айтылып отырады. Сонымен қатар батырдың өзі де, астындағы аты да қажет жағдайда өзге жан-жануар «кейпіне» түсіп, жауын алдап жеңушілік алтай эпосында жиі ұшырайды. Мұның бәрі олардың әрі жыр, әрі ертегі элементтерін бойына сіңіргендігін білдіреді. Батырдың атының керек жерінде «тіл бітіп» сөйлеуі де осы пікірді толықтыра түседі. Сол секілді жыр қаһармандары аң мен құстың тілін білетін болып көрінеді. Алтай эпосында әсірелеудің неше атасы кездеседі.

Осы айтылған сипаттар түгелге жуық алтайдың «Маадай-Қара» аталған жырынан табылғандай. Мәскеуде шыққан (1973) бұл жыр алтай ауыз әдебиетінің аса көрнекті ескерткіші болып саналады. Жырдың аты «Маадай-Қара» болғанымен, негізгі оқиғаға араласатын бас қаһарман Маадай-Қараның ұлы Көгедей мерген. Эпостың бірінші бөлімінде Маадай-Қара мен оның әйелі Алтын-Тарғаның қартайған шағында бұлардың елін Қара-Құла деген ханның зорлықпен басып алғаны айтылады. Жырдың ең үлкен бөлегі Көгедей мергеннің туу, есею, үйлену, жауын жеңіп, мұратына жету тарихын айтуға арналған. Алтай эпосының кейбір ерекшеліктерін аңғарту үшін жырдың негізгі кезеңдеріне кідіріп өту ләзім.

Жырдың басында Маадай-Қара елінің бейбіт өмірі елестетіледі. Алтайдың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды» дейтіндей қалпын Қара-Құла ханның өктем озбырлығы бұзады. Ол «жердің үстін жемірген, жетпіс ханды «билеген» жалмауыз делінеді. Ертектегідей, оның жаны басқа жерде жасырулы болады. Ал бұған қарсы күресетін жас батыр – Көгедей мергеннің сипаты ерекше әсерлі бейнеленеді. Оның, «жүзі толған айдай, көзі шолпан жұлдыздай, тілі от жалындай,

беліне бесон (елу), арқасына алпыс үйір жылқы жайылғандай» деп мадақталады.

Жас мергеннің ержеткенін жүйелі түрде сипаттау да Алтай эпосын түрік-монғол елдері жырларымен үндестіреді. Көгедейдің екі күнде «ана», алты күнде «ата» деуге тілі келеді. Батыр баланың бесігі де, иеленген құлыны да, асынған қаруы да ерекше болып көрсетіледі. Бала батырдың ғажайып есеюі кей тұста «Мұңлық-Зарлық» оқиғасын еске түсіреді. Көгедейдің бүкіл Алтайды жалмаған Қара-Құладан құтылуы, небір ғаламат тажал кедергілерден аман өтуі, атының «ақыл қосуы» секілді тұстар ертегі сарынын сезіндіреді. Қара-Құла бүтіндей билеп алған Алтай елінің халін көрген Көгедей бір сәтте жау зынданынан шығып, еліне диуана киімімен жасырынып келген Алпамыс се-кілденіп көрінеді. Біз, әрине, бұл арада кейбір оқиғалық ұқсастықтарды айтып отырмыз. Басына қауіп төнгенде Көгедей Тас-тарақайға (тазша балаға) «айналып», елеусіз болып жүреді. Бұл тұс «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Қозының қойшы болып киініп, Қарабай еліне келген жерін еске түсіргендей. Қаһарлы Қара-Құла ханның әйелі – жер асты әміршісі Эрликтің қызы Қара-Таади басына жезтырнақ пен мыстанның зұлымдықтары жиылып берілген. Елінің азаттығы үшін күрескен Көгедей мерген осындай айлалы, айбарлы жаулардан күшін, қулығын асырады. Көгедейдің мұншама дұшпанды жеңуге дейінгі іс-әрекеті ұзақ, жүйелі әңгімеленген. Бірақ Қара-Құланы жеңумен Көгедейдің шеккен бейнеті бітпейді. Ендігі оның қас жауы сиқыршы, залым әйел Қара-Таади болады. Соның торына Көгедей талай рет ілінсе де, айла тауып құтылып жүреді

Айханның қызы Алтын Көзгіге үйлену жолындағы кездескен қиындықтар жырда кең баяндалады. Қалыңдық іздеу сапарында Көгедейге Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Сұрмерген, Сақ-құлақ тәрізді достар кездеседі. Осылардың көмегімен Көгедей Айханның қыз бермеу үшін ойлап тапқан неше түрлі қиын сын жарыстарында жеңіп шығады. Эпостың

бұл тұсы қазақтың «Ертөстік» ертегісіне ұқсас екенін әркім аңғарса керек.

Айханның еліндегі тойдың көлемі мен көркі орасан әсіреленіп беріледі («Тоқсан жылдай той тойлап, жетпіс жылдай жырғалу»). Қызын Көгедейге қимаған Айхан көп қараулық жасағанымен, айласы іске аспай қала береді («Ер Тарғындағы» Ақша хан, Ханзада хан секілді). Ақырында ата жұрты – Алтайды түгел өз қарауына алған Көгедей жер астындағы жауы Эрликті де өлтіріп, одан қысым көргендерді босатады. Аңызы, қиялы, шындығы, әсірелеуі аралас жыр әділеттің жеңісімен аяқталады. Көгедей мерген өзінің батыр жолдастарымен көкке ұшып, жеті хан (біздегі «жеті қарақшыға» ұқсас) атты жұлдызға, оның, сүйген жары Алтын – Көзігі Алтын қазық (Темірқазық ұғымында болса керек) жұлдызына айналыпты-мыс. Көгедейдің алтын, күміс жиһазы жердің астына көміліп, малы Алтайда қалыпты-мыс. Алтай халқының әдемі аңыз-жырының қысқаша желісі осындай.

Біз «Маадай-Қара» жырының кейбір оқиғалық ізін ғана әңгімеледік. Жырдың, бейнелеу жүйелеріндегі кестелерді сөз ету, қазақ эпосымен салыстыру өз алдына жеке әңгіме. Эпостың ең бастапқы жолы – «Алыптың жүзі қызыл өрттей» деген тіркестегі «өрттей» деген теңеудің тегі қазақтағы ұғымына жақын секілді көрінеді. Алтайдың кейбір жырларында біздің Ойыл мен Қиылымызды еске түсіретін Ойғылық, Қиғылық деген жер аттары да кездесетіні көңіл аударады. Қазақ, башқұрт арасында кең тараған Жиренше туралы аңыз, әңгімелердің алтайлықтарға таныс болуы да мәнді мәселе. Көптеген жыр жолдары, ырғағы, үйқасы жағынан қазақ, қырғыз эпосымен сарындас. Бұл айтылғандар біздің халықтарымыздың фольклор қорында қаншама ұқсас суреттер, уақиғалар, ертегі, аңыз сарыны жатқанын сездірсе керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы I том. – Алматы, 1972. – 295 б.

2. Түркістан халықаралық энциклопедия / – Алматы, 2000. – 64 б.

3. Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М. Қазақстан тарихы / Ә.Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев. - Алматы: Мектеп, 2006. – 232 б.

4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. 80-том. Топонимдік аңыздар. – 2011. – 336-б.

5. Бердібай Р. Қазақ-түркі эпостарының мәселелері / Р.Бердібай. – Алматы: Тұран, 1970. – 530 б.

6. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Қазақ энциклопедиясы. - Алматы: Бас, 1998. – 510 б.

Сұлтан Есбол Болатұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты

ӘПСАНА ЖАНРЫ АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН ТАРИХИ-МЕКЕНДЕР СИПАТЫНЫҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация*. Легенда - это жанр литературы, который включает в себя истории или повествования, обычно основанные на реальных событиях или фигурах, но со временем приукрашенные устной традицией или письменными отчетами. Легенды часто включают в себя элементы фольклора, мифологии и сверхъестественных явлений, и они могут стирать грань между фактом и вымыслом. Вот ключевые характеристики жанра легенды в литературе, или историй, которые художественно рассказывают о топониме. Многие легенды уходят своими корнями в устные предания. Они передаются от одного поколения к другому посредством рассказывания историй. По мере того, как они делятся, детали могут меняться и добавляться новые элементы, что приводит к украшению оригинальной истории. Легенды часто имеют культурное значение и важны для коллективной идентичности конкретной группы или сообщества. Они могут укреплять культурные ценности, верования и традиции и служить средством передачи культурных знаний. В ходе исследования были использованы методы сравнения, анализа и сделаны выводы.*

Ключевые слова: *Апсана (легенда), исторический адрес, исторические события, фольклор, литература*

Abstract. *The legend is a genre of literature that involves stories or narratives that are typically based on real events or figures but have been embellished over time through oral tradition or written accounts. Legends often incorporate elements of folklore, mythology, and supernatural occurrences, and they may blur the line between fact and fiction. Here are key characteristics of the legend genre in literature, or*

stories that tell artistically about the toponym. Many legends have their roots in oral traditions. They are transmitted from one generation to the next through storytelling. As they share, the details can change and new elements can be added, leading to the decoration of the original story. Legends often have cultural significance and are important for the collective identity of a particular group or community. They can reinforce cultural values, beliefs and traditions and serve as a means of transmitting cultural knowledge. In the course of the study, methods of comparison, analysis were used and conclusions were drawn.

Keywords: *Apsana (legend), historical address, historical events, folklore, literature*

Түркілер, қазақтар, өзбектер, түрікмендер және басқалар сияқты түркі халықтарының аңызға айналған проза мен тарихи-жергілікті әдебиеттің бай мұрасы бар. Бұл шығармалар түркі халықтарының мәдени және тарихи ерекшеліктерін бейнелейді және көбінесе мифтер, аңыздар, тарихи оқиғалар мен ұлттық эпостарды қамтиды. Осы сипаттағы шығармалар түркі мәдени жады мен дәстүрін сақтауда маңызды рөл атқарады. Міне, түркі халықтарының аңызға айналған прозасы мен тарихи-жергілікті әдебиетінің кейбір типтік ерекшеліктерін төменде санамалап көрсеттік.

Мифологиялық әңгімелер: түркі халықтарының әдебиеті көбінесе құдайлар, батырлар және әлемнің жаратылуы туралы мифтер мен аңыздарды қамтиды. Бұл әңгімелер тәңіршілдік пен ислам сияқты рухани нанымдармен байланысты болуы мүмкін.

Эпостар мен ұлттық батырлар сипатталған прозалық шығармалар: шығармаларға түркі халықтарының тарихында маңызды рөл атқарған батырлар мен ұлттық көшбасшылар туралы Ұлттық эпостар мен аңыздар қамтылады. Түркі әдебиетіндегі "Короглу" мысал бола алады.

Тарихи оқиғалар: әдебиетте тарихи оқиғалар мен қайраткерлердің, әсіресе түркі тарихы үшін маңызды оқиғалардың сипаттамасы болуы мүмкін. Бұл Алтын Орда,

Шыңғысхан империясы немесе басқа дәуірлердегі оқиғалар болуы мүмкін.

Табиғаттың көркем сипаттамалары негізделген прозалық шығармалар: мәтіндерде түркі халықтарының табиғат пен жермен байланысын көрсететін табиғат пен қоршаған ортаның көркем сипаттамалары болуы мүмкін**.**

Этнография және әдет-ғұрыптар: әдеби шығармалар сонымен қатар үйлену дәстүрлері, діни рәсімдер мен мерекелер сияқты этнография мен рәсімдердің сипаттамаларын қамтуы мүмкін.

Ауызша дәстүрлер: бұл аңыздар мен әңгімелердің көпшілігі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп, түркі халықтарының мәдени құндылықтары мен бірегейлігін сақтауға ықпал етті.

Түркі әдебиеті мен аңызға айналған проза түркі мәдениетінің тарихи, мәдени және діни аспектілерін сақтау мен беруде маңызды рөл атқарады. Бұл шығармалар ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға және нығайтуға көмектеседі және түркі халықтарының мәдени тамырларын зерттеу мен түсінудің маңызды көзі болып табылады.

Түркі халықтарының бай әдеби дәстүрі бар, оның ішінде аңызға айналған проза, тарихи әңгімелер және әртүрлі мәдени мұраларын, тарихи тәжірибелері мен географиялық орналасуын көрсететін қоныстарға негізделген әдебиеттер.

Көші-қон және қоныстану туралы әңгімелер: түркі халықтарының тарихи әңгімелері көбінесе олардың көші-қоны, қоныстары және көрші мәдениеттермен өзара әрекеттесуі туралы айтады. Бұл әңгімелер түркі тайпаларының Орталық Азия мен одан тыс жерлерге қоныс аударуына жарық түсіреді.

Билеушілер туралы шежірелер: кейбір түркі мәдениеттерінде олардың билеушілерінің тарихы мен істерін құжаттайтын корольдік шежірелер бар. Бұл шежірелер сол кездегі саяси және Әлеуметтік динамика туралы құнды ақпарат береді.

Әскери жорықтар туралы әңгімелер: түркі тарихи әдебиеті көбінесе Селжұқ және Осман империялары сияқты әскери жорықтар мен жаулап алулардың сипаттамаларын қамтиды.

Елді мекендерге негізделген әдебиет:

Географиялық сипаттамаларға қатысты прозалар: түркі әдебиеті көбінесе түркі халықтары қоныстанған жерлердің географиялық сипаттамаларын қамтиды. Бұл сипаттамаларға табиғи орта, көрікті жерлер және жергілікті әдет-ғұрыптар кіруі мүмкін.

Жергілікті фольклор: елді мекендерге негізделген әдебиеттерге жергілікті фольклор, соның ішінде халық ертегілері, аңыздар мен түркі қауымдастықтары тұратын белгілі бір аймақтарға тән мифтер кіреді.

Мәдени дәстүрлерге қатысты шығармалар: елді мекендермен байланысты әдебиеттер белгілі бір жерлерде түркі қауымдастықтарының әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен өмір салтын қамтиды. Бұл мәтіндер күнделікті өмір, ауыл шаруашылығы және сауда туралы түсінік береді.

Өткен ғасырдың 80-90-ж. бастап, түркі халықтары фольклорында «аңыз» термині қалыптасып, «легенда (әпсана)» ұғымымен аражігі ашыла бастады. Мәселен, 1992 жылы шыққан «Қарақалпақ аңыздары, мифтері мен нақыл сөздері» кітабында бұрын «легенда» (әпсана) деп қолданылған сюжеттер «аңыз» деп көрсетілген. Аталған кітаптың алғы сөзінде қарақалпақ фольклортануындағы аңыздардың жариялануы мен зерттелу жағдайы туралы қысқаша сипаттама берілген. Осы жерде аңызға ғылыми негізделген анықтама беріледі: «Халық аңыздарында адамзаттың, жердің, судың, қалалар мен елдімекендердің шығу тегі, сондай-ақ жанды және жансыз табиғаттың, жануарлар мен ай, күннің, жұлдыздың пайда болуы туралы адамдардың болжамы, түсінігі мен тұжырымы көрініс табады» [1]. Осы ретте И. Алламбергенова өз мақаласында: «При изучении преданий прежде всего следует обратить внимание на их жанровое

своеобразие и национальные особенности. Именно этой позиции мы придерживаемся при жанровой и тематической квалификации каракалпакских преданий», - [2, 160] деген ой білдіреді де, қарақалпақ аңыздарының тақырыптық мазмұнына қарай төрт түрін көрсетеді: этнонимикалық, топонимикалық, тарихи және діни.

Н. Жапақов өз еңбегінде «ертегі-аңыз» ұғымын пайдаланып, жақша ішінде «легенда» деп көрсетеді. Оның айтуы бойынша, «барлық ертегі-аңыздар фантастикадан құралмайды, олардың көбісі тұрмыстағы шындықпен, тарихпен байланысты». Мысал ретінде «Гүлдірсін» аңызын келтіреді [3]. Қарақалпақ фольклорында аңыз бен әпсана терминдері бірде бір түсінікке сәйкестендірілсе, бірде ертегінің бір түрі болып саналған.

Сондай-ақ түрікмен фольклортанушысы А.Баймырадов роваят-аңыздардың тарихи, этногенетикалық, топонимикалық түрлерін қарастырып, әлемдік фольклортануда, соның ішінде түркі халықтарында аңызға қатысты тұжырымдарды саралайды[4, 15-24].

Өзбек ғалымы К.Имомов аңыздарды (ривоят) тарихи және топонимикалық деп топтастырады [5]. Ал зерттеуші Ө. Жұманазаров «Узбекский фольклор и историческая действительность» монографиясында аңызды (ривоят) қарастырып, оларды үш топқа бөледі: этнонимикалық, тарихи, топонимикалық [6].

Топонимикалық аңыздар қандай да бір мекен атауының пайда болуын баяндайды. Мұндай сюжеттерде аңыздың шығу тегі әулет арасындағы тартысқа, жаумен, басқыншылармен шайқасқа немесе маңызды бір оқиғаға қатысты болып келеді («Кенделен къалай къыралгъанды» - «Кенделен қалай пайда болды», «Къыр» - сөзбе-сөз «қыру», «жою» мағынасын береді. Бұл жерде қырым хандығы әскерімен шайқас болған жердің атауын беруде; «Къарындашла ташы» - «Ағайындылар тасы», «Урланнган къыз» - «Ұрланған қыз») [7, 206-207].

Қазақ, башқұрт фольклортану тарихында халық прозасын жанрға сараламай, түгелімен «ертегі» деу қалыптасқан. Қырғыз фольклорында ертегілік емес прозаға тән миф, әпсана, аңыз жанрларын ертегі немесе эпостық туындылар қатарында қарастырылды. Соған сәйкес қазақ халық прозасында аңыз жанры алғашқыда ертегілер қатарында қарастырылып, *аңыз-әңгіме* (М. Ғабдуллин), *аңыз ертегілер, аңыз әңгімелер* (М. Әуезов) деген атауларға ие болды. Қырғыз халқында аңыз терминінің астарында хикаяға тән жанрлық түсінік жататын жіктеме үлгілері (А. Эркебаев, Н. Нарынбаева) де ұшырасады.

Әпсана – дүниежүзілік фольклорда ертеден қалыптасқан жанр екендігін, кейінірек діни жүйеде үгіт мақсатында үлгі-нұсқа мазмұндағы пайғамбарлардың жүріс-тұрысын суреттеген ертегілік емес туынды екендігін қырғыз ғалымдары Ж. Шериев пен А. Мұратов «Әдебиет терминдерінің түсіндірме сөздігінде» көрсетеді. «Сөздікте» тақырыптық жағынан әпсаналар құрамына космогониялық, топонимикалық, діни, тарихи, батырлық, т.б. сюжеттер енгізілген [8].

Түрікмен фольклорының әпсаналардың қалыптасуында мифтер маңызды рөл ойнайды. Мифтер дүниедегі тылсым, жұмбақ құбылыстардың мәнін түсіну талпынысынан туындап, соның салдарынан пайда болған ежелгі діни көзқарастар әпсаналарда көрініс таба бастады. Түрікмен ғалымы А. Баймырадовтың пікірінше, мұндай мифтер әпсаналар қатарына өткеннен кейін діни таным шегінен шығып, әпсана функциясын иемдеген: бұл енді діни догмат емес, ұрпақтан-ұрпаққа тәрбиелік мақсатта беріліп отыратын өткен күннің болмысы туралы әпсанаға айналады. Ғалым А. Баймырадов әпсаналардың тарихи негіздері, сюжеттік жүйесінің қайнар көздері, кейіпкерлер жүйесі мен оның көркемдік интерпретациясы туралы зерттеді. Ол түрікмен «эфсанелерінің» космогониялық, этногенетикалық,

этиологиялық, топонимикалық және тарихи сынды түрлерін атап, оларға жан-жақты талдау жасайды[4, 15-24].

Зерттеуші әпсаналарды төмендегідей тарихи-эволюциялық типтерге бөлді:

1) алғашқы қауымдық құрылыстың соңғы кезеңінде, құлиеленушілік қоғамның бастапқы және орта кезеңінде туған әпсаналар;

2) құлиеленушілік құрылыстың соңғы кезеңі мен феодализмнің бастапқы кезеңінде пайда болған әпсаналар;

3) ислам дінімен байланысты туындаған әпсаналар;

4) орта ғасырдан кейін туындаған әпсаналар[4, 17].

К. Имомов әпсананы (афсона) байырғы қаһармандар туралы, тарихи оқиғалар туралы, көне тарих әпсаналары, топонимикалық сипаттағы әпсаналар деп жіктейді [5].

Қарашай-балқар фольклорындағы әпсаналар діни, тарихи және топонимикалық болып бөлінеді. Діни әпсаналардың ерекшелігі – олардағы шамандық, христиандық және мұсылмандық мотивтердің үйлесім табуы болып табылады. Библия және құран сюжеттері қарашай-балқарлардың танымымен ықпалдасып отырды. Бұл әпсаналардың кейіпкерлері шейхтер, пайғамбарлар, т.б. болып саналады. Олардың өміріндегі маңызды оқиғалар, сынақтар, есімдерімен байланысты заттар мен құбылыстар туралы сөз болады. Мәселен «Гыпы» («Айранға арналған ұйытқы-саңырауқұлақ») атты сюжетте аталмыш микроағзаның шығу тегі және одан дайындалған сусынның емдік қасиеті Нұхпен – библиялық Ноймен байланыстырылады [9, 448].

Тұрмыстық әпсаналарда отбасылық қарым-қатынас сөз болады: ана мен бала («Сак-Сук»; «Қарғыс алған ұл»), ене мен келін («Ана жүрегі»; «Келіншек тауы»). Мұндай әңгімелерде діни және ырымдық танымға негізделген қарғыс мотиві үлкен рөл ойнайды.

Мұсылман әлеміндегі киелі адамдар туралы әпсаналарда «Кесілген бас» («Кисекбаш») мотиві өте танымал.

Бұл мотив өлім аузындағы және тіріліп жатқан құдай (божество) культімен байланысты («Басы кесілген киелі адам»; «Кесілген бас»; «Сиқыршы»). Қыстығүні әйелдеріне еден астынан таңқурай алып беретін қасиетті адамдар туралы әпсаналар кең таралған («Ибрагим атаның жидектері»; «Уразбахи» және т.б.).

Ұйғыр фольклорында аңыз «ривайәт», әпсана «әпсәнә» терминдерімен белгілі. Ұйғыр зерттеушісі М. Әлиева ұйғыр ертегілік емес прозасындағы аңыз, әпсана жанрларының сипатына, мазмұндық ерекшелігіне тоқталады: «Таковы многочисленные предания, легенды о сложной системе орошения – кяризах, о 12 мукамах, о знаменитой «тысяче пещер» («Миң уй»)» [`10, 109], - дейді. Сонымен қатар Садыр Палван өміріне қатысты әпсаналар мен аңыздар тұтас цикл құрайтынын атап өтеді. Тарихи тұлғалар жөніндегі ұйғыр аңыздары мен әпсаналары қатарында әйелдер бейнесі туралы сюжеттердің маңызды рөл ойнайтынын айтады. Ипархан, Назугум, Майимхан, Гулямхан есімдері халық жадында терең із қалдырған. Олардың ерлік істері, Отан, ел алдындағы игі істері көптеген сюжеттерге өзек болған [10, 110]. Осылайша ғалым М. Әлиева аңыз бен әпсананың кейбір жалпы тақырыптарын көрсетеді. Халық арасында діни және генеалогиялық әпсаналардың орын алатынын да атап өтеді [10, 115-117].

Әпсана терминіне қатысты да түрлі қарама-қайшы тұжырымдар болғаны рас. *Афсона* (өзбек), *афсана* (әзірбайжан), *эфсане* (түрікмен), *әпсәнә* (ұйғыр), *менкибе* (түрік), *легенда* (татар, башқұрт, чуваш, т.б), *икая жомок, аңгеме жомок* (қырғыз) сияқты атауларға ие. Бұл жанр түркі фольклорында ертегілік емес прозаның жалпы атауы ретінде қолданылған немесе ертегіден тыс жалғыз жанр болып көрсетілгенін аңғардық. Мысалы, өткен ғасырдың 30-ж. бастап башқұрттың шындыққа негізделген халық әңгімелері «*легенда*» деген бірізді атауға ие болды. Айтып өткеніміздей, аңызбен синоним болып қарастырылған дәйектер де бар. Якуттарда *әпсаналық аңыздар*

(В. Никифоров) башқұрттарда *«риүәйәт-легенда»*, яғни *аңыз-әпсана* (Ф. Надршина) деген жанрлық түрдің орын алғанына көз жеткіздік. Ертегімен қатар қойылған қағидалар да бар. Мәселен, қарақалпақ фольклорына байланысты фольклортанушы К. Айымбетов: «Халық ертегілерінің бір түрі – *әпсана* деп аталады. *Әпсана* – тарихпен байланысты ертегі-әңгімелер» дейді. Н. Жапақов өз еңбегінде *«ертегі-аңыз»* ұғымын пайдаланып, жақша ішінде *«легенда»* деп көрсетеді. Қарашай-балқар фольклорында *әпсаналар* мен *мисал (притча)* бір топта қарастырылады. Сонымен қатар *миф* түсінігін беретіндігі туралы тұжырым (Қ.Мақсетов) да жоқ емес. Чуваш ғалымы В.Г. Родионов *мифологиялық прозаны* атай отырып, оған космогониялық, этиологиялық, демонологиялық сипаттағы әңгіме-мифтерді жатқызады. Ал терминдік тұрғыдан алсақ, ғалымның анықтамасындағы *мифологиялық проза – легенда*, яғни, *әпсана* деген атауға ие.

Ғалым С.Гилязутдинов татар халқының ертегілік емес прозасында өзіндік жанрлық сипатымен аңыздарға жақын ауызша әңгімелер – легенда (әпсана) туралы сөз қозғайды да, ондағы фантастикалық қиялдың 1) ежелгі наным-сенімдерге негізделген түрде; 2) кітаби және құран сюжеттері мен мотивтеріне негізделген діни түрде болатынын айтады. Әпсананың бұлайша діни тақырыпты қамтуы барлық түркі халықтарында тұжырымдалады, көп жағдайда *«діни әпсана»* деген ішкі жанрлық түр ретінде көрсетіледі. Қазақ фольклортануында *«әпсана-хикаят»* термині (С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов) қалыптасты. Мұнда қосарланған *хикаят* сөзін ғалым С.Қасқабасов әпсананың діни сипатын танытуға бағыттаған еді. Алайда, кейінгі жылдары ғалым діни тақырыптағы жанр ретінде *хикаятты* жеке қарастырады. *Хикаят* терминін *хикая* жанрына қолданған пайымдаулар да кездеседі.

Түркі халықтарында аңыздың ішкі жанрлық түрлері, тақырыптық топтары туралы ғылыми тұжырымдар, пайымдаулар жетерлік. Олардың өзіндік ерекшеліктері мен

тоғысатын тұстары да бар. Мәселен, аңыздардың *тарихи, топонимикалық* түрлері түркі елдерінің барлығында дерлік қарастырылған. *Мифологиялық аңыздар* жайы түрік (М. Ергун), чуваш (Г. Ильина), якут (В. Никифоров), ұйғыр (А. Рахман) аңыздық прозасында қозғалады. *Діни* (әзірбайжан, түрік) және *тұрмыстық* (татар, башқұрт, алтай, якут) аңыздардың да жиілілігін байқауға болады.

Бұл ретте әр халықтың ұлттық болмысы мен тарихи дамуына, мәдени-рухани ерекшелігіне сәйкес ғылыми айналымға енген аңыз түрлеріне де назар аудару керек. Дәлірек айтсақ, *тарихи аңыздардың* тақырыптық түрлері, *дербес тарихи аңыздар* (башқұрт), *этнонимикалық* (қарақалпақ, өзбек) немесе *этногенетикалық* (түрікмен), *этнографиялық* (қарашай-балқар) аңыздардың орын алуы осы мәселені дәйектей алады. Сонымен қатар қазақ халқында *күй аңызының* қалыптасуы, қарақалпақ халқында *некронимдік аңыздардың* дарылануы, т.б. мысал болады.

Хикаялармен тығыз байланыста көрінетін әпсана жанрында да реалды өмірде болмайтын құбылыстар көрінеді. Бірақ тұрмыстық деңгейде емес, сакральды дәрежеде байқалады. Бұл орайда әпсаналар – бұрынғы өткен шақтың оқиғасы болады. Әпсананың коммуникативтік маңыздылығы олардағы сакральды ақпараттың берілуі болып табылады. Әпсананы баяндай отырып, әңгімеші оқиғаны тұрмыстық дәрежеде түсіндіріп, таратудан биіктеп, мәңгілік құндылықтар деңгейіне көтеріледі. Осы ретте әпсананың мазмұнына құдайдың әмірі, арамзалық әрекеттің жазалануы, адамның ажалдан асып кете алмауы, т.б. негіз болады. Әпсаналардың қалыптасуында мифтер маңызды рөл ойнайды. Мифтер дүниедегі тылсым, жұмбақ құбылыстардың мәнін түсіну талпынысынан туындап, соның салдарынан пайда болған ежелгі діни көзқарастар әпсаналарда көрініс таба бастады.

Жалпы, аңыз бен әпсана – өзара жақын, бірақ бір-бірінен оқшаулығы бар екі жанр. Олардың бір-бірінен айырмашылығы көркемдіктің дәрежесінен білінеді, яғни

шығармада қиял (вымысел) мен кереметтік (чудесное) қаншалықты көркемдік роль атқарады, міне, бұл – аңыз бен әпсананың әрқайсысын ерекшелендіріп тұратын басты белгі, бірінші шарт. Бұл екі жанрдың айырмашылығы олардың атқаратын функциясынан да көрінеді. Басқаша айтқанда, аңыз бен әпсана шығармалары қандай мақсатта айтылады, міне, бұл да – жанрды ерекшелендіретін белгі. Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздың қызметі (функциясы) – танымдық, мағлұматтық. Ал, әпсананың мақсаты – баяғыда болған, немесе болды деген бір оқиғаны, іс-әрекетті, немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру[11,155].

Әпсана термині қазақ фольклорымен қатар өзге де түркі халықтарының фольклорында да орын алады. Кейбір түркі халықтарында «efsane», «legenda» деген атаулармен белгілі.

Фольклорист Ә. Қоңыратбаев: «...Ертедегі қазақ тайпалары үшін Шопан ата, Қорқыт ата әруаққа сыйынудың, яғни шамандықтың басы болса, ислам келгенде дін иелері сол ата-бабаларын «пір» тұтып, өз нанымдарына құрал еткен»,- дейді [12].

Сонда Бегім сұлудың әкеден дарыған әулиелік сипаты көне дәуірдегі әйел культінің ассимиляцияланған түрі, Құдай Ананың болмысы мен қызметін жалғастырған бейне, «пір» екені анықталып отыр. Бегім ана орнында пайда болған мұнара қыздың пәк болмысының қасиеттілігі мен сакральді табиғатының символы болып бой түзеген.

Жалпы, мифтік кезеңде әйелдің құрметті орында болғанын рас. Жасампаздық қызметін атқарушы Құдай Ана жан-жақты қырларымен танылған. Біріншіден, бүкіл ғаламды жасаушы, екіншіден кейінірек, жаратушы Ата-Құдайдың қосағы ретінде дүниені тудырушы. Бұл жағынан ол көбіне Жермен сәйкестендіріледі. Құдай-Ананың тағы бір маңызды функциясы оның мәдениетке, өнерге, құпия білімге

қамқорлық жасауы. Бұған мысал, гректердегі - Афина, түркілердегі - Ұмай ана, т.б.

Көне түркі руникалық жазуларындағы құдайлар триадасында Тәңірдің (Көк Тәңірдің) ең басты құдай екені және оның әке құдай екені күмән келтірмейді. Осы жазбаларға сүйенсек, сол дәуірде түркі халқының өмірінде елеулі орын алған үш құдайдың болғанын байқаймыз. Бұл Тоныкөк ескерткішіндегі мына жолдардан да көрінеді [13]:

Тәңірі, Ұмай, қасиетті Жер-Су

Жеңіс сыйлай берген екен

Неге қашамыз көп екен деп.

Және қалған екеуінің – Жер-Су мен Ұмайдың – әйел тәңірлер екенін аңғаруға болады. Жер-Судың тәңір-аналығы Жер-ана, Су-ана түсініктерінен байқалса, Ұмайдың түркі дүниетанымындағы бейнесінен оның әйел тәңір екендігіне күмән қалмайды. «Ежелгі түріктер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпірқосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек, әйтпесе қыз ретінде таныған» [14]. Сондықтан да күллі түркі халқы «Ұлы Ана», «Ұлы Құдай Ана», «Құдайлар анасы», тайпа, ру анасы деп бас иген.

Әйел бейнесінің ұлықталуы «Қорқыт ата кітабында да» орын алатынын ғалым М.Екижи атап өтеді [15].

Қыз/әйел бейнесіне құралған әпсаналар қатарында әзірбайжан халқының фольклорындағы «Гыз галасы» әпсанасын айтуға болады. Бұл сюжет Бакудың ең жұмбақ ескерткішіне айналған Гыз Галасы немесе Қыз мұнарасының пайда болу тарихын баяндайды. Жалпы, мұнара туралы көптеген әпсаналар бар. Соның бірі: «Иранды басқарған Нүрредин шах Бакуды өз жеріне қосып алу үшін әскерімен қала маңына тоқтайды. Баку тұрғындары бас абыз Ягирваннан көмек күтеді. Ягирван қасиетті отқа сыйынып, одан жәрдем сұрайды. Тек сыйынудың тоқсаныншы күнінде ғана қасиетті оттан сәуле тарап, отқа құлшылық еткен бір сұлу қыз пайда

болады. Ягирван айналасындағы отқа табынушы халыққа осы бір оттан жаралған қыз ғана жау қолынан құтқаратынын айтады. Ягирван қызға отты қылышты беріп, Нүреддин шахтың шатырына апарар жолды сілтейді. Шах бір көргеннен қызға ғашық болады. Қызда да сезім пайда болады. Шах қыздан оның келу мақсатын сұрайды. Қыз шахтан бұл елден әскерін алып кетуді өтінеді. Алайда, Нүреддин шах Бакудың оның ата-бабалары мекен еткен жер болғандықтан, Иранға қосып алуы қажет екенін айтады. Бұдан соң қыз шахтың ешбір сұрағына жауап бермей қояды...Түн болып, ел ұйқыға кетеді. Шахтың ұйықтағанын күтіп, қыз оның көкірегіне отты қылыш қадайды. Шахты қансыраған күйінде тастап, кетіп қалады. Ягирван елді құттықтайды. Оттан жаралған қыз жазаны орындағанын айтып, халықтың бостандығы үшін, қасиетті наным-сенім үшін өз махаббатын құрбан етіп, енді өзі де өлуі тиіс екенін жеткізеді. Осы сөздермен отты қылышты көкірегіне салады. Осы жерде салынған ескеркіш «Қыз мұнарасы» деген атауға ие болады [16]. Бұл әпсананың бір нұсқасы ғана.

Екінші бір әпсананың сюжеті төмендегідей: «бір шах өзінің қызына ғашық болып, үйленуге бел буады. Әкесінің шешімінен шошынған қыз одан биік мұнара салып беруді талап етеді. Мұнара құрылысы аяқталғанша әке ойы өзгерер деп үміттенеді. Алайда, әкесі өз ойынан қайтпайды. Сонда қыз мұнараның төбесіне шығып, теңізге секіріп өледі».

Келесі бір нұсқада сүйгеніне қоспай, кәрі байға бермекші болғанда, қызы әкесінен биік мұнара тұрғызуды өтініп, содан соң ғана тұрмысқа шығатынын айтады. Шах өтінішін орындап, қазіргі Бакудің төрінде тұрған көне мұнараны салдырыпты-мыс. Алайда, құрылыс салынып біткенше әкемнің ойы өзгерер деген қыздың үміті орындалмайды. Ғашығына қосыла алмасын білген ол осы мұнараның басына шығып, сол уақытта толқыны іргеге соғып жатқан Каспий теңізіне секіріп өлген екен» дейді.

Әпсаналар сюжеті әр түрлі. Бірінші сюжетте мифологиялық элементтерді айқын байқауға болады.

Зороастризм дәуірі аясындағы отқа табыну көріністері орын алған. Елдің тағдыры, нақтырақ айтсақ, Баку қаласының тағдыры от құдіретімен шешім тапқанын аңғарамыз. Қасиетті отқа деген құлшылық, махаббат екі жас арасындағы махаббаттан биік екенін дәріптегендей. Бірақ ғашығына деген адал сезім беріктігі қыздың өз-өзіне қол жұмсауынан дәлел табады.

Бұл әпсана от культінен хабар береді. Сәйкесінше, мұнараның салыну уақыты – зороастризм дәуірі болмақ. Бұл ретте фольклорист-ғалымдардың пікірлерін келтірген абзал. Ғалым А. Ибадоглу бұл мұнараның түркі тайпаларының қасиетке отқа табынуға арнап салған орын екенін айтса [17], ғалым А.Д. Ахундов бұл тұжырыммен келісе отырып, мұнарада арнайы газ құбырларының жүргізілгеніне және мұнара төбесінде үнемі от жағылып тұрғанына сілтеме жасайды [18].

Екінші сюжетте отқа табыну көрінісі нақты көрінбесе де, сол дәуірдің, яғни зороастризм ілімі басшылық еткен заман екені аңғарылады. Оны әкенің өз қызына үйленбек ниетінен байқалады. Тарихқа ойыссақ, Сасанид патшасы Иездигерд II (б.э. 439-457 ж.) Ежелгі Иран жеріндегі (Әзірбайжан жері сол құрамға кірген) зороастризм дінінің канондарына өзгерістер енгізіп, әке мен қыз, аға мен қарындас, апа мен іні арасында некелік қарым-қатынастың орнауын жарлық етеді. Бұл әпсана түрлі діни көзқарастардың, яғни, зороастризм және әке мен қыздың арасындағы некеге қарсы басқа ілімдердің өзара күресі туралы сөз қозғайды. Үшінші сюжет мұндай діни белгілерді қамтымайды.

Қарап отырсақ, үш сюжет идеялық-тақырыптық жағынан тоғысып, мұнараның махаббат маздағы екенін дәріптейді және қыздың құрбан болу әрекеті ар алдындағы адалдықты айғақтап, жүректегі тазалық пен сезімге беріктік жөнін ұғындырады.

Әпсаналар тек идеялық сипат жағынан ғана емес, этимологиялық тұрғыдан да үндестік табады. Этимологиялық

талдау жасау барысында Қыз мұнарасына негізделген әзірбайжан әпсаналары сонау мифтік дүниетанымнан негіз тартқан, дәрежесі биік фольклорлық туынды екені көрінді. Сөзімізді дәлелдесек, алдымен «гала» не «қала» сөзіне мән берейік. Әзірбайжан тілінде Қыз мұнарасы «Гыз галасы» аталатыны белгілі. Ал Гала немесе қала барлық түркі тілдес халықтарда қамал не мұнара деген ұғымды арқалайды. Алайда, бұл сөз түпкі негізінде басқаша мәнде қолданылған екен. Қала – қасиетті от жанатын ритуалды орын ретінде қабылданған.

Енді «от» ұғымын қарастырсақ. Түркі халықтарында «күн» ұғымы жерде де, көкте де қасиетті болып саналған. Жасампаздықтың бастауы ретінде күн құдіреті оның жердегі символдары – от, отбасы түсініктеріне ойысса керек. От, ошақ – отбасыны зұлымдықтан қорғап, жақсылықты жар қылатын, береке мен бірлікті сақтайтын күш болып саналған.

Сонымен қатар түркі халықтарында шамандар ұлықтайтын ілкі ана рухы «От ана» деп аталған. Кей халықтардың түсінігі бойынша оттың туындауы осы От анадан бастау алмақ Шамандар отқа табынғанда: «О, от ана!», «Отыз тісті от ана!» деген сөздерді қолданған Сәйкесінше, от құдайы – ана, яғни, әйел. Дәлірек айтсақ, қыз.

Түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде от құдайы керемет сұлу қыз болып сипатталған. Алтайлықтарда от иесі «қыз-ана» аталып, әдемі ақ қыздың кейпінде болған. Кейбір түркі елдерінің әпсаналарында қыздың Күн-отпен байланысын көреміз.

Қорытындылай келе, әпсана жанры арқылы түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетінен хабар ала аламыз Тарихи-мекендердің тарихы мен сипатын және мәтіндегі қолданысын анықтаймыз. Түркі аңыздары мен әпсаналары бүкіл Еуразиядағы түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдени ерекшелігінде маңызды рөл атқарды. Бұл аңыздар түркі қауымдастықтарының тарихи жады мен мұрасын

сақтауда маңызды рөл атқарды және тарих пен қоғамға әртүрлі әсер етті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бахадырова С., Мамбетназаров К. Каракалпакские предания, мифы и красноречие. – Нукус: Каракалпакстан, 1992. – С . 4.
2. Алламбергенова И. К вопросу жанровых особенностей и классификации каракалпакских преданий // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. - 2011. - №3. – С. 159-163.
3. Жапаков Н. Вопросы реализма в каракалпакской литературе дореволюционного периода. – Нукус: Каракалпакстан, 1972. – С. 9-10.
4. Баймырадов А. Түркмен халк кыссаларынын тарыхы-генетики эволюциясы ве поэтикасы: филол. ылым. докт. ... дис. - Ашгабат, 1994. – 55 б.
5. Имомов К. Узбек халк прозаси. - Тошкент: Фан, 1981. – 104 б.
6. Жуманазаров У. Ўзбек фольклори ва тарихий воқелик. – Тошкент: Фан, 1995. – Б. 172.
7. Гулиева (Занукоева) Ф. Карачаево-балкарская несказочная проза // В кн.: Язык, литература, фольклор (в честь Ю. Дешериева) / Чеченский государственный университет. - Грозный, 2014. – С. 204-214.
8. Шериев Ж., Муратов А. Адабият терминдеринин түшүндүрмө сөздүгү. – Бишкек: Кырг. энц. башкы ред., 1994. – Б. 47.
9. Къарачай-малкъар жомакъла, таурухла, айтыула (Карачаево-балкарские сказки, легенды, предания): в 2-х т. / Т.М. Хаджиева. - Нальчик: Эль-Фа, 2003. – Т. 2. – 472 с.
10. Алиева М.М. Жанры уйгурского фольклора. – Алматы: Наука КазССР, 1989. – 176 с.

11. Қасқабасов С.А. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. - Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

12. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы: оқу құралы. - Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 85.

13. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. - Алматы: Ғылым, 1990. – Б.

14. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 1996. – Б. 154-155.

15. Ekici M. Dede Korkut Kitabin'nda Kadın Tipleri. Uluslararası Dede Korkut Bilgi Şöleni Bildirileri. - Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayını, 2000. – C. 123-137.

16. Фитуни А.П. Бакинская Девичья башня // Известия Азкомтариса. – Баку, 1927. - Вып. 3. – С. 150-154.

17. Ибадоглу А. Девичья башня // Элм ве хает. – 1978. - №4. - С. 29-30.

18. Ахундов Д. О происхождении, назначении и датировке Бакинского башенного храма // Учен. тр. АзПИ им. Ч. Ильдрыма. - Баку, 1974. - №91. – С. 56.

Сыздықов Сатай Мақсұтұлы
ҚР ҰҒА академигі, профессор
Еуразитарихы және мәдениетін зерттеу орталығының директоры

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЛАЛАРЫ

Аннотация. Исторически тюркская эпоха соответствует периоду развития Великого Шелкового пути. В тюркские времена в Великой степи появилось много городов. На основе влияния исламской культуры на тюркские народы, взаимосвязи кочевых народов и оседлых народов развивались города. Благодаря археологическим раскопкам Великой степи были выявлены типы культуры города. В статье анализируется развитие городской культуры, особенности городских территорий, взаимоотношения на Шелковом пути. Изучаются цепи городов, городские районы, типы городской культуры в территории Казахстана. Характеризуются такие этнические процессы, как тюркизация городского населения, лингвистические проблемы у тюркоязычных народов, экономические отношения, хозяйственные и бытовые условия. Город признается центром товарооборота животноводства и растениеводства. Исторически тюркский период занимает важное место в развитии Шелкового пути.

Ключевые слова: Тюркская эпоха, городская культура, исторические города Казахстана, Шелковый путь, кочевые и оседлые народы

Annotation. Historically, the Turkic era corresponds to the period of development of the Great Silk Road. In Turkic times, many cities appeared in the Great Steppe. Cities developed on the basis of the influence of Islamic culture on the Turkic peoples, the interrelation of nomadic peoples and settled peoples. Thanks to the archaeological excavations of the Great Steppe, the types of culture of the city were revealed. The article analyzes the development of

urban culture, the peculiarities of urban areas, the relationship on the Silk Road. The chains of cities, urban areas, types of urban culture in the territory of Kazakhstan are studied. Ethnic processes such as the Turkization of the urban population, linguistic problems of the Turkic-speaking peoples, economic relations, economic and living conditions are characterized. The city is recognized as the center of livestock and crop production turnover. Historically, the Turkic period occupies an important place in the development of the Silk Road.

Keywords: Turkic epoch, urban culture, historical cities of Kazakhstan, Silk Road, nomadic and settled peoples

Ұлы Далада өмір сүрген түркі жұрты ортағасырлық өркениеттің даму жолында ерекше орын алады. Өйткені бұл кезең ислам мәдениетінің түркі дүниесіне енуі және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда көшпелілер мен отырықшы шаруашылықтың өзара ықпалдастығының нәтижесінде қалалардың жылдам өсіп, оның мәдениетінің қарыштап дамуымен айшықталады. Ұлы Дала елінің дамуындағы бұл маңызды өзгерістер әл-Фарабидің қала мәселесіне ерекше ден қойып, арнайы философиялық шығарма жазуына себепкер болды. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактаты болатын. Сондықтан бұл кезеңде түркілердегі қалалардың өсуі және олардың мұсылман-араб елдеріндегі қала мәдениетінің дамуына ықпалын арнайы қарастыру қажеттілік болып табылады.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде қалалардың өсуі жоғары қарқынмен жүрді. Оған, бір жағынан, Ұлы Жібек жолы арқылы сауданың өркендеуі ықпал етсе, екінші жағынан, көшпелілер мен жартылай көшпелі және жер өңдеумен айналысатын отырықшылардың бір-бірімен тығыз байланысқан өңірге айналуының зор маңызы болды.

Кең көлемде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері барлық аймақтағы (Оңтүстік

Қазақстан, Жетісудың оңтүстік батысы, Жетісудың солтүстік шығысы) қала мәдениеті ескерткіштерінің типологиясын жасауға мүмкіндік береді.

Оңтүстік-батыс Жетісу өңірінде – Жікіл, Балу, Шелже, Такабкет, Көл, Кенжек және Шу-Талас аңғарындағы қала жұрттарымен бірге қалалар саны 36 га-ға жеткен. Бұл жақтағы қалалардың көлемді бірінші тобындағы ірі қалаларға Тараз, Суяб, Невакет жатса, орташа топқа Текабкет, Сус, Мирки, Аспара, Жол, ал кішігірім қала жұртына Құлан, Шөміш және т.б. ұсақ жұрттар кіреді.Солтүстік-шығыс Жетісудың қалаларын жоғарыдағыдай топтарға бөлетін болсақ, біріншісіне Дүнгене, Қаялық, Шілік, екіншісіне Талғар, Сүмбе, Ақмола, ал үшіншісіне Лавар, Алмалық, Қапал, Арасам және т.б. жатады.

Шу және Талас аңғарларындағы аумақта барлығы 36 қала жұрты табылып, олардағы VIII-IX ғасырлардың мәдени қабаттары анықталды [1, 65-130]. Ол IX-X ғғ. хан ордасы ретінде қалыптасқан. Бұл өлкеде осынша көп жаңа қаланың пайда болуы ауданда отырықшылықтағы шаруашылықтың қала өмірімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Қазба жұмыстары кезінде қала жұрттарынан алуан түрлі керамика, әйнек, теңгелер, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстар табылуы мұнда қолөнер мен сауданың дамығанын дәлелдейді.

Зерттеуші ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар салыну, даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Ол қалалар мынадай бөліктерден тұрады: билеуші ақсүйектер тұратын қамал, одан кейін шахристаннан, ал оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер қоныстанған рабаттар болды.

Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалалардың бір тобы Отырар оазисінде орналасқан. Оған бірден-бір себеп – Отырар арқылы Батыс пен Шығыс елдерін байланыстыратын Ұлы Жібек жолының өтуі. Қазіргі кезеңдегі археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан Отырар қаласының көлемі 200

гектарға жуық. VIII-IX ғасырларда ірі орталыққа айналған Отырар (Фараб) көршілес орналасқан елді мекендердің саяси-экономикалық өмірінде маңызды орын алды. Оған археологтер тапқан көптеген артефакті *дәлел*. Мысалы, осы өңірде табылған теңгенің бет жағында – түркілердің ру таңбасы, ал екінші жағында Шаш қаласының эмблемасы – арыстан бейнеленген. Отырар теңгесі сол өңірдегі екі халықтың, яғни көшпелі түркі және отырықшы жер өңдеумен айналысатын соғдылықтардың арасында ақшалай сауда қарым-қатынасына негізделген экономикалық байланыстардың болғанын көрсетеді. «Отырар-төбенің» көлемі 200 гектарға жуық. VI-VIII ғасырларда Отырар облысы ірі орталық бола отырып, көршілес мемлекеттердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Осы өңірде табылған теңгенің бет жағында түркілердің ру таңбасы, ал екінші жағында Шаш эмблемасы – арыстан бейнеленген. Теңгенің өзі мыстан жасалғандықтан ол жергілікті рөл атқарғандығын айту керек. Әуелгі орта ғасырда мыс теңгесі шетелдерде айналымға жүре алмай, өзінің сатып алу қабілетін тез жоятын. Сондықтан Отырар теңгесі жергілікті жердегі екі халыққа – түркі мен соғдыларға арналғандығын немесе жергілікті басқарушының түрік билеушісімен туысқан екендігін көрсететін болуы керек. Араб деректерінде Отырар билеушісін «Отырар-бенд патшасы» деп бекер атамаған. Бұл теңге VII ғасырда немесе VIII ғасырдың бірінші жартысында жасалған деп топшылауда негіз бар. Өйткені, VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Орта Азиядағы барлық елдерде теңге шығару халифат үлгісіне көшеді.

Оңтүстік Қазақстан аймағындағы аумағы 30 гектардан асатын қала жұрттарына Сайрам (Исфиджаб), Шортөбе немесе Қараспан-1 (Усбаникет), Отырартөбе (Отырар), Құйрықтөбе (Кедер), Шойтөбе (Шауғар), Жанқала (Жанкент, Янгикент), Сунақ Ата (Сығанақ), Құмкент жатады. Аумағы 15 га-дан 30 га-ға дейін жететін қалалар – Бурух, Хурлуг, Жумишлағу, т.б. 15 га-ға дейін жететін қала жұрттарына

Шарапхана (Газгирд), Бұлақ-Қоғал (Манкент), Тамды (Берукент), Қазатлық (Будухкет), т.б. жатады.

Ұлы Даланың оңтүстік-батысындағы ірі қаланың бірі – Тараз қаласы болды. Тараз қаласын әуелден «Он оқ» елі мен Түргеш қағанаты, кейін Қарлық қағанаты биледі. Археологиялық мәліметтер бойынша қаланың шахристан көлемі солтүстікте 370 м, батыста 160 м, ал оңтүстікте 200 м дейін созылған. Тараздың өрлеуі негізінен IX-X ғасырларға жатады. Егер VII ғасырдың ортасында Тараздың ауданы 2.7 шақырым болса, IX ғасырға қарай ол екі есе ұлғайған. Қаланың өсуі оның аумағының дамуымен тығыз байланысты болды. Тараз округі Атлах, Хамукет, Шігіл, Текабкет, Жүл, Сүс, Шелжі сияқты бірнеше кішігірім қала мен қоныстан тұрды. Жалпы сол кездегі Тараз округіндегі қалаларды олардың даму ерекшеліктері мен шаруашылығына қарай екі топқа бөлуге болады. Солтүстік-батыс бөлігіндегі қалалар, негізінен жер өңдеу, қолөнер және сауда арқылы дамыса, оңтүстік- шығыс жақтағы қалаларда кен, жер қазба байлықтарын өндіру негізгі шаруашылық түріне айналған. Ортағасырлық деректерде Атлах, Хамукет, Шігілде базар, бақ, жүзім шаруашылықтары жайы айтылса, Текабкет, Жүл, Сүс, Шелжі жөнінде олардың тауға жақын тұратыны және кен өндірілетіні көрсетілген.

Ортағасырлық түркілердің бір ірі қаласы – Тальхиз немесе қазіргі аты бойынша Талғар болды. «Худуд әл-алам» шығармасында ол шігілдер мен қарлықтар арасындағы тау ішінде орналасқан. Тальхиз бен Талғардың бір екендігі ғылыми әдебиеттерде дәлелденген. Бұл қала Іле жазығында түркілердің экономикалық, саяси және мәдени орталығы болып, әсіресе, IX-XII ғасырларда өзінің гүлдену шегіне жеткен. Қаланың дамуына оның Шығыс пен Батысты байланыстыратын ке руен жолдарының үстінде жатуы бірден-бір әсер еткен фактор болды.

Түркі кезеңінде қалыптасқан ірі қалаларға ортақ үлгіні біз әл-Махдисидің Испиджаб қаласын сипаттағанынан көреміз. «Оның рабады мен ел тұратын мединасы бар. Онда

(мединада) төбесі жабық базарлар, мақта базары, үлкен мешіт бар. Оның (мединаның) төрт қақпасы: Нуд жакет, Фархан, Шакрана, Бұхара деп аталады және әр қақпаның жанында рабады бар. Рабадтар: нахшебтіктер рабады, бұқаралықтар рабады, самарқандықтар рабады, Қаратегін рабады... Онда (қалада) 1700 рабад бар деседі. Оның рабадын айнала дуал, ал өзінің ішінде бос қалған ішкі қамал бар... Қала таза, өмірі жайлы» [2, 80-81]. Оңтүстік Қазақстанның тау етегіндегі ең ірі қала – Исфиджаб болды [3, 232-233]. Махмұд Қашғари бұл қала туралы: «Сайрам ақ қаланың аты (Әл-Медина әл – Байда), ол Испиджап деп аталады» [4, 78-80]. Испиджабта (қазіргі Сайрам) мұндай көршілес қалалардың аттары бар бірнеше қақпалардың болуы оның іргелес жатқан облыстармен тығыз сауда, мәдени және саяси байланыстардың болғанын да көрсетеді.

Тараз округінің бір елді мекені – Шігіл қалашығы. Әл-Мақдисидің сипаттауынша: «Шігіл – Тараздан кісі айқайы естілетін жерде орналасқан кішігірім елді мекен». А.Н. Бернштам мұны Қош-төбе қалашығымен сәйкестендірді. Ал Г.И. Пацевич және Т.Н. Сенигова Шігілді Тараздан бір жарым километрдей қашықтықтағы Жалпақ төбе деп түсіндіреді. Түркілер құрамындағы үлкен бір тайпа шігілдер атымен аталғаны мәлім.Түрік көлінің (қазіргі Ыстықкөл) оңтүстік жағалауында Жоғарғы Барсхан қаласы орналасқан. Бұл өңірде де шігілдер тайпасы тұрғанын ортағасырлық деректер хабарлайды [2, 31].

Түркі дәуіріндегі осындай ұсақ қалалардың бір шоқ тобы Ыстықкөлдің батысында, оңтүстігі мен шығысында орналасқан. Олардың ішінде батыстағы Маргелан, шығысындағы Төменгі Барсхан және оңтүстіктегі Атбаш ауданындағы қала қалдықтары көзге түседі. Әсіресе Нарын өзеніне құятын Атбаш және Арпа салалары арасында қалалық мекендері өте жиі кездеседі. Солардың ішіндегі үлкені – Ширдакбек. Сонымен қатар Жөргетал мен Казарман жанындағы Чалдывар да түркі қорғандары болып табылады.

Ыстықкөлдің батысында отырықшы мекендермен қатар жайылымдық тұрақтары да аз емес еді. Оған Қызарт, Қошқар және Жуан Арық сияқты мекендерді айтуға болады. Қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған мазарлар мен заттар бұл жерлердің түркі көш пелілері үшін өте маңызды бір аудан болғанын айғақ етеді.

Көшпелі түркілер мекендеген жердегі Нүзкет қаласы да Қайыңдының шығысында, Қара-Балты суының жанында орналасқан. Бұл қала, мұсылман географияшыларының еңбектерінде көрсетілгендей, Нүзкетпен сәйкестен діріледі. Қала жанында су бассейндері мен канал жүйелерінің салынуы, сондай-ақ керамикаларының табылуы мұнда отырықшы шаруашылықтардың кеңінен жүргізілгендігін байқатады.

Түркілердің бір шоқ қалашықтарының орналасқан жері Пішпектен Алматыға барар жол маңайы, Аламедин өзенінің жиектері болып табылады. Олардың ішіндегі ең үлкені Чумыш мекені болып, үлкенді-кішілі төрт қалашықтың орны табылған. Бұлардың барлығы да түркілер билік еткен дәуірге жатады. Қалашықтардың бір ерекшелігі – өте дәлдікпен төрт бұрышты болып салынуы. IX ғасырда ірге көтерген бұл қалалар XII ғасырға дейін өмір сүрген.

Түркілер арқылы өтетін сауда жолдары Қара-Балты және Ақсу өзендері арасындағы бірнеше керуен-сарайларға тірелген. Бұл жерлерде бірнеше кішкене қалашықтардың болғанын олардың бұзылған қалдықтары дәлелдейді. Олардың ішіндегі ең үлкені қазіргі Полтавкаға жақын орналасқаны болып есептеледі. Мұнда адамдардың аттарымен бірге көмілуі және көшпелілер мазарының табылуы, ол мекендердің қарлықтардан бұрын да, яғни Түрік қағанаты кезінде болғанын аян етеді.

Тальхиз жергілікті және халықаралық маңызы бар сауда керуендерінің торабында орналасқан еді. Қала өз ішінде тік, тура көшелермен квартал торларын жасай отырып, әр кварталдың өзі 12-14 үй-жайдан тұрды, бір-бірімен ұсақ көшелер арқылы қатынасты. Әр кварталда туысқандық

байланыстағы адамдар отбасыларынан тұрды деген пікірлер бар [5, 324-325].

Қарастырып отырған кезеңде қалаларда этникалық процестер жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күшейді. М. Қашғари Баласағұн, Испиджаб пен Отырардағы соғдылардың түркіленіп кеткенін, солардың әдет-ғұрпын қабылдағандықтарын айтып жазды.

Қала этникалық процестерінде автохтондық тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде билік орнатуы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе, соғдылардың түркі тілімен ассимиляциялану процесі жүрді. Бірақ бұл процесс біркелкі, әрі барлық жерді түгел қамти алмады. Өйткені басқыншылар өздері басып алған өлкенің бұрынғы өндірістік әдісіне тиіспей, тек салық алумен шектелген жағдайда жергілікті тілдің ассимиляциялануы тежеліп отырды.

Көшпелілердің өмірінде өздеріне тәуелді қалалардың мәдениеті маңызды рөл атқарды. VIII-IX ғасырлардағы Тараз қаласын зерттеу материалдары көшпелі түркілердің өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар Шаш және Соғды қалаларымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Деректерде 630 жылы Таразда көптеген елдердің саудагерлері тұрады, оның қабырғасынан арабша, парсыша және түркіше сөздер естіліп жатады деп айтылуы ол қала тұрғындарының этникалық тұрғыдан біркелкі болмағанын байқатады.

Қалалардағы қолөнердің дамуына көшпелі түркілердің байланысы, қарым-қатынасы ерекше ықпал етті. Олардың өздері тұрмыс пен шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтарды қаладан алып отырды. Ал мұның өзі қала қолөнерінің шығаратын өнімдеріне деген сұранысты арттырды. Нәтижесінде қолөнершілер шаруашылығы өркендеп қала рабаты ұлғайды.

Қазақстандық зерттеуші ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша, Оңтүстік Қазақстан мен

Жетісудағы қалалар салыну мен даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардың ерекшеліктері Отырар оазисіндегі қалалардың (мысалы, Баба ата мен Құйрықтөбе мекендері) орнын зерттеуде байқалады. Ол қалалар мынадай бөліктерден: билеуші ақсүйектер тұратын қамалдан, одан кейін шахристаннан, ал оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер тұратын рабаттардан тұрды.

Оңтүстік-батыс Жетісудағы өзгешелік – қамал мен шахристаннан кейін қаланы қоршаған жер учаскелерінің болуы. Мұндай ерекшелік қазіргі Жамбыл облысы жерінде табылған қалалардан жиі кездеседі. Іле бойындағы қалалар жартылай көшпелі түркілердің қыстайтын жұртына, оның ішінде ауқатты ақсүйектер тобының қоныстарында қалыптасып, қала айналасы ұзын, бұрышты дуалдармен қоршалды. Бұған Қойлық, Талхиз (Талғар), т.б. қалалар жатады.

Ұлы Дала қалаларының да дамуына шаруашылық-мәдени типтердің қалыптасуы ерекше көңіл аударарлық мәселе. Осы орайда С.П. Толстов қалалардың дамуын: «Шығыс қоғамының егіншілікпен айналысатын бөлігінің ғана нәтижесі деуге болмайды. Қоғамдық еңбек бөлінісі жағдайында «қала» мал өсірушілер мен егіншілері ара сындағы заттай айырбас орталығы ретінде қоғамның ішкі байланысын сақтап тұратын буын болып табылады», – деп әділ баға береді [6, 1934, 195 б.].Осындай байланыстарды қамтамасыз ететін ішкі нарық Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлеріндегі қалааралық байланыстарда қалыптасқанын байқаймыз.Ұлытау, Орталық Қазақстан, Шаш және Тараздың экономикалық байланыстарын металдан жасалған қару-жарақтардың таралуынан да көреміз. Мысалы, темірден, қоладан жасалған садақ оқтарының ұштары Ұлытау, Сарысу өзені бойынан, Бетпақдала мәдени қабаттарынан табылған. Жезқазған кен орындарында оқтардың ұшын дайындайтын болған. Әдемі оқтар мен садақтардың Шаш пен Тараздан

кездесетінін Фирдоуси өзінің «Шахнамасында» жазды. Мұндай оқтарды дайындайтын орталық кезінде Сығанақ қаласы болған.

Төлек атты қалалық мекен Ақ-Тепе мен Ақсудың солтүстігінде, Ақсу мен Соқулуктың қосылған жерінде орналасқан. Мұнда түркілердің егін егіп, жайылым қылған және отырықшылдыққа бірте-бірте көше бастағанын көреміз. Оған Шу бассейнінің солтүстігі оңтүстігімен байланыста болғаннан көп кейін мекен бола бастауы дәлел. Қала IX-X ғасырдан XII ғасырға дейін өмір сүрген. Жалпы алғанда, Ақ-Тепе мекені түркілер өмірінің маңызды бір даму кезеңін, яғни бір жағынан көшпелі, екінші жағынан отырықшылыққа көше отырып, керуен сарайларды көбейту арқылы сауда жолына тартылғанын, ақырында бір комплекстік мәдени-шаруашылық типін қалыптастыра алғанын көрсетеді.

Көшпелі түркілердің сарқылмас, үнемі әкеліп тұратын шикізаттарының арқасында қалалардың өздері белгілі бір өнім шығаруға мамандана бастады. Мысалы, әл-Мақдисидің хабарлауы бойынша: «Шаштан (Қазіргі Ташкент қаласы – С.С.) сапалы ер-тоқымдар, оқ салғыш қорамсақтар мен орамалдар; тері түріктерден әкеліп иленеді... Ферғана мен Испиджабтан ақ мата, қару, семсерлер, мыс және темір мен түрік құл дары әкелінеді. Тараздан ешкі терісі, Шелжіден күміс келеді. Хутталдан әкелген сияқты Түркістаннан бұл жерлерге жылқы мен қашыр әкелінеді» [2, 82-83].

Қараханидтер әулеті билікке келер алдындағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда мемлекет ішіндегі маңызы орасан зор болған, ортақ рыноктың қалыптаса бастағаны байқалады. Әрине, мұндай құбылыс сол кезеңде тек отырықшылар мен көшпелілердің неғұрлым тығыз, жақын көршілес тұру нәтижесінде ғана мүмкін бола алды.

Көшпелі түркілердің қалаларға қоныстана бастауы үлкен қалалардың дамуына және жергілікті отырықшы халықтың шаруашылығына әсерін тигізді. Қалалар маңында

өңделген жерлердің ұлғаюы, қолөнердің дамуы жалпы әлеуметтік жіктелу процесіне ықпал етті.

Қалалардың осындай дәрежеде дамуына сауданың зор ықпалы болды. Сонымен бірге бұл жерлерде бұрыннан қалыптасып қалған Ұлы Жібек жолы бар еді. VIII-X ғасырларда Ұлы Жібек жолының одан әрі өркендеуінде түркілердің рөлі орасан зор болды. Егер VII ғасырға дейін Қытай мен Батыс елдерінің арасын жалғастыратын жол Қашғар – Ферғана арқылы өтсе, VII ғасырдан бастап, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу үстімен жүрді. Өйткені бұл кезде Ферғана өңіріндегі саяси жағдайлар керуен жолдары үшін қолайсыз еді.

Керісінше, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды мекендеген қарлықтар сауда жолының сақталуына және оның одан әрі дамуына барынша мүдделі болды. Өйткені, бұл жерлер отырықшылар мен көшпелілердің қалың түйіскен аймағында орналасқан еді.

Бұл жолдың маңызының арта түсуіне түркі қағандары ордаларының жиі орналасқаны да ықпал етті. Олар сауданың өз территориясымен жүргеніне мүдделі болды. Деректерде сауда жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түркілер қарулы отрядпен керуендерді өз жерлерінен шығарып салып отырғандары айтылады [7, I, 355].

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бөлігіндегі, яғни түркілер мекендеген территориядағы негізгі салалары: Шаш – Испиджаб – Тараз барып, одан әрі оңтүстікке қарай Төменгі Барсхан – Қасрабас – Құлан – Меркеге өтіп, Жоғарғы Барсхан арқылы Шығыс Түркістанға бағытталды.

Түркілердің ірі сауда орталығы Испиджаб қаласы болды. Шығыс елдерінің барлық саудагерлері осы қалаға келіп түйісетін. Бұл қала феодалдарының саудаға деген мүддесін арттырып, олар ірі базары бар рабад салды. Қаратегін әмірші болып тұрған кезде бұл базардан айына 7 мың дирхем пайда түсіп отырды. Мұндай рабадтар түркілердің басқа бір қаласы Меркеде де салынды.

Бірнеше керуен жолының түйісуі Таразды сол кездегі ірі сауда орталығы етті. Қала солтүстік-шығыс жағында тікелей көшпелілермен байланысты. Таразда басқа елдерден келген саудагерлер де тұрды. Ал Тараздың өз саудагерлерінің де колониялары болды. Мысалы, Исфаханда көп Тараз көпестері тұрып, саудамен айналысты. Тараздың ірі сауда орталығына айналуына оның аймағында қалалардың жиі орналасуы және олардың түрлі ша руашылық пен өнеркәсіп өнімдерін шығаруы да әсер етті. Ұлы Жібек жолында жатқан түркі ақсүйектерінің қаласы Өрнек VIII-X ғасырлардағы Тараз аймағының территориясына енді.

Іле аңғарындағы Талхызға қарай баратын жолдың ашылуына байланысты Шығыс Түркістан, Алтай және Моңғолияға баратын сауда керуендері жиіледі. Ал Испиджабтан түркілердің жазғы жайылымы болып саналатын Кеңгір, Жезді, Нұра сияқты Орталық Қазақстан өзендері бойындағы елді мекендерге қарай баратын сауда жолдары тарады. Бұл жақта саудагерлер қыпшақтар мен қимақтар арасында сауда жүргізе алатын еді.

Талас жазығының Шу алқабына өтер жолда Қасрабас қаласы орналасқан. Соңғы пікірлер бойынша, бұл – Ақыр тас қалашығы, яғни керуен-сарай болып аталады. Қарлұқ-түркілерінің қаласы екенін Ақыртас айналасында түркі зираттарының көп болуы да дәлелдей түседі.

Іле жазығындағы Қаялық қаласы қарлық түркілері жабғуының бір сауда орталығы болды. Ол туралы Г. Рубрук өзінің саяхатында былай деп жазды: «Келесі күні оңтүстікке қарай орналасқан ірі таулардың жалғасынан асып түскен соң оң жағында биік таулы, ал сол жақта айналасы 25 күндік көл немесе теңіз тәріздес бір алқапқа келіп кірдік. Таулардан ағып жатқан мол су аталған көлге келіп құяды... Жазықта мал бағуға қолайлы болу үшін татарлар басым бөлігін қиратқан көптеген қалалар болды. Біз сонда үлкен Қаялық қаласын таптық» [8, 112].

Түркі қалаларының жер өңдеу шаруашылығымен және көшпелілермен сауда жолдары арқылы тығыз болғанын Шу өзенінің салалары басталатын Сусамыр тауында Түнек қаласының орналасуынан көрінеді. 600х600 көлемде қамалы бар бұл қала Сусамыр тауларынан ба-сталатын бүкіл жайылымдар мен жер өңдеу шаруашылығы жүргізілетін ауданның ортасында, Ири-Су өзені жағасынан орын тепкен.

Шатқал тау тізбектерінде, жазығында және суларының жиегіндегі Тұзащы, Айғыржал, Чаар-Таш, Шұқыршақ, Салық-Бұлақ сияқты елді мекендер түркі тектес тайпалардың аралас, қоралас болып тұрған жерлер еді. Бұлар бір жағынан Ферғана түркілерімен, екінші жағынан Тәңірі таулары мен Ферғананы басып өтетін сауда жолдарымен байланыстыратын болғандықтан да түркі көшпелілері үшін өте бір маңызды аудан болды.

Сауданың өркендеуіне көшпелі түркілердің ықпалы зор болды. Қала тұрғындары көшпелілерден көп мөлшерде жылқы, мал, жүн, шикі тері, киіз, сүт, айран, қаймақ, ірімшік алып отырды. Селжұқ-түркілері құжаттарының бірінде: «...Олардың заттары мен тауарлары отырықшылықтағы адамдардың байлығының, қанағаттанушылығының себебі болып табылады», – деп жазылды [9, 82-83].

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін сауда жолының одан әрі өркендеуіне ислам дінінің зор ықпалы болды. Олар өз қаражаттарын базарлар мен олардың мекемелерін көбейтуге жұмсап отырды.

Түркілердің көшпелі бөлігінде сауданың еркін дамуына сол кездегі түркілердің қонақжайлылығы, меймандостығы көп септігін тигізді. Өйткені түркілер саудагерлерді ерекше күтіп қарсы алатын және осы арқылы сол саудагерлер еліне барғанда өздері сондай мүмкіндіктер алуына құқылы болды. Сонымен бірге түркілердің саудасында жылқының маңызы зор болды. Жабайы тұқыммен будандастырылған бұл жылқылар төзімділігі жағынан аңға, жорыққа шығуға немесе көшіп-қону жағдайында өте қолайлы болып шықты.

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде түркілер Ұлы Далада Ұлы Жібек жолының маңызды торабында орналасып, дүниежүзілік өркениетпен тығыз байланыста болды. Мұның өзі отырықшылар мен көшпелілер дүниесінің өзара ықпалдастығы арқылы ғана мүмкін бола алды.

Қалалардың өсуімен бірге этникалық процестер де жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күшейді. М. Қашғари Баласағұн, Исфиджаб және Отырарда соғдылардың түркі әдет-ғұрпын қабылдап, түркіленіп кеткенін айтып жазады. Қала этникалық процестерінде автохтондық тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде билік орнатуы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе соғдылардың түркі тілімен ассимиляциялану процесі жүрді. Бірақ бұл процесс біркелкі және барлық жерді түгел қамти алмады. Өйткені араб басқыншылары өздері басып алған өлкенің бұрынғы өндірістік әдісіне тиіспей, тек салық алумен шектелген жағдайда жергілікті тілдің ассимиляциялануы тежеліп отырды.

Көшпелі түркі тайпаларға тәуелді қалалар мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері болды. VIII-IX ғасырлардағы Тараз қаласын зерттеу материалдары оның өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар Шаш және Соғды қалаларымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Таразда көптеген елдің саудагерлері тұрады, оның қабырғасынан арабша, парсыша және түркіше сөздер естіліп жатады деп деректерде айтылуы қала тұрғындарының этникалық тұрғыдан да біркелкі еместігін байқатады.

Қалалардың өсуіне көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етті. Олардың ең бастылары: Ұлы жібек жолына байланысты сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету көшпенділер мен отырықшылар іргелес отырған жерлердегі шаруашылық пен саяси қарым-қатынас және діни орталықтардың пайда болуы, т.б.

Қарастырылып отырған кезеңде түркілер орналасқан қалалар – қолөнер мен сауда-саттық байланыстарының ғана емес, сонымен бірге көшпелі мал шаруашылығы және жер өңдейтін отырықшылармен байланыстыратын орталық болды. Бұл құбылыстың өркениеттік маңызы өте жоғары болды.

Қазақстанның Жібек жолы бойындағы қалаларында Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азияның біріне бірі ұқсамайтын әртүрлі мәдениеттері өзара ықпалдасу арқылы бірін-бірі байытуына, нәтижесінде әлемдік өркениеттік сипатқа ие болуына қолайлы жағдай жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе: АН Киргизской ССР, 1959. – 188 с.

2.Әл-Мақдиси. Китаб әл-бад ва-т-тарих. – Париж, 1899

3. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия . Соч. – Т. 1. – М., 1963. – 270 с.

4. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVIвеков о долине реки Талас и смежных районах//Новые материалы по древней и средневековойистории Казахстана. – ТИИАЭ АН КазССР, 8- том. – Алма-Ата, 1960. – С. 78-81.

5. Шарденова З.Ж. Архитертурные особенности жилища средневекового Талгара //Маргуланские чтение (СБ. материалов конференции) Алма-Ата,1989.

6. Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах // Известия ГАИМК. – Вып. 103. – М.-Л., 1934. – С. 165-190.

7. Бичурин Н.Я.Собрание сведений о народах,обитавших в Средний Азии в древние времена. – Т. 1-3. – М-Л., 1950-1953. С.355

8. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука.Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной.// М.: Гос. изд-во геогр. лит-ры. 1957. 272 с. + карта.

9. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI веков о долине реки Талас и смежных районах. // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР, 8-й том. – Алма-Ата, 1960.

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. *Очевидно, что ответвления Великого Шелкового пути на территории Казахстана, прошлое и историческое значение городов вдоль Великого Шелкового пути по-прежнему требуют от исследователей настойчивых поисков. При глубоком изучении городов вдоль Шелкового пути и его ответвлений письменные данные на восточных языках должны быть широко вовлечены в научный оборот, проведены археологические исследования. Только тогда мы сможем получить доступ к новым данным об историческом повествовании городов.*

В статье рассматривается лингвофольклорический характер топонимов Сауран, Сейхун, расположенных вдоль Великого Шелкового пути. Проводится анализ данных топонимов по лексико-семантическим особенностям. В исследовании используются описательные, анализирующие, сравнительные, сравнительно-исторические методы и приемы.

Также будут высказаны научные выводы и гипотезные мнения таких ученых, как М. Кашгари, К. Байпаков, У. Х. Шакенов, Б. Бияров.

Ключевые слова: *топонимы, лексика, семантика, история, лингвистический анализ, фольклор, легенда*

Annotation. *It is obvious that the branches of the Great Silk Road on the territory of Kazakhstan, the past and historical significance of the cities along the Great Silk Road still require persistent searches from researchers. When deeply studying the cities along the Silk Road and its branches, written data in oriental languages should be widely involved in scientific circulation, and archaeological research should be carried out.*

Only then will we be able to access new data about the historical narrative of cities.

The article examines the linguo-folklore nature of the toponyms Sauran, Seykhun, located along the Great Silk Road. The data of toponyms is analyzed according to lexical and semantic features. The study uses descriptive, analytical, comparative, comparative-historical methods and techniques.

Scientific conclusions and hypothetical opinions of such scientists as M. Kashgari, K. Baipakov, U. Kh. Shakenov, B. Biyarov will also be expressed.

Key words: *toponyms, vocabulary, semantics, history, linguistic analysis, folklore, legend*

Ұлы Жібек жолының тарихы, Қытай саяхатшысы Чжан Цяньның айтуынша, б.з.б. II ғасырынан басталады. Бұл жол Сиань қаласынан Ланьчжоу арқылы Дуньхуа қаласына келіп, екі тарапқа бөлінген: солтүстік және оңтүстік. Солтүстік жол – Тұрфан, Қашқар, Алматы, Қарақастек, Баласағұн, Аспара, Мерке, Құлан, Тараз, Саудакент, Құмкент, Манкент, Испиджаб (Сайрам), Жаңабазар, Шарапхана, Ташкент, Самарқанд, Бұхара қалалары арқылы Мервке жетіп, ал оңтүстік жол – Хотан, Жаркент, Балх және Мервке жетіп, Ұлы Жібек жолының екі тармағы қосылған. Бұнан кейін Ұлы Жібек жолы Ниса, Гекотомпил, Акамез, Экбатан, Бағдад, Ктесифан арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға – Антиохия, Дамаск, Тирге дейін созылып жатқан.

Б.з.б. I ғасырдың ортасында ғана Ұлы Жібек жолы тұрақты дипломатиялық және сауда жұмыстарын жүргізу дәрежесіне дейін көтерілген. Ол арқылы Шығыс пен Батыс елдері саяси, экономикалық және мәдени байланыстық орнатқан. Өз сағасын ертеден алатын Шығыс халықтарының мәдени табыстарын Батысқа, оның жетістігін Шығысқа таратқан. Б.з.б. 138 жылы Қытайдың сол кездегі императоры У-ди өзінің астанасынан бұрын белгісіз болған Батыс елдерге Чжан-Цзиян басқарған елші жіберген. Ол Батыс саяхатында 13

жыл жүріп, Орталық Азияның шығыс, оңтүстігін аралап, Ауғанстанға дейін барған. Елші барған жеріндегі елдермен байланыс келісім сөздер жүргізіп, Ұлы Жібек жолының күшейе түсуіне қолайлы әсерін тигізген. Бұнан кейін, Қытайдан жібек тиеген сауда керуендері Батысқа бірінен кейін бірі ағылып жатқан. Жібек саудасы Жерорта теңізіне дейін жеткен. Бұл Орталық Азиядағы көптеген қалаларды, тұрақты қоныстарды басып өткен [1, 254].

Ұлы Жібек жолы Шығысты да, Батысты да қызықтырған. Екі жақтың көп салалы байланысын дамыту үшін, б.з. I–II ғасырларының арасында Қытайға, Қытайдан осы сауда жолымен, керуендермен бірге дипломаттар ерсілі-қарсылы жүріп жатқан. 97 жылы Қытай саяхатшысы Гань Ин Персия қолтығына дейін барған, ал 100 жылы македондық Май Тициан Ұлы Жібек жолы басталған Ланьчжоуға жеткен. Осы Ұлы жолмен Еуропа, Алдыңғы Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азия дипломаттары, саудагерлері, ғалымдары мен саяхатшылары жүріп жатқан. Ертедегі ортағасырдың VII–X ғасырларында Ұлы Жібек жолының халықаралық мәнге жетуінің нәтижесінде Қытай, Византия, Иран және Араб елдері арасындағы байланыс дамыды және ол үздіксіз күшейіп отырды.

Ұлы Жібек жолының Византиядан Иран арқылы Орталық Азияның батысынан шығысына дейін созылып жатқан ең ұзақ бөлігі – ежелден түркі халықтарының кір жуып, кіндік кескен жері. Түркілер бұл Отанын ертеде – Тұран (Түркістан) деп атаған. Оның жалпы көлемі туралы Махмұд Қашқари: «Қазір бүкіл Түркі елінің шекарасы Абискун (Каспий) теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен Шыңға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың персек (парсақ. – У.Ш.)» деп жазған [1, 255].

Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың бірі – Сауран. Қалада тарихи маңызы бар, ескі замандардан сыр шертетін жәдігерлер мен тарихи деректер мол кездеседі. Жалпы, өткенді өшірмей, тарлан тарихты таразылап, келер

ұрпаққа аманат етіп қалдыру рухани жаңғырудың негізі. Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің маңызы ерекше. Елдегі барлық қасиетті нысандар, оның ішінде археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар, қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді. Сауран қаласы да осы тізімде.

Енді көне қаланың тарихына тоқталсақ. Сауран – құпияға толы, Қазақстандағы қорған дуалдары неғұрлым толық қалпында сақталған әйгілі ортағасырлық қалалардың бірі. Оның ерекше әскери-стратегиялық, сауда-экономикалық және мәдени-тарихи мәнінің құндылығымен Сырдария бойында және қазақ даласында болған барлық ортағасырлық авторлар жазбаларында қалдырылған. Археологиялық зерттеуі жүз жылдан астам уақыт бұрын басталған тарихи мекен жайында орыс ғалымдары П. Лерхтың шығармаларында, П. Пашино жол естеліктерінде кездеседі [2, 9].

Түркістан қаласының батыс жағында 40 шақырым, қазіргі Жаңақорған ауданы, Манап ауылының оңтүстігінде 15 шақырым жерде орналасқан. Қаланың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттарға қарағанда қаланың іргесінің қалануы VI ғасырдан басталады. Қолөнердің дамуына X-XII ғасырларды айтуға болады. X ғасырдағы араб (Ибн Хаукаль, Мақдиси, Истахри) жазба деректері қаланың жақсы салынған құрылыс жүйесі – мешіт, медреселері және сауда орындары туралы мәліметтер береді. Қаланың қазіргі кезде сақталған дуалының биіктігі 7-8 метр және оны айналдыра қазылған ордың кеңдігі мен тереңдігіне қарағанда, мықты бекініс болған. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың XVII ғасырға дейін өмір сүргендігі анықталған.

Тағы бір деректе XIII ғасырдың орта тұсында Сауран қалашығы Ақ Орданың астанасы болғаны жазылады. XIV ғасырдың аяғында Сауранды Әмір Темір әскери қамалға айналдырған, осылайша Сауран қалашығы ислам дінінің Қазақстанға таралуына ықпал еткен деседі. Сауранды зерттеген ғалымдардың бәрі Сырдария бойында және қазақ даласында болған оқиғалар жайында жазғанда шаһардың ортағасырлық екенін алға тартады [2, 10].

Көне шаһардағы ірі құрылыстардың арасында «шайқалмалы минаретті», сондай-ақ шаһарды ауыз сумен қамтамасыз еткен кәріздері – жердің астынан салынған канал ерекше көзге түседі. Осы күнге жеткен Сауран қалашығының қабырғалары мен мұнараларының қалдықтары дөңгелек алаң ретінде қазқалпында жатыр. Ауданы 550-800 м құрайды. Қаланың ішіне қақпа арқылы кіруге болады.

«Сауран қамалы – өте берік бекітілген қорған, оның мықты және күшті қамал болғандығы соншалықты тағдыр тәлкегінің қолы оның қорғанының түбіне жетіп көрген емес, және көктегі аспанның өзі де әлем жерінің төрттен бірінде мұндай берік қамал көрген емес. Оның биіктігі соншалықты, күннің көзі де одан асып көрген емес. Қамалдың беріктігі соншалықты, оның мұнаралары мен дуалын қирату ешкімнің ойына да кіріп шықпайды». Сауранды жаулап алмақшы болған Абдоллах-ханның әскери жорығын суреттеген (XVI ғ. екінші жартысы) автор қамал-қала туралы осылай деп жазған [2, 8].

Сауран қаласына көңіл бөлген зерттеушілердің қайқайсысы да шайқалмалы мұнаралары бар медресені басты назарда ұстаған. Олар үшін бірінші кезектегі мәселе – осы медресенің орнын анықтау болған. Академик К.М.Байпақов шайқалмалы мұнаралары бар медресе орнын қаланың бас көшесі алаңға келіп тірелетін жерде деп көрсеткен болатын. Оның жорамалын анықтау үшін қала алаңының солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан төбеде қазба жұмыстары жүргізілді.

Жазушы Дүкенбай Досжан өзінің зерттеу мақаласында: «Қаланы алты мұнаралы үлкен қорған қоршап тұрған екен. Қорған саз балшықтан, кей жері күйдірген қыштан өріліпті. Әр мұнарада қарауыл қарайтын күмбез, жауға оқ ататын тесіктер бар. Осы белгілер Сауран қаласының негізігі міндеті – ел күзету, басқыншы жауға бірінші тосқауыл болу екенін байқауға болады. Қорған төрт бұрышты етіп салынған. Қалаға кірер қақпа мен шығар қақпа бір-біріне тұспа-тұс орнатылған. Оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа көлбеу жатыр. Тосын көзге бірден шалынатын нәрсе – қала халқының өте тығыз отырғанға ұқсайтындығы. Өйткені белдеу-белдеу, қатпар-қатпар болып жатқан топырақ үйінділері бұрынғы үйлерді, дуалдарды көз алдыңа елестетеді. Сонымен қатар ескі қару-жарақ, қыш құмыра, ыдыстарынан аяқ алып жүргісіз. Сәл қазып көрсеңіз – бірі болмаса, бірі шыға келеді. Қаланы 1219 жылы Жошыхан қиратқанымен Сауран XV ғасырдың аяғына дейін өмір сүрген», – деп жазады [2, 11].

Ал, шамамен XIV ғасырда салынған екінші Сауранның орны Түркістан қаласынан Қызылордаға қарай өтетін темiржолдың бойымен 45 шақырым жерде сақталған. Қазіргі кезде шаһардың орнындағы көне ғимараттарды қалпына келтіріп, туристер көретін музей жасау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Ортағасырлық Сауран қаласының тарихынан сыр шертетін мәліметтер араб-парсы және орыс деректерінде, сонымен қатар қазақ халқының дас-тандарында, т.б. кездеседі. Ескі қаланың қалдықтарына үлкен қауіп төніп тұрғанын ескеріп, кешендік археологиялық жұмыстар әлі де жүргізіліп жатыр. Келер ұрпақ үшін көне қаланың қалдықтарын сақтау мақсатында және қайта қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі кезде көне қаладағы археологиялық жұмыстар шамамен 50 гектарды құрайтын территорияны алып жатыр. «Мәдени мұра» Қазақстандық бағдарламасы шеңберінде өткізіліп жатқан зерттеу жұмысы барысында табылған заттар,

яғни күйіктастың, гипстің сынықтары осында мешіт пен медресенің болғандығын дәлелдейді. Тарихшылардың пікірінше, осы себептен бұл жерді мекендеген адамдар айтарлықтай жоғары білімді болған. Дәл Сауранда осы аймақтағы алғаш оқу орны ашылған.

Сауран туралы алғашқы деректер X ғасырдың бірінші жартысына жатады. «Мәдени мұра» Қазақстандық бағдарламасы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде Сауранның орталық бөлігінен табылған күйіктас, гипс сынықтары мұнда мешіт пен медресенің болғанын дәлелдейді. Тарихшылардың пікірінше, осы жерді мекендеген адамдар айтарлықтай жоғары білімді болған. Қазақстан бойынша теңдесі жоқ, бірегей қаланы сумен қамтамасыз ету технологиясы болғаны да осы Сауран жерінен табылып отыр.

Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениетінің маңызды ескерткіштерінің бірі – ежелгі Сауран қаласы. Ол Шығыс Ренессансы кезінде әлемге белгілі ғұламалар мен көрнекті тұлғаларды тарих төріне шығарды. Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан Сауранның қираған орны қазақ халқы тарихының, сәулет өнерінің, ғылым-білімінің, мәдениетінің талай заманалар тылсымында қалған құпия сырларын сақтап жатқан қазыналы жабық мұрағат секілді. Бізге қаланың салыну тарихы мен өркендеу мәдениеті, оның Орта Азия халықтары тағдырында атқарған маңызы туралы жазба мағлұматтар жүйесіз және мардымсыз түрде, ал археологиялық тұрғыдан жан-жақты зерделенбеген қала қирандысы күйінде жетіпотыр. Ортағасырлық Сауран қаласының тарихынан сыр шертетін мәліметтер араб-парсы және орыстың ғылыми деректерінде, сонымен қатар қазақ халқының тарихи жыр-дастандарында кездеседі. Көмекей әулие атанған Бұқар жырау қала жұртының басқыншы жаумен шайқасқан ерен ерліктері туралы «Тас қамал» атты дастан да шығарған деген дерек те бар [3, 165].

Ұлы Жібек жолында орналасқан топонимдердің бірі – Сейхун. Туған жердің әр төбесінің, қырқа-жотасының, өзен-

көлінің қойылған атауының өзі құпия сырға толы. Солардың бірі талай дәуірлермен жарыса аққан қазіргі Сырдария өзенінің атауына қатысты. Кермиық далада керіле көсілген дарияның алғашқы атауы «Яксарт» екен. Бұл өзеннің грекше аты көне парсы тіліндегі Yaksart Ata («Үлкен маржан») деген сөз тіркесінен бастау алады. Ертеде Сыр бойында өмір сүрген сақ-скифтер өзеннің орта ағысын – «Яксарт» деп атаған [4, 3].

«Яксарт» сөзі әртүрлі тілдердегі аудармаларына қарай мағыналары да өзгеріп отырады. Мысалы, қытай тілінде – «Нағыз інжу өзені», көне иран тілінде – «Інжу өзені», моңғол тілінде «Үлкен өзен», парсы тілінде – «Суық өзен» деген мағыналарға ие. Ал «Яксарт» сөзі түрікше «иенчү-үгүз», яғни «Інжу өзен» деген мағына береді. М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» атты еңбегінде «өкүз» сөзімен Жейхун мен Еврат секілді үлкен дарияларды атаған [5, 87].

Ертеде көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені Яксарт (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан ол өзенді түркілер «Інжу» (моншақ, маржан) деп атаған [6, 10].

«Сейхун» этимологиясы көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектерде Сырдарияның көне атауы ретінде беріледі. «Ортағасырлық мұсылман жазбаларында жұмақтағы төрт өзеннің бірінің атымен «Сейхун» деп аталған. Әмудария өзені «Жейхун» деп аталған. Бұл – жұмақтағы төрт өзеннің тағы бірінің аты. Қазақстанда жергілікті тұрғындар оны күнделікті тілде «Дария» деп атайды.

Бартольдтің «Орта Азиядағы Түріктердің тарихы» атты кітабының 53- бетінде Сырдария өзені жайлы мәліметтер берілген. Абу әл-Ғазида осылай атаған. Ибн Хауқал Сейхун өзені түрік елдерінен шығып ағады деп айтқан. Ибн Хауқалдың айтуынша, таудан аққан бұл өзен Арал теңізіне барып құяды. Араб саяхатшылары Сейхун, Жейхун өзені секілді, онда кемемен жүзуге болады дейді. Қыс мезгілінде

ұзақ уақытқа өзеннің бетінде мұз қатады. Осы себепті өзеннің үстінен арбалар жүре беретін.

Сырдария мен Әмудария Сейхун, Жейхун болмас бұрын Жаксартекс және Оксис деп аталған. Арабтар Сейхун, Жейхун атауларын яһудилерден алуы мүмкін деген болжам айтылады. Яһудилердің жазбаларында Писон және Гихон деген өзендер жайлы айтылады. Сейхун мен Жейхун осы сөздерге жақын болуы мүмкін, бірақ мағыналары белгісіз. Моңғол шапқыншылығы заманында Сейхун атауы қолданыстан шығып, Сырдария деп атала бастаған [3, 169].

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Б. Әшімов «Сырдарияның көне атаулары» атты мақаласында бұл атаулар туралы мәліметтерді қорытындылай келіп былай дейді: «Сырдарияның ежелгі атаулары өзеннің алқабында өмір сүрген халықтар мен тайпаларда әртүрлі аталған, онда ғұмыр кешкен тайпалардың, қалалар мен елді мекендердің ықпалымен, өзеннің атауы әрдайым өзгеріп отырған, ал антикалық тарихшылардың, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде өзенді Танаис, Силис, Канг, Яксарт, Банакит, Сейхун деп аталғанын көреміз» [3, 169-170].

Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев бұл атауларды өзінің «Түркістан» өлеңінде былай деп жырлайды:

«Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін!»

Сонымен бір мағынасын моншақ, маржан, інжуге баласа, екінші мағынасы зәмзәм суы шәрбәттай жұмақ өзенге теңеудің өзі оның халықтың ерекше ықыласына бөленгендігін білдіреді. Қазіргі таңда да жердегі інжу әрі жұмақ өзені ағаш үйлі, киіз туырлықты Алаш баласының құтына айналғандығын көреміз.

Ел тарихын зерттеуде әлі де болса зерттеуді қажет ететін тұстары жетерлік. Оны шешу үшін тарихнамалық бағыттағы

зерттеулерге мейлінше көп көңіл бөлу керек. Ол үшін ең бірінші, сол ғылымның немесе мәселенің даму тарихына үңіліп, одан кейін күрделі проблемаларды айқындап, түйіткілі сан алуан сауалдарын зерттеп зерделеу керек. Бұндай мәселелер Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың тарихнамасын айқындауда орын алып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шәлекенов У.Х. Ғылыми еңбектер. Үш томдық / Уахит Шәлекенов. – Алматы: Жібек жолы, 2014. Т. 1: V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – 584 б.
2. Жарықбаев Ә. «Сауранның сыры». Жаңақорған тынысы (zhanaqorgan-tynysy.kz).
3. Тілешов Е., Итеғұлова С., Қадырхан А.. Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы).– Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 б.
4. Кляшторный С. Яксарт – Сыр-Дария// СЭ. – 1953. – №3
5. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, Хант, 1997. – 525 б.
6. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік түрлері. – Астана, 2013. – 10 б.

Шалғынбай Нұрбек Қайырғалиұлы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақ тіл білімінің кафедрасының докторанты

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

Аннотация. *Великий Шелковый путь-важное явление в мировой истории. Это не просто Путь Торговли и экономических отношений. Великий Шелковый путь связывал народы с точки зрения религии, культуры, графики, литературы, истории, производства. В статье рассказывается о нематериальной культуре народов Великого Шелкового пути. К ним относятся традиции, обычаи, праздники. Хотя в этой теме мало деталей, это важная деталь в теме Шелкового пути. Народы Шелкового пути постоянно сохраняли свою национальную самобытность. Тем не менее, он также претерпел большую интеграцию. Основной из них была религия. Товары, перевозимые торговыми путями, также повлияли на культуру. Например, было распространено несколько типов письма. Широко распространенные образцы культуры приобрели общенациональный характер и стали традиционными. Самым распространенным праздником на Великом Шелковом пути был праздник Наурыз. Праздник, хотя и отличается у народов, имеет общее происхождение.*

Ключевые слова: *Великий Шелковый путь, нематериальная культура, традиции, религиозные обычаи, праздник Наурыз*

Annotation. *The Great Silk Road is an important phenomenon in world history. This is not just a Way of Trade and economic Relations. The Great Silk Road connected peoples in terms of religion, culture, graphics, literature, history, and production. The article tells about the intangible culture of the peoples of the Great Silk Road. These include traditions, customs, and holidays. Although there are few details in this topic, it is an important detail in the Silk Road theme. The peoples of the*

Silk Road have constantly preserved their national identity. However, it has also undergone a lot of integration. The main one was religion. Goods transported by trade routes also influenced the culture. For example, several types of letters were distributed. Widespread cultural patterns have acquired a nationwide character and have become traditional. The most common holiday on the Great Silk Road was the Nauryz holiday. The holiday, although different among peoples, has a common origin.

Keywords: *The Great Silk Road, intangible culture, traditions, religious customs, Nauryz holiday*

Ұлы Жібек жолы сауданың ізімен қалыптасқан халықтардың экономикалық қатынастарын жүзеге асырған жол ғана емес. Тарихи тұрғыдан алғанда халықтардағы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың пайда болуына да түрткі болды. Бұл процесс үлкен тарихи кезең мен көп қырлы факторларды қамтиды.

Ұлы Жібек жолының қалыптасуына араб саяхатшылары мен исламды таратушылар үлкен үлес қосты. Мұсылмандар ортағасырларда әлем туралы еуропалықтардан анағұрлым көп білді. Ислам бойынша, саяхатшылар ғұламалармен теңестірілді және оларға қонақжайлылық таныту міндетті болды.

Ұлы Жібек жолы Еуразияның қан тамырлары тәрізді оның бүкіл бойын қамтып алды. 1965 жылы Самарқанның маңайындағы Афрасиабтан VII ғ. өрнектері табылды. Патша сарайының ең төрінде үлкен әлем халықтарының көрмесі тәріздес панно орналасқан. Сурхандария аңғарындағы Чаганиан билеушісінің елшілігін бейнелеген суретте пілдің үстіндегі ханзада мен түйеге мінген сарбаздар, ұшып жүрген киелі ақ құстар көзге түседі. Сарайдың батыс қабырғасында шаштарын түйген түрік жауынгерлері мен қолдарына жібек маталарын ұстаған қытайлықтар назар аударады, Кореядан келген елшілердің бас киімдері, құс қауырсындарымен безендірілген. Солтүстік қабырғада қытай ханшасы қайықта серуендеп жүр және жағалауда қабыланға аңшылық қыза

түсуде [1, 42]. Әрине, осының бәрін бейнелеу үшін түкпір-түкпірдегі халықтардың өмірі және әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс болуы керек. Бұл тек Ұлы Жібек жолы сияқты мәдени дәнекерлер арқылы жүзеге аса алады.

Әрине, осының бәрін бейнелеу үшін түкпір-түкпірдегі халықтардың өмірі және әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс болуы керек. Бұл тек Ұлы Жібек жолы сияқты мәдени дәнекерлер арқылы жүзеге аса алады.

Көптеген ғасырлар бойы Шығыс тек батыстық метрополиялардың түсініксіз провинциялары деген ой қалыптасқан. Шығыс халықтарының тарихы еуропалық мүдделілікпен түсінідіріліп келді. Арабтар тарих беттерінде тек Испанияны жаулап алып, Палестинада крест тағушы серілермен соғыс кезінде ғана, үнділер Британия отарлауынан соң, ал қытайлықтар тек «апиын» соғыстары кезінде пайда болды деп еуропалықтар ойлады.

Шын мәнісінде «Шығыс» пен «Батыс» ұғымдарының өздері шартты болып келеді. Б.з.д. V ғасырда гректер «Шығыс» деп Азия мен Парсы империясын атады, мыңжылдан кейін Афины, Византия, Александрияның мәдениеттері Шығыстың құрамдас бөлігіне айналып кетті.

Академик Ә. Нысанбаев атап өткендей, Иранның географиялық жайы, өйткені ол Үндіні, Орталық Азияны, Орта Шығысты, Еуропаны байланыстырып тұрған қыратта орналасқандықтан, оның Еуропа мен Азияның арасындағы сауда және мәдени байланыстарда маңызды дәнекер болуына оң ықпалын тигізгеніндей, солай қазақ даласы да өзінің географиялық жайымен Шығыс пен Батыстың сауда және мәдени өзара әсеріне себебін тигізді, өйткені Ұлы Жібек жолы әлемге әл-Фарабиді сыйлаған территория бойынша өтті. Иран арқылы Жерорта теңізіне қарай Қытайдан жібек пен қағаз, Үндіден алтын мен хош иістілер, Орталық Азиядан жылқылар мен терілер аттандырылды. Қазақстан территориясы бойымен тауарлар тиелген керуендер жүріп жатты, көшпелі-малшылар да мәдени құндылықтарды айырбастаудың

белсенді дәнекерлері болды. Сығнақ, Сауран, Тараз, Иассы, Баласағұн, Отырар сияқты, керуен жолдары өтуі шамасында далада өсіп шыққан, көне қалалар әлемге өзінің жоғары мәдениетімен және олардың даңқын паш ететін - әл-Фараби, Дулати, Қожа Ахмет Иассауи, Баласағұни сияқты көрнекті өкілдерімен белгілі болды [2, 264].

Жоғарыда көрсетілген деректерден соғдылардың Ұлы Жібек жолы мәдениетінде шешуші рөл атқарғандығы аңғарылып тұр. Ортағасырлық авторлар Самарқант қаласында жас баланың таңдайына бал тамызып, «шешен болсын» деген тілек айтып, алақанына ақша жабыссын деп желім жағып, 20 жасынан бастап пайда табуға жігіттерді басқа жерлерге жібереді екен [3, 15].

VIII ғ. Еуропадағы жібек маталарында соғды жазуы кездесе бастайды және оларды Бұқараның маңайындағы Зандана қышлағының атымен «занданечи» деп атаған. Осыдан бастап соғды жібегімен бірге соғды жазуы да әлемге тарап кетеді.

VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық отарлау басталады. Қытайдың астанасы Чаньчада мыңдаған соғдылар қоныстанады. Жалпы алғанда шығыс ирандықтар-соғдылар көптеген түркі халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған. Мысалы, қазақ халқының сөздік қорында түпкілік субстратпен қоса көптеген ирандық атаулар кездеседі.

Ұлы Жібек жолына қатысты басқа елдердегі сияқты Қытайда мәдени ауысулардың арасында түрлі өнер формалары ерекше рөл атқарады.Тан империясы тұсында шетелдік өнерпаздар ресми тойлар мен салтанатты қабылдауда өнер көрсетті. Чаньандағы бір көшеде ән салу өнері жетілдірілсе, ал екінші көшеде би өнеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл көше неше түрлі жеңіл жүрісті әйелдер мен гейшаларға толы болды. Шетелдік музыкантатар «Түріктің үш қыраты», «Куча әуені», «Брахман елінің саздары» сияқты туындыларын орындап отырды. Осының нәтижесінде

біртіндеп Қытай музыкасы Орталық Азиядағы әуендермен ұқсас бола бастады. Кучаның, Қашғардың, Хотанның, Бұқара мен Самарқанның, Үнді мен Кореяның музыкалық дәстүрлері ресми бақылаумен қытай музыкасына қосылып кетті [4, 80].

Мұсылмандарда сауда қашанда игі іс деп саналған және осындай жай бірден қалыптасқан жоқ. Алғашқы халифтер сауда мұсылманның ойын Алладан басқаға аударады деп, әскери ақсүйектерге саудамен айналысуға тыйым салған [5, 365]. Марко Поло татарларда саудамен негізінен әйелдер айналысады деген [6, 43].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мұсылман өркениеттер сұхбатындағы мұсылман мәдениетінің төмендегідей игі әсерлерін атап өтуге болады:

- сауда-саттық байланыстарда араб көпестері мәдени құндылықтарды Жерорта теңізінен бастап, бүкіл Еуропа, Азия, Африкаға дейін таратты. Араб көпестерінің колониялары Қытай, Корея, Аннам, Мадагаскар, Балтық теңізі жағалауы сияқты аумақтарда орналасқан;
- этномәдени ауысулар тек ислам дінін таратумен шектелмей, араб тілі халықаралық қатынастар тілі деңгейіне көтерілді, сол заманда араб-парсы тілдерін білген адам өркениетті елдермен емін-еркін қарым-қатынасқа түсе алатын болды;
- аударма ісі. Бағдат пен Толедода ұйымдастырылған аудармашылар мектептері антикалық мұраны бүкіл әлемге таратуда негізгі себепші қызметін атқарды;
- сәулет өнері мен поэзияда мұсылман өркениеті ерекше жетістіктерге жетті. Иерихондағы Хирбет әл-Мафтжар сарайы, Құддыстағы әл-Ақса мешіті, Омейядтар сарайлары ж.т.б. әлемдік өркениеттің озық үлгілеріне жатады;

Ұлы Жібек жолы бойында араб жерінде қалыптасқан, кейін Халифаттың шет аймақтарында кең таралған суфизм ағымы өзінің терең әсерін қалдырды. Осы

жөнінде Қ. Есімов мынадай дәлелдерін келтіреді: «Суфизмнің теориялық түсініктері жұртшылықтың санасында берік орныпып, суфизмнің категориялары мен категориялық оралымдары олардың «меншігіне» айналып, олар көркем туындыларға, әдеби шығармаларға трансформацияланған. Ендігі жерде суфизмдегі осы дәреже өзінің негізгі мәнін сақтаумен бірге әдеби әдіс түрінде декөрініс беретін болған, суфизмнің көркем туындылардағы басты элементіне айналған» [5, 74-75].

Тек IX-X ғасырлдарда Ұлы Жібек жолының гүлденуі нәтижесінде көпес құрметті тұлғаға, мұсылмандық мәдениеттің иегеріне айналады. Осы кезден бастап мұсылмандық сауда әлемде жетекші рөлге ие болады. Әрбір көпес бір мезгілде саяхатшы болғандықтан, мәдени ауысулар да Халифатта барған сайын тереңдей берді. Олар парсыша да, грекше де, түркіше де, славянша да сөйлей алатын еді [5, 366].

Батысқа ислам көпірі, араб тілі арқылы өткен өркениет үлгілері жалпылама түрде «Ислам үлгісі» немесе «Шығыс өнегесі» аталып келеді. Бұл тарихи тұрғыдан мейілінше әділ. Сонымен бірге біз қазіргі зерде көкжиегімізден қарасақ осылардың арасынан өзіміздің ұлттық санамызға, ұлттық ойлауымызға етене жақын нәрселерді де көреміз. Қайта өрлеу, ренессанс деп аталған кезеңдердегі және одан кейініректерде де Батыс әдебиетінің Шығыстан үлкен импульс алғаны дәлелденген нәрселер.

Мәселен, Сервантестің шығармашылығы, жалпы Испан театры, Батыс Еуропаның ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған трубадурлар дәстүрі, белгілі дәрежеде итальян поэзиясы, соның ішінде Қайта өрлеу дәуірінің классикалық туындысы «Құдіретті комедияның» араб мәдениеті, араб фәлсафасы әсерімен дүниеге келгені бүгінде ғылыми әлем мойындаған нәрселер» [7, 58].

Ұлы Жібек жолы мәдениеті дәстүрін жалғастырып, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір

сүріп келгені, Қазақстанның діндер тоғысатын қасиетті нүктеге айналғаны тіпті де кездейсоқтық емес. Геосаяси жағынан алғанда, еуразиялық кеңістік, Шығыс пен Батыстың арасы түркілік, мұсылмандық және славяндық, еуропалық мәдениеттердің тоғысқан жері. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы ең үлкен, ең маңызды оқиғалардың бірі - Әлемдік және дәстүрлі діндер сьезі болғанеді.

Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі еуразиялық көшпелілердің төлтума дүниетанымдық діни жүйесі тәңіршілдік мәдени сұхбат пен синтезге ашық болды деген ұстынды қолдайды. Бұл Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бір сабағына жатады және ол ежелгі түркілер діндерінен бастау алады.

Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай, Йер-суб болады деп, оған да құрмет көрсетілді. Жылпы сайын 5 айдың орта шенінде ру-ұлыс адамдары жиылып аспан рухтарының құрметіне құрбан шалып, жалынып, жалбарынды. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы нгасандарда да күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметшісі, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі өсімдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады-мыс. Ертедегі түркілердің Көк тәңірі, күн туралы ұғым-нанымдарды басқа да халықтардың нанымдарына ұқсас болған, осы да Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өз жалғасын табады.

Түркі тайпаларының тағы бір құрмет көрсететін кереметі ата-бабалар әруағы және бұл бүкіл Жібек жолы бойына тән еді. Олар өздерінің арғы тектері мекендеді-міс деп аңыз етісетін Алтайдағы ерекше үңгірге барып, ата-бабалар әруағына құрбандық шалып отырды. Осындағы биік тазтаудың шыңын Ғодынли – елді қорғаушы ие деп атады, оған да сыйынып құлшылық етті. Ең алдымен Жужанға (ауарға)

бағынған Ашина әулеті Жібек жолы бойына қалай тап болып еді деген сауалға тағы да орта ғасырлар аңызы жауап береді. 93 жылы ғұндар Алтай, Тарбағатайдан асып батысқа көшкенде, ғұн шаңъюйінің біреуі Көк тәңірі құрметіне өзінің сұлу қызын қалдырып кетеді. Алтайдың құз-қиялы шатқалында жалғыз қалдырып кетеді. Алтайдың сол шатқалында жатқан, жалғыз күн кешкенқызды көк бөрі айналдырады. Сол бөріден қыз ұл табады. Бұл ұл күллі телес тайпасының, сол қатарда түріктердің де арғы атасы болып саналады-мыс. Көшпелі тайпалар арасында өздерін осындай тотемнен тарату, содан жаралдық- мыс деп аңызға айналдыру, ең көне онғұн (тотем) тұту сенімін көрсетеді.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың нәтижесінде монғолдардың табынатын қос құдайы болғандығы жөнінде Марко Поло мынадай куәлік келтіреді: «Олар жоғарғы аспандық құдай бар дейді; әр күн сайын олар сол құдайына түтін түтетіп, одан қайырымды түсінушілік пен аман- есендік сұрайды. Олардың тағы бір, өздері Нагитай деп атайтын құдайы да бар, олар оны өздерінің жердегі құдайы есептейді, ол өздерінің ұлдарын және малдары мен ырзығын аман сақтайды деп сенеді». Басқа бір жерінде сол Марко Поло былай деп хабарлайды: «Әрбір адамның үйінде үй қабырғасының жоғарғы жағынан тақтайша қағылып, ондағы Жоғарғы мәртебелі АспанҚұдайын білдіретін есім жазылып қойылған. Оған жарамсақтана жалбарынып, қошемет көрсете табынады, қолдарын аспанған көтеріп, сол Құдайы өздеріне жақсы ақыл мен мықты денсаулық беруі үшін жүгіне тәжім етеді және одан басқа еш нәрсе де сұрамайды. Төменде еден үстінде Натигай деп аталатынбейне тұрады. Ол бүкіл жер бетінде туындап жататын жер мүлкінің құдайы. Оған әйелін, балаларын табындырады. Одан ауа-райының жақсы болуын, жер жемістерінің, ұлдарының және тағы басқаларының көп болуын сұрайды» [8, 126].

Бұдан кейін *Л.* Гумилев күн мен айға табынушылыққа түсіндірме береді. Бұрхан тауында Темужин

бетін күнге қарата табынған. Бірақ Веселовский осы пікірге қарсы сөз таластырып, бұл арада мәселе күнде емес, ал монғолдар діни рәсімдерін жүзеге асырған кезде беттерін солай қаратады-мыс делінетін оңтүстікжақта болып отыр деп есептейді. Бұған дәлел ретінде ол 1210 жылғы «Юань- шиден» алынған деректі келтіреді: «Шығыс Қытайда Юн-цзидің таққа отырғанын біліп: «Ол кем ақыл патшалық құра алмайды», - деді, сөйтіп оңтүстік жаққа (яғни, Қытай жаққа) қарай түкірді». Мен мұнан діни рәсімді көріп тұрғаным жоқ, сондықтан күн жаққа қарап табынуға айтылған қарсы пікір жоққа шығарылады. Бірақ, шын мәнісінде, күнге табынушылық айқын емес және де егер күнге табыну жеке дін емес, ал діннің бір бөлшегі деп шамаласақ, ол еш нәрсемен үйлеспейді. Күн – ежелгі Митра (христиан дініндегі ең жоғары дәрежедегі адамның бас киімі) – Мәңгілік Аспанның – Хормустаның ипостасы (христиандық троицаның біреуін белгілейтін шіркеулік термин) болды, сондықтан болған сияқты көрінетін қарама-қайшылықтар жоққа шығарылады. Айға келетін болсақ, монғолдарда ол діни объектілер санатында аталмаған. Мен оны білімді, бірақ онша байқампаз емес шетелдіктер монғолдардың құдайшылық дініне жайдан-жай ғана, күнмен бірге жүрсін дегендей қоса салған-ау деп ойлаймын. Бірақ мұндағы Ариман қайда?» [6, 297].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардан келген ирандықтан емес, ал Жер мен Аспан бір жаратылыс басының бір-бірімен күреспейтін, қайта бір- біріне көмектесетін екі жағы ретінде қабылданатын ежелгі түріктік халық діні әлдеқайда жақын тәрізді. «Бұл концепция ерте замандарға, біздің жыл санауымыздың бастапқы кезіне, яғни сяньбийлік мәдени өзгерістерге барып тіреледі. Алайда, мыңдаған жылдар аралығында шет жерлік идеялар болмай қалмайтын өзгерістерге ұшырап, барған жерлеріне сіңіріліп кетті. Бірақ VIII – IX ғасырларда Монғолияға манихейлер арқылы өткен ирандық ықпал, сірә, олар ирандық терминологияны меңгергенімен де, монғолдар ата-

бабаларының көзқарастары мәніне әсер ете қоймаған сияқты. Олар жаманшылықтан басталғандықты әлемдік жөн-жосықтың – Ариманның жартысы деп емес, ал соның табиғилықтан тыс бұзылуы – жалғандық, сатқындық деп түсінді. Бұдан, әрине, монғолдардың өздері мейлінше шыншыл болған екен деген тумаса керек. Кім күнәсыз дерсіз! Бірақ этикалық категория ретінде сатқындықты айыптау – моральдық шарт қой» [6, 155]. Алтай, Гоби, Жетісу тайпаларының ішінде бұлармен бірге, христиан дінін ұстаушылар да болды. Рашид-ад-Диннің хабарлауына қарағанда, Алтай, Гобидегі, найман-керейлер ежелгі дәуірлерде саудагер, миссионерлер арқылы несториан дінін қабылдап, Хайастан, Сырдария дін басыларымен хат жазысып тұрған. Көшпелі тайпалардың Гобидегі орталығы Хара-хото қаласын қазғанда несториан үлгісімен салынған ғибадатхана, мұнаралар, оймышталып, өріліп шыққан діңгектер, суретті қабырғалар табылды. Мұнда несториан дінін ұстаған найман, керей, үңгіт, ұйғыр, таңғұттар тұрған. Қала жұртынан икон (тарса) жазулары шықты. Наймандардың түстік Алтайдағы ірі қалалары – Ақбалық, Шамбалық, Наймансүмбе, Жоңғар тауы етегіндегі Тарсакент, Қаялықтар да несториан орталықтары болған. Дала тайпаларындағы христиандықты Орхон, Енисей бойындағы құлпытастарда сақталған крест–ашамай таңбалары да дәлелдей түсті. Осындағы Уюк – Орхон ескерткіштерінде «марымыз, шадымыз» деп жазылған. Мұндағы «мар – несториан дінін үйрететін ұстаз, шад - ел билеуші, ұлық» [6, 142].

К. Байпақовтың деректері бойынша, Қазақстанның орта ғасырлық қалаларының бірқатар тұрғындары ежелгі Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі YII- YI ғасырларда өмірге келген тағы бір дүниежүзілік діннің зороастризмінің өкілдері болғаны хақ. Бұл діннің іс жүзіндегі салт-дәстүрі сипатына тән нәрселер - Әлемнің төрт элементін – суды, отты, жерді, ауаны қастерлеу. Зороастризмнің бұл элементтерін Орта Азиядан, Соғдыдан, Сырдария қалаларынан және Жетісудан аңғаруға

болады. Оттың шалқи, сүйірлене көтерілген жалыны тәрізді сүйір күмбезді мұнара құрылыстарының қалдықтары осына еске салады.

Тарихта мерекенің пайда болуы адамзаттағы уақыт пен күнтізбе туралы түсінігінің пайда болуымен байланысты. Ұлы Жібек жолы бойындағы осындай тарихи мереке – Наурыз мерекесі болып саналады. Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» - деп бата береді.

Көне деректер көзіне сүйенсек, наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақ өзінше наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан аттағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Ол сыбаға ішілместен бұрын қазанға құйылады. Бұл «Дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі.

Ұлыс келер түні Қызыр бабаға арналып әр үйдің төрінде қос шырақ жағылатын болған. Үй иелері бар ыдысты

аққа, суға, «ырыс толсын» деп дәнге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырады. Жылдың алғашқы күнінде қар жауса «ақша қар», жаңбыр жауса «нұр жауды» деп шаттанған. Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым.

Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу - жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі.

Қазақ салты. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан — тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан», т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күрес, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қарекетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан кейінгі 2-ші күні жаппай егіске кірісетін.

Шығыс халықтары үшін жыл қайыру, яғни күнтізбе жасау наурыздан бастау алады. Осыбір күнге үміт артып, «Наурыздың берер несібесі мол» дейтін ырымды берік ұстанған қазақ халқы егемен ел болғалы бұл мерекенің өзіндік салмағын сезіне бастаған сыңайлы. Дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше бұл мерекені қазақ халқы «жақсылықтың бастауы» деп ұғады.

Қазақ халқы Наурыз мерекесін атам заманнан бері Жаңа жыл басы ретінде тойлап келген. Кеңес өкіметі уақытында Мәскеу бізге және де басқа Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарына Наурызды ислам мейрамыдеп жалған айтып, ресми түрде оны тойлауға тыйым салып келді. Бірақ халық өз дәстүрін ұмытқан жоқ, сақтап қалды. Ақыры, көпшіліктің талабы мен ұлт намысын қорғайтын азаматтардың іс-әрекеттерінің арқасында ол қайтадан қалпына келді. Сөйтіп, тәуелсіздік тұсында Қазақстан Үкіметі Наурызды ресми түрде мереке деп қайта жариялады.

Наурыз (Ноу – жаңа, руз – күн) деген сөз бізге парсы тілінен енген. Орта Азия халықтары оны мыңдаған жылдар бойы Жаңа жыл басы ретінде тойлап келді. Кейіннен Ислам діні халықтардың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрпын сыйлап, Наурыз мейрам ретінде қабылдады.

Тарихқа үңілсек, әлемдегі әр халық Жаңа жылдың басын әр уақытта атап өткен. Ежелгі халықтар негізінен Жаңа жылды табиғат жаңаруымен, яғни жер ұйқыдан оянғаннан кейін, көктем келуіне байланысты атаған. Бұл наурыз айына тура келіп отырған. Көне яхудилердің таным-түсінігінде де Жаңа жыл “авив” айы, яғни наурыз айының соңы, сәуірдің

басы болатын. Айта берсеңіз, Еуропаны басқарып отырған Рим империясында да жаңа жыл басы наурыз болатын. Тек, Иусус Христос туғанынан бастап есептегенде 45 жылы Рим императоры Юлий Цезарь жыл басын табиғат ерекшелігін, күн мен түннің теңелуін ескермей, оған діни мағына берді. Сөйтіп, Христостың туған күніне жақындатып жыл басын 1 қаңтарға көшірді.

Содан бері христиан мемлекеттері Жаңа жылды 1қаңтардан бастайды. Америка континентіндегі мемлекеттерде де осылай. Ресейде де Жаңа жылды 1 қаңтардан бастап есептейді. Мұны 1699 ж. орыс патшасы Петр I Голландиядан үйреніп, Ресейде жыл санаудың басын Христос туылғанынан, яғни 1 қаңтардан басталсын деген бұйрықпен кіргізген. Одан бұрын Ресейде Жаңа жылды Орта Азия, Шығыс елдері сияқты табиғаттың жаңарған, қыс маусымының көктемге ауысқан мезгілінде, яғни наурыз айында атап өтетін.

Орта Азия халықтары, көне Персия ғалымдары күн мен түннің теңелетін уақытын, күнін, сағатына, минутына дейін тура астрономиялық дәлдікпен есептеп шығарған. Күн мен түннің теңесуі тура 21 наурызға сәйкес келеді.

Наурыз мерекесі — әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.

Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас — Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады.

Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Өзбекстанда «Сумалақ» — наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан әзірленеді.

Наурыз мерекесі 18 ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі.

Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманына ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың тілінде сақталып қалған.

Наурыз мейрамы — діни мереке емес. Бұл — қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Ал 2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Ұлы жібек жолы бойындағы дәстүрлер мен діни әдет-ғұрыптар әртүрлі факторлар негізінде қалыптасып, ғасырлар бойы халықтардың мәдени өмірінде үстемдік етті. Материалдық емес мәдениет ескерткіштері тарихи тұрғыдан көп сақталмағанымен, материалдық құндылықтар материалдық емес мәдениетке сілтеп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Даркевич В.П. Аргонавты средневековья. – М.: Наука, 1976. –С. 200.

2. Нысанбаев Ә. Н. Әл-Фараби түркі, қазақ, иран мәдениеттерінің қосушы буыны ретінде // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Фарабитану. – Астана: Аударма, 2006. - 16 т. – 126-139 б.

3. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 208 б.

4. Шефер А. Золотые персики Самарканда. – М.: Наука, 1981. –С. 808.

5. Мец Адам. Мусульманский Ренессанс. – М.: Наука, 1966. – С. 458.

6. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.

7. Есімов Қ. Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениет. -Алматы, 2001. – 64 б.

8. После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индии/ Перевод с латинского. - М.: Наука, 1968. – С.237.

Шынар Қапантайқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІ ЕЛДІМЕКЕНДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТОПОНИМИКАСЫ

Аннотация. *Город Туркестан-средневековый город. В этом районе с давних времен располагались шахристан, рабаты, небольшие торговые очаги. Основная цель исследования наименований населенных пунктов Туркестанского района: проведение этимологических, лексико-семантических обозначений наименований, связанных с историей и месторасположением, исследований названий, связанных с событиями, происходящими из источника истории. В статье представлены истоки топонимов Сайрам, Шауәлдір, Шилик, легенды, связанные с ними.*

Ключевые слова: *Великий шелковый путь, Туркестан, топоним, культура, этимология, история.*

Abstract. *The city of Turkestan is a medieval city. Shahristan, works, and small trading centers have been located in this area for a long time. The main purpose of the study of the names of settlements in the Turkestan region is to carry out etymological, lexical and semantic designations of names related to history and location, research of names related to events originating from the source of history. The article presents the origins of the toponyms Sayram, Shaualdir, Shilik, and the legends associated with them.*

Keywords: *Great Silk Road, Turkestan, toponym, culture, etymology, history.*

Ұлы Жібек жолы бойында Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу үшін елшілік және сауда-саттық желісі ғана емес, мәдени және рухани байланыстар арнасы ретінде де орасан зор маңызға ие болды. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлке де ертеден

қала соғылды, мәдени ошақтар салынды. Сол ошақтың бірегейі – Түркістан өңірі. Түркістан өңіріндегі топонимдер:

САЙРАМ Исфиджаб, Испиджаб; қазіргі Түркістан облысы Сайрам қаласы) – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі болған. 1,5 мың жылдық тарихы бар Сайрам шаһары қазақ халқының материалды және рухани қазынасы. Исфижап қаласына осы обылыстың барлық жер-суы: Шығыста Талас – Шуға дейін, Солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатыр. Исфижап округі Сырдария бойындағы Кедер, Сығанақ, Сауран мен Янгикент қалаларын Қаратаудың Солтүстік бөктеріндегі Барадн мен Беруней қалаларын Жетісудың Тараз, Құлан, Мирки (Мерке), Суяб қалаларын қамтиды.

Түркістанның шығыстағы қақпасы болып саналатын Сайрам тек қана Орталық Азия емес, жалпы Еуразия құрлығындағы ең көнеқалалардың бірі. Әлем халықтарының тарихын алғаш бір жүйеге түсірген атақты Рашид ад-дин «Жами-ат тауарихта» Сайрам тарихын қазақ «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» дейтін Алашахан заманымен, яғни жылқышылық өркениеті басталған энеолит дәуірімен байланысты: «…түріктер Яфетті Абулджа-хан деп атады және қазір де солай атап келеді, осы Абулджа-ханның Нұқтың не ұлы, не немересі екенін анық біле қоймайды, бірақ соның әулетінен екеніне және уақыт жағынан соған жақын екендігіне келгенде олардың барлығының да жауаптары бір», - деп баяндайды [1, 108]. Бұл ауданда қолдан салынған тарихи ескерткіштермен қатар, таутас, өзен аңғарлары да тарих жайында сыр шертеді. Қарасу өзенінің арасындағы жазық қойнауда бабаларымыз жауға аттанар алдында әскерін жинап, жаттығу өткізген екен. Мұнда 81 жер бедерінің акустикалық ерекшелігіне орай, қолбасының бұйрығы алысқа естіліп тұрған. Абылай ханның қосы орналаскан «Хан қорғаны» да осы ауданда [2].

Сайрам жөнінде ең алғаш рет 629 жылы жазылған қытай саяхатшысы Сюань-Цзянның қолжазбаларында кездеседі, мұнда Сайрам – «Ақ өзен бойындағы қала» деп көрсетілген. Сайрам жайлы мәлімет Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде: «Сайрам — Исбижаб аталатын Байза шаһарының атауы. Сайрам деп те аталады», - деп жазылады [3, 13-18].

Исфиджабтан Жібек жолы арқылы басқа жерлерге ақ маталар, қару-жарақ, семсерлер, мыс пен темір жеткізіліп тұрды. Қала құл сату орталығы ретінде де бүкіл шығысқа әйгілі еді. Онда сол кездегі қырқысқан қыруар соғыстарда әр түрлі түркі тайпаларынан қолға түскен тұтқындар сатылып, құлдыққа әкетіліп жатты. Бұл шағын қалашық алқаптық тура даламен шектесетін шекарасында тұрды да, ет пен мал саудасы сол арқылы жүрді. Солтүстік қақпа арқылы шығатын керуен жолы Сырдария бойында отырған Отырар, Сауран, Дженд пен Янгикент қалаларын аралап өтетін. Қала өз заманына қарай жақсы бекініс салған. XV-XVI ғасырлардың тарихшысы, «Мехман наме-и Бухара» шығармасының авторы Рузбихан Исфахани былай жазды: «Қаланың негізгі бөлігін қоршаған дуалдардың биіктігі сонша, иемденіп алмақшының қолы оның қабырғасына тез жете қоймас; оны айнала қазылған ордың тереңдігі сонша, одан аттауға қазақтың аяғы да бармас» [4].

Шәуілдір — географиялық орны – өте жазық алқапта орналасқан. Оның басым бөлігін Қызылқұм құмды алқабы алып жатыр. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық орталығы болған көне *Отырар* қаласының тұрғындары XVIII ғасырдың орта шенінде тастап *Түркістан, Шымкент, Шілік* жағына қоныс аударған кезде Отырар қаласы дәуірлерде ол қаңырап бос қалды да, жергілікті тұрғындар Отырартөбе деп атап кеткен, үйіндіге айналды. Дәл осы *Отырартөбе Шәуілдір* ауылының маңында орналасқан. Яғни *Шәуілдір* ауылының орналасқан жерін ескерсек, *Ұлы Жібек жолы* бойындағы қалалардың бірі болған.

Аймақтық топонимияға әсер ететін этномәдени факторларға жергілікті тұрғындардың рухани және материалдық мәдениетінің әдет-ғұрпы, тұрмысы, кәсібі, наным-сенімдерінің ерекшеліктерін жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимдердің ұлттық және аймақтық ерекшелікте қалыптасуына сол өлкені мекендеуші этностың тұрмысы, кәсібі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі әсер етеді [5, 104].

Осы тұрғыдан келгенде, *Шәуілдір* атауының этимологиясы жайлы деректерде бірнеше этнотарихи оқиға нұсқалары бар. Солардың бірі: «Ат шаптырым алыстан мұнарта, қарауыта көрінетін Төрткүл дүниеге аты мен даңқы жеткен *«Ұлы Жібек жолының»* күре тамыры болған *Отырар* қаласының кішігірім таудай болып үйілген үйінді орны. *Отырар* қаласының солтүстік беткейінде *Арыстанбаб* деген әулиенің күмбезі бар. Ақшеңгел кей- кейде сыңсып, бір түрлі мұңды әуенмен жылайды. Сол жерге

«Шейіт болған қыз» жерленген, сол қыздың моласының үстінде ақ шеңгел өскен деседі»,-деп басталады [6].

Отырар ханы Қайырдың әскербасы інісінің жалғыз Дүр есімді қызы ақылына көркі сай қыз болғаны сонша халық: «Әскербасына жасаған ием жалғыз қыз берсе де, дүниенің тұтас байлығына пара- пар қыз берген», - деседі. «Ер тұлғалы, батырға лайық кейпі бар. Бұл өзі Қайырдан өткен хан болар»,-деп баға берілген Қайыр ханның ұлы Шәміл Дүрмен түйдей құрдас болып, екеуі бірге өседі.

Қайыр ханның дұшпандары хан мен інісінің халықты бірлікте ұстағанын көріп, оларды тек айламен жеңу керек деген шешімге келіп, іштен, хан сарайынан жау тауып, Қайыр хан сая құрып жүргенде, екі жасты алдап-арбап шарап ішкізеді екен. Оны естіген Дүрдің әкесі: «Күнәһардың бірі сіздің, бірі менің перзентіміз, екеуін де жас боран етіп жазалау керек», - дейді де, екі жасқа жаза қолданылады. Онда қақпа аузында жазалаушы әскер атқа мініп, қылышын қолына алып, сап түзейді. Қылмыскер екі жас жүгіріп атқа мініп, қала ішінен

шауып шығуы керек. Шәміл аман қалғанмен, әскер қолынан өте алмаған Дүрдің басы кесіліп, Арыстан бабқа тастайды да, сол жерге жерленеді. Шәміл үшті-күйліжоқ болып кетеді де, халық бұл мекенді «Шәміл-дүр» кейін, «Шәуілдір» атап кетеді екен.

Отырар өңірі киесі мол жер деп айтуымызға болады және де осы рухани феноменнің басты себебіне жоғарыдағы келтірілген дерегіміз дәлел бола алады. Мәселен, *Арыстанбаб* кесенесіне яғни, әулиелі жерге адамдар осы күнге дейін мал сойып, құран оқытып, түнеп, кесененің жанындағы құдықтан тілек-ниеттерін айтып ащы суын ішіп жатады. Көп жағдайда денсаулығы болмай жүрген кісілер, бала көтермеген әйелдер сиынып, тілектері қабыл болып жатады. Жергілікті тұрғындардың және зиярат етушілер «*Арыстанбаб* кесененің ішінде түнеп, тілектерін айтса, ауыртпалығы мен дертінен айығады», - деген ұғым-түсініктер бар.

Тағы бір дерек бойынша, Шәуілдір Махмуд Қашқаридің "Диуани Лұғат ат-Түрік" сөздігі мен Рашид ад-Диннің "Жылнамалар жинағында" кездеседі. Қашқари кітабында оғыздардың 22 руы айтылған, солардың бірі джувалдар екен. Бұл ру Рашид ад-Диннің еңбегінде де бар. "Джувалдар" сөзі "намысты, даңқты" дегенді білдіреді. Ал "джувалдур" деген "даңқы шыққан" тіркесін білдіреді екен. Бүгіндегі Шәуілдір сол сөзден шыққан болуы мүмкін дегендерек бар.

Ал бұл сөз атау емес, лексикалық сөз ұғымында: «сын есім. Дәріпті, атақты, әйгілі, даңды, даңқты, сараман, айтулы, сыңғыр», - деп беріледі [7,320].

«*Шәуілдір*» атауының этимологиясына тоқталсақ, ғалым Е.Қойшыбаев: «*Шәуілдір* - түркінің этникалық топ атауы. ***Чәулі*** тұлғасына - **дер** қосымшасы (көптік жалғау) жалғанған атау. Бұл атауға негіз болған этноним ***Чәудір*** түрінде қазіргі түркімен халқының сөздік құрамында сақталған»,-делінеді [8, 189].

Чәулі деген сөз қазір Қазақстанның кейбір аймақтарында Жамбыл, Шу өңірлерінде қолданылады да:

«ағаштан тоқылып істелген кәкпір, кепсер», - деген мағынаны береді екен [8]. Яғни бұл топоним сонау түркі заманынан сақталып келе жатқан, көне түркі дәуіріне тән халықтық географиялық атау деген болжам бар.

Отырар өңірі топонимиясы қалыптастырған этномәдени факторлар қатарына малшауашылығымен қоса егін шаруашылық (отырықшылық) факторында жатқызуымызға болады. «Орта Азия мен Қазақстан табиғаты жерінің кеңдігі жер өңдеуге және көшпелі малшарушылығымен айналысуға мүмкіндік берген. Оңдағы жеміс ағашы мол тау, тау етектері мен өзен жағалаулары жер өңдеуге ертеден-ақ тиімді болса, шөл менн сайын далалардың жайылымдары мал асырауға қалыпты болған. Ал ылғалы мол тау бөктерінде жер өңдеуге де мал жаюға да болады» [9, 28].

Осы тектес топонимдердің бірі - *Шілік. Шілік* атауы - қазақ тіл ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау.

«Шілік» – гидронимінің семантикасы мен этимологиясының басқа да нұсқалары бар. Түрколог, ғалым В.В.Радловтың пікірінше,

«чилик» сөзі отынға жарамды өсімдіктерді білдіреді. *Шілік* өңірі топонимиясының өзіндік, аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше. Жалпы алғанда, осы өңірдің географиялық фактордың, ортаның қоғамға әсер етуі, табиғи және өндірістік территориялық кешендер мен оның жеке түрлері жатады [5].

Көптеген топонимдер тәрізді *«Шілік»* атауы да жергілікті ботаникалық жағдай мен географиялық белдерге байланысты. Өзен-көл атауларынан бұрын тоқталған *«Шілік»* дерегін тыңдайкеле, әфсана негіздері «мүмкін» деген пікір пайда болады. Өйткені, тал туысты *Шілік* шөбі негізінен ботаникалық жағынан зерттеу негізінде алабота туысы болғанымен, қазіргі *Шілік* өңірінде қалың өсетін *«Қамыс»* тал туысты шөбіне қатты ұқсаған деген де сөздер бар. Ал, мұнда

халық қалай шоғырланды дер болсақ, ол туралы да бірнеше вариантты әңгімелерді кездестіре аламыз.

Шежіреші Есжанов Дүрманның (1931-2015 ж.ж.) деректерінде осыдан 200-250 жылдай бұрын (яғни, 1750-1800 ж.ж.) Қоқан хандығының қызметкері Тұрғанбай датқаның ұйымдастыруымен Арқа – Сыр бойы қазақтарын (негізінен қыпшақтар) отырықшы етпек ниеттен бүгінгі *Шілік* елді мекені пайда болған. ШежіршіЕсжанов Дүрманның тарихи материалдары мен деректері 2010-2011 жылдары аудандық «Отырар алқабы» газетінің әр санында жарияланып отырды [31].

«Шілік» елді мекені сулы жер, нулы жер және сол су аралығында төрт түлікке бай әрі егіншілікке, отырықшылыққа бейім ел болған. Көне деректерде *«Шілік»* тоғыз жолдың торабында орналасқан қала тәрізді қалашық болған. Оның әлелі, көне медіресе орыны (бүгінгі жаңа «Меңлібай баба мешіті» орыны) мен кеңес кезеңдеріне дейінгі аралықта өмір сүрген ел аузындағы «қайнаған базар сөрелері». Отырар мұражайына әкетілген дар ағашы мен су диірменінің тасы және де Есжан атаның «Зығыр майын» шығарған ағаш ұстындарда бүгінгі күнге дейін аңыз болып айтылып келеді. *Дар* ағашына ұрлық-қарлық еткендер мезетінде үкімсіз өлім жазасына кесілген деген де әңгімелер бар. *«Шілік»* осы Тұрғанбай бастаған отырықшы халыққа дейін де «Шілік» болып аталған деген дерек көп. Ортағасырлық қала орыны бүгінде *«Бұзықтөбе»* деп аталады. Ол қазіргі Ақтөбе ауыл округінің солтүстік шығысына қарай 1,5 км. жерде. 6-7 ғ. қалаға айналған *Бұзықтөбе* тек 10 ғ. жазбаларда ғана осы атаумен кездессе, Ортағасырлық ғалым Мұттахар әл-Мақсидидің шығармаларында қала ірі сауда орталығы ретінде 14-15 ғ. аты шығып, сол кездері *Шілік* атауымен аталған [31, 136]. Бұдан түйер ой 17-18 ғ. дейін де, *Бөген* өзенінен бастау алатын көл жағалай орныққан 14-15 ғ. қаланың *Шілік* атануы бекер емес. Себебі, бүгінгі *Ескі Шілік*сол көлдің орнында орналасқан. Яғни, араға үш ғасыр сала өз тұрғындарымен

Шілікке орныққан Тұрғанбай сол кездегі тартылған көл орнынатұрақтаған десек болады. Қандай жағдайда да, 18-19 ғасырдағы «*Шіліктен*» де бұрын бұл мекенде тыныс-тіршілік болғандығы айқын. Яғни, «*Шілік*» өз шежіресін тас дәуірінен бастап, бүгінге дейін жеткізердей деректер көзі тек әфсаналарда ғана емес, ғылыми зерттеу нәтижелерінде «Отырар энциклопедиясы», Отырар археологиялық экспедициялар тағы басқа да деректер дәлел бола алады. *Шілік* топонимиясының табиғи ерекшеліктерінен көрініс беретін жергілікті топонимдер сонымен бірге аймақтық топонимияның тілдік ерекшеліктерін сипаттайды. *Шілік* феномені бұл өте көне, қоғаммен бірге жасасып, оны жақсартуға атсалысып келе жатқан қасиетті құндылық. Феноменнің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, рухани негізін, рухани ортаны жоғалтпай сабақтастық орын алған. *Шілік* топоним феноменінің мәдени- философиялық тұрғыдан, дүниетанымдық, діни әулеттері жоғары болғандықтан, сол себепті қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас өз орны бар десек те болады. *Шілік* өңірінің рухани феномені өз жалғасын тауып, күні бүгінге дейін сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байғұт М. Түркілер төрі – Түркістан. – Түркістан, 2022.

2. Мамадияр Ж. Жүрген жолда қалған із. – Алматы: ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2015. – 384 б.

3. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («*Диуани луғат ит-турк*»). — Алматы: Ана тілі, 1993. — 192 б.

4. Электронды ресурсы: https://qazir.kz/article/Sairam_qalashygy

5. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су аттары. –Өскемен.: ШҚТУ, 2000. -104 б

6. Бабалар сөзі [Мәтін]: жүз томдық: Қытайдағы қазақ фольклоры; дайын. С.Қосан, А.Ақан, О.Егеубаев; жинағ. О.Егеубаев; ред. алқасы: С.Қосан [ж.б.]; Әдебиет және өнер институты- Астана: Фолиант, 2006. – (Бабалар сөзі. – 9965-35-105-8, 9965-619-60-3 (мұқ.) - Мәдени мұра. Библиогр.: 372 б. 28-том. Тарихи жырлар– 376 б. (мұқ.)

7. Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. - 480 бет.

8. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі [Мәтін] / Е. Қойшыбаев, -Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б. Библиогр.: б. 246-256 - 3 600 дана.

9. Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерініңэтнолингвистикалық лексикасы. – Алматв: Шапағат-Нұр, 1999.– 119 б.

10. Отырар. Энциклопедиясы.-Алматы: “Арыс” баспасы, 2005.- 405б.

МАЗМҰНЫ

Айтмұхамбет Ж. Ә.,
Топонимдердің лингво-фольклорлық сипаты 4

Айтуғанова С. Ш.,
Көркем шығармалардағы «Алтай» топонимінің қолданысы 11

Ахмет А. Н.,
Баласағұн қаласының тарихи-этимологиялық сипаты 16

Балтабай Д.,
Ұлы Жібек жолындағы Тараз қаласының тарихи-этимологиялық сипаты 26

Бәшкен А. Б.,
Жетісу өңірі елді мекендерінің тарихы мен этнографиясы 32

Бәшкен А. Б.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісу өңірі ортағасырлық топонимдерінің шығу тарихы 36

Бегимова Г. А.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы Сарайшық қаласы, оның этнографиясы 42

Данияр Ә. А.,
«Бабырнамадағы» оронимдер мен гидронимдер 48

Ермекбаева М. А.,
Түркістан өңірі елдімекендерінің тарихы мен этнографиясы 55

Жалелов Д. С.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі би өнерінің таралу сипаты 60

Жанақова Н. Т.,
Ұлы Жібек жолының рухани мәдениетті қалыптастырудағы маңызы 69

Жиенбай Б.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы музыка өнерінің сипаты 76

Зинедина А. С.,
Ұлы Жібек жолындағы қалаларда қалыптасқан тоқыма өнері 83

Кенжалин Қ. К.,
«Ламған» топонимінің этимологиясы 91

Қапантайқызы Ш.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы этномәдени байланыстардың тілдегі көрінісі 101

Қартаева А. М.,
«Алтай» топонимінің қазіргі қазақ прозасындағы кескін-келбеті 106

Мехмет Т.,
Иранның жібек жолы саудасына тигізген әсері 115

Миразова М.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің «Көшпенділер» трилогиясындағы сипаты 121

Мұхтарова Ф. С.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде қалыптасқан жаратылыстану мәдениеті 129

Сағынадин Г. С.,
«Алтай» топонимі кездесетін аңыз-әңгімелер 138

Сұлтан Е. Б.,
Әпсана жанры арқылы берілген тарихи-мекендер сипатының мәні мен ерекшеліктері 144

Сыздықов С. М.,
Түркі дәуіріндегі Жібек жолы қалалары 152

Таңсықбай Ә. Қ.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің лингвистикалық сипаты 160

Шалғынбай Н. Қ.,
Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлер мен мерекелер ...165

Қапантайқызы Ш.,
Түркістан өңірі елдімекендерінің тарихы мен топонимикасы 173

«Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

MATERIALS
of the international scientific and practical conference «Study of the historical toponymy of the Great Silk Road at the crossroads of Sciences»

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции «Изучение исторической топонимии Великого Шелкового пути на стыке наук»

Қаріп түрі «Times New Roman»

ХХХ баспасы.
Астана қаласы, 2023 жыл.